



Қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, этнограф-жазушы, әдебиет зерттеушісі, публицист, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған

«АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ: ТАНЫМ, ТАҒЫЛЫМ, ТӘЖІРИБЕ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

22 желтоқсан, 2022 ж.

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, этнограф-жазушы,
әдебиет зерттеушісі, публицист, филология ғылымдарының докторы,
профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылық
мұрасына арналған

**«АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ: ТАНЫМ, ТАҒЫЛЫМ, ТӘЖІРИБЕ»**
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

22 желтоқсан, 2022 жыл

Астана
Еуразия университеті
2022

**ӘОЖ 94(574)
ҚБЖ 63.3(5Каз)я431
С 31**

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө. Сақ

Жауапты шығарушылар:
А.М. Шурентаев, Г.Ш. Әшірбекова

Қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, этнограф-жазушы, әдебиет зерттеушісі, публицист, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған «Ақселеу Сейдімбек және ұлттың рухани құндылықтарын зерделеу: таным, тағылым, тәжірибе» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 22 желтоқсан 2022 жыл / жауапты шығарушылар А.М. Шурентаев, Г.Ш. Әшірбекова. – Астана: Еуразия университеті, 2022. - 261 б.

ISBN 978-601-337-831-2

Жинақ көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің 80 жылдық мерейтойына орай шығарылды. Конференция жинағына А.С. Сейдімбектің қайраткерлік келбетін, бекзат болмысын, қазақ шежіресін жазудағы шеберлігін, сондай-ақ қаламгерлік, зерттеушілік қырларын танытуға арналған белгілі қоғам және өнер қайраткерлерінің, танымал ғалымдар мен жас буын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, докторанттарға және жалпы көпшілікке арналған.

**ӘОЖ 94(574)
ҚБЖ 63.3(5Каз)я431
С 31**

ISBN 978-601-337-831-2

АЛҒЫ СӨЗ

УНИВЕРСИТЕТТИҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ

Қазақтың бүкіл асыл қасиеттерін бір бойына жинаған, сөзімен ғана емес, ісімен, бар болмысымен, өз ұлтының ар-абыройын асқақтатқан Ақселеу Сейдімбек есімі ел тарихында алтын әріптермен жазылары сөзсіз. Қазақстан Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген мәртебелі атақтар мен марапаттар өзіне жарасып тұратын, себебі теңдессіз жүйрік, сұңғыла ғалым екендігін ел білетін.

Ақселеу Сланұлының бүкіл қазақтың рухани өміріне, өткені мен бүгініне сіңірген еңбегі өлшеусіз. Соның ішінде өмірінің соңғы жылдары өзі қызмет атқарған осы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің абыройын асқақтатуға қосқан үлесі бір төбе. Арғы тегіміз – түркілер өркениетінің жазба тарихы – Күлтегін ескерткішін еліміздің астанасындағы бас оқу орнына әкелудегі еңбегі ерен. Соның негізінде жазу тарихы музейінің ашылуы да Ақселеу Сланұлы сынды ұлтжанды ғалымдарымыздың бастамасымен жүзеге асқан ұлы жоба. Қазірде университетіміздің табалдырығын аттаған әлемдік көшбасшылар мен ойшыл ғалымдар, Нобель сыйлығының лауреаттары мен көрнекті тұлғалар осы ескерткіш арқылы елімізді таныды, жазба мәдениетіміздің бұлтартпас дәлелін көздерімен көріп, көңілдеріне түйді. Қазақтың бар асыл қасиетін бойына сіңірген этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбекті біздің оқу ордамыздың рухани ұстазы ретінде әркез мақтан етеміз.

Ақселеу Сейдімбек ағамыз қазаққа тән тектілік, бекзаттық, мәрттік пен тереңдіктің, еркіндік пен кеңдіктің, көсемдік пен шешендіктің, тал бойында бір міні жоқ сырбаздықтың жарқын үлгісі еді. Ол ештеңені жаңадан ойлап таппады, қазақтың көне тарихы мен бұрыннан бас асыл қасиеттерін жарқырата көрсете білді, ежелгі дала заңымен өмір сүрді. Ақселеудің бойында хандар мен билерге тән даналықтың мол қоры бар еді, сонысымен де халқына жақын, сыйлы болды.

Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық», «Тауға біткен жалбыз», «Кеніш», «Серпер», «Аққыз», «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Балталы-бағаналы ел аман бол», «Ойтолғақ», «Мың бір маржан», «Сонар», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Елтұтқа», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты атауының өзі сөйлеп тұрған баға жетпес шығармалары жер бетінде қазақ атты ұлт барда ұмытылмақ емес. Жыл өткен

сайын саф алтындай жарқырап, құны арта бермек. Біздің мұрат – Ақселеутану арқылы ол кісінің салған ізін даңғыл жолға айналдыру.

Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған бүгінгі конференция жұмысына табыс тілеймін!

Ерлан Бәтташұлы СЫДЫҚОВ,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры,
Басқарма төрағасы

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

Қайырлы күн, ардақты ағайын!

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақтың маңдайына біткен асыл перзенті, көрнекті ғалым, ғибратты ұстаз Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің 80 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Ақселеу Сланұлы ағамыз көзі тірісінде қазақтың тарих, этнография, әдебиет, журналистика саларына орасан зор үлес қосып, алты алаштың ардақтысына айналды, соңында мол рухани мұра қалдырды.

Ақселеу Сланұлының «Лениншіл жас», «Орталық Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» газеттері мен «Зерде» журналында жүріп, өткір мәселелерге арналған мақалалары құнды зерттеулері ел тарихында алтын әріптермен жазылары анық. Оның «Қазақтың ауызша тарихы», «Күй шежіре», «Күнгір-күнгір күмбездер», «Мың бір маржан», «Алпамыс батыр» сынды еңбектері әлі күнге дейін қолдан-қолға өтіп, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленіп, жас ізденушілердің қажетіне жарап келеді.

Бүгінгі халықаралық конференцияда Ақселеу Сланұлының шығармашылық мұрасы, оның сақтап кеткен кеткен сара жолын лайықты жалғастыру тереңнен қозғалады деген сенеміз.

Халқымызда «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел болмайды» деген тәмсіл бар. Олай болса, ұлт тарихындағы ұлыларды ұлықтау, олардың үлгілі ісін кейінгі ұрпаққа жеткізу – басты парыз. Бүгінгі басқосу Ақселеу Сланұлының тұлғалық болмысына қатысты іргелі зерттеулерге, тың ойларға серпін береді деп ойлаймын. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Ақтөбе облысының әкімі

Қадірлі ағайын! Құрметті конференцияға қатысушылар! Армысыздар, конференцияға жиылған қауым, ардақты ағалар!

Ақселеу Сейдімбек десек, ұлттың рухани болмысы мен құндылығы, тарихы мен мәдениеті қатар айтылады. Ата-бабалармыздың рухы елестейтіні де заңдылық. Абыз ағамыздың болмысын қазақтың біртуар тұлғасы Әбіш Кекілбайұлының «Қазақта сал қандай болады? Ақселеудей болады. Сері қандай болады? Ақселеудей болады. Би қандай болады? Ақселеудей болады. Батыр қандай болады? Ақселеудей болады. Пір қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың жақсысы мен жайсаңының бәрі қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың қатепті қызыл нары қандай болады? Ақселеудей болады. Бәрінің орнына бір ғана Ақселеу жүре алады. Ал Ақселеудің орнына кім жүре алады? Ешкім де емес, тек Ақселеудің өзі жүре алады» деген сөзі бар.

Ақселеу Сланұлы – қазақтың этнографиясын, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, ғылымын, ұлттық қасиетін кеудесіне сырсандықтай сақтаған батыр, болмысы бөлек тұлға. Көненің көзіндей болып, аузын ашса арқырап, кез келген дүниені бабаларымыздың дәстүрімен, мәдениет танымымен таразылайтын. Зергер ғұмырында дәстүрлі ән мен күйдің, салт-дәстүр мен мәдениеттің, шежіре мен ұлттық қолөнер шеберлігінің мәнін тереңнен ашып, жарыққа шығарды. Қарға тамырлы қазақтың ізгі мақсатын, асқақ арманын өз еңбектеріне арқау етті.

Ендігі мақсат – Ақселеу Сланұлының ғибратты ғұмырын, соңында қалған рухани мұрасын халық болып қастерлеу, ағамыздың сүйегіне біткен ғалымдығын, зергерлігін, әңгімешілдігін, күйшілігін оның бекзаттық болмысын болашақ ұрпаққа үлгі ету.

Зерделі ғалымның рухани мұрасын дәріптеп, рухына тағзым етіп, халықаралық деңгейде конференция өткізіп, жастарға тәрбиелік мәні бар, үлгі-өнеге көрсеткен шара жалғасын таба берсін. Асылдың сынығы, аңыз адамның рухы шат, иманы саламат болсын. Конференция жұмысына арнайы шақырту жіберген ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін. Амандықта болыңыздар.

Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ,
Ұлытау облысының әкімі

Қайырлы күн, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар!

Арқада дүниеге келген қазақтың біртуар азаматы, қаламынан туған туындыларын қазақтың тарихымен, ұлттық құндылықтарымен ұштастыра білген сан қырлы тұлға Ақселеу Сланұлының туғанына биыл 80 жыл толып отыр.

Халқының ауыз әдебиетін жүйелеп, шежіресін түгендеп, тектік қасиетін ғылыми айналымға түсіріп, ұлттың рухани дәулетін еселей білген Ақселеу Сланұлының халық мұрасына қосқан еңбегі өлшеусіз, таусылмас қазына. Ақселеу ағамыз қазақтың күй өнерін зерттеді, қасиетті домбыраны дәріптеді. Ұлт тұлғаларын тұғырына қондырды. Ол қазақ тарихындағы рухани шамшырақтың бірі болды. Сондықтан да Ақселеу Сейдімбектің еңбектерін зерттеу, насихаттау, қазақ руханиятын төрткүл дүниеге танытудағы мұрасын жаңғырту – уақыт талабы.

Ол 30-ға тарта көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық кітаптардың авторы. Гомердің «Иллиада», «Одиссея» дастандарын қара сөзбен аударған. Шығармалары 10-нан астам шетел тілдеріне аударылған ғалым аудармашы. Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан Журналистер Одағы сыйлықтарының лауреаты. «Құрмет» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 10 томдықтың, «Елтұтқа», «Ел тарихының әйгілі тұлғалары» атты еңбектердің авторы Ақселеу ағамыз – ұлт мақтанышы. Ал оның қасиетті Жаңаарқа жерінде дүниеге келгені яғни жаңадан құрылған Ұлытау облысының топырағынан жаралғаны – біз үшін үлкен мақтаныш.

Биыл жазушы-ғалымның туған жерінде 80 жылдық мерейтойына арналған көптеген мәдени іс-шаралар өтті. Соның бірі Жаңаарқада өткен этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдық мерейтойына арналған жазба ақындар арасында республикалық жыр мүшәйрасы. Республиканың түкпір-түкпірінен келген ақындар Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен өнегесін өлеңмен өріп, мол мұрасымен сусындады. Облыс кітапханаларында «Тауға біткен жалбыз», «Күңгір-күңгір күмбездер» кітаптары оқырманға оқуға ұсынылды. Шығармаларынан кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Жаңаарқаға жолы түскен жолаушы «Ақселеу биігіне» мінәжат ету үшін арнайы бұрылады. «Ақселеу биігі» – бүгін Арқаның даңқын асырып, даласының

киесін арттырып тұр. Ақселеу Сланұлы туған жерінің топырағында ғана емес, қазақтың тарихының, мәдениетінің, өнерінің биігінен ойып тұрып орын алған қайталанбас тұлға.

Баршаңызға және осы конференцияны ұйымдастырушыларға Ұлытау облысының атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
ф.ғ.д., профессор
қоғам және мемлекет қайраткері

АҚСЕЛЕУ

Мақала шіркіннің қалай жазылатынын кейде өзің де түсінбей қаласың. Жүрегіңнің бір түкпірінде жүрген тақырыпқа айлар бойы қолың бармай-ақ қоятыны болады. Сол тақырыптың аяқ астынан, бір ғана түрткімен жазылып қалатыны да болады. Жақында «Хабар» арнасы шақырды. «Сонымен, солай дейік» атты бағдарламаның кезекті түсіріліміне. Бұл жолғы тақырыбы – Ақселеу Сейдімбек. Ақаңның қалдырған ізі, Ақаңның берер тағылымы. «Ақселеу ағамен бірге жұмыс істегеніңізді білеміз, студияға келіп, естелік айтып берсеңіз», деп телефон шалған еді хабарды ұйымдастырушы журналистердің бірі. Студияға кірген бетте алдымнан шыққан университет қызметкері Үржамал: «Сіз Ақселеу аға туралы жазбадыңыз ғой. Естелік кітаптың барлық материалдарын Алматыға, баспаға жіберіп қойдық. Сізден мақала күтіп едік», дегені. Осыдан біраз уақыт бұрын Ақаңның қызы, Астанадағы «Қазақстан» концерт залының директоры Перизат қарындасым: «Папам туралы кітап құрастырып жатырмыз. Сіз естелік жазып беретін шығарсыз», деген. Қашанға дейін тапсырғаным жөн деп анықтап сұрамаппын. Газеттің бітпейтін де қоймайтын жұмысымен жағаласып жүргенімізде уақыт өткізіп алғанымды студияда бір-ақ біліп, қысылып қалдым. Бұл мақалада қазақтың көрнекті қаламгері, қайраткері, ғалымы Ақселеу Сейдімбектің соңында қалған бай мұраны талдап, тарқатып жатуға мұрша жоқ екенін айтып алуға тура келеді. Мақсатым Ақаңның өміріндегі өнегелі өрнектердің өзім көрген кейбір өрімдерін әңгімелеп өту ғана.

«Өз басым Әбіштей біртуар тұлғамен бір кезде ғұмыр кешіп, қатар жер басып жүргенімді тағдырдың сыйы деп білемін» – Ақаңның Әбіш Кекілбаев туралы жазған «Біртуар» атты мақаласы осылай аяқталады. Сол айтылғандай, мен де қазақтың Ақселеуіне әрі іні, әрі бауыр болғанымды, бірнеше жыл бойы бірге жұмыс істегенімді, бас-аяғы 35 жылдай қатарласа жүргенімді тағдырдың маған сыйлаған бір тартуы деп білемін. Соған шүкіршілік етемін. Жаңағы айтқан хабар түсірілетін күні таңертең жұмысқа шығарда Ақселеу Сейдімбектің алты томдығын сөреден алып, үстел үстінде ұзақ ойланып отырып қалғаным. Перизат бірінші томға: «Бұл алты томдықты папам жақсы көретін Сауытбек ағама

күрметпен тарту етемін. Перизат Ақселеуқызы. 19.04.11» деп жазған екен. «Папам жақсы көретін» деген сөзі жүрегімді елжіретіп өтті. Ақаң үйінде біздей інілерін айтып отыратын болғаны ғой сонда деп ойлап, қуанып та қалдым.

Осыдан дәл отыз бес жыл бұрынғы көріністер көз алдыма көлденең тартыла берді. 1976 жылдың ерте көктемі еді-ау... «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының әдебиет және өнер бөлімінің тілшісі кезім. Бөлім меңгерушісі Болат Бодаубаев Орталық комитетке жауапты жұмысқа ауысты да, орнына «Орталық Қазақстан» газетінде жауапты хатшылық қызмет атқарып жүрген Ақселеу Сейдімбеков келді. Бұл орын Алматыдағы талай мүйізі қарағайдай ақын-жазушының түнде түсіне кіретіндей қадірлі қызмет болатын. Партияның түкірігі жерге түспей тұрған кез. Орталық комитеттің органы мақтаса да, даттаса да ақи-тақи ақиқатты айтқандай қабылданады. Сондай қызметке облыстық газеттің журналисі шақырылғаны талай адамды тандандырып тастағаны, тіпті редакция басшылығының бұл шешіміне редакцияның дәлізінде «Алматыдан адам таппағандай мұнысы несі?» деп күңкілдеушілердің кездескені де есімізде.

Орталық комитеттің органы болғандықтан қызметкерлердің материалдық жағдайы өзге газеттерге қарағанда шүкіршілік десек те, Алматыда қазақтың пайызы жиырмаға да жетпейтін кезі ғой, «Социалистік Қазақстанның» өзінде де пәтер мәселесі ушығып тұратын, ауық-ауық пәтер кезегін бұзып жіберетіндіктен редакциядағы үйсіз-күйсіздердің де, үйін кеңейтуді күтіп жүргендердің де облыстардан шақырылғандарды онша қалай қоймайтыны белгілі еді. Алайда, жаңа бөлім меңгерушісі алғашқы күндерден-ақ ұжымға етене сіңісіп, үлкенге де, кішіге де қадірлі болып кетті. Бой десең бойы бар, ой десең ойы бар, сой десең сойы бар, қазақ осындай дегізетіндей бітімі бөлекше азаматқа кім-кім де сүйсіне қарайтын. Ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын адамгершілігі де, жарқылдаған жайсаң жаны да бірден көрінетін. Журналист ретінде де мұндай қызметке әбден лайықты екенін алғашқы апталардың өзінде танытып үлгерді. Редакцияның жұмыс бабындағы отырыстарында, жиын-жиналыстарда өрелі ойымен бөлектеніп тұрды, бөлімнің жұмысына тың тыныс алып келді, соны серпін қосты.

Ең бастысы, Ақаңның келуімен бұрын «Сықиған СҚ» деп аты шыққан тым ресмилеу редакцияның өміріне кәдімгідей өзгеріс енді. Ақселеу «Қорамса таулар қоршаған қала қапырық, қапырық қала жатады самал шақырып» деп Кеңшілік күңіренетін Алматыға Сарыарқаның салқын самалын ала келгендей әсер етті. Адамдардың сөйлеу мәнерінде, ойлау жүйесінде әжептәуір еркіндік пайда болды. Ақаңның жұмыс кабинеті Алматыдағы зиялы қауымды магниттей тартып тұратын. Ақын да, жазушы да, композитор да, әнші де, ғалым да, шаруасы болса да, болмаса да, Ақаңа келіп, әңгіме-дүкен құрып кететін. Талай әңгіменің аяғы әуелеген әнге, күмбірлеген күйге ұласып жүре беретін. Бір жолы Жүсекеңнің – Жүсіпбек Елебековтің келгені де бар. Нұрғиса ағамыз, апта демей-ақ қояйық, ай аралатпай соғып, күй тартып кететін. Шәміл мен Жәнібек тіпті жиі келетін. «Сарыарқа» мен «Дәурен-айды» Жәнібектің Ақселеудің бөлмесінде жаттағаны, Несіпбектің сөзіне бәріміз әр жағынан үңілгеніміз көз алдымда. «Сарыарқаның» қайырмасы әу баста «Қасиетті төрім, кер биігім, жезкиігім, шер-күйігім –

Сарыарқа!», деп бітетін. Кейін 86-ның зобалаңы тұсында тиісті орган бұл не қылған шер-күйік деп шүйілгенде оны «сөз түйінім» деп өзгертуге тура келді ғой. Бүгін тыңдап отырсаңыз, қазіргі күнге сол «сөз түйіні» дұрыс келіп тұрған сияқты. Сөйтіп, Ақселеу Сейдімбеков айналасы бірер айдың ішінде Алматы элитасының ортасына балдай батып, судай сіңіп жүре берді. Жасы отыздан жаңа асқан жігітке әдебиетіміздің ақсақалдары да құрметпен қарауға айналды. Бір мақаласын оқытып, қол қойдырып алуға Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтің үйіне Ақана ілесіп барғанымда бұған көзім анық жеткен. Классик қаламгеріміз «Оянған өлкенің» жалғасын – «Жат қолынданы» жазуға кіріскен кезі екен. Содан бірер жыл бұрын «Лениншіл жастағы» танымдық мәні мол мақалаларын оқып, Ақселеуге Қарағанды шахталарының ғасыр басындағы жай-күйі жайында деректер іздетуін сұрап хат жолдапты. Ақаң ол мәселемен әбден егжей-тегжейлі айналысып, көлемі едәуір материалды қолмен көшіріп тұрып Ғабенге жіберіпті. Ғабен Ақселеудің сол өтінішке соншама жауапкершілікпен қарағанына, шаруаны соншалықты тыңғылықты тындырғанына әрі тәнті болып, әрі таңданып отырды.

Алаштың Ақселеуімен бір бөлімде бес жыл бойы бірге жұмыс істеген кезеңім өмірімдегі ғажап шақ деп білемін. Ақаң арқылы қазақтың дархан жанын, кең көңілін, ер көңілін, сері көңілін ерекше сезіне алдым. Бес жыл бойы бауырына тартып, кәдімгі бір туған інісіндей еркелетумен өтті. Иә, артық айтып отырғаным жоқ. Ақаңның «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабы шыққанда жазған қолтаңбасын өз басым мына өмірдегі бір бақытты бағам деп білемін. «Сауытбек! Егер менде іні болса, ол Сендей болса, соған қанағат етер едім. Құрметпен – С.Ақселеу. 23.XI.81», деп жазған еді қайран ағам. Ақселеудей азаматқа інілікке жарау да қадірін білген адамға бақыт болса керек. Сол кітап дәйім үй кітапханамның төрінде тұрады. Біз бөлімде үш адам жұмыс істедік. Бөлім меңгерушісі – Ақселеу Сейдімбеков, әдеби қызметкерлері – ақын Кеңшілік Мырзабеков екеуіміз. Ақаңның жұмыстағы кеңдігі, адамға сенуі бір керемет. Қайда жүргенінде, қайда тұрғаныңда шаруасы шамалы. Тапсырған ісін тындырып отырсаң болды. Бастықтар іздей қалса, «Мен кітапханаға жіберіп едім» деген сияқты сөзін айта салады. Соны біздің Кеңшілік пайдаланудай-ақ пайдаланды. Оның жұмысы жеңілдеу, әңгімелерді, өлеңдерді, сын мақалаларды бума-бумасымен алдын ала дайындап, Ақаңа қол қойдырып алады да, материалдарын редакторатқа тапсырған соң еркіндеу жүре береді, ара-тұра сайран құрып та кетеді.

Бүкіл мәдениет, тарих, өнер мәселелерін айтпағанда, ауылдағы мәдени қызмет, кітапханалар жұмысы, көркемөнерпаздар, халық театрлары дегендерге дейінгінің бәрі менде. Олардың тығыз дайындалатындары, аяқ астынан нөмірге салынатындары да аз емес. Содан да жұмыста, негізінен, тапжылмай отырамын. Әр материалға орындаушымен қатар оны оқыған бөлім меңгерушісі міндетті түрде қол қоюы керек. Сондайда біздің Ақаңның таптырмай кететін кездері жиі болады. Қазіргідей қалтафон деген жоқ. Анда баруы мүмкін-ау, мұнда баруы мүмкін-ау деген жерлерге жанұшырып телефон шаласың, кейде тауып аласың, ондайда такси ұстаса да жетеді, көбіне таппай қаласың. Партиялық газетте, ЦК-ның органында бөлім меңгерушісі орнында отырмайды деген сөз сондайдан шы-

ғады. Ай сайын партия жиналысы. Оларда коммунистердің еңбек тәртібін сақтауы сөз болмай тұрмайды. Ақыры Ақаң мұның да бір амалын тапты. Материал басылатын қағаздарға аппақ, таза күйінде қолын қойып беретін болды... Сол ақ қағазды машинистка қыздарға материалдың соңғы бетін басарда бере қоясын, Ақаңның қолы материалдың соңының сыртқы бетіне келе қояды... Болды, бітті. Мақаланы бөлім меңгерушісі оқыған, оқып қолын қойған... Сөйтіп жүріп жаттық. Әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Ақселеу Сейдімбековтің жұмыс орнынан табылмай қала беретіні, соның салдарынан кей мақалалардың редакторға тікелей бара беретіні жөніндегі сын да сап тыйылды.

Дегенмен, әшкере болмайтын әрекет бар ма. Бірнеше айдан кейін редактордың орынбасары Сарбас Ақтаев ағам кабинетіне шақырады. «Немене, осы сенің бастығың материалды тіпті түзетпейтін болған ба?» дейді. Дауысында таңданыс та бар, секем алу да жоқ емес сияқты. «Сәке, ол материалдың қалай дайындалуына байланысты ғой. Түзетілмейтіндей етіп дайындаған соң бөлім меңгерушісінің қол тигізбеуі заңдылық қой...», деп уәж айтып жатырмын... Сәкең басын шайқап, күлді де қойды. Сондай қызық күндеріміз көп болушы еді.

Ақселеудің шешендігіне қайран қалатынбыз. Арғы-бергіні айтып, қай-қайдағыны қозғап, қоңыр үнді мақамымен баптап сөйлеп кеп бергенде көмейінің арғы бір түкпірінен сөз маржаны төгілетін де жататын. «Мына Арқада тамалар мен наймандар жапсарлас қой. Сол найманның ішіндегі бағаналының ең бір жуан сіңір байы Сандыбайдың Ердені болған. Бұл баяғы аға сұлтан сайлауында Шоқанның өзін жеңіп кететін Ерден. Біздің жақта «Жерді жаратуын Құдай жаратқан, бірақ таратуын Ерден таратқан» деген сөз бар. Сол Ерденнің батырлықпен де аты шыққан. Өзі ат үстінен алдырмайтын көнтақым болыпты. Оның үстіне атақты найзагер», деп бастап, Ықыластың «Ерден» күйінің шығу аңызын тап бір алдындағы қабырғадан тек өзіне ғана көрінетін мәтінді оқып отырғандай соншалықты жатық тілмен бипаздап баяндай жөнелетін. Көңілінің құсы түскенде әңгімені таңды таңға ұрып айтуға бар еді. 2004 жылы Қойшығара ағам екеуі үйде қонақта болғанда түнгі төртке дейін бір хикаядан кейін бір хикая ағытқан-ды. Ақаңның сол түндегі айтқандарынан бізбен бірге болған қаламгер досым кейін төрт әңгіме жазып шықты. Ақаңа айтқызсаңыз, шығу аңызы жоқ күй болмайтындай, нақты бір оқиғаға сүйенбесе жай әсерден күй шықпайтындай, елдің өміріндегі бірде-бір оқиға күйде кестеленбей қалмайтындай. Мектеп бітіргеннен кейін ауылда қалып екі жыл қой баққан, кейін талай жыл жастар газетінің тілшісі болып өмірінің дені табиғат аясында өткен, қазақтың даласын алдында жаюлы жатқан кітаптай оқи беретін Ақаңның әрқайсысы бір-бір этнографиялық этюд сияқты ауызша әңгімелері тіпті ғажап. Құрғақ сүт, қызыл ірімшік, тасқорық, уызқағанақ, шашыратқы, сіргежияр, серне, бұлқыншақ, малма, тарамыс, талқы, тулақ деген сияқты халықнамалық ұғымдарға қатысты неше түрлі жайларды сондай әсерлі етіп айтатын. Әсерлі демекші, Ақаңның ауызша әңгімелерінде де, жазбаша дүниелерінде де артық-ауыс айту, бояуды қалыңдатыңқырап жағу болмай тұрмайтын. Оған да түсіністікпен қарау керек. Ақаңның айтқанында да, жазғанында да түптеп келгенде бәрінен бұрын халқының, өзі жанындай жақсы көретін, жолында құрбан болуға дайын

халқының абыройын асқақтату, бәсін биіктету мақсаты тұратын. Мұндайға өзге елдер әлдеқайда тереңірек мән береді. Ана жылы Никита Михалковтың «Сібір шаштаразы» фильмі төңірегінде біраз дау-дамай көтерілгені есте. Солардың біразы Ресей мұндай болған емес, режиссер елді көтермелеп көрсеткен дегенге сайды. Солардың бәрінің аузын суреткер: «Мой фильм не о том, какая была Россия, а о том, какая она должна быть» деген жалғыз сөзбен жапты. Елді ойлайтындардың бәрі есті сөзге тоқтады.

Ақселеудің қазағы – Алаштың ардақ азаматының арман-аңсарынан туған қазақ. Ақселеудің қазағы – дәл солай болған қазақ емес шығар, бірақ дәл солай болуға тиіс қазақ. Ақселеу әспеттеп өткен елдік, ерлік, өрлік, бірлік – біздің бәріміз ұмтылатын ұлы биік. Сырт көзге сал-серінің салтымен салқам жүргендей көрінетін Ақселеудің қағазға ұқыптылығы да бөлекше еді. Өткен жылы Орталық мұрағатта Ақселеу Сейдімбек өзі көзі тірісінде өткізіп кеткен құжаттардың көрмесі ұйымдастырылды. Ақаң мұрағатқа 3 мыңнан астам құжат тапсырған екен, соның 700-ден астамы жазысқан хаттары. Жиналған жұрттың назарына 250 құжат ұсынылды. Үйіне барсаңыз кітап сөрелерінің үлкен бір бөлігі қаз-қатар тізілген папкалар болатын. Тақырып-тақырыпқа бөліп, үлкен әріптермен таңбалап тастаған. Газеттен қажет мақала көрсе де, кітаптан керек дерек тапса да тап-тұйнақтай етіп соған тігіп не жазып қояды. Мақала не зерттеу еңбек қолға ала қалса, жаңағы папканы ашады да әлгі материалды қалауынша пайдалана береді. Дүниеден өтерінен бір жылдай бұрын үйіне барғанымда кітаптың көптігінен ауызғы бөлме жаққа арнайы сөрелер жасатқанын көрдім. Еденнен төбеге дейін тірелген жаңағы сөрелердің бәрі ру-тайпаларға арналған папкалармен толтырылған.

Қазақ шежіресіне қатысты мың-мың парақ қағазды жылдар бойы ерінбей-жалықпай жинағанының, соның бәрін жүйелеп отырғанының арқасында Ақаң «Қазақтың ауызша тарихы» атты кәдуілгі кітап көлемімен мың беттей болатын ең соңғы, ең басты еңбегін аз уақыттың аясында жазып тастаған. Ең бастысы – Ақселеу Сейдімбек ойы озық, санасы сергек, танымы тәуелсіз тұлға болатын. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде ол көп нәрсеге күмәнмен, тіпті ашық кекесінмен қарайтын. Мақаланы бір күнге кеш ұсынып, тапсырманы созыңқырап алғаныңа қиналыңқырап сөйлесең Ақаң күліп: «Жарайды, азар болса коммунизм бір күнге кеш орнар», деп қоя салатын. Ақаңның ұлт саясатындағы қиғаштықтар, билеуші партияның парықсыздығы, тарихтың бұрмалануы сияқты тақырыптардағы әңгімелерін естігенде әуелгіде айран-асыр қалатынбыз, кейіннен айызымыз қанатын болды. Дінінің қаттылығы сондай, өзі партиялық газетте істеп, өзі бөлім басқарып отырып ақыры осы тақырыпқа бір мақала жазбай-ақ кетті-ау сабазың. Менің бұл сөзіме сол тұста баспасөзде істеген ағаларымның талайы сеніңкіремей отырғанын сеземін. «Ол кезде ондай болуы мүмкін емес қой, ақыр аяғы бөлім меңгерушілерінің ай сайын міндетті түрде бір бас мақала жазатынын білеміз ғой, ал партиялық газеттің бас мақаласы партияның сөзін сөйлемегенде кімнің сөзін сөйлеуші еді?», дейтінін де шамалаймын. Бірақ, шындық солай. Ал бас мақаланың жайы былай. Жұмысқа орналасқаннан кейінгі алғашқы айларда Ақселеу бас мақалаға байланысты қайта-қайта сыналып жүрді. «Ауыл

мәдениетіне партиялық қамқорлық» деген бас мақала жоспарланады. Жазылмайды. «Көркем әдебиеттің идеялылығы» деген бас мақала жоспарланады. Жазылмайды. Және олардың жазылмағаны мақала нөмірге баратын күні бірақ анықталады. Аяқ астынан жаңағы тақырып немесе басқа тақырып өзге біреуге тапсырылып, мақала түнге қарай бетке түседі. Кейде газетті бас мақаласыз шығаруға да тура келеді. Ондайда тиісті орыннан ескерту алып та жатады басшылар. Летучкадағы жоспарлау кезінде Совет ағамыз (жауапты хатшының орынбасары С.Шиманбаев): «Ақселеуге алдын-ала айтып қойыңыздаршы, тағы жазбай қалып жүрмесін» деп те шырылдайды. Бас мақала сонда да жазылмайды. Коммунист Сейдімбеков жиналыста тағы сыналады. Ақыры Ақаң әбден запы болды ғой деймін, бір күні мені шақырып алып: «Айналайын, осы бас мақала деген бәледен құтқаршы», дегені. «Құтқарғаны қалай?». «Солай. Сен жазып отыршы». «Ақа-ау, тілшілерге бас мақала бермейді ғой». «Құтқаршы деп отырған жоқпын ба? Маған берілген тақырыпты сен жазып отырмайсың ба?». Расын айтқанда, әуелде Ақаң бастықтығын пайдаланып, өзі істейтін жұмысты маған аударса салғандай көрдім. Сыйлас ағаның көңілі үшін тез жазып та бердім. «Сен туғанда мен неге қуанды дейсің?» деп Ақаң қалды. Содан Ақселеу «СҚ-дан» кете-кеткенше (1983 жылы «Білім және еңбек» журналының бас редакторы болып тағайындалғанша) бас мақаласы маған ауысты. Ақаң құлағы тыншығанына риза. Бәрінен бұрын жаны жақтырмайтын тақырыпқа қаламын ластамағанына риза. Ақаңмен әзіліміз де жарасатын. Әзілдеген болып кейбір ойларымызды айтып та қалушы едік.

Осы Астанаға Ақмола кезінде алғаш келгенімізде мұндағы Қаллеки театрында Қарағанды облыстық драма театрының гастролі ұйымдастырылғаны есте. Арнайы шақырылған ба, жолы түсіп қалған ба, гастрольдің алғашқы спектакліне Ақаң да келді. Спектакльден кейін театрдың бас режиссері, қазақтың жайсаң жігіті Жақып Омаровтың кабинетінде дастарқан жайылды. Біраз адам жиналды. Ақаң бас тартылды. Ақаң сол бастан бас тартып, «Менің төрде отырғаным да жетеді, осы басты Сауытбекке бұрамын», дегені. «Сіз тұрғанда біз қалай бас ұстаймыз» десем болмайды. «Сен осы елге қонақсың», дейді. Расы керек, «осы елге қонақсың» дегені аздап көңіліме келіп қалды. Астанаға келіп жатқан жоқпыз ба? Енді Ақаңды сөзбен қағытудың ретін ойлай бастадым. Тілек айту кезегі келгенде әуелі театрды, спектакльді айтып, Ақаңа ауыстым. Біраз мақтап, «Ақаңнан үйренетін нәрсе көп. Үйренетін нәрсенің бірі – Ақаңның кішіктігі. Ақаң – қазақтың Ақселеуі. Мұны жұрттың бәрі біледі. Бірақ Ақаң бойына біткен кішіктігіне салып, өзін тек Тарақтының Ақселеуі санайды», дедім... Сол жылдарда Ақаң кітаптарын «Тарақты Ақселеу» деп шығарып жүрген болатын. Жұрт тынып қалды. Бәрі Ақаңның не дейтініне қарап отыр. Ағам маған жақын келіп, райлана күліп: «Қатырдың ғой ақыры» деді ақырын ғана. Қызығы кейін болды. Келесі кітабына «Ақселеу Сейдімбек» деп қол қойды. Телефондап, құттықтап, «Ақа, сыннан қорытынды шығарыпсыз ғой...», десем, «Сенің сөзің түрткі болғаны рас, бірақ өзімнің бүйрегім де осы вариантқа бұрылып жүрген болатын», дейді. Қалай дегенде де әлгіндей қажап сөйлеу арқылы Ақаңа ой салған сияқтымын. Еркін ойлылығы, азаматтық асаулығы Ақаңның алдынан

талай рет тор құрғызды. Сақтанбай жүретін серілігі, секемсіз сөйлейтін ерлігі өзіне сойыл болып тиіп жатқанда да сағы сынбайтын Ақаңның.

Әйтсе де, әміршіл жүйенің әншейіндегі әкірендеуі Колбиннің тұсында қанқұйлы қиянатқа ұласқаны қатты соқты. Өткен тарихты боямалап көрсетті, ескішілдікті дәріптеді, ұлтшылдық сарындарға жол берді деген сияқты айыптармен «Білім және еңбек» журналының бас редакторлығынан босатқанымен қоймай, желтоқсан оқиғасына желік бергендердің, «қазақ ұлтшылдығын дайындаушылардың» бірі ретінде қоңырау байланып, қадағалауға алынды, жүрісі аңдылып, сөзі тыңдалды, ақыр аяғында үстінен іс қозғауға дайындық жасалды. Бұған Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің кезінде баспасөзде жарияланған құжаттарындағы «По делу проходили известные писатели Шона Смаханұлы, Акселеу Сейдимбеков...» деген жолдар дәлел. Шона ағамыздың ол тізімде жүретіні Алматыда қазақ мектептерін ашқызуға атсалысып, үйді-үй кезіп жүріп, тұрғындардың қолын жинағандығы екендігі белгілі. Іс қозғауға дайындық жасалды деп кесіп айтатыным – соған көзім анық жеткендіктен. 1987 жылдың көктемінде бізге (ол кезде Орталық комитеттің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысымын) бір мақала келіп түсті. Мемлекет қауіпсіздігі комитеті арқылы дайындалған. Тақырыбына дейін қойылған: «Ржавчина» («Тат»). Халықтың кіршіксіз санасына тат түсіруге, халықтар достығына сына қағуға әрекет еткен бір топ жазушыларды әшкерелейтін мақала. Негізгі кейіпкерлері – Шона Смаханұлы мен Акселеу Сейдимбеков. КГБ тіпті бір редакцияға алдын ала құпия жіберіп, мақаланы қазақшаға аудартып та қойыпты. Тек қол қоятын адам табу ғана қалған. Ол адамның ұлты қазақ болуға тиісті. Бөлімнің «тандауы» сол тұста «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары қызметіндегі Әділ Ыбыраевқа түсті. Әділ сонда бір азаматтық жасады. Бөлім меңгерушісі орынбасарының кабинетінде мақалаға қол қоюдан бас тартқанымен тоқтамай, сол жерде кәдімгідей шу шығарды. Ол әңгіме біраз адамның құлағына жетті. Мұны аппаратта «утечка» дейді. «Утечка» шыққаннан-ақ мен бір тәуекелге кірістім. «Лениншіл жаста» жұмыс істейтін курстасым Ерғали Сағатовты екі кештің арасында оңаша шақырып алып, осылай да осылай, сондай бір мақала дайындалып жатыр, ол шықса жағдай шындап қиындайды, ағаңа айт (Шона мен Ерғали бір ауданнан ба, тіпті бір совхоздан ба, әйтеуір жақындығы барын білетінмін), бізге телеграмма салсын, қарсылығын білдірсін, қалғанын көрерміз дедім. Әңгімені құпия ұстауын қадап тапсырдым. Жеделхат жетіп келді. Орталық комитет хатшысының алдынан қайтыпты. Бөлімдегілер опыр-топыр болды да қалды. Ондай мақала бары рас еді деп қағаз жүзінде қалай айтарсың? Шона Смаханұлын шақырып (қазақтілді газет-журналдардың кураторы ретінде бұл шаруа маған тапсырылды), «Мына әңгімені қайдан шығарып жүрсіз? Жеделхатты неге сүйеніп жаздыңыз? Сіздер туралы ешқандай редакцияда ешқандай мақала жоқ екенін анықтадық» деп «қыспаққа» алып жатырмын. Ол кісі: «Қайдан білейін? Біреу телефонмен айтып еді, кім екенін де сұрап үлгермедім», деп күмілжиді. «Өзіңіз коммунистсіз, өзіңіз соғысқа қатысқан адамсыз, сөйтіп жүріп өсекке сүйеніп ЦК-ға жеделхат жібересіз. Ұят емес пе?» деп тағы қысамын. Шөкен қателігін мойындайды, ендігәрі олай етпеуге уәде береді. Содан Орталық

комитет хатшысының атына қызметтік жазба дайындап, ондай мақала жазылмағанын, жалған ақпаратқа сеніп, жеделхат жіберген КПСС мүшесі Ш.Смаханұлы өз қателігін мойындағанын айтып, құжатты бақылаудан алдырттық. Сөйтіп, жеме-жемге келгенде ол мақаланы бастырудан Орталық комитеттің өзі тартынды. Мақала басыла қалғанда, сонда аты аталатын басқаларды қайдам, нақты айыпталатын Ш.Смаханұлы мен А.Сейдімбековтің желтоқсандағы қазақ ұлтшылдығының идеологиялық негізін дайындаушылар ретінде істі болуы әбден-ақ мүмкін еді. Ақаң аузын ашса Алашты айтатын. Бар есі-дерті тек қазақтың қамы. Ұлтын дәл мұндайлық сүйетін адам қазақта ғана емес, жалпы мына жер бетінде аз да шығар деп ойлаймын. Ақселеуден талантты, Ақселеуден білімді, Ақселеуден шешен, Ақселеуден көсем болуға болар, бірақ Ақселеуден өткен отаншыл болу, елін, жерін, тілін, тарихын, мәдениетін Ақселеуден артық жақсы көру қиын сияқты. «Алаштың Ақселеуі» атты фильмде профессор Намазалы Омашұлының: «Құлдық сананы бойына дарытпай кеткен адамдар аз ғана болса, соның нақ біреуі осы кісі. Халқын, жерін керемет сүйген адам ғана осылай күресіп өтеді. Ал ел тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кісі бұрынғысынан да жайнап сала берді. Ақаң керемет ашылды. Нағыз Алаштың азаматы болды. Мен Ақаңды ұлтын сүюдің хрестоматиялық үлгісін жасап кеткен тұлға деп есептеймін», деген пікірі келтіріледі. Сол сөз – сөз. Қызметтен қоңыраумен қуылып, айлар бойы идеология саласында жұмысқа жолатылмай жүрген Ақаң эзер дегенде Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына еден сыпырушының бос орнына қабылданды... Лаборанттық міндетті атқарды. Қызық болғанда, «Не было бы счастья, да несчастье помогло» деп орыстар айтатындай, тағдырдың сол теперіші Ақаңның өміріне жақсы өзгеріс алып келді. Әуелден-ақ аналитикалық ойлау жүйесіне бейім азаматтың, ширек ғасырдай уақыты журналистиканың қара жұмысына жұмсалған Ақаңның ғылыми мекеменің табалдырығынан аттасымен-ақ тың тынысы ашылып сала берді. Тәуелсіздік тұсында қыран құстай түледі. Азаттық аспанында парлап ұшты. Әуелі қара өлеңнен кандидаттық, кейіннен күй өнерінен докторлық диссертация қорғады. Кітаптан кейін кітап тоғытты. Барлық жағынан жолы ашылды. Мемлекеттік сыйлықты да алды. Профессорлық атақты да алды. Қызметте де өсті. Алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры, кейіннен сол институттың негізінде құрылған Қазақ Білім академиясының президенті болды. Астанаға шақырылып, Президенттік мәдениет орталығында директордың ғылым жөніндегі орынбасары, Еуразия университетінің журналистика кафедрасының меңгерушісі болды.

Ақселеу Сейдімбектің өмірі – адам қызығарлықтай сұлу өмір. Жұмыстан басын алмаған күйі күйіп кететін кісілердің қатарынан емес еді. Бәрін тең ұстайтын. Ойды да ойлайтын, тойды да тойлайтын, картасын да ойнайтын, бильярдды да қоймайтын, жүрудейін жүретін, қысқасы, дәуренді сүрудейін сүретін. Елдікті де, ерлікті де, өрлікті де, серілікті де Ақаңның бір бойынан табатынбыз. Мұны Алаш жұрты Ақселеусіз қалып, қалың елі қайғыға батқан қаралы жиында Әбіш Кекілбаев жүрегі қан жылап тұрып, жеріне жеткізе айтты. «Қазақта сал қандай болады? Ақселеудей болады. Сері қандай болады? Ақсе-

леудей болады. Би қандай болады? Ақселеудей болады. Батыр қандай болады? Ақселеудей болады. Пір қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың жақсысы мен жайсаңының бәрі қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың қатепті қызыл нары қандай болады? Ақселеудей болады. Бәрінің орнына бір ғана Ақселеу жүре алады. Ал Ақселеудің орнына кім жүре алады? Ешкім де емес, тек Ақселеудің өзі жүре алады», деді ғой сонда Әбекең. Бұдан артық айту мүмкін де емес.

Ел Ақселеусіз қалғанмен, жер ақселеусіз қалған жоқ. Ақселеу Сейдімбек сынды тұлғалар қасиетті қазақ жерінің өзінен, даланың қара топырағынан өсіп-өнетін ақселеуді еске салады. «Жер болса – ел болады, ел болса – ер болады» деп Елбасымыз айтқандай, дала барда даналар да бола береді.

*«Егемен Қазақстан» газеті
25 мамыр, 2011 жыл.*

БАЯНДАМАЛАР

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
ф.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті

АЛАШТЫҢ АҚСЕЛЕУІ ЕДІ...

Тал бойы сұлу жігіттен мін табу қиын. Ал Ақаңның – Ақселеудің біреу тілін, біреу түрін, біреу жүрісін, біреу тұрысын, біреу аңшылығын, біреу әншілігін мақтайды. Азаматқа тән келісімінің бәрі бойынан табылып жатқан Ақаңның сол қасиеттерінің бәрінен де мен оның саусағын ерекше бағалаймын. Сол саусақтар болмаса, руханиятымызды байытқан қаншама кітаптардың жазылмай қалатыны рас. Бірақ мені ол да таңдандырмайды. Шынын айтсам, сол саусақтарға Ақаң домбыра шерткен кезінен басқа уақытта мән де бермеймін. Ал домбыраға тиген кезінде ерекше салаланып, сұлуланып, қасиеттеніп кетеді. Даланың өзі ән салып қоя бергендей. Ол саусақтарда қаншама сыр мен жыр жатыр десеңізші! Ол саусақ не көрмеген саусақ десеңізші! Маған салса, Ақаңның қасиеті сол саусақтарға тікелей байланысты. Ол саусақтар болмаса, ол саусақтар күй шертпесе қазақ өнері де біраз сілкіністен ада қалар еді. «Толғауы» (Ақтамбердінің толғауы) мен «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Алтын асық» дүниеге келмес еді. Өлі күйлер тірілмес еді. Жәнібек Кәрмен сияқты сұңғыла әншілердің даусы халқының жүрегіне толық жетпей, өшіп тынар еді.

Өлі есімде, жетпісінші жылдардың аяғы болатын. Ақселеу ағамыз Қарағандыдан Алматыға ауысып, «Социалистік Қазақстан» газетіне бөлім меңгерушісі болып келе қалды. Тілшісі түгілі, еден жуғышының өзі ЦК-дан басқаға сәлем бермейтін, есепшісіне дейін галстук тағып жүретін бұл мекемені орағытып өтетін едік. Қалай Ақаң келді – үшінші қабатқа жан кірді. Әуелі теннис ойнайтын болдық, одан жаппай насыбай ату басталды. Соның бәрінен ерекшелігі – редакцияға домбыра келді, домбырамен қосылып ән келді. Қазақстанның түкпір-түкпірінде тығылып жатқан таланттар сол арадан табылатын болды. Күйші Төлеген, Дәнеш, Мәдениет, Рақым, Қажыбек, Қайрат, Жәнібек сол арада бас қосып жүрді. Несіпбек, Жәнібек үшеуіміз де үйірсек тарттық. Бір күні, иә, бір күні...

Жаңылмасам, қыс айының іші... Ақаң мен Жәнібек оңашалана бастады.

Апта өтті. Ай өткен жоқ. Біз де қалатын болдық... Тыңдаушы керек екен.

Ақаң бір әуенді ұзақ қайталап тартады. Жәнібек тамсанады. Қабағын түйеді, қолын шошайтады. Мен Ақаңның саусағынан көз алмаймын. Осы күй он күнге созылды. Енді Жәнібек жұрттан бой тасалай бастады. Бір айдың мөлшерінде ол мені үйіне шақырды. «Мынаны тыңдап көрші», – деді. Бұрын мен естіп-білмеген бір алапат жыр. Ақтамбердінің толғауы. Үш-төрт күннен кейін Ақаңа тыңдатуға бардық. Кешкі мезгіл. Жәнібек сорғалата жөнелгенде басында еркіндеу отырған Ақаңның басы иілді де қалды. Тыңдап болған соң: «Ой, Алла-ай! Не деген ғажап, не деген философия, не деген кеңдік?! Жәнібек, енді сенің бағың ашылады!» – деді. Күй сарынын арқау ете отырып шығарған сол әніне лайық Ақтамбердінің сөзін тауып, домбыраға түсіріп, Жәнібекке үйреткен Ақаңның өзі емес пе еді?! Бүгінгі қазақ әнін Ақтамбердінің толғауынсыз елестетіп көріңізші. Ақаң болмаса, Ақаңның жүйрік сасусағы болмаса ол ән өмірге келмес еді. Осыдан кейін Ақаң мен Жәнібек, Несіпбек үшеуі қосылып алып, «Дәурен-ай» мен «Сарыарқаны» сол қыста жазып, жұртты таң-тамаша етті. Бұл қазақ әнінің жаңа белеске көтерілген, Жәнібектей жампоздың, Несіпбектей сужорғаның Ақаңның алдына түсіп алып, халқына қарай жайтаңдай жөнелген тұсы еді. Сол ән бүгінгі Бекболаттың бесігі тербеліп, ауамен қоса жүрегіне құйылып жатқан кезі еді. Жамбасымен жорғалайтын Бекболаттың қызығын қызықтап Жәнібек бөлме-бөлмені аралап ән айтатын, ол қай бөлмеге барса, соған жамбастай жорғалап баратын Бекболаттың ұзын сапарымен өз жүрегіне ұя салған тұс еді. Оны ұялатқан Ақселеудің саусағы болатын.

Мен сондықтан да Ақаңның саусағындай сұлу саусақты сирек кездестірдім. Ондай саусақ қазақта Сәкенде ғана болған шығар.

Мен Ақаңның саусағына ғашықпын. Сол саусақтардан суси құйылған әндер мәңгі өшпесе екен, сол саусақтар талмаса екен, буынына сарысу ұйымаса екен, сіңірі қатпаса екен деп тілеймін.

Саусағыңыздан айналдым, Ақа!

Ақселеу ағама әкемдей ерекелуші едім. Екеуміз бас оқу ғимаратының алдындағы көпірде ылғи қарсы жолығып қаламыз. Ақселеу Сланұлы мені көре салып, екі қолын жайып, құшағын ашып тұра қалады. Мен балаша жүгіріп барып, қойнына кіріп, құшырлана иіскеп аламын. Әкемді иіскегендей әсерленуші ем. Кеудемдегі ұлы сағынышты осылай басатынмын. Енді міне Ақселеу ағам кеткелі сағыныш та ұлғайды.

Несіпбек АЙТҰЛЫ,

ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері

АҚСЕЛЕУ ЖҰМБАҒЫ

Әнге сөзді ең көп жазған ақын Тұманбай ағамыз ғой. Ал мен әнге сөз жазуды қиын деп ойлайтынмын. Басында жолай алмадым. Абай ауданында Мейрамбек Жанболатов деген партия қызметкері бар еді. Көптеген тамаша әндердің авторы.

Журналист Серік Жанболаттың әкесі. Бір күні Тұрсын Жұртбай мен Жәнібек Кәрменов екеуі мені іздеп келіпті. Олар мені «Алатау» санаторийінде жатқан Жанболатовқа апарып таныстырды. Сол отырыста Мейраш аға бірнеше әндердің әуенін тартып, менің сөз жазып беруімді өтінді. Бір әуенін ұнатып, он-он бес минутта сөз жазып бердім. Ән сөзін композитор да ұнатты. Жәнібек әнді сол сәтте орындады. Бұл көпке белгілі «Ән-домбыра» еді. Әнге сөз жазу содан басталды. Сәл кейінірек Ақселеу аға бір ән жазды, «Сарыарқаны». Оған сөз жаздым. Іле-шала «Дәурен-айға» сөз жаздым. Сөзін мен жазған осы үш ән де сәтті шықты.

Ақселеу Сейдімбек он саусағынан бал тамған ағаш шебері екенін қоспағанда, аса шебер ән орындаушылығы, сазгерлігі бір төбе. Ол әндерін дәстүрлі Арқа әндерінің сипатында жазатын көбіне. «Сарыарқа», «Дәурен-айды» тыңдап бақсаңыз атасы дәстүрлі қазақ әндері ал, анасы күй.

Ол күй шежірелерін зерттей жүріп, содан өзіне тағылым алды. Күйден саз шығарып, серпін алып, дүниеге тың әндер әкелді. Бұл - талай еңбектің авторы атанған бірегей тұлғаның бұл бір қыры. Кешегінің жалғасы бәлкім соңғы тұяғы, қызыл империяның құрығын салдырмаған жалғыз қазақ осы Ақселеу ме дерсің?!

Көзінің тірісінде-ақ, аңызға айналған Ақанның сабадан аспаған сайран ғұмыры тоқтаса да ұлтжандылық мұрасы өлмек емес. «Көктегі күнге, жердегі халқыма мейірім қанбады» деп қабіріне қашалған жолдар тұлғаның өз сөзі еді. Қазағым деп толғаған, толғанған Ақселеу аға дәл Қадір түні өмірден озды. Бұл нені білдіреді?! Жұмбақ сыр.

Қырқына жиналған жамағатты таң тамаша етіп көкте ғайыптан пайда болған қыранды қалай ұқтық?! Немересі айтқандай қыранға айналған Ақселеу рухы биіктен еліне қарап әлі де тамсанатын сыңайлы ма, қалай?...

Сен де бір Асанқайғы

Алпысқа келіп қапсың, асыл аға,
Отыз жыл біз ергелі қасыңа да.
Тауыстың көз майыңды ақ қағаз бен
Үңіліп туған жердің тасына да.
Тербеген тал бесігін кең даласы,
Ұлтыңның сенсің нағыз бел баласы.
Домбыра, қобыз үні емдемесе,
Қазақтың жазылар ма жан жарасы?!
Еңіреп қаршадайдан елім дедің,
Жақсымен жалғыз дәнді бөліп жедің.
Ағайын арасына сызат түссе,
Дәнекер жүрегінмен желімдедің.
Пәленің бастан кештің не түрлісін,
Заманың қожандатып шоқындысын.
Қолыңа таяқ ұстап келе жатсаң,
Ахмет Байтұрсынов секілдісің.

Жел өтсе іргемізден жалаң қабат,
Ертеңге көңіліміз алаңдамақ.
Арман не артындағы асау толқын,
Түзесе көштің бетін саған қарап?!
Емес пе бақ пенен сор егіз деген,
Уызын тағдыр саған емізбеген.
Ақселеу атың машһүр болғанымен,
Сен де бір Асанқайғы жоқ іздеген.
Бойымен, ойымен де заңғар аға,
Өзіңсіз ортамызда сән бола ма?!
Алыстан мен мұңдалап көрінетін,
Асқар тау жарасады кең далаға!

Әбдіуақап ҚАРА,
*Мимар Синан көркем өнер
университетінің профессоры
Түркия мемлекеті*

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ САНА ТУРАЛЫ

Ұлттық құндылықтар дегенде әрине, тарих та өте маңызды. Әсіресе бүгінгі таңда қазір біз әлемде түрлі бетбұрыс, өзгерістерді бастан кешіріп жатырмыз. Бұл – жаһандану деп аталады. Технология қарыштап дамып келеді. Бұл әрине, әлем елдеріндегі ұлттық санаға, тарихқа, мәдени құндылыққа жан-жақты әсер етіп жатыр. Әсіресе жастар арасында кеңінен байқалады. Сондықтан бұл салаға біз ерекше мән беруіміз керек. Басқа елдер бір мән берсе, қазақ ретінде біз екі рет мән беруіміз керек. Өйткені біз колониалдық отаршылдық дәуірді бастан кешірдік. Сол кезде біздің тарихымыз бұрмаланды, ұлыларымызға тыйым салынды. Олардың аттарын ұмыттыруға тырысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін бір жағынан соны қалпына келтіріп, екінші жағынан жаһандану дәуіріндегі өзгерістерден ұтымды шығуға күш салудамыз. Бұл орайда мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан реформасына» қатты көңіл бөліп отырмын. Бұл реформа тек экономикалық, саяси мәселелерді ғана емес, ұлттық құндылықтарды да қамтыса деген тілектемін. Мәселен, «Мұстафа Шоқай» кітабым шыққан кезде, жұрт күдікпен қараушылар болды. Бұл «сатқынды» Әбекең қалай ақтайды, жалған деректі қалай елге жария етпек деушілер де болды. Осы тұста кітаптың алғашқы нұсқасы 2004 жылы Алматыда жарық көрді. Бір жылдан кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кітаптың тұсаукесері өтті. Сол тұсаукесерде Ақселеу Сланұлы Сейдімбек ағамыз қатысты. Міне, ағамызбен осы кітаптың тұсаукесерінде танысқан едім.

Астана қаласына барған осы сапарымда Ақселеу Сейдімбек ағамызбен дәмдес болғанымды сағына еске аламын. Кітаптың тұсаукесер шарасына университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен М.Жолдасбеков, С.Қаржаубай, Т.Садықұлы ағаларымыз да қатысқан еді. 2005 жылғы кездесудің суреттері әлі күнге жеке мұрағатымда сақтаулы.

Ақселеу Сейдімбек ағамызға салтанатты шарадан кейін кітапқа қолтаңбамды жазып ұсындым. Мұстафа Шоқайға күдікпен қараған кезеңде Ақселеу Сланұлы жанымда болып, зерттеу жұмысыма тілектестігін білдірді. Тіпті қайраткердің сол кезеңдегі саяси көзқарасы мен қызметінің дұрыс екендігін біліп, мені қолдады. Сол себептен мен Ақселеу Сланұлы Сейдімбек ағамызды қазақтың ұлттық санасының оянуына және оған ықпал ету жолындағы еңбектердің авторы ретінде қатты құрметтеймін.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Қайрат САҚ,
Журналистика және саясаттану
факультетінің деканы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ЖАНАШЫРЫ

Ақселеу Сланұлымен достығымыз Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жұмысқа ауысқан жылдардан басталады. Университеттің ұлттық статусқа ие болып, факультеттер жаңадан құрылған кез еді ол.

Қазақстанда журналистика факультеті тек Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде ғана болатын. Елордамыз Астанадағы ұлттық университетте журналистика факультетін ашу үшін бірталай еңбектенгеніміз елдің есінде болар. Факультет деңгейіне жету үшін жан-жақтан ғалымдар шақыртып, ең алдымен ғылыми әлеуетімізді көтеру міндеті тұрды. Алдымен филология факультетінен бөлініп шығып, ондағы бірқатар әріптестерімізді жаңадан құрылған факультеттің жұмысын алға ілгерілету үшін жұмылдырдық. Осы кезеңде журналистикаға бүйрегі бұрып тұратын Ақселеу Сланұлы факультеттегі баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Ақселеу Сланұлының журналистика факультетінде қызмет істеген жылдарын әріптестер әлі күнге әдемі естелік етіп айтады. Кафедраның іс-қағаздарынан бөлек, ұжымның елге танылуына Ақселеу ағамыздың сіңірген еңбегі өлшеусіз. Кафедра меңгерушісі болып тұрған кезінде Ақселеу Сланұлына Астанадағы зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғалар арнайы келіп, сәлем беретін. «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында қалыптастырған рухани ортасын факультетімізде қалап кетті.

Ақселеу Сланұлының ұлт руханиятындағы өзгеше қолтаңбасы мен бекзат болмысы ізінен ерген шәкірттеріне, жастарға үлгі. Азаматтық тұлғасы мәрттігімен, жомарт мінезінен, ақжарқын көңілінен анық байқалатын. Әсіресе ұжымды ұйыстыра білудегі ағалық ақ ниетін әлі күнге ұмыта алмаймыз. Ақселеу Сланұлы табиғатында жалған сөйлеуді білмейтін, айналасындағы үлкенге де, кішіге де құрметпен қарайтын тұлға еді. Ағалық қамқорлығын соңынан ерген інілерінен аямайтын.

Ақселеу Сланұлымен жұмыстан тыс уақытта тастаяқ ойнаған кезде емен-жарқын әңгіменің тиегі ағытылушы еді. Ұлттың тарихына, салт-дәстүрге, шежіреге, қоғамдық санаға байланысты пікірлері біздерді ойға қалдыратын. Болмысынан әдемілікті, әсемдікті сүйетін ағамыз әңгімені де әріден бастайтын.

Елордасы Астанаға ауысқан тұста ел арасында түрлі алыпқашпа әңгіме жүрді. Сол кездегі саяси шешімнің астарында қала салу тұрғанымен, ұлт зиялылары үшін ұлттық рухани ортаны қалыптастырудың маңызы басым болды. Жасыратыны жоқ, ұлттық рухты оятуда тарихи құндылықтарды тірілту, қайта зерттеу, ғылыми айналымға түсіру оңайға соқпады. Сондай игі істердің қатарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін ескерткішінің көшірмесін әкелуге Ақселеу Сланұлының қатысуы еді. Бұл істің басы-қасында мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетовтің өзі жүрді. Моңғолияға сапарын біз ағадан естіп, коммуникация құрудағы шеберлігіне тәнті болғанбыз. Аз уақытта университет төрінен Күлтегін ескерткішінің көшірмесі орын алды. Ескерткішті көргенде рухымыз оянып, бабамыз тіріліп келгендей қуанғанымызды жасырмаймыз. Әлі күнге дейін Күлтегін ескерткіші мен жазбасы білім алушылар ғана емес, келген қонақтарға рухани күш-жігер беріп, тарихи танымды тереңдетуге зор үлес қосып тұр. Бұл – Ақселеу Сланұлының ұлтжандылығының бір қыры ғана.

Университеттегі көп жұмыстың нәтижелі болуына, зиялы қауым өкілдерінің ортасына айналуына Ақаңның қосқан үлесі зор. Сондықтан да ағамыздың атын ұлықтап, ұрпақ есінде сақтауда дәстүрлі түрде «Ақселеу оқулары», «А. Сейдімбек атындағы бильярд турнирін» ұйымдастырып келеміз. Осындай игі шараларды ұйымдастырылуына университет ректоры Ерлан Бәтташұлының қолдауын үнемі сезініп, реті келгенде алғыс айтқанды да жөн көріп отырмын.

А. Сейдімбектің 80 жылдық мерейтойы аясында бильярд турнирі халықаралық деңгейде өткізілді. Турнирге Қырғызстан, Өзбекстаннан әріптестеріміз келді. Дәстүрлі турнирге қатысушылардың дені журналистер екенін мақтанышпен айтамыз.

«Ақселеу оқулары» жыл сайын ұйымдастырылып, үздік студенттерге стипендия тағайындалады. Осы орайда Ақаңның есімін ұлықтауға атсалысып жүрген інілеріне, ұрпағына алғыс айтамыз. Журналистика және саясаттану факультеті Ақселеу Сланұлының есімін ұмытпай, оның тұлғалық болмысын алдағы уақытта да талай зерттеу еңбектеріне арқау етері сөзсіз.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
*«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының
лауреаты, жазушы, кинодраматург*

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ

Эссе

Сан түрлі тарихи зауалға толы толы өткен ғасырдың орта шенінде туып, тарих декорациясынан біржола сырғып, алыстап бара жатқан көшпелі өркениеттің ең соңғы буыны болғандықтан аса күрделі, қырық қабат астары бар өтпелі дәуірдің демін сезініп; маргиналды қалыптың алыс-берісі үдеген сайын қала мәдениетіне икемделу процесінде біртектілікке, техногендік құрдымға жұтылып кетпеу үшін тектік дара ерекшелікті сақтайтын елдік ұлы мұратқа адал болу Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің маңдайына жазылған ізгі тағдыр. Тұтас ғылым академиясына бек лайық жүк арқалау еншісіне дара тиген Ақселеу Сейдімбекті ерекше бөлектеп тұратын қасиет – өз ұлтына перзенттік асқан сүйіспеншілігі. Қазақтың өзіне-өзі беретін ұлттық бағасы кемшін соққанда, ел аурасына зияны сорақы теріс сөздер өзге түгілі өз тарапынан надандықпен айтыла беру жаман дағдыға айналған кезеңде сол ұлы махаббатын мысқылдай болсын жоғалтпаған адам. Ақселеу аға үшін қазақтан өткен сұлу халық жоқ. Өз ұлтын ардақ тұту, шын сүю өзге халықтарды лайықты бағалауға ғана үйретеді. Расында өзін-өзі зор тұту қабілетінде менмендік жоқ, рух азаттық тән. Себебі өзін-өзі қор тұтқан дәрменсіз халықтар құлдық қамытынан ешқашан құтылмайды. Қазақ «Өзінді-өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» десе дәл осыны анық білген. Өзін тануда, сыйлауда биік кісілік, ар-намыс, ырыс-береке, ризық-несібе тұнып тұрады, сонымен қатар өзгені де құрметтей аларлық сана-сезім бар. Ал өзін сүймеген бақытсыз бейбақ өзгені қайдан сүйіп жарытады, қисыны солай.

Жазушыны руханият көкжиегінен бұлдыр тартып, ақырындап жоғала бастаған көне мұраны қастерлеп тану, іздеп табу мұраты этнология ғылымына жетектеп әкелген. Алыптардың ізбасары Ақселеу Сейдімбек қазақ халқының рухани қазынасын түгендеп, ғылым айналымға енгізді. «Қазақтың күй өнері» атты еңбегіне ғана 25-30 жыл өмірін арнаған.

Кешегі көз көрген ХХ ғасырда жасаған Беларусьтың классик жазушысы Владимир Короткевичтің (1930-1984) «Стах корольдың алапат аңшылығы» атты сүйекті повесі бар. Бас кейіпкер Андрей Белорецкий фольклортанушы-ғалым: «Мен өз халқымды іздедім әрі сол уақыттағы көптеген адамдар сияқты ол

осында, қасымда екенін түсіне бастадым, тек екі ғасырда біздің зиялы қауымның мұны ұғыну қабілетін мұқият құртты. Сондықтан мен өзіме өзгеше жұмыс – бұл халықты зерттеуді, тануды таңдап алдым»; «...біздің әндерден тек зар ғана естілмейді. Сонымен қатар мен үшін өзімнің кім екенімді, қандай құдайларға ғибадат қылу қажеттігін ұғу әлдеқайда маңыздырақ болатын», – дейді. Көпқұдайшылық, космогония, таңғажайып табиғат құбылыстарына жан салу, табыну адамзаттың ежелгі жаратылысы әрі қисапсыз мифология мен фольклор кеңістігі. Бұл көне болмыс-бітімді таңбалайтын орыс тіліндегі «язычество» деген термин монотеистік санаға дейінгі жер бетін мекендейтін әрбір ұлт пен ұлыстың ана тіліндегі мифтік құдайлардың атаулары болып табылады.

Короткевич пір тұтқан фольклоршы-ғалым бейнесі, оның «Өз халқымды іздедім, оны зерделеп, тануды таңдадым» деген әулиелік мұраты Ақселеу Сейдімбектің бітім-тұлғасын тұңғығынан танытады. Ғалым-жазушының ана тілінің құдіретіне ұйып, ондағы фонетикалық сұлулыққа, сингармонизм-үндестік заңына қалтқысыз беріліп, туған халқына қызмет қылуы елдік іріліктің түбірін сақтайды. Бұл кейінгі ұрпақтар үшін аманат.

Этнография қалт жібермейтін құндылық – сөздің қасиеті, тілдің пайда болуы, сөз тудырған құдірет. Мифологиялық дүниетанымды А.Н.Афанасьев ежелгі славяндардың табиғатқа поэтикалық көзқарасы деп атайды. Тірі жаратылысты ақындық жүрекпен, махаббат, мейірім тұнған сүйсінген көзбен қабылдау қазақ халқына тән қасиет. Қазақтың қара өлеңінде мифтік сана мен еркіндік тұнып тұр. Діни концепциямен тең түсетін кие, ырым-тыйымдар туралы түсініктер табиғатпен астасқан елдің көркем сипаты. ««Таукүдірет» күйінің мифтік аңызында адам мен табиғат біртұтастықта суреттеледі. Яғни, сыңар қанат таукүдірет пен сыңар ішекті күйші-домбырашы тағдырлас». (А. Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. 163 б.).

Ақселеу Сейдімбек қазақ этнографиясын инемен құдық қазғандай мұқият, ежіктей жазғанда жан сарайында берік ұялаған сүйінішін жасырмайды. Қазақ әлемін, көне тұрмысын, архаизм атрибуттарын айқын әрі көркем суреттейді. Кейбіреулер өз қағынан безініп жатқанда ол елінің өткен шағы және бабалар дәстүріне елти түсті. Жазушы өзі сүйіп жазғандай, этнография саласында «қарқара тартып бара жатты».

«Қарқара. Құс түрі. Осы құстың қауырсынын бас киімге тағу дәстүр іболған. Оны қарқара дейді. Қарқараның тағы бір мағынасы – күзде қайтқан тырна тізбегінің көсемі. Қазақ «қарқара тартып барады» деген сөз тіркесін жиі қолданады. Демек, көсем салып барады, бастап барады, бағдаршы болып барады деген сөздің мағынасы». («Знахарь»).

Сиу, апачи, гурон, команчи, чероки сияқты солтүстік америкалық үндіс тайпаларының көсемдері құс қауырсындарынан бас киім кесе, қазақ халқы бас киіміне бір шоқ үкі, қарқара таққаны тегін ұқсастық емес, әрине.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві мұрағат құжаттары мен материалдарынан «Ақселеудің асыл мұрасы» атты жинақ шығарды. Ақселеутануға қосылған кітап негізінен жазушының 50 жыл бұрынғы әуелгі жазбаларын қамтиды. Жазушы «Тәңірімен тілдес бақсылар», жаз жайлауда

тігілген қазақ үйлерді «аппақ жұмыртқадай», «Кереге өте оңай жиналады, ал жазғанда құс қанаты сияқты тез керіліп, дөңгелене қалады» сынды поэтикалық теңеулерді сүйіп қолданады. Шәкерім жиренетін шатақ діндер мұндайды күпірлік деп қара таңба басып қарғайды.

Мыңжылдықтарда әр халықтың зердесі, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптық дүниетанымы қордалана келе оның бауырына басқан рухани зор байлығына айналады. Қазір қолданыла бермейтін, алайда әдебиет қоржынынан лақтырып тастауға қимайтын, тілді таза сақтасақ қасиетін жоғалтпайтын небір көркем сөздер мен идеяларды Ақселеу аға қалдырған асыл мұрадан тауып алуға болады. Оның ішінде детальмен келетін ежелгі ұғымдар тіптен тартымды. Мысалы, «Көктемгі қой қоздаған кезде көпшіліктің сүйікті тамағы уыз болған. үнемі қой соңында жүрген қойшылар жол-жөнекей уыз қағанақ жасайтын болған. ...Уыз қағанактың дәмі де, маңызы да ерекше болады. ...Қазақтың «қағанакы қарқ болды» деген сөзі де осы көктемгі уыздың молдығына теңей айтқаны. Ал қазақ қойшыларының: «Қойым жайып келемін қағанакқа, өзім тойып келемін қағанакқа» – деген өлеңі де осынау молшылық кезіндегі көтеріңкі көңілден туған». («Уыз қағанак»).

Уыздан қағылған соң қазақтың күйі өзгерді. Ақселеу аға қазақтың төл танымын жадтан айырмауға қам жасады. Шежірелік деректерде реализмнің қуатынан бөлек тілмен айтқысыз құнар бар.

Проза жанры этнографиялық деректерге мұқият болуы тиіс. Сонда жазушы шындықтан алшақ түспейді. «Шашты» атты эпикалық әңгімемде қыпшақ баласы түркпеннен жүйрік ат мініп, «Ойбас! Ойбас!» деп қиқу салып қашады. Оның сюжеттік арқауын этнограф ғалым Жағда Бабалықұлының тұлғасын таныта түскен, салт-дәстүрге байланысты кесек мағлұматтарды еселеп, үлкен олжа салған ақын Қасымхан Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» атты кітабынан алған едім. Руаралық тартыс, алакөз ағайын арасында араздықтан ушыққан кісі өлімінен – арғын Ақжол бидің қазасынан туып, ақыр түбі қайырлы іске – Қазақ мемлекеттігінің негізін салуға себеп болған қарақыпшақ Қобыланды батырдың баласы Ойбас екенін Ақселеу ағаның жазбасынан оқып білдім: «Қыпшақтардың ұраны Ойбас батыр, Қобыландының баласы, Тоқтарбидің інісі». («Орта жүз руларының таңбалары мен ұрандары»).

Қазақ әлемін бұзбай бүтін сақтайтын әрі қатар қазақ әдебиеті нәр алатын алтын жылға, суалмайтын шабыт қайнары этнография ғылымы екені даусыз.

Асима Калимовна ИШАНОВА,
доктор филологических наук, профессор,
Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева

«ҚАРҒАТАМЫРЛЫ ҚАЗАҚ» И ШЕЖИРЕ КАК ЧАСТЬ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕКА

Одна из фундаментальных работ из научного наследия Акселеу Сейдимбека, нами еще не исследованная даже на четверть – это «Устная история казахов» [1].

В этой книге выносятся на обсуждение фундаментальные проблемы бытия и его смыслы, прежде всего генезиса шежире, многие узловые темы и проблемы устной истории казахов.

Сама концепция изустного зарождения, бытования, распространения, способов сохранения, передачи ценной информации, знаний, часто сакральных, была для наших предков чрезвычайно важной. Это была единственная возможность запечатлеть в сознании, в памяти то, что не должно забываться никогда, ни при каких обстоятельствах, ни одним из представителей рода. Тем самым наши предки на протяжении веков выработали особую стратегию опоры на индивидуальность, самооценку личности, часто творческой или воплощающей в себе многие особенные качества и таланты («сегіз қырлы, бір сырлы») и способы их выявления. При этом важно было считаться с мнением народа, что народ запомнил, чем восхитился, ужаснулся, что взволновало его и заставило задуматься, чтобы и потомки учили этот пережитый жизненный опыт, не повторяя ошибок

Безусловно, шежире позволяет бороться с самой мыслью о смерти, пока ты в памяти потомков, шире - всего народа, не только твои деяния, но и твои страдания, подвиги, сомнения будут живы. Значит, в определенной мере – шежире – великолепная возможность и удавшаяся попытка протестовать против смерти, героическая попытка установить всевластие бессмертия, пусть не физического, но духовного, что нужно не только аруахам, но главным образом людям, чтобы жить, распахнув глаза и душу, не сварачиваясь в клубочек от всепожирающего страха во всех его проявлениях.

Шежире – это формирование, передача и программирование потомков на жизнь нравственную, славную и равную подвигу великих предков, без страха шедших на врага за любимую землю.

Проблема шежире для современных казахов – одна из основополагающих. Казахи – едва ли не единственный народ, сохранивший и донесший до цифрового века эпохи всеобщей глобализации идею важности сохранения родовой памяти. Возведшие культ предков на высочайшую ступень ценности человеческого бытия, казахи сегодня не должны сомневаться в мудрости своих предков, завещавших всем потомкам знать предков до седьмого колена. Спросите у современных молодых, зачем им нужно знать семь поколений своих

предков, первое, что им приходит на ум, звучит, как «для здорового потомства». Дальше они не заглядывают, потому, что никому их просвещать, институт древнего семейного, родового наставничества прерван.

Труды Акселеу Сейдимбека – это современная попытка восстановить утраченное знание, наработывавшееся не одним поколением, формировавшееся веками, тысячелетиями. Это, видимо, был подвижнический труд, когда род коллективно, возглавляемый советом старейшин возлагал на самых надежных, умных и нравственных передавать исторические, социальные, культурные сведения, среди которых особое значение приобретали сакральные знания, позволявшие выживать роду в самых критических ситуациях.

Жизнь номадов была такова, что самой важной задачей было не только выживание, но и сохранение бытийных основ, нравственных заповедей.

В век сексуальной, цифровой, мировоззренческой революции, когда можно констатировать, что апокалипсис уже случился, но это апокалипсис сознания, в эпоху, когда мы пожинаем последствия того, что Бог отнят у людей и возвращен некоторым в искаженном или закамуфлированном виде, труды Акселеу Сейдимбека помогут отделить истину от лжи, осознать свое истинное «я», найти дорогу к корням, истокам.

Как известно, идея о шежире волновала еще Абая, он завещал создать это важное для казахов древо родословия Шакариму. Шакарим начал эту работу, но предательская пуля оборвала его искания.

Не претендуя на полноту исследования всего масштабного, фундаментального труда, в данной статье мы только рассмотрим своеобразие истолкования ученым мифа о Вороне и его взаимосвязь с идеей казахского шежире.

Понятие особой значимости и силы Рода, культ предков (аруахов), понятие святости родной земли – все это в основе структуры шежире, которое разрастаясь представлено в труде Акселеу Сейдимбека как шикарное, могучее Древо Жизни. Каждый род величественен, самоценен, но лишь сливаясь в единое целое, все роды и жузы образуют могучее родословие, Древо Жизни казахов. Так подчеркивается в работах ученого идея единства казахской нации, сила единства народного Духа, которая только и может обеспечить подлинную жизнь и бессмертие - в единстве многочисленных родов.

Сегодня это Древо родословия казахов представлено особой картиной-схемой в кабинете-музее ученого библиотеки Отрар ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, занимающимся в нем магистрантам и студентам предоставляется уникальная возможность найти свой жуз, род.

Ученым проделана огромная, титаническая работа, начало которой проходило на наших глазах, в то время, когда Акселеу Сланович приехал из Алматы в Астану и возглавил кафедру журналистики. Можно судить, насколько непроста была эта работа, которая была сопряжена с поиском информации о каждом жузе и роде, ведь тогда Интернет не представлял из себя столь развитую систем поиска, нахождения и размещения информации. Акселеу-ага уже в то

время делился мыслью о том, что мечтает о создании сайта, где все могли бы размещать свою индивидуальную родовую информацию о своем шежере.

Вторая часть «Казактын туыскандык жуйеси» «Устной истории казахов» начинается с 8 главы, названной «Карга тамырлы казак». В данной работе мы уделим особое внимание мифопоэтизму Акселеу Сейдимбека и постараемся выяснить, с какой целью по сути в начале своей уникальной монографии ученый особо останавливается на этой мифеме.

Отталкиваясь от обратного, от мнения второстепенности мифемы-образа Ворона, ученый постепенно размышляя, приводя мнения ученых разных эпох и стран, приходит к мысли об особой значимости образа-мотива Ворона. Основным доказательством древности, особой сакральности образа Ворона становятся крылатые выражения, по сути, являющиеся словесными сакральными концептами, запечатленными народной памятью, тайный ключ к которым и кодовые отмычки находит А. Сейдимбек. Особое место среди кодовых слов родовой и культурной памяти народа принадлежит «қарғатамырлы казак».

Акселеу Сейдимбек приводит целый ряд словесных выражений, ставших стилевыми доминантами этикета и коммуникации номадов: «каргам, каргашым», говорили в степи, обращаясь даже к незнакомым, но младше по возрасту собеседнику и даже случайному попутчику. Этот лингвистический подход вполне оправдан, так как именно в языке остаются очень важные метки, со временем фиксируемые как важные кодовые узла родовой культурной памяти не только отдельных родов, но всего народа, восходя к общенациональным, очень древним архетипам и концептам прасознания.

Миф о Вороне (с ударением на первом слоге) и Вороне с ударением на последнем слоге), которых предлагал различать Серикбол Кондыбай дополняется Акселеу Сейдимбеком другими типологическими разновидностями: кузғын (ворон), қарақарга (ворона), ала қарга (ворона), узаққарга (грач, галка), при этом уточняется, что в отдельных регионах употребляется словосочетание «кок қарга» или «шауқара»

Ученый ссылается на одно из ранних упоминаний М. Кашгари [1,с.362] общетюркского употребления слов «қарағ» в значении «көздің қарашығы» («көздің алмасы») [2,с.105], ссылки на Анара Салкынбая, И. Кенесбаева позволяют ученому подчеркнуть особый смысл, обращенный к самому близкому, любимому человеку словосочетания «қозініңағы мен қарасындай».

Опираясь на многочисленные общетюркские варианты мифов о вороне у якутов, манжур, амеркианских индейцев, шумеро-аккадский эпос, австралийскую мифологию, легенды восточных славян и других народов, ученый доказывает особую смысловую древность и сакральность образа ворона. Ворон воспринимался многими народами как священная птица, обитающая сразу в трех мирах, а значит, переносчик душ, родовой тотем, воплощающий идею о культе предков, аруахов.

Ворон – покровитель, родовой тотем, образ, в котором нашло отражение едва ли не самое древнее представление предказахов о связи всего живого и

сущего. Ворон не только покровитель, но и переносчик душ, свободно переходящий из одного мира в другой.

Тем самым ученый поднимает целый пласт домусульманского воззрения казахов и выделяет один из самых древних мифов всех не только тюркских, но и других народов мира.

Вечность духа и рода воплощена в мифо-символическом образе ворона и это ученый вскрывает, прежде всего, опираясь на сохранившееся до сих пор слова и словосочетания, заключающие в себе очень важные сакральные знания предков.

Исследовательское чутье подсказывает современному ученому, что выражение «қарға бойлы Қазтуған» не фиксация малого роста знаменитого жырау, а указание на древность и сакральность его рода. Об этом пишет в своих исследованиях и Серикбол Кондыбай, которого Акселеу ага знал и поддерживал при жизни, что было немаловажно для Серикбола, ведь есть ученые, до сих пор не признающие научную глубину его концепций. Серикбол Кондыбай в течение 9 лет, прикованный к инвалидному креслу, сделал уникальные открытия и написал «Мифологию предказахов» в 4 томах, «Гиперборея или эпоха сновидений» и другие труды. На русский язык их перевела культуролог и исследователь мифологии Зира Наурызбаева.

В современной Японии ворон и в реальной картине мира, а не только мифологической, занимает значительное место, ворона трудно не заметить, к примеру, в Саппоро, где он ощущает себя хозяином пространства и территории, настолько он черен, огромен, а крик его, больше напоминающий царственное «ква», мало похож на знакомое и грозное карканье.

В «Устной истории казахов» собраны в единую картину мира и родовое древо предков не только названия жузов и родов, но и тамга, родовые кличи – уран каждого рода, исследованы до мельчайших подробностей причины повторяющихся названий родов и племен, то есть самые запутанные и малопонятный генезис родов и жузов.

В целом, концепция родового древа казахов Акселеу Сейдимбека подчеркивает идею родового единства племен, родов и жузов, в котором восстановлены даже самые малочисленные или исчезавшие под натиском времени и истории ответвления родов. Тем самым ученый проделал громадную работу, до сих пор считавшуюся невозможной и неподвластной одному человеку, оставив нам полную картину генезиса родословия, в которой каждый может найти истоки и вдохновляющую силу бытия и бессмертия, обрести важную связь с изначалом, почувствовать на себе сакральную связь культа предков.

К тому же ворон связан с антологически бытийными понятиями жизни-смерти, в ковидную эпоху проявляющимися особенно остро. Человек на ваших глазах страдает, дышит, задыхается, осознает, что умирает и через мгновение дыхание его истает из этого мира навечно. Навечно ли? Но если обратиться к народному сакральному знанию, человек возвращается в изначало («қайтыс болады»), душа его нетленна, а значит когда-нибудь ваш дом огласит

благодатный звонкий плач дитя, обещая новое обретение родных душ и продление рода.

Использованные литературы:

1. Сейдимбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу.- Астана: Фолиант, 2008.- 728 б.
2. Кондыбай С. Мифология предказахов Алматы: 2008

Алмасбек ӘБСАДЫҚ,
филология ғылымдарының докторы,
А.Байтұрсынұлы атындағы
ҚМУ профессоры

ШЕЖІРЕ – ҒҰМЫР. АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Ақорда төрінде Президентке бата берген М.Жолдасбеков, Ә.Кекілбай үш тұлғаның қатарында болды. Ақселеу аға Сейдімбек туралы жазу көптен толғандырып жүрген ой еді. Көзінің тірісінде өз басым ағаны, бір жағынан, әріптес-фольклоршы ғалым ретінде, екінші жағынан қазақи дәстүрдегі сойымыз бір болғандықтан арқа тұртатын едім. Сойын білуіміз оның фамилияның орнына «Тарақты Ақселеу» деп жазған кейін пайда болған таным болса, фольклоршы ғалым ретіндегі таныстығымыз 1993 жылдың ақпан айынан басталды. Ол кезде Ахаң М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының «Фольклор және қолжазба» бөлімінде ғылыми қызметкер болатын.

Өткен ғасырдың 90-жылдары Қазақстан тәуелсіздік алып, елдің еңсесі көтерілген, жұмысқа бел шеше, ерекше қарқынмен, қызумен кіріскен кезең еді. Қостанай өлкесінде тыңнан ашылған Қазақ филологиясы факультеті деканының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары ретінде Алматыдағы белгілі оқу орындарының тәжірибелерін игеру мақсатында сол кездегі астана Алматыға іссапармен бардым. Үш-төрт күнге созылған іссапар аяқталып, шаруа ыңғайлана бастағаннан кейін, Қызылордадан Қостанайға Білім министрлігінің жолдамамен аттанарда факультет деканы болған ұстазымыз Бағдат Кәрібозовтың: «ҚазМУ-дан (республикаға белгілі ғалымның фамилиясын атап) ғылыми жетекшілікке ғалым тауып беремін, Алматыға барсаң, маған телефон соқ, мен сені ҚазМУ-мен байланыстырамын», – деген уәде-сөзін «көңілге медеу етіп», ғылыми жетекші белгілеп, тақырып бекітіп алуды жөн санадым. Бірақ, өкінішке қарай, Қызылордадағы Б.Кәрібозов ағамызға хабарласа алмай (іссапарлап кеткен екен), пұшайман күйде Қостанайға кері қайтатын болдым. Сол кезде Алматыда қостанайлық әріптесім әрі жолдасым Қаныбек Бижан деген азамат Ғылым Академиясында ғылыми тәжірибеден өтіп жүрген болатын. Ол – ҚазМУ-дың түлегі. Қасында Тіл білімі институтында аспирант болып жүрген М. Сабыров

деген жолдасы бар. Екеуі өздері оқыған оқу орнының жатақханасына орналасқан. Соларға жағдайымды айтып едім, олар Академия ғалымдарына жолығып, тақырып алуды кеңес етті. Қысқасы, келесі күні Қ.Бижан тәжірибеден өтіп жатқан М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының фольклор және қолжазба бөліміне жол тарттық.

Бөлім басшысы – Қ.Бижанның ғылыми жетекшісі Шәкір Ыбыраев. Қанекен мені таныстырып, мақсатымды айтқаннан кейін ол бөлімде отырған өзге кісілермен кеңесіп, ақылдаса бастады. Бір кезде төрде отырған бөлім басшысының сол жағында отырған ақсары келген, бойшаң кісі сөз алды. Сөз саптауы бөлек, сөйлемдері кісіні ұйытатын орамды, ойлы екен. Қанекен маған сыбырлап: «Бұл кісі Ақселеу Сейдімбеков деген тарақты ағаң болады», – деді.

- Шәке, бұл жігіт ат терлетіп сонау алыстағы Қостанайдан келген екен, – деді, – ол өлке қазақтың біртуар азаматтары шыққан қадірлі жері ғой, сондықтан сол жақта мынау Қаныбек бір көзіміз бен құлағымыз болса, мына жігіт екінші көзіміз бен құлағымыз болып отырсын. Тақырып берейік, бұл жігітті де өзіңізге алып, екі жігітке қос пар ат жеккендей етіп жетекшілік етсеңіз, дұрыс болар еді, – деді.

Шәкір ағамыз оған:

- Ақа, сөзіңіз орынды, бірақ маған ол жұмыс ауыр тиер. Докторлық диссертациямның жұмысы қауырт болып жатыр. Бұл жігітті Секеңе ұсынайық, ол кісі ғылымға ынтасы бар жігіт болса, ұсынар тақырыптарым бар еді деп айтып еді. Мен оған телефон соғайын, не дер екен?, – деп жауап қатты.

Сөйтіп, ол дереу телефон шалып, бір кісімен сөйлесе бастады. Байқаймын, Шәкір ағамыздың баппен сөйлеген сөзі мен биязы үнінде сый-құрмет табы ерекше сезіліп тұр. Менің жолдасым сыбырлап: «Секең деп жатқаны – ВАК-тың төрағасы Сейіт Асқарұлы Қасқабасов», – деді.

ВАК дегеннің не нәрсе екенін түсінбесем де, ғылым саласы үшін маңызды мекеме екенін іштей ұғындым. Бір кезде Шәкір ағамыз:

– Секеңнің шаруасы өте қауырт, шетелге шыққалы отыр. Жетекшілікке келісімін беріп, Абылай хан туралы аңыздарды тақырып етіп беруді ұсынды. Бұл жігіт өзі де ертең еліне жүргелі отыр екен, сондықтан түс ауа бөлімнің жиналысын ашып, Секең ұсынған тақырыпты бөлімде бекітейік. Содан кейін институттың Ғылыми Кеңесіне ұсынармыз. Өзің келесі жылы аспирантура, ол болмаса ғылыми стажировка алып бізге кел, – деді.

Ақсары келген кісі:

– Бәрекелді, тәуелсіздікке дейін зерттеу мүмкін болмаған тың тақырыптардың бірі екен. Оның үстіне атақты Абылай хан туралы. Сен, бауырым, тарихта болмаған жағдайды басыңнан кешіріп отырсың. ВАК-тың төрағасынан телефонмен тақырып алу деген бұрын-соңды болмаған. Сейіт Асқарұлы – талабы қатты, атақты ғалым. Ол кісінің мектебінен өту, тағылым алу деген үлкен абырой. Осыны ұмытпа! – деді.

Осылайша Ахаң маған қазақтың көрнекті ғалымы Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтан тақырып алып, жетекші етіп бекітілуіне өз септігін тигізді. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, сол күні түс ауа бөлімнің жиналысында

тақырып бекітіліп, көңіліміз жайланып, ертеңіне Қостанайға кері тартып кеткен жайым бар еді.

Бір жылдан соң, 1994 жылы күз айы қыркүйекте арнайы ғылыми жолдама алып, Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтына келдім. Сол кезде Ахаңмен жиі кездесіп, тілдесу, сұхбаттасу, кеңірек танысу мүмкіндігі туды. Жетекшім Сейіт аға Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің Никольск базарының жанында орналасқан біліктілікті көтеру институтының жатақханасынан бөлме алып берген болатын. Қасымда Қарақалпақстаннан докторлық диссертация жазу үшін келген бір кісі бар. Бір күні ол маған: «Кешкілік бөлмеге ертерек кел. Ақселеу Сейдімбек пен Шәкір Ыбыраевты шай ішуге шақырып отырмын, бірге бол», – деді.

Ахаң сол отырыста «Сөйлесе – сөздің шешені, толғанса – терең ойдың көсемі» екенін танытып, көсіле сөйледі, келелі әңгімелер айтты. Қасындағы серігі Шәкең оны әлсін-әлсін «Ахаң бұған не деді екен?» деп көтермелеп, қолпаштап отырды. Қалың әңгіменің барысында Ахаң не себептен фамилия орнына өзінің шыққан сойын – Тарақтыны жазып жүргенін айтты. «Мен мұны руымды көрсетейін, мақтанайын деп, болмаса тайпалық сананың жалауын желбіретіп жүрген жоқпын. Орыстың дәстүрінен орныққан «ов»-тан құтылудың бір әдісі ретінде қолданып жүрмін. Жұрттың санасын өзгерту үшін пайдаланып жүрген жайым бар. Сынға да іліндім. Бір күні қызық оқиға болды. Мен ономастика жөніндегі республикалық кеңестің мүшесі едім. Сол кеңестің кезекті бір отырысында қазақтың тегін жазу мәселесі көтеріліп, соның ішінде зиялылардың руды фамилия етіп алу көрінісі қатты сыналды. Менің де атым аталды. Сол арада мен өз ойымды айттым. Дау-талас туды. Сонда кеңестің төрағасы академик Манаш Қозыбаев тұрып былай деді: «Руды фамилия етіп алу, ел-жұрт арасына іріткі салып, тәуелсіздік алып жатқан жас мемлекетіміздің бірлігін бұзуы мүмкін. Сондықтан мұндай дәстүрге әуес болмайық. Ал этнограф, фольклоршы Ақселеуге бұл жарасады. Оған рұқсат берейік. Осымен әңгіме тамам болсын», – деді. Осылайша тегімді республикалық ономастикалық кеңестің отырысында, Манаш ағаның арқасында «ауызша бекітіп» алғамын, – деп күлді.

Аталмыш отырыста ол кісі маған өзінің «Күй шежіре» атты зерттеу кітабын авторлық қолтаңба жазып, сыйға тартты.

Қолтаңба жазылған айқара беттің бір жағында Ахаңның өзі салған автопортреті бейнеленген. Қолтаңбада: «Қадірлі бауырым Алмасқа ағалық ақ көңіліммен ұсынамын. С.Ақселеу. 15.11.94», – деп жазылған еді. Ахаңның ыстық ықыласы таңбаланған «Күй шежіре» кітабы талантты қаламгердің біздер студенттік жылдары құмарта оқыған «Күңгір-күңгір күмбездер», «Сонар» атты туындыларының қатарынан құрметпен орын тапты, қазір де жеке кітапхана қорымызда сақталып тұр.

2000 жылдар басында Ахаң Сейіт Асқарұлының жетекшілігімен «Күй шежіре» кітабын кеңейте, ғылыми аппараттармен толықтыра келе докторлық диссертация қорғады. Оның диссертация қорғаған оқиғасын Сейіт аға риясыз кейіппен былайша еске алып отыратын: «Астанада Алматыға институтқа

директор болып қайта оралған кезім еді. Ақселеу келіп ақылдасты: «Мен, өзіңіз білесіз, қазақтың күй өнеріне қатысты бірнеше зерттеу кітабын шығардым. Солардың негізінде докторлық дәрежені институттың ұсынысымен қорғамай-ақ алсам қайтеді?», – деді. Мен оған былай дедім: «Зерттеу кітаптарың ғылыми ортаға таныс. Жұртшылық сені жақсы біледі. Енді сен сол зерттеулерінді ғылыми жүйеге салып, талдап, сараптап, диссертация жаз, жұрт алдында қорға», – дедім. Ол: «Ендеше, Сіз ғылыми жетекші болыңыз», – деп қолқа салды. Сөйтіп кезінде М.Әуезов ерекше ықыласпен атап өткен қазақтың күй аңыздары тақырыбын оған бекітіп бердім. Ақселеу докторлығын қорғаған ғылыми кеңес отырысына атақты ғалымдармен қатар Асанәлі Әшімов бастаған бір топ өнер қайраткерлері қатысты. Талқылау қызу жүрді. Ғылыми кеңес жұмысы белгілі ғалымдар мен қазақ өнерінің майталмандары бас қосқан алқалы жиынға айналып кетті. Кеңесті зорға жаптық».

Докторлық диссертация қорғағаннан кейін, Ахаң Алматыдан Астанаға ауысып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқытушылық қызметке орналасты. Бір күні, ұмытпасам 2004 жыл болса керек, Астанаға жол түсіп, Ахаңа сәлем беруге бардым. Екеуміз Еуразия университетінің бас ғимаратында жолықтық. Қал-жағдайымды білгеннен кейін, ғылым жағына ойысып, докторлық диссертацияның барысы туралы сұрады. Мен Қазақ хандығына байланысты тақырыпты жетекшімен келісіп, бекіткенімді, бірақ әлі бел шешіп кірспегенімді айттым. Сонда ол кісі маған былай деді: «Сен бүйірдегі Қостанайда бәйгеге түсіп жүрсің. Сенімен бәсекелесетін кісі қатары сирек. Содан сен бәйгенің мәресіне оқ бойы озып келесің де: «Ойпырмай, өзім керемет екенмін ғой», – деп, миығыңнан күліп, өзіңе разы боласың. Жеке дара жүріп кандидаттық атақтың буына малданып қалыпсың. Уақыт тез өтіп кетеді. Докторлық қорғау жолына түс. Ол үшін ғылыми орта керек. Астанаға ғалымдар жиналып жатыр. Осында ауыссаң, Алматыға да, Секене де (С.Қасқабасовқа) жақындайсың. Мұнда жұмысқа орналасуға мен көмектесейін. Мынау Заң университетінің ректоры Мақсұт Нәрікбаевпен жақсы тамырлығым бар еді. Оған бір өтініш айтайын, сені жұмысқа ал деп. Сөзімді жерге тастамас. Аз-маз сағат алып, докторлығыңды өндіре жазып шығуың керек», – деді.

Мен ойланайын деп «тайм-аут» алып, елге тартым. Қостанайда 9 жыл жатақханада тұрып жүрегіміз шайлығып қалғандықтан ба, үй-күй жоқ Астанаға ауысуға бата алмадым. Қостанайда қалып, шықпай қойдым. Бірақ Ахаңның ақылынан кейін «қамшыны басып», 2009 жылы Сейіт Қасқабасовтың жетекшілігімен докторлық диссертация қорғап шықтым. Диссертацияға пікір беретін жетекші ұйым болып, Еуразия университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы бекітілді. Ереже бойынша талқылауға фольклористика салсынан үш ғылым докторы болуы тиіс. Ахаң журналистика кафедрасының профессоры еді. Сондықтан Қазақ әдебиеті мен журналистика кафедралары бірігіп отырыс өткізіп, менің докторлық диссертациялық жұмысымды талқылады. Оң шешімін шығарды.

Жаңа астанада Ахаң алқалы жиындардың, келелі кеңестердің бел ортасында жүрді. Тәуелсіз елдің Есіл бойындағы жаңа астанасы Ахаңның қазақ әлемін

зерттеп жүрген ізденісінің кеңістігіне, рухына жақын болатын. Сондықтан ол Астанада туған халқына аса үлкен шабытпен қызмет жасады. Елбасы жаңа резиденцияға – Ақ Ордаға кіргенде қазақтың хан көтергенде жасайтын көне төл рәсімін ырымдау көрінісіне қатысып, Ордаға алғашқылардың бірі болып кірді. Ақ Орда төрінде Президентке бата берген (М.Жолдасбеков, Ә.Кекілбай) үш тұлғаның қатарында болды. Қазақ әлемін танытуға қызмет еткен баянды ғұмыры Елордада тұйықталды...

Ахаңның өнегелі өмірінің соңғы жылдары өткен Астаналық кезеңін мен сонау XVI ғасырда Қасым хандығындағы Ораз-Мұхаммед ханның жанында қызмет атқарған Қадырғали Жалайыридің ғұмырнамалық бейнесімен шендестіремін. Қазақ даласынан Ресей патшалығына тұтқын болып түскен Ораз-Мұхаммед ар алдындағы адалдығы мен ерлік істері арқасында Мәскеу іргесіндегі Қасым хандығының тағына отырғандығы тарихтан белгілі. Осы оқиғаның құрметіне ханның кеңесшісі Қадырғали бек Жалайыри атақты «Жами-ат тауарих» (ғылымға танылған атау) атты шежірелік еңбегін тарту етеді. Шежіреде түркілердің көне тарихымен қатар, Шыңғыс ханнан Қазақ хандарына дейін ұласқан билеушілерге қатысты оқиғалар баяндалады. Автордың өзі Қасым хандығының жаңа билеушісі Ораз-Мұхаммед ханның жанынан орын алады. Шежіреші еңбектің соңғы сөздерінің сөресіне «шежірені жазған тарақ таңбалы Қадырғали бек Жалайыри» деген мәліметті «шегелейді». Сол шежіре 400 жыл өткен соң тарақ таңбалы Ақселеу Сейдімбектің Алты Алаштың шежіресі жан-жақты жинақталған «Қазақтың ауызша тарихы» атты туындысымен Астана төрінде қайта жаңғырып, лайықты жалғасын тапты...

Бұл жолдарды ой көзімен оқыған оқырманның көңілінде: «бұл не тылсым, болмаса не құдірет, әлде тағдыр ма?» деген сауал туындауы мүмкін. Біз де осы жолдарды жазып отырғанда «шарасыз пенде күйін жамылып», сол сауалдың «шатырын паналап» қалам сүйкеп отырған жайымыз бар. Санамыз шиырлай алмайтын құдірет сырларын тек материалдық болмысқа сүйенген түйсікпен ұғынып, шала-пұла түйіндейтін толық емес түсінігіміз бар. Ол түсінік мынаған саяды: бұл өмірдің мәні – жалғастық. Жалғас бар жерде өмірдің мәні, әрқашан, маңызды, мағыналы әрі сәнді. Ахаң тұла бойымен көне қазақ мәдениетінің жаңа мыңжылдықтағы жалғасы, жаңғырығы, өзгеше сәні болып қалды. Жалпы, мәдениет болмысы мықты тұлғалармен жаңарады. Ахаң сынды тума таланттардың өмірі мен шығармашылығы – соның дәлелі.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА ҚАЙНАРЫ

(Қаламгер-ғалым Ақселеу Сейдімбек шығармашылығындағы өмір мұраты мен өнерпаздық ғұмыр, мұра мен мирас мәні, талап пен талғам нәрі, таным мен тағылым қыры, сыр мен сымбат тұтастығы хақында кейбір ойлар)

1. ҒЫЛЫМ МЕН ҒАЛЫМ - ҚОС ҚАНАТ

Жазушы еңбегінің де айрықша мәні, өзіндік ерекшелігі, көркемдік кеңістігі болады. Осы орайда, журналист-жазушы Ақселеу Сейдімбектің соңында қалған шығармашылық мұрасы айшуақ әлемімен мәнді [1, 467-468].

Танымал тұлға, көрнекті қаламгер, ұстаз-ғалым Ақселеу Сейдімбек атындағы ғылым залына енгенде, ашық та жарқын, кең де еңселі бөлме өзіндік өзгешеліктерімен көз қуантып, көңілді баурады. Жан-жүректі тебіреністі толқындар тербеп, күн нұры мейірім шуағымен астасып, көтеріңкі көңілмен, қарышты қадаммен ілгері басқан едік.

Көрнекті тұста: «Ақселеу Сейдімбек: азамат, ғалым, қайраткер» атты жалпы тақырыппен танымал тұлғаның өмірі мен шығармашылық мұрасы, кезеңі мен қызметі, өсу-есею жолдарының бел-белестері орын алған. Оның өзі бірнеше тақырыптар төңірегінде жүйе құрайды:

- талаптың мініп тұлпарын...
- ел баспасөзіндегі елеулі жылдар
- ұлт ғылымының қара шаңырағында
- өнерді өрістету жолында
- қайраткерлік пен даналық мінберінде...

Бұдан басқа, А.Сейдімбектің өмір жолындағы жетістіктері, білім-ғылым ісіндегі атақ-дәрежелері, тұтынған заттары (мысалы, қамшы, көзілдірік, қаламсаб, пышақ, торсық, төбегей, шақша, серілік сәнді таяғы, т.т.), кітап көшірмелері, құжаттар жиынтығы, қолтаңбалар, суреттер т.с.с. рет-жүйесіне сәйкес терең мән беріліп, орын-орынымен орналасқан екен. Кемел ойлар мен терең таным ұштасып, ұқыпты қолдан шыққаны анық.

«Ғылым залына» кірген беттегі оң жақтағы қабырға тұтастай әр жылдар кітаптарынан тұрады. Кітап сөресінің бастапқы бөлігінде: «Ұлт руханиятының жанашыры» деген ортақ тақырып та жүрекке жылылық ұялатады. Әрі атаулы оқу залының табиғаты мен мазмұнын ашып тұр.

Кітап сөресі әр алуан тақырыптарды қамтиды. Олардың арасында – «Қазақтың төр шежіресі», «Ұлы Түрік қағанаты», «Манас» (көптомдық), Шежірелер жиынтығы (Албан, Жаным, Шапырашты, Ысты, Ошақты т.т.), Халық әдебиеті (көптомдық), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 томдық), Айтыс (2 томдық), Ә.Қайдардың «Қаңлы», Е.Төлепбайдың «Ана – Жер-Ана» т.б. еңбектер

тиісінше орын алған. Басты байқалатыны: кітап жинау мәдениеті, оны оқу мен жүйелеу ісі қалыптасқаны айқын аңғарылады. Арғы арналардан сыр тартқан көне жәдігерлер, қолжазба мен шежірелер, сирек кітаптар да қадірлі кісінің қолында болғаны байқалады. Қайсыбір кітаптың алғашқы беттерінде жан-жүректен шыққан қысқа да нұсқалы тілек-лебіздер білдірілген. Ол да кітап авторы мен оның ендігі иесінің арасындағы берік байланысты көрсетеді. Автор мен оқырман байланысы терең танылады.

Бұдан басқа, атап айтқанда қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің жеке кітап қоры алуан тақырыптарды арқау еткен көптеген кітаптардан, баспасөз материалдарынан, жекелеген қолжазбалардан, қазақ және орыс тілдеріндегі кітап өнімдерінен, грампластинка мен фотоленкалар жиынтығынан тұрады. Тұжырып айтар болсақ, қазақ және орыс, басқа тілдердегі кітаптар, авторефераттар, баспасөз материалдары, мақалалар мен қолжазбалардың жалпы саны – 1744 аталымды құрайды. Атауы мен мазмұнында жүйе бар.

Атап айтқан жөн, олардың арасында – мақалалар жинағы, қолжазбалар мен шежірелер жиынтығы, көшірмелер топтамасы бөлек жүйе құрайды. Мақалалар жинағында: ҚР Конституциялық сот көшірмелері, ру-тайпа, жүздер құрамы (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, Арғын, Адай, Найман, Жетіру, Уақ); қазақ шежіресінің библиографиялық көшірмесі, Башкирские шежіре, Жеті қазына, Мәшһүр Жүсіп шежіресі, Сегіз сері шежіресі, т.с.с. кең орын алған. Белгілі адамдар мен оқымыстылар, танымал тұлғалар - Аристов, А.Е. Алекторов, Б. Долгих, Л. Кызласов, М. Тынышбаев, Ә. Марғұлан, М. Малдыбаев, Н. Қожамсейітов, т.б. жекелеген зерттеу, еңбектері назар аудартады. Мақсатты ұстаным, шығармашылық талғам деңгейі, көркемдік ойлау жүйесі жіті танылады. Аталымдар тақырыбында, орналасу жүйесі мен мазмұнында ортақ мұраттар, белгі-ерекшеліктер бары байқалады.

А. Сейдімбектің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына ұсынған қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптардың саны да едәуір тізімді құрайды (қазақ тіліндегі кітаптар – 696, оның ішінде: кітаптар – 636, брошюра - 60).

Қазақ тіліндегі кітаптар саны – 44 дана.

Орыс тіліндегі кітаптар саны - 508. Оның ішінде: Кітаптар – 486. Брошюра – 22.

Авторефераттар саны – 20.

Бұлар, негізінен алфавиттік жүйе арқылы беріледі. Реттік саны қоса көрсетіледі. Әрбір аталымның маңызды, құндылық қырлары болғаны танылып тұрады. Қымбат қазынаның қадірлі қолда болғаны, қалың көпшілік үшін рухани қызмет атқарғаны да байқалады. Басты байқалар жайт: кітап жинау мен жүйелеу мәдениеті, рухани қазынаға құрмет сезімі сәт сайын сезіледі. Кітап оқу мен оны пайдалану, жүйелі жұмыс жасау – зерделі адамға тән екені айқын аңғарылады. Кітап – қымбат қазына, жан азығы екені де танылып тұрады. Кітап – өмір ұстазы, ақиқат айнасы екені де байқалады.

Ұстаз-ғалым А. Сейдімбектің кітап қорында «Диссертация қорғауға керекті материалдар» топтамасы, қолжазба көшірмелері мен басқа да тақырыптағы

жазбалар жүйелі жинақталған. Оны пайдалану, кәделі іске жарату мақсаты да мәнді сипат алады. Әрі тиімді орындалғаны көрінеді.

А. Сейдімбектің кітап қорындағы фотопленкалар жиынтығынан:

- Мұқтасар
- Мажар этнографиясы
- Мұса Шорман. Қазақ ойындары
- В. А. Мойесев. Жоңғар соғысы
- И. А. Чеканинский. Бақсылық
- Н. Павлов. История Туркестана
- Казахи. Антроп. Очерк. т.т. кең орын алады. Тақырыптық ерекшеліктерден

өзге зерттеу мен зерделеу ісіне қатысты материалдар маңызы айрықша танылады. Бұл еңбектерді де жиі пайдаланғаны байқалады.

Журналдар топтамасы:

-Айт, Астана, Балбұлақ, Әлем әдебиеті, Өмір, Түркология, Курьер, Культуры, Терминологиялық хабаршы, Евразийская сообщество, Половецкая луна, Декоративное искусство СССР, Народное образование, Қазақстан мұрағаттары, Перспективы, Үркер т.т. аталымдардан тұрады. Оның өзі ізденіс пен зерттеушілік мұраттарға негізделгені танылып тұрады. Журналдар тізбесінің өзінен-ақ елдік мұраттар, тарихи жәдігерлер, мәдени-рухани арналар, ұлттық мұрат-мүддеге қатысты көзқарас пен қолтаңба табиғаты көрініс береді. Бастысы, әрине аталған аталым, басқа да қосымша материалдар ұстаз-ғалым еңбектерінен кең орын алғаны анық танылады.

Кітаптар жүйесі мен тізіміне көз жүгіртсек, ұлт мұраты мен елдік мүдде, руханиятына қатысты мәнді тұстар айқын аңғарылар еді.:

- Ю. Абдулкадир. Шыңғыс хан және оның ұлдары (2003), Қ. Атабаев. Қазақ баспасөзі (2000), С. Әсіп. Қазақ қасіреті (1994), Ф. Ғабитова. Алыптар тағдыры (1995), «Айқап», «Дала уалаяты газеті», «Қазақ », Ә. Дербісалиев. М. Х. Дулати (1999) Ш. Елеуқенов. Кітаптану негіздері (1997) Ұ. Есдәулет. Заман-ай (1999) Т. Жанұзақ .Қазақ ономастикасы (2004), Ә. Жиреншин. Қазақ кітаптары тарихы (1971), Қазақ халық әдебиеті (көптомдық), Қазақ әдебиетінің тарихы (көптомдық) , Қорқыт ата кітабы (1994) , Құран (2-том) – 1990, 1993, Номадтар кітабы, Насаб-наме (1992) , С. Шора. Шежіре сыры (1996), Ә. Қайдар. Қаңлы (2004), М. Ж. Көпеев. Қазақ шежіресі (2007), Т. Шонанов. Қазақ жер мәселесінің тарихы (2006), Антология казахской поэзии, Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан т.т.

Ақиқатында, бұл тұстардан да А. Сейдімбектің кітап-қазынаға көзқарас, қатынасын, оны жинау мен жүйелеу, оқу мәдениетін де таныр едік. Арғы тарихқа еркін ену, ұлт мұраты мен руханиятына сергек қарау, көне қолжазба мен құнды жәдігерліктерге зор маңыз беру, шежірелік сипаттағы мұра-мирастарға жанашырлық пен жауапкершілік танытуы – адамдық һәм азаматтық қарыз-парызды, қайраткерлік-қаламгерлік қасиетті де кең көлемде көрсетеді. Рухани мәдениет арқылы да ұлттық құндылықтар қайнарына еркін еніп, талап деңгейінде қызмет етуге болатынын кеңінен танытты.

Тұтастай алғанда, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің кітап қорына жіті көңілмен назар аударған тұста:

- Арғы тарихқа сергек қарайтыны;

- Ұлт мұраты мен руханият ісіне айрықша көңіл бөлетіні;

- Елдік мүдде мен ұрпақ ісіне байыпты қарап, оның кешегісі мен келешегін ортақ мұраттар тұрғысынан бағалайтыны;

- Қазақ мәдениетіне, әдеби-рухани арналарға, оның байырғы һәм қазіргі өкілдеріне, танымал тұлғалардың тағдыр-талайына дерек көздері мен мол материалдар арқылы үлкен үлес қосатыны;

- Көне қолжазба мен қымбат жәдігерлерді, сырлы шежірелерді жүйелі жинап, оның халқымызға қатысты тұстарын, елдік мүддеге қызмет ететін қырларын жүйелі жеткізеді.

Маңыздысы, әрине ұлт пен ұрпақ қамына қатысты қайсыбір қолжазба мен жәдігерлер, құнды кітаптар – адам мен оның еңбегіне бағытталып, мәдени-рухани қызмет етуге үлкен үлес қосса, бұдан адамзаттық құндылықтар еселеп артады. Рухани мәдениет басым бағыттарға ие болады. Мұның өзі халық даналығында айтылғанындай: «Ырыс ауысады, білім жұғысады». Ендеше, кітап – қымбат қазына, онда ақылдың кені, білімнің бұлағы, сыр-сезімнің сәулесі мол. Ақиқатында: «Көп жасаған білмейді, көп оқыған біледі» (М.Әуезов). Демек, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің жеке кітап қоры мен оның қалың көпке ұсынар рухани байлығы да осында.

« Ғылым залының» басым бөлігінен, тіпті тұтас табиғатынан қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің өмір мұраты, өнер мен өнерпаздың ғибратты-тағылымды тұстары терең танылады. Оның басты тұстары мен көптеген қырлары – «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Ойтолғақ», «Мың бір маржан», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», т.т. мән-маңызы жоғары еңбектердің негізгі арқауын, мәні мен мазмұнын құрайды.

Аталған кітаптарды оқып-танысқан тұста елдік мүдде, мәдени-рухани арналар, өнер мұраты мен өнерпаздық қасиеттің қыр-сырлары жіті көрініс береді. Елдік мәселелер алдымен көзге түседі. Ерлік ұғымының тарихы мен тағылымы еселеп артады. Ұлттық құндылықтар мәні айқын көрінеді.

Ерлік ұғымының мән-маңызы, қадір-қасиеті қашанда биік болған-ды. Ерлік қиын-қыстау, қилы кезеңдерде ғана жасалмағаны анық. Бейбіт заманда, еңбек ортасында, өмір-тұрмыста да игілікті істер, ізгілікті қадамдар, жасампаздық жол мен өрлеу өрнектері кеңінен көрініс береді. Бұдан байқалатыны – «Өмірде ерлікке әрқашан орын бар» (М.Горький).

Халық даналығында: «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа - ұран», «Ерлік ұмытылмайды» делінсе, танымал тұлғалардың сөздерінен: «Ерлік – аяулы қасиет, соның арқасында адамдар қауіп-қатердің үстінде тамаша істер істейді» (Аристотель), «Ерлік қауіп-қатермен жарыса өршиді: неғұрлым қиын тиген сайын, соғұрлым күш те арта түседі» (Ф.Шиллер), «Бізде азамат сыны – ерлік: іздесең – табасың, алыссаң – аласың» (М.Әуезов), «Ердің туы – намыс», «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті», «Ерлік – елеусіз қалмасын», «Өз

қадірін білмеген – ер қадірін білмейді, Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді» (Б.Момышұлы) т.т. елдік мүдде, ұлттық мұрат пен құндылықтардың маңыз-мәні кең көлемде танылады. Анығында, елдік мүдде, ұлт руханияты қашанда қымбат. Әдебиет зерттеушісі, профессор М.Жолдасбеков атап өткеніндей: «... Ақселеу тарих, этнография, журналистика іліміне, өнертануға өлшеусіз үлес қосып кетті» [2, 385].

Осы орайда, ұстаз-ғалым А.Сейдімбектің қазақ руханиятындағы екі ерлігі – «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді-қомақты кітаптарының мән-маңызын, тарихы мен тағылымын, орын-үлесін арнайы сөз етудің әбден-ақ реті, жөні бар деп білеміз.

1.Өнер мұраты – күй арнасында

(«Қазақтың күй өнері». – Астана: Күлтегін, 2002. - 832 бет)

Өнер мұраты, тарихы мен тағылымы көне кезеңдерді қамтып, арғы арналардан қазіргі заманға дейінгі аралықта қалыптасу мен даму жолдарынан өтті. Мұны қазақ мәдениеті, музыкалық мұрасы хақында да айтуға әбден болады. Қазақ мәдениеті мен музыкасының да тамырлы тарихы бар.

Осы орайда, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің ұлттық күй өнері туралы кешенді зерттеуі («Қазақтың күй өнері») – халық мәдениеті мен руханиятының, тарихы мен этнографиясының дерек көздерін, эмпирикалық материалдар жиынтығын, сондай-ақ халық композиторлары мен шығармашылық мұрасын жаңа қырынан, соны сипаттар тұрғысынан танып-талдауы, зейінді зерделеуі – аса мәнді құбылыстар қатарына жатады. Алдымен айтарымыз: арғы арналарға ден қояды. Қилы кезең көріністеріне мән береді. Мәдени-рухани арналарға, өзара байланыс, сабақтастықтарға зейінді зердемен үңіледі. Арғы-бергі кезеңдердегі музыкалық мәдениет пен руханият қайнарларына, ұлттық құндылықтарға зор маңыз беріледі. Елдік мұрат, ұлттық құндылықтар мәні терең танылады.

Атап айтуға керек, жеті тарау һәм қосымшалардан тұратын («Тарихнама», «Этнографиялық пайымдаулар», «Күй аңыздары», «Халық күйлерінің аңыздары», «Байырғы күйшілер», «Жаңа заман күйшілері») көлемді кітаптың өн бойынан қазақ мәдениеті мен музыкалық мұрасының арғы-бергі кезеңдері, тарих пен танымның табиғи тоғысы, күй мен күйшінің жаратылысы мен жарасымы, ортақ мұраттар мен өзекті мәселелері өзара байланыс, сабақтастық арнада кең өріс алады. Арғы тарихтан тағылым алу, ұлттық мұрат пен руханият әлемінен сыр тарту, елдік мүддеге адалдық танытып, ортақ құндылықтарға қамқорлық көрсету, қысқасы, кеше мен бүгін байланысын ашу арқылы болашақтың бағыт-бағдарын айқындау, жас ұрпаққа мәйекті мәдениет пен өнер күдіретін кең көлемде жеткізу жолдары байыпты баяндалады. Өнер мен өнерпаз мұраты, күй мен күйші табиғаты даралық ерекшеліктерімен, талант қуатымен қатар көрсетіліп, үздік үлгілері, өрнекті өрістері тағылымдық сипаттарымен айқындалады.

Кітап авторы бастапқы бөлікте («Сауға») – көне тарихтың қилы кезеңдеріне еркін бойлап, атамұраға, көшпелілер өркениетіне, ұлттың қымбат қазынасы –

төлтума мәдениетіне байланысты зерттеу мен зерделеулерін, ойлар мен толғаныстарын ортаға салады. Осы реттен келгенде: «... халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгін мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуға тиіс. Бұл тарихи дамудың қатал талқысында өз болмысыңды сақтап қалудың, келер күндерді ұлттық-этникалық төл қадір-қасиетіңмен қарсы алудың бірден-бір кепілі».

Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгірттікке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіннен шыққан балаңа «Біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал, өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ» (3-4 беттер) деген жауапкершілік пен жанашырлық көңілден адами әлем иірімдері, борыш-парыз мұраты, шынайылық сырлары айқын аңғарылады.

Зерттеу еңбектің алғашқы тарауында («Тарихнама») ұлттық музыка мәдениетінің терең тамырлы тарихы, ондағы философиялық синтезге толы мазмұны мен эстетикалық-эмоциялық асқақ рухы, жанрлық-түрлік әр алуандылығы, қолданбалы-кәделік қызметі, этностық-рухани болмысы, әдеби-мәдени сыр-сипаттары түрлі дерек көздері, мол материалдар негізінде жүйелі жеткізіледі. Қоғамдық-тарихи маңызы, мәдени-рухани қырлары ашылады. Елдік мұраттар, ұлттық құндылықтар қайнары терең көрінеді.

Сондай-ақ, мәдениет тарихындағы ән-күй жанрлары, әдеби-рухани дәстүр арналары, күй-аңыздардың өзіндік өзгешеліктері арғы тарихпен байланыстырылады. Қорқыт, Асан қайғы мұралары, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк бөрі», «Аққу», «Ақсақ құлан», «Ел айрылған», «Қоржын қақпай», «Қалмақтың қара жорғасы», «Заманай» сынды көне кезең оқиғаларының күмбірлі-күңгірлі көріністері, әуенді-әуездік оралымдылығы, арман-аңсарды, өмір-тұрмысты, дәстүр-салтты, сезім-сырды жеткізу жолдары әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттармен, адам мұраты мен еңбегімен сабақтастық сипатта арна алады. Ұлттық мұрат, мәдениет арналары, жалпы руханият ісі – елдік мүдделер тұрғысынан таразыланады. Кеше мен бүгін байланысы бар.

Ұлттың музыкалық мұрасы жанрлық-стильдік тұрғыдан ғана емес, тарихи-танымдық жағынан да қарастырылады. Мәдени-рухани құндылықтарға маңыз беріледі. Қазақ музыкасының тарихи болмысы мен қадір-қасиетіне көп көңіл бөлінеді, оны оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеуге назар аударылады. Ұлттық дәстүрлі музыканың тарихпен, мәдениеттану, фольклормен байланысы т.т.жан-жақты ашылады. Талдау, саралау сипаттары айқын. Зерттеу мен зерделеу жайы, жүзегі асыру мәні айқындалады.

Бұдан басқа, ұлттық күй өнерінің тарихы мен тағылымы – жалпы адамзаттық һәм интерұлттық ұғымдармен байланысы ашылады. Мәдени – рухани сабақтастық сырлары айқындалады. Адамдық һәм тәңірлік болмыс арақатынасы сараланады. Уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік таразыланады. Музыка тарихына қатысты әдістемелік һәм әдіснамалық

ұстанымдар алға тартылады. Осы бағытқа қатысты тарих, деректеме, деректану, тарихнама сынды ұғым-түсініктер сыры айқындалып, оның әрекет-тірліктеріне орын-үлесіне мән беріледі. Нәтижесінде, қазақ музыкалық мәдениеті, оның тарихи-әлеуметтік өмірмен байланысы, музыкалық-эстетикалық, ғылыми-танымдық жүйесі, мәдени-рухани үрдістер мәні көрсетіледі. Байырғы және орта ғасырлық деректемелерге, ұлттық музыканың кеңес кезеңіндегі зерттелуіне мән беріледі. Жер бетіндегі далалық өңірлер, жартастағы суреттер, байырғы қобыз, сыбызғының көріністері, бақсының аса таяғы т.т. белгі-бедерлері орын алады. Мұның бәрі-баршасынан ұлттық музыка мәдениетінің байырғы белгілері, қалыптасуы мен даму жолдары айқын аңғарылады. Айшықты, бедерлі тұсы ретінде айтарымыз, ұлттық музыка мәдениеті, оның тарихы мен таралу аймағы, зерттеу мен зерделеу қырлары жаңа мазмұн, соны саралаулар, талдау жүйелері негізінде жеткізіледі. Авторлық ұстаным, материалды жинау мен жүйелеу, дерек көздерін саралау мен қолдану үрдістері өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Кітап авторы бұл тұстарда бай дерек көздері мен мол материалдарды еркін пайдаланумен бірге ондағы қымбат қазына – ұлттық құндылықтар қайнарына жанашырлықпен һәм жауапкершілікпен қарағаны анық. Елдік мүдде алдыға шыққаны да терең көрініс береді.

«Этнографиялық пайымдаулар» (екінші тарау) – күй және күйші тақырыбында өріс алып, оның мән-мағынасы айқындалады. Күйге қатысты тәңірлік наным-сенімдер, ондағы қоғам, өмір құбылыстары, адамның арман-аңсарлары, сезім-сырлары әр алуан салыстыру, саралаулар арқылы көрініс табады. Ақиқатқа табан тіреу, тарих тағылымына мән беру ісі айқын.

Күй табиғаты, әуендік-дыбыстық қырлары, тарту тәсілі, қимыл-қозғалыстары иірім-қайырымдары, сарын-сазы т.с.с. әр дәуірдің ерекшеліктерімен байланысты беріледі. Дәстүрлі күй, оны оқып-үйрену тәсілдеріне де кең орын беріледі. Домбыра тартқан тұстары қолданылатын қағыстар – қағып тарту, шертіп тарту, іліп тарту сынды түрлері, әр адамның қабілеті-қарымы ынта-ықыласы да негізгі назарда болады. Біздіңше, автор күй мен күйші тақырыбына еркін еніп, қайсы бір тұстарда қағыстар мәніне, тарту үлгілеріне де мән беріп, көз жеткізеді. Әрбір көрініс, қимылға жіті ден қойып, орындалу, тарту ерекшеліктеріне маңыз береді.

«Айтыс күйлері» бөлігінде күймен айтысу һәм сайысу дәстүрі, оған қатысты аңыз-әңгімелер жинақталып берілсе, «Тармақты күйлер» табиғатынан – ұлттық күйшілік өнерге зор маңыз беріледі. Қазақтың тармақты күйлері төмендегіше түзіліс құрайды: Бақсы сарыны, Тоғыз тарау, Кеңес күйі, Аққу, Ақжелең, Қырбасар, Ақсақ құлан, Ноғайлы сарыны, Байжұма, Кертолғау (97 бет).

«Күй аспаптары» - дәстүрлі мәдениет төңірегінде өріс алып, оның өзі – қобыз, домбыра, сыбызғы, жетіген, шаңқобыз, сазсырнай сияқты аспаптар негізінде жүзеге асатыны әр алуан талдау, зерделеулер арқылы беріледі. Бір ғана қобыз, оның мүшелері : құлағы, мойны, белі, бүйірі, шанағы, ішегі, тиегі төңірегіндегі атаулар, жекелеген түрлері – нарқобыз, қылқобыз, жезқобыз, т.т. дыбыстық ерекшелігі мен этнографиялық мәніне көңіл аударады. Ұлттық

аспаптар тарихы мен тағылымына ден қояды. Әрбір атау, ұғымдар сырын айқындайды. Мәдени-рухани әсерін кең көлемде ашады.

«Күй аңыздары»(үшінші тарау) – ұлттық музыкалық фольклордың өзіндік ерекшеліктерін, атап айтқанда, жанрлық сипатын құрылымдық жүйесін, орындалу өзгешеліктерін ашуға арналады.

Халықтың мәдени-рухани мұрасы, оның ішінде күй аңыздары тарихи-элеуметтік, этномәдени құбылыс тұрғысынан қарастырылып, күй мен күй аңыздарының өзара қатынасын, мән-мағынасын, өзіндік құрылымын кеңінен қамтиды. Оның терминдік мәніне, кезеңдеу қырларына ден қояды. Кейінгі кезекте – күй аңыздарының құрылымы, жанрлық сипаты, мифтік-эпсаналық қырлары аңыздық-жағдаяттық түрлері ерекшелік мәнге ие болады.

Күй аңыздары құрылымдық-тақырыптық тұрғыдан бірнеше тармаққа бөлінеді:

- Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары
 - Күйші-композиторлар өміріне қатысты күй аңыздары
 - Тұрмыс-салтқа байланысты туған күй аңыздары
 - Арнау күйлерінің аңыз-әңгімелері
 - Қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары
 - Жан-жануарлар туралы күй аңыздары
- (141бет).

«Халық күйлерінің аңыздары» (төртінші тарау) - бірнеше бөліктен, көптеген аңыздық желілерден тұрады. Олардың арасында – «Бақсы сарыны», «Бақсы», «Шақыру», «Таукүдірет», «Шұбар киік», «Қызылқан», «Наридірген», «Ноғайлының зары», «Ақсақ қаз», «Жамал-ай», «Тепең көк», «Кербез қыз», «Сал жігіт», «Қос келіншек», «Телқоңыр», т.т. туралы аңыз-әңгімелер, кезең көріністері, өмір оқиғалары өзіндік өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Әрбірінің мәні, белгі-ерекшеліктері кең орын алады.

Ал, «Байырғы күйшілер» (бесінші тарау) – көне кезеңнің шындық сырларын бүспесіз баяндайды. Бұл ретте, әрине, Қорқыттың – «Қорқыт», «Аққу», «Желмая», «Елім-ай, халқым-ай», «Сарын», «Тарғыл тана», «Ұшардың ұлуы», Кетбұғаның – «Ақсақ құлан», Асан қайғының – «Ел айрылған», Байжігіттің - «Қайың сауған», «Қоңырқаз», «Көкбалақ», т.т. күй мұрасынан – ұлт тарихы мен елдік мүдденің түйінді тұстары, қилы кезең көріністері толық танылады. Қоғамдық ахуал, адамның ауыр халі, зорлық- зобалаң зардаптары да уақыт тынысына сай беріледі.

Зерттеу жұмысының – «Жаңа заман күйшілері»(алтыншы тарау) атты бөлігінде өнер мұраты, мәдени-рухани арналар, ұлттық құндылықтар туралы сөз етіледі. Сонымен бірге күй мен күйші тақырыбы кеңінен қозғалып, оның мұрагерлері, негізгі насихатшылар мен жеткізушілердің есім, еңбектері аталады. Олардың қатарында: Қараұлы Боғда – «Бозтөбе», «Қара – жаяу», Шығайұлы Дәулеткерей – «Бұлбұл», «Құдаша», «Көрұғлы», Қазанғапұлы Тәттімбет – «Нар шөккен», «Бес төре», Сағырбайұлы Құрманғазы – «Сарыарқа», Дүкенұлы Ықылас – «Аққу», «Бозторғай», «Жезкиік», «Қаншайым», «Шыңырау»,

Тілепбергенұлы Қазанғап – «Балжан қыз», «Көкіл», Нұрпейісова Дина – «Бұлбұл», Әлиұлы Сүгір – «Майда қоңыр», Хасенұлы Әбікен – «Қоңыр», Момбеков Төлеген – «Салтанат», Хамзин Мағауия – «Жайлау», т.т. басты туындылары, табиғаты мен тақырыбы, тағылымды тұстары негізгі назарға алынады. Ең негізгісі, әрине, күй мен күйші табиғатын ашып, ондағы ортақ тұстарға, талант қуатының қайнарларына, көркемдік арналарға зор мән беріледі.

«Қосымша» бөлікте (жетінші тарау) – ұлт тарихының қилы кезеңдері, оның елдік мүддеге кері әсері, әдеби-мәдени мұраға қатысты көлеңкелі тұстары негізгі назарға алынады. Соған қарамастан, ұлттық құндылықтардың қайнар көзі, мәдени мұраның айшықты көріністері – күй өнері, оның басты өкілдері зерттеу нысаны етіледі. Олардың арасында – Сары Салтық – «Сары бақсы», Қодан, Саймақ, Ұзақ, Алтын, Алтынай, Ақбикеш, Бақтыгерей, Балбике, Соқыр Есжан, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Мұрат Өскенбаев, Әбдімомын Желдібаев, Уәли Бекенов, Мұхаметжан Тілеуханов, Ермұрат Үсенов, Секен Тұрысбеков, Нұрсат Бейсеқожаев, т.б. өмірі мен шығармашылығы, басты тақырып пен туындыларының мән-мағынасы, өзіндік өзгешеліктері көрсетіледі. Қайсыбір күйлердің шығу тарихы мен таралу аясы, келелі мәселелері мен басты белгілері, әуен-ырғақтары, канондық үлгілері, саз-сарындары кең көлемде ашылады. Жалпы, ұлттық күй өнері, тарихы мен тағылымы арғы-бергі кезең көріністерімен, дереккөзі мен материалдармен байытылып, оның елдік сипаты, мәдени-рухани әсері жан-жақты айқындалады. Өзіндік белгі-ерекшеліктері айқындалады.

Жинақтап айтқанда, қаламгер-ғалым А.Сейдімбек өнер тақырыбын еркін меңгерумен бірге, оның ішкі иірім-сырларына қанық, табиғаты мен тарихын жіті зерделейді. Әсіресе, өнер мен өнерпаз мұратын, күй мен күйші табиғатын саралаған тұста кәсіби маманға бергісіз ой өрітіп, оның өзекті мәселелерін тамыршыдай тап басады. Бұл тұста, сөз жоқ арғы-бергі кезеңдерге табан тірейді. Дереккөздеріне тіл бітіреді. Мол материалдарды жіті зерделеп, оның тарихи негізіне, халықтық сипатына, мәдени-рухани нәріне мән береді. Демек, кітап құндылығы – өнер мұратын асқақтатып, күй мен күйші тағылымына еркін енуімен, оны қазіргі заманғы ойлау жүйесіне сәйкес саралап, ортақ мақсатқа қызмет етуімен де мәнді болып табылады.

Кітап тағылымы – өнер мұраты мен қасиет-қүдіретін кеңінен көрсетіп, арғы-бергі тарихына барлау да, талдау да жасау арқылы ұлттық құндылықтар қайнарына, адам әлеміне, жан дүниесіне әсер-ықпалына зор маңыз береді. Әсіресе, автордың жеке көзқарас-тұжырымдары, салыстыру-саралау тұстарындағы теориялық қисындары, тарихи негіз бен халықтық дәстүрлерге мән беруі, қолжазба һәм шежіре шерткен сырларға табан тіреуі, т.с.с. әдеби-ғылыми қорытындылар жасауы кеше-бүгін байланысын, өнер туындысындағы сабақтастықты айқын аңғартады. Осы реттен келгенде, сөз жоқ: «Көркем өнердің міндеті – табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» (М.Әуезов). Ақын ақиқатына жүгінсек:

Күй тілі – көп заманның алуан ісі,

Күйлердің әлемге аян бар мәнісі.
Өмірді күймен бірге қоса алмайтын,
Кер құлақ, көрсоқырдың алданысы

(І.Жансүгіров).

Бұдан шығатын түйін: өнер мұраты, ондағы туынды табиғаты мен тағылымынан – «талант-тумыстан» екені, оны баптап-бағалап, аялау арқылы қадір-қасиетін арттырып, құрметтеудің мән-маңызы еселеп арта түседі. Осы орайда, басты атап өтер жайт:

«Қазақтың күй өнері» арғы арналардан бүгінгі таңға ұласқан, кешеден бүгінге жеткен киелі өнер құдіреті – күй мен күйші табиғатын, тарихы мен тағылымын тереңнен толғап, кеңінен көрсеткен ерен еңбек, мәнді туынды.

«Қазақтың күй өнері» іргелі ізденіс, ұзақ жылдар жемісі ғана емес, халық тарихымен, қымбат қазынасымен тығыз байланысты, мәдени-рухани өмірінің шынайы сипаты, кешегі күннің күмбірлі көрінісі, қазіргі кезеңнің шыншыл шежіресі.

«Қазақтың күй өнері» елдік мұрат-мүддеге негізделген, тарих пен таным тоғысын табиғи ашқан, халық мұрасының мәнді де сырлы тұстарын руханият ісімен, мәйекті мәдениет үлгілерімен байланыс-бірлікте баяндаған елеулі де ерен еңбектер қатарына жатады.

Ұлт руханиятының құрамдас бөлігі-өнер, оның ішінде-күй мен күйші табиғаты:

- тумыстан берілген, өмір ағыны арқылы кең өріс алған, мәңгілік сипаты мол сырлы әлем.

Ұстаз-ғалым, қаламгер А.Сейдімбек ұлттық өнердің өміршең, өрісті арнасы-күй мен күйшілік дәстүрді арғы арналардан тартып, қазіргі кезеңмен сабақтастықта сөз етіп, оның ортақ тұстарын, табиғаты мен тағылымын кең көлемде жеткізеді.

Авторлық ұстаным мен ізденіс арналарынан- руханият әлеміндегі өнер табиғаты мен мұратына қатысты көзқарас һәм зерттеулер жүйесінен, дереккөздері мен материалдар топтамасынан:

- елдік мұрат-мүддеге негізделген туындылар //қолжазба, шежірелер т.с.с.//;

- халық әдебиеті мұралары;

- тарих пен таным туралы жазбалар т.т. ұлттық мәдениет үлгілері, ел әңгімелері, естелік, хат жазбалары көптеп кездеседі.

Өнер тарихы мен тағылымының бір сыры, алуан қырларының көпке ортақ белгілерінің бірі осы.

2. Ел тарихы – шежіре сипатында

(«Қазақтың ауызша тарихы». – Астана: Фолиант, 2008.- 728 бет)

Көлемді кітапта ұлт мұраты мен руханиятының маңызды һәм түйінді тұстары әдеби-ғылыми әрі шежірелік деректерді пайымдау тұрғысынан зерделенеді. Алдымен шежірешілдік дәстүрдің кеше-бүгін байланысына мән беріледі. Көнекөз қарттар айтатын қария сөздері, яғни қазақтың ауызша тарихы

туралы таным-түсініктерге орын беріледі. Шежірешіл қарттарды кеңестік жүйе тұсында таным-пайымы идеология құрсауында қалған «жас ұрпақ» алмастырғаны да өкінішпен еске алынады. Бұдан кейінгі тұста: «көнекөз қарттардың қария сөздерін құлаққа сіңіріп, өскендіктен болар, әлде тарихи-филологиялық білімге ден қойғандықтан ба екен, әйтеуір құлақ шалған шежірелік деректі қалыс қалдырған кезім болған емес» деп (4 бет) шежіре сипатын кең ашады. Осы бағыттың бастапқы ізденіс, көрінісі ретінде 1997, 2002 жылдары «Қазақтың төр шежіресі» атты плакат шығарылды. «Шежіре-плакаттан» басталған ұлтқа, тарихқа құштарлық ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалғасады. Адамзат тарихындағы көшпелі өмір-салт үлгілері материалдық және рухани мәдениет мәселелері де негізгі назарға алынады. Нәтижесінде, автор тарих пен этнографияға ден қою негізінде шежірелік деректерді талдау мен саралауларға айрықша мән береді. Өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Бұл бағытта бірнеше басым тұстарға көз жеткізеді:

- қазақ халқының тарихына, әсіресе, дәстүрлі қоғамы мен этноқұрылымына қатысты шежірелік деректерге мән беріледі;

- қазақ шежірешілдігінен ататекті тану, ру-тайпалық құрылымдарды жаңаша жүйелеуге назар аударылады;

- көшпелі өмір-салт пен ру-тайпалық жүйе өзара үндес құбылыс екені, ентаңбалары да жинақталып, тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастырылғаны айқын аңғарылады (9-10 бет).

Кітап авторы шежірелік айғақ-деректерге кең мән-мағына беріп, эмпирикалық материалдарға мол орын береді. Ол, әсіресе, «Шежіре және тарих» тарауында кең өріс алып, көне кезеңдердегі антропонимика мен этнологияға, ежелгі ру-тайпаларға, уақыт пен кеңістік қарым-қатынасына зор маңыз беріледі. Елдік мұраттар тарих, генеология, этнология негізінде көрініс тауып, шежірелік аңыз-әпсаналар, аңыз-әңгімелер арқылы кең арна алады. Бұл бағытта – Ш.Уәлиханов, М.Ж.Көпеев, Қ.Халид, А.Харузин, Н.Аристов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев, т.б. еңбектері еске алынады. Мән-мағынасы айқындалады. Этнос тарихы ұлттық шежірешілдік зерде тұрғысынан көрініс береді. Басым бағыт ретінде халық мұрасына, шежіре сипатына, ондағы ұлттық, ататек жайына көп көңіл бөлінеді. Шежіре білу – ататекті танудың қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Ататек һәм ру-тайпа шежіресіне де мән беріледі. Оның ішінде қазақтың шежірешілдік зерде-зейіні айрықша аталады. Ол туралы: «қазақтың шежірешілдік дәстүрі сөз болғанда, қазақ шежірелері негізінен ататек шежіресі және ру-тайпа шежіресі болып екіге бөлінетінін атап өту қажет. Шежіре түзудің бұл екі түрінде бір-бірінен мазмұндық-ақпараттық айырмашылықтар бар.

...қазақ шежіресі өзінің барша құрылымдық және мазмұндық болмысы бойынша Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде ұйысқан ру-тайпалардың ұлы бірлік идеясын дәріптеуге бағытталған жаңа түзілім болып табылады» деп жазады (19, 21беттер).

Бұдан кейінгі тұста – шежіре сөзінің түп-төркініне үңіледі. Көптеген қисын көзқарастар, салыстырулар жасалады. Жекелеген сөз, сөйлемдердің жігі

ажыратылады. Алуан түрлі сөздіктер пайдаланылады. «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) ұғымының мәні ашылады. Қолданылу аясы көрсетіледі. Шежірешілдік дерек пен дәстүр тағылымы сараланады.

Орайлы кезде – көшпелі, көшпелілер сөзінің мән-мағынасы айқындалады. Әр түрлі қисын, сөздіктер де тілге тиек етіледі. БАҚ жүйесі материалдары, жекелеген көзқарастар да негізгі назарда болады.

Кітапта ұлттық шежірелік мұрасына мән беріледі. Ру-тайпалық жүйесі айқындалады. Этностың қалыптасу жайы мен этногенез мәселесі, көшпелі өмір-салт пен таным-білік, шежірелік түзілімдер т.т.кең орын алады. «Алаш» атауы мен «Алты алаш» фразеологизмі төңірегіндегі қисын-көзқарастар, қолданылуы т.т. зор маңыз беріледі. Асылы, автор ел тарихы мен мүддесін негізгі назарда ұстап, ататек мәнін айқындай түседі. Оның басты негізі – шежірелік мұрада жатқанын, оны оқып-білу, жадыда сақтау, ұрпақтар жалғастығы арқылы дамыту сынды келелі тұстары да үнемі бастапқы кезекте тұрады. Ол үшін көне тарих қойнауларына енеді. Мұрағаттық материалдар, шежірелік нұсқалар, жекелеген адамдардың жазба-сызбалары т.с.с. зерттеу мен зерделеулерден өтеді. Мұның бәрінен, сөз жоқ кітап авторының ұлт тарихына, арғы-бергі кезеңдер шежіресіне, жекелеген тұлғалардың тағдыр-талайына қолжазба мен көзқарастар жүйесіне жіті ден қойып, батыл да байыпты барлап, зейінді зердемен саралап, маңызды мәселелерді кеңінен қозғайды.

Басты аңғарылар жайт, әрине қаламгер-ғалым А.Сейдімбек ұлт мұраты мен руханият ісіне терең таным, жоғары білік әрі жанашырлық пен жауапкершілік жүгін айқын сезіне отырып арғы-бергі кезеңдерге батыл қадамдар жасайды. Елдік мұрат-мүддені ауызша тарихтан, қолжазба һәм шежіре сырларынан суыртпақтап, одан кейінгі тұстарда білім-ғылым ісімен сабақтастық тұрғыдан сәйкестендіреді, оны әр кезең көзқарас, қисындарымен өзара байланыс-бірлікте жүйелеп-жеткізуі мейлінше нанымды сипат құрайды. Қайсыбір тақырып тарихи негізбен, қоғамдық-әлеуметтік сипаттармен сараланып, әдеби-ғылыми тұрғыдан байыпты баяндалады. Көбінде салыстыру-салғастыруға, түйін-тұжырымдарға мән беріледі. Өзіндік ой-толғам, көзқарастар алға шығарылады.

Жасыратыны жоқ, кітаптың бастапқы бөлігінен соңғы беттеріне дейін елдік мұрат-мүдде, тарих пен таным арналары, түркі ру-тайпалары мен ұлттық шежіре сипаттары, аңыз бен ақиқат ара-қатынасы, мақал-мәтелдер жүйесі мен ентаңбалар сырлары т.с.с. өзіндік белгі-бедерлерімен, қолда бар дереккөздерімен, материалдармен байытылып беріледі. Қысқасы, ұлт тарихының этнология, антропонимика һәм шежіре төңірегіндегі таным-түсініктері, арғы-бергі кезең оқымыстыларының мұра-мирастары, жекелеген атау ұғымдардың түпнұсқаға, көңілге қонымды қалыпта берілуі де назар аударуды қажет етеді.

Бұдан басқа, нақтырақ айтсақ – «Қазақтың туыскандық жүйесі», «Қазақтың қария сөздері», «Шежірелік айғақтар» атты тараулар ұлттық мұрат биігінде сөз етілумен бірге, төл тарихымыздың тағдыр-талайынан, рулық-тайпалық құрылым мен туыскандық атау-жүйелер сипатынан, Алаш мұраты мен ақиқатынан әр дәуірлердегі шежірелік дерек-дәйектер, алуан ізденіс, түрлі салыстыру, қилы көзқарастар жүйелі жеткізіледі. Бұдан байқалатыны:

- ұлт тарихының әуелгі бастаулары елдік мүдделермен берік үндестік табатындығы танылады;

- ел тарихында туысқандық жүйе айтулы мәнге ие болатындығы кеңінен көрінеді;

- қария сөздері мен шежірелік дерек көздерінің арғы-бергі кезеңнің шындық сырларын айқындауда айрықша маңыздылығы терең таным тұрғысынан сараланады.

Біздіңше, кітап авторы ел тарихының арғы-бергі кезеңімен, оған қатысты дерек, материалдармен жан-жақты таныс. Оны жинап-жүйелеуде, танып-таразылау ісінде білім-білігін, талғам-толғаныстарын еркін де кемел, жүйелі жеткізеді.

Кітап құрылымы, мазмұн байлығы, мәдени-рухани арналар, көркемдік-эстетикалық таным иірімдері дәлел-дерегімен, талдау тереңдігімен мәнді болып табылады.

Демек, кітаптың басты құндылығы мен рухани байлығы – ұлт тарихы мен тағылымын кең көлемде көрсетіп, оның арғы арналар мен қазіргі кезең аралығындағы өз ара байланысты әр алуан мысал-деректермен нанымды ашады. Көне ру-тайпалық құрылымнан, шежірелік мәдениет үлгілерден, ауызша тарих тағылымынан ұлттық мұрат-мүдде, мәдени-рухани мұралар, көне жәдігерлер сырлары жан-жақты көрініс береді. Мұның бәрі, сөз жоқ, ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдерін, қалыптасу һәм даму жолдарын, осы бағыттағы қолжазба мұра мен шежірелік арналарды танып-таразылау тұстарында айрықша маңызы барын көрсетеді. Ел әңгімелерінің, яки қолжазба һәм шежірелік материалдардың ұлт тарихын дамыту мен толықтыру ісінде, қазіргі кезең шындықтарын кеңінен көрсетіп, байыпты барлау мен терең талдаулармен жан-жақты саралап, талап деңгейінде танытып, асқақтатуда айтарлықтай мән-маңызы барын атап өткен жөн.

Асылы, А.Сейдімбек шығармашылығы (мысалы, «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Кеніш», «Серпер», «Аққыз», «Сонар» т.с.с.) ел көріністерін, адам өмірі мен еңбегін, кәсіп-дағдыларын, дәстүр өнегелерін кең көлемде көрсетсе, келесі бір арналы да ағысты саласынан – халық тарихын, әдеби-мәдени жәдігерлерін, ондағы ұлттық-танымдық қырларын, өнертану мен этнографиялық белгі-бедерлерді жан-жақты ашады (мысалы, «Күңгір-күңгір күмбездер», «Мың бір маржан», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» т.т.).

Бұдан байқалатыны: А.Сейдімбектің шығармашылық мұрасында, зерттеу жүйесінде – халық тарихын, тағдырлар тоғысын, мәдени-рухани арналарды, өнер мұраты мен тағылымды тұстарын, күй мен күйшілер әлемін, шежірелер шерткен сырларды т.с.с. ағысты арна алып, қос өрім құрайды. Олардың бәрі – баршасында:

- халық тарихы мен тағдырына құштарлық пен сүйіспеншілік сезіледі;

- елдік мұрат-мүдде, руханият ісі, тарих пен таным арналары жан-жақты қарастырылып, жүйелі жеткізіледі;

- ел көріністері, ортақ қазына – ауызша тарих үлгілері, әр алуан мұра-жәдігерлер, шежірелік дереккөздері, қолжазба нұсқалар мен мұрағат материалдары үлкен және кіші жанрлар бойынша, зерттеулер жүйесі негізінде кең өріс алады;

- ең негізгісі, әрине ел тарихы мен тағдыры, өнер мұраты мен тағылымы өзіндік өзгешеліктерімен, мысал-деректерімен, зерттеу деңгейімен мәнді болып табылады.

Осы тұста айрықша атап, маңызды қырларын бөлекше көрсететін – «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді туындылар, оның авторы Ақселеу Сейдімбектің ұлт руханиятындағы екі ерлігін айқындай түседі.

Екі еңбектің, яки екі ерліктің айрықша маңызы, құндылық қырлары:

- қазақ тарихындағы қымбат қазыналар қатарына жататын – дәстүрлі мәдениет үлгілерін арғы-бергі кезеңнің шынайы шындықтарымен байланыс-бірлікте жүйелі жеткізуімен мәнді болып табылады;

- елдік мұрат-мүддені арқау еткен, рухани мәдениеттің қайнар көзі – ауызша тарих үлгілері, қолжазба шежірелер, өнер мен өнерпаздың сыр-сипаттары алуан дереккөздері мол материалдар арқылы терең мәнді талдауларға, салыстыру-салғастыруларға негізделуімен де сапалы деңгейге көтерілгені жіті танылады;

- ең бастысы, әрине А.Сейдімбектің ел тарихы мен мәдениетіне, ежелгі жәдігерлер мен құнды мұра-мирастарға сергек қарап, оны ұлттық қымбат қазыналары қатарына жатқызуы, қаламгерлік һәм көркемдік құпиясы негізінде қалың көпке ортақ игілікке айналдыруы, бедерлілік сипаттар арқылы нанымды баяндауы, суреткерлік шеберлігі айрықша маңызға ие болады.

Тұтастай алғанда, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің ұлт руханиятына арналы ағыс болып қосылған, ел тарихындағы рухани екі ерлігі болып табылатын – «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді һәм қомақты кітаптары іргелі ізденістерімен, әдеби-тарихи, мәдени-рухани, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымен қалың көптің жадында мәңгілік алаудай, жарық жұлдыздай жарқырап тұрары хақ.

Асылы, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұрасы іргелі ізденістер мен іңкәр көңілдің арман-аңсарларынан, ежелгі жәдігерлер мен әдеби-мәдени мұралардан, өнер мұраты мен өнерпаздың асқақ тұлғасынан, сыр мен сымбаттың тұтастығынан тұрады. Ой мен сөз, кісілік пен кішілік, іс-әрекет бірлігі де маңызды тұстарымен мәнді, тамырлы тарихымен маңызды болып табылады.

Абзалы, өмірдегі сыр мен сымбаты, шығармашылық мұрасындағы шынайы сезімдер тұтастығы, өнерге құштарлығы мен шексіз сүйіспеншілігі – А.Сейдімбектің адами мұраты мен құндылықтарын, мінез байлығы мен берік ұстанымын, ой мен сөздегі шеберлігі мен шешендігін, қысқасы адамдық һәм азаматтық ажарын, бүтін болмысын биіктетіп те, бедерлей де түседі. Бастысы, өмірдегі биік те еңселі, ақ сары жүзі елдік мүдде мен ұлттық құндылықтарға терең суарылып, біліми-ғылыми құнарлы қайнарлардан нәр алып, ақиқатқа табан тіреуі – кеше мен бүгін байланысын нығайтып, кемел келешекке алып адыммен

қадам жасағанын анық аңғартады. Ақиқатында: мұра-мирастарын аманаттағаны, руханият ісін жалғағаны анық еді. Ар ісі – сөз өнеріне адалдық танытты, бірқатар ғылым салаларына да сүбелі үлес қосты (тарих, журналистика, өнертану, этнография т.т.). Анығында: «...Ақылман еді. Шешен де еді, көсем де еді, Ақселеу. Сөйлесе сөзді түбінен тартушы еді, айтса жұрттың көкейіндегісін табушы еді!» (М. Жолдасбеков). Бұдан басқа, көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлы айтқанындай: «... Ақселеудің қазақ руханияты тарихын зерттеудің арғы-бергісіндегі көзінді еріксіз тоқтатар, ерекше сыйланар бірегей тұлғалардың санатынан саналуға лайық екендігін ашық мойындағанымыз орынды» [3, 453].

Анығын айтқанда, А. Сейдімбектің жалған дүниені тәрк етіп, ақиқат өмірге бағыт алған тұстағы: «Көктегі күнге, Жердегі еліме – Мейірімім қанбады!», - деген сөздері бай мазмұн, терең тағылымымен ден қойғызады. Бұдан байқалатыны, журналист-жазушы А. Сейдімбектің шығармашылық мұрасы бай мазмұнымен, тақырыптық ауқымымен, зерттеу мен зерделеудегі ақыл-парасат кеңдігі, көркемдік-ізденісінің арнасы байтақ екендігі терең танылады. Көрнекті тұлғаның атындағы мектеп, естерткіш, жыр-мұшайрасы мен арнаулы оқулар жүйесі де көп жайттарды аңғартады. Білім мен ғылым кеңістігі, зерттеу мен зерделеу жүйесі – А.Сейдімбектің шығармашылық мұрасының байтақ әлемін, көркемдік кеңістігін айқын танытады.

Тұтастай алғанда, қаламгер-ғалым А.Сейдімбектің адами һәм өмірдегі сапасы, шығармашылық мұрасындағы халық мұрасы мен өнер мұраты, өнерпаздық қазынаға құштарлығы, сыр мен сымбаты осыған келіп саяды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 467-468 б.б.
2. Жолдасбеков М. Кісілік кітабы. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2022. – 385 б.
3. Кекілбайұлы Ә. Дәуір дауысы. – Астана: «Егемен Қазақстан», 2016. – 453 б.

Рысбек БЕЙСЕТАЕВ,

биология ғылымдарының кандидаты

Қарағанды қ., Қазақстан

(E-mail: beisetayev@mail.ru)

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ СИНГАРМОНИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ДЫБЫСТАЛУЫ

Әлемдегі жанды дүниенің кез келген құбылысы секілді адамзаттың дыбыстық тілі де өзіндік жүйелі құрылымы және көп деңгейлі қызмет атқару заңдылықтары бар – табиғи құбылыс. Адамзаттың дыбыстық тілі – нәзік әрі өте күрделі биологиялық құбылыс. Десек те, қоғамдық ортада тілдің әлеуметтік

маңызы бұдан да жоғары. Осы ұғымды жалпы мағынада алсақ, онда бүкіл адамзаттың руханияты мен оның әлеуметтік болашағы туралы айтамыз. Адамның дыбыстық тілі – жалпы адамзаттық ұғым.

Кемеңгер А. Байтұрсынұлы айтқандай, «заңы азбаған қазақ тілі» [1, 448 б.; 2, 208 б.]. Ұлы ұстаз А. Байтұрсынұлы: – «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін; тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек... Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» [1, б. 395], – деп қазақ тілінің тазалығына еңбек етті.

Еуропаның тіл білімі дыбыстың, сөздің, сөйлемнің әріптік бейнесіне қарап тіл заңдылықтарын тауып, тіл теориясын құрды. Қазақ тілінің заңдылықтары мен түрлі тіл теориясы буынның, жеке сөздің, сөз тіркесінің, толық сөйлемнің дыбысталуына қарай анықталуы және құрылуы – шарт. Ал, біз ана тілімізді тек қазақтың қара өлеңінің қалыптасқан құрылымына, дәстүрлі дыбысталуына сай қарастырамыз және табиғи түріктік тілдік заңдылықтарға сай талдап, түрлі тілдік теория құрамыз.

Жат жұрттың тілімен айтқанда, қазақтың шешендік сөздері мен ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинап, кітап құрастырған белгілі түрколог ғалым В.В. Радлов: «Қазақ тілі – исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай түпкі таза түрін – түріктік сыйпатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен-саран жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларын құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті», – деп қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғара білген [3, б. 99]. В.В.Радлов тағы: «Халықтың бай эпикалық поэзиясы мені ұлан асыр олжаға кенелтті. Бұл тек лингвистер үшін ғана емес, халық поэзиясын зерттеушілер үшін де аса бағалы материал болып есептеледі», – деп жазады [3, б. 99].

Қазақтың өмірін, тілін, дәстүрін, тарихын зерттеген ресейлік қос ғалым А.И. Левшин (1798-1879) мен И.Н. Березин (1818-1896) болды. А.И. Левшин қазақ туралы алғаш тұтас монографиялық еңбек жазған адам [4, 656 б.]. Ал, В.В. Радловтан соң «Қозы Көрпеш» жырының қазақша бір нұсқасын 1876 ж. Петербург университетінің профессоры И.Н. Березин «Турецкая хрестоматия» жинағында берді [5, 256 б.].

Енді бір белгілі ғалым А. Янушкевич. Сол замандағы қазақ өмірін, өнерін, сол замандағы ұлы Дала өмірін Янушкевичтің баяндауы оқырманды бей-жай қалдырмайды. Сонысымен А. Янушкевич қазақ үшін құрметті [6, 264 б.].

Семенов-Тянь-Шанский қазақ туралы: – «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!», – деген екен.

Ақселеу Сейдімбек «Көнеден келе жатқан асыл қазына – бай мәдени мұраны ашып, аршып, бүгінгі жастардың бойына сіңіру, келер ұрпаққа жеткізу – халқымның алдындағы перзенттік парызым, елімнің алдындағы азаматтық борышым», деп түсінді. Солай деп, еңбек етіп, солай деп өмір сүрді. Бектау Атадағы үңгірлер, Қарқаралыдағы көне дәуір ескерткіштері жер мен ел тарихының айғағы екенін тағы түсінді. Ертеде барша қазақтың басын қосқан, ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің айшықты белгісі Ұлытау өңіріндегі Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл батыр, Болған ана мазарлары, ортағасырлық Басқамыр, Аяққамыр қалалары және басқа мыңдаған тарихи ескерткіштер соның айқын дәлелі екенін жас Ақселеу ерте түсінді. Сонымен қатар, әлемдік маңызы бар көне мәдениет ошағы «Бегазы-Дәндібай» мәдениеті де жас Ақселеу Сейдімбекті жайбарақат қалдырмады [7, 256 б.], [8, 240 б.], [9, 816 б.].

Қазақтың өлең шығару өнерін алғаш зерттеп, талдау барысында Ахмет Байтұрсынұлы алдымен өлеңнің түр-түрпатына басты назар аударған [1,190]. Бұл – қазақ өлеңінің композициялық құрылымы. Ғалымның тілімен айтқанда, өлең бейнесі «айшық» деп аталады. Енді өлең айшығының құрылымы туралы А. Байтұрсынұлы еңбегінен үзінді келтірейік: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады. Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезінетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде бірнеше буын болады. Бунақ буыны болатын кәдімгі сөз буыны» [2, б. 66-86].

Кезінде А. Байтұрсынұлы дұрыс айтқанындай, «Өлеңнің көңіл көтеріп, қоштандыратын қасиеті – ұнамды жарастығы», – осы айтылғандар – көріктілік, реттілік, бір тектілік. Қазақтың өлең өнеріне қаншалықты мән бергенін түсіну үшін Шәкәрім еңбегінен үзінді келтірейік: «... айтылған сөз, салған ән қуаныштың да, қайғының да өзіне лайықты сөз ұнаулы үнмен айтылса, дүниеде осыдан жақсы жанға жайлы әдемілік, жарасымдық бар ма екен? Бет сұлулығы – тән сыйы, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз» [11, б. 485].

Келтірілген Шәкәрім сөзінен байқағанымыздай, қазақ өлеңді негізінен екі мақсатта шығарады: 1) өлеңді әнге салу үшін; 2) өлеңді мағыналы сөз түрінде тыңдаушыға жеткізу үшін. Біздің қарастырмағымыз өлең – мағыналы сөз. Ақын өлеңге негіз қылып бір мағына береді. Бұл – тірек мағына. Сонымен қоса, мағыналы сөзді тыңдаушыға мағынасын айқын қылып, түсінуге жеңіл қылып, есте сақтауға оңай қылып жеткізу үшін ақын оның композициялық бейнесін сымбатты қылып шығаруға тырысады. Ол ақынның өскен ортасына, алған тәрбие-өнегесіне, оқыған-тоқыған біліміне, табиғи зердесіне, жалпы, біліктілігіне байланысты қалыптасады.

Ал, осы мағынаны тілімізде бар сөздердің тіркесі арқылы тыңдаушыға қалай мәндірек, көріктірек, тартымдырақ қылып жеткізуге болады? Бұларды

өрнектеуде тілдің қалыптасқан табиғи заңдылықтары бар ма? Қазақ тілінің табиғи құрылымы мұны қалай түсіндіреді? Міне, бұл мақалада біз талдамақ мәселелер осылар.

Өлең – сөйлемнің бір ерекше түрі. А. Байтұрсынұлының зерттеуіне сүйеніп [2], ұлы ақындар – Абай [10, 330 б.], Шәкәрім [11, 560 б.], Мағжан [12, 256 б.] және ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жазған өлең жолдарының құрылымына зер салсақ, олардың бәрінің бір текті екеніне, бір халықтың өлеңі екеніне көзіміз жетеді. Құрылымдары бір: өлең шумағы, негізінен, екі сөйлемнен тұрады. Әр сөйлем екі жолдан, яғни, екі жай сөйлемнен жасалған. Сонымен, қазақ өлеңінің бір шумағы екі құрмалас сөйлемнен құрылады. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлем – бір жол. Сөйлем құрылымы мен дыбысталуы туралы өзіміздің еңбекке сүйенсек [15, б. 390-399], бұл – мағыналық топ. Өлең жолы әдетте бір не бірнеше бунақтан тұрады. Тілдік құрылымға сай, өлең жолындағы бунақтар – ырғақтық топтар.

Кезінде профессор Ә. Жүнісбеков: «Қазақ тілінің дауысты-дауыссыз дыбыстары Европа тіл білімінің фонема теориясына бағынбайды, қазақ тілінде фонема жоқ, фонологиялық негіз буын» деп дәлелдеген [13, 91 б.; 14, 46 б.], қазақ өлеңіндегі бунақтар тең дәрежелі дыбысталатын буындардан жасалған. Бунақтың бір немесе екі сөзден жасалуының мәні жоқ: сөз ішіндегі буын жігі мен бунақтағы сөздердің ара жігінің айырмасы жоқ; сөз ішіндегі буын мен бунаққа енетін сөздердің ара жігінде пайда болатын буынның айырмасы жоқ. Бунақтағы барлық буындар біркелкі дыбысталады.

Енді, қазақ өлеңінің композициялық негізін құрайтын буын, ырғақтық топ (бунақ) және мағыналық топ (өлең жолы) ұғымдарын жеке-жеке қарастырып, атқаратын қызметін айқындайық.

1. Буын. Қазақ сөзі – буындық құрылымы бар құбылыс. Жеке сөздің түбір және әр түрлі қосымша морфемалары тек буын немесе буындар тіркесі түрінде ғана кездеседі, буын (буындар тіркесі) түрінде тарихи қалыптасқан [2, 85]. Қазақ тілінің дыбыстары дара жұмсалып, жеке қызмет атқармайды. Бір дыбыс екінші дыбыспен тіркесіп, үндесе дыбысталып буын құрайды. Дауысты дыбыстар сөз басында дара тұрып, жеке буын құра алады. Бұл – қазақ тілі дауыстыларының буындық қасиетінің жалғыз көрінісі. Бірақ, жалпылама қасиет емес. Тілімізде негізгі фонологиялық қызметті буын атқарады. Бұл Ә.Жүнісбеков еңбектерінде жан-жақты баяндалған [13; 14].

Қазақ тілінде буыннан, буындардың жүйелі тіркесінен сөз (морфема) жасалады. Жоғарыда айтқанымыздай, сөз жасауда буындардың тіркесінде қалыптасқан заңдылық бар:

1) сөз мағынасын, құрамындағы дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы айқындайды;

2) сөз мағынасын, құрамындағы дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы түрлендіреді;

3) тұтас сөздің морфемалар жігін, құрамындағы дыбыстардың тембріне орай, оның буындық құрылымы ажыратады.

Тілімізде буындардан мағыналы сөз құрап, буындық өзгерістерге байланысты олардың мағынасын ажыратып, мағынасын түрлендіріп, негізгі фонологиялық қызметті атқарушы – гармонизация және температура заңдылықтары. Ал, буын (тембрема) – түрік тілдерінің ең кіші және негізгі функционалды фонологиялық бірлігі.

2. Ырғақтық топ (бунақ). Қазақтың дәстүрлі сөйлеу тәсілдерінің тарихи қалыптасуына орай, сөйлеу кезінде өкпеден шығатын дыбыстау ауа ағыны айтылмақ ойдың (сөйлемнің) бір түйдегін толық айтып шыққанша жетеді. Сөйлемнің осы бөлігі бунақ деп аталады. Ахмет Байтұрсынұлы айтқан: айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы [2, б. 68].

Бунақ (ырғақтық топ) көп буынды жеке сөзден, біріккен не қосарланып айтылатын сөздерден және белгілі бір мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрған сөздердің тіркесінен жасалады. Мысалы: жалаң сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен анықталатын сөз, пысықтауыш пен пысықталатын сөз, толықтауыш пен баяндауыш, екі сөзден тұратын күрделі етістіктер, күрделі сын есімдер т.б. Ырғақтық топтың құрамына енетін сөздер тұтас бір деммен, бір текті тембрмен үндесіп айтылады.

Қара сөзде де тіркесе айтылатын сөздер белгілі бір мағыналық немесе грамматикалық қатынаста тұрып, сан-алуан ретті буындық құрылым түрлері кездеседі. Қазақ өлеңінің бунақтары 3-4 (сирек 2) буынды болып келеді. Бұл – қалыптасқан дәстүр, өлеңнің қара сөзден басты айырмасы. Ырғақтық топтың өлең жолында тұрып, нақты бір мағына білдіруі шарт емес. Өйткені, сөз тіркесінің ондай мүмкіндігі жоқ.

3. Мағыналық топ (өлең жолы). Қазақ тілінде екі немесе одан да көп ырғақтық топ бірігіп, айтылмақ ойдың белгілі бір мағыналы бөлігін құрайды. Бұл – мағыналық топ. Өлең шумағында – бір жол (тармақ).

Бұрынғы еңбекте көрсетілгендей [15, б. 390-399], атқаратын қызметіне қарай мағыналық топ: жай сөйлемде – сол сөйлемнің өзі, ал құрмалас сөйлемде – оның құрамындағы жай сөйлем. Өлең шумағындағы құрмалас сөйлемнің құрамында қанша жай сөйлем (тармақ) болса, сонша мағыналық топ болады.

4. Өлең шумағының композициялық құрылымы. Басы ұлық ғалым А.Байтұрсынұлынан басталатын, жоғарыда келтірілген талдауларға сүйенсек, қазақ өлеңінің шумағы екі (кейде одан да көп) құрмалас сөйлемнен тұрады. Бір құрмалас сөйлем екі жай сөйлемнен жасалады. Құрылымдық тұрғыдан, бұл – екі мағыналық топ. Егер сөйлемді аяқталған ойдың тиянақты көрсеткіші десек, онда өлең шумағында аяқталған ой екі мағыналық топтың мағыналық және грамматикалық қатынастына қарай реттеле байланысқан тіркесінен жасалады. Десек те, бұл жеткіліксіз. Ұлттың осы өнерін нақтылы өлең шумақтарымен қарастырып көрейік.

1. Қазақ зиялысының ұраны болған Абай шумағы [10, б. 88]:

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиынан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

2. Шәкәрімнің жастарға арнаған өлең шумағы [11, б. 31]:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық.

3. Мағжанның ұранды өлең шумағы [12, б. 186]:

Түркістан екі дүние есігі ғой,
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

4. Мағжанның өмірінің соңғы күндерінде жазған, халқына өсиет өлең шумағы [12, б. 144]:

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

5. Ғалым-ақын Ахметтің өлең шумағы [2, б. 66-67]:

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.

Жоғарыда айтылғандай: өлең – сөйлемнің бір ерекше түрі. Сөйлемді өлең қылатын – айшығының көріктілігі, кестесінің реттілігі, дыбысталуда шумақ ішінде сәйкес орналасқан бунақтарында буын санының бірдейлігі және соңғы бунақтарындағы ұйқас. «Қазақ айшықты өлең өнерін жоғары бағалаған халық» деген сөз бар. Қазақ сөзі – буындық құрылымыды құбылыс. Сондықтан, өлең шумақтарын дыбыстық жазу буындық негізге лайықтанды.

Төрт Ұлының бес шумақ өлеңі жастарға болашаққа тәрбиелік мәніне сай алынды. Енді осы өлең шумақтарын жоғарыда келтірілген құрылымдық талдауға сай, дыбысталуы тұрғысынан қайта жазайық (соңынан олардың бунақтық және буындық құрылымдары келтірілді):

- [ө- лөң - сөз- дүң | пат - ша - сы | сөс - са- ра- сы ||
|| қы-йыс - ты- рар | қы- йын- нан | ер – да - на- сы ||
|| тіл - ге - же - ңіл | жү- рөк- кө | жы- лы - ті- йіп ||
|| жұ- мұр-гел- сін | теп - те - гіс | ай - на - ла- сы]
- [кел - жас - тар | біз-бір-түр-лү | жол - та- ба- лық ||
|| а- рам - ай- ла | зор - лұқ- сұз | мал - та-ба- лық ||
|| өш- пө-сө-мүр | тау- сұл- мас | мал - бе- рер-лік ||
|| бір - бі- лім- ді | да- ныш- пан | жан - та- ба- лық]
- [тү-рүк- стан | е – кі - днү - йө | е- сі- гі - ғой ||
|| тү-рүк- стан | ер - тү- рүк-түң | бе- сі-гі - ғой ||
|| та- ма-ша | тү-рүк-стан-дай | жер-де-тұу-ған ||
|| тү- рүк- түң | тә-ңір - бер-ген | не- сі- бі -ғой]

4. [қа- лы- не- лім | қа- лың - ға- ра | а- ға- шым ||
 || қай-ра-ты-мол | ай- бын- ды - ер | а - ла- шым ||
 || ө- зақ- құ- лар | сы-рың- бер-ме | са-быр- ғыл ||
 || а - қы- мақ-тар | бай -қа- ма- ған | ша- ма- сын]
5. [бұл – гүй - гө | бү- гү- не- мес | көп- төң - гір-дік ||
 || ал – дар - тын | аң- да- ма- ған | бет- пең - гір- дік ||
 || шы- ғар -май |бір-жең-нең-ғол| бір-жер-ден -сөз ||
 || а - ла – лық | ал- ты - ба- қан | дерт-пең- гір-дік]

Абай өлеңіндегі бұл өлең шумағы екі күрделі сөйлемнен тұрады:

- 1) [ө - лөң - сөз - дүң | пат - ша - сы | сөс - са - ра - сы]
 [қы - йыс - ты - рар | қы - йын - нан | ер - да - на - сы]
- 2) [тіл - ге - же - ніл | жү - рөк - кө | жы - лы - ті - йіп]
 [жү - мұр - гел - сін | теп - те - гіс | ай - на - ла - сы]

Әрбір жай сөйлем – «синтагма» үш сөз тіркесінен тұрады (ырғақтық топ): (ө-лөң-сөз-дүң), (пат-ша-сы), (сөс-са-ра-сы) және т.б.

Әрбір сөз тіркесі (ырғақтық топ) бір көп буынды сөзден тұрады, мысалы: (пат-ша-сы), немесе екі толық мағыналы сөзден, мысалы: | (ө-лөң), (сөз-дің) және т.б.


Әрбір сөз тіркесі (ырғақтық топ) үш-төрт буыннан тұрады: | (пат), (ша), (сы) |, | (ө), (лөң), (сөз), (дүң) | және т.б.

Темперация (латын. **temperatio** – дұрыс өлшемдік қатынас, өлшемділік) – 1) муз. музыкалық жүйеде дыбыстық жүйенің қадамдары арасындағы аралық қатынастарды туралау; 2) тілдік қолданыста: ырғақтық топтың барлық буындарының немесе топтар тізбегінің дыбысталу ұзақтығын сәйкестендіру.

Сонымен қоса, сөйлемнің өлең болуы – айшығының көріктілігінде, кестесінің реттілігінде дедік. Бұны толық түсіну үшін А. Байтұрсынұлының әдеби талдауынан тағы бір үзінді келтірейік. «... сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиет сөзді айтқан кезде тамырдың бүлк-бүлк соққаны сияқты, дауыстың бір түрлі ырғақ-ырғағы болады. Сағат шық-шық еткенінің, тамыр бүлк-бүлк соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғағының арасы сондай бірдей болады».

Бұл арада ұлы ғалым сөз деп қазақ сөйлемін айтып тұр, ал бунақ-бунақ буыны бар деп, бүгінгі біздің талдауымызға сай, сөйлем құрайтын бунақ-бунақты айтып тұрған. Сонымен, сөйлемнің өлең болуы үшін өлең шумағында сәйкес орналасқан ырғақтық топтардың (бунақтардың) буындық құрылымы біркелкі болуы тиіс. Бұл – сөйлемнің өлең болуындағы екінші шарт. Ахаң тілімен айтқанда «... біздің, қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалады» [2, б. 75-79].

Жапонның ALOKA SSD-1400 аппаратымен алынған «Ө-ЛӨҢ-СӨЗ-ДҮҢ» ырғақтық тобын айтудағы дауыс спектрограммасы 1-суретте берілді.



1-ші сурет. «Ө-ЛӨҢ-СӨЗ-ДҮҢ» ырғақтық тобының дыбысталуындағы дауыс спектрограммасы

Биологиялық зерттеуге сай, қазақ тілінде ырғақтық топтың ұзындығы тек тыныс алу көлемімен – қалыпты тыныс алу-қалыпты тыныс шығару көлеміне, немесе тыныс алу циклінің орташа көлеміне сәйкес келеді [15; 16; 17; 18].

Гармониялау – қазақ тілінің заңдылығы. Ұсынған Ә. Жүнісбек [13; 14]: «қазақ сөзі екі жұп – төрт тембр арқылы жасалады және ажыратылады. Олар: **жуан-жіңішке, еріндік-езулік**. Қазақ тілінде сөз жасап, сөзден сөз ажыратуға бұл тембр белгілері жеткіліксіз болды. Физиологиялық зерттеудің нәтижесінде «**ашық-жартылай ашық-қысаң**» тағы үш құрамды тембрлік белгі анықталды. Зерттеудің нәтижесіне сай, бұл белгілер Еуропа ғалымдары айтқандай, жақтың ашылу шамасына қарай емес, дыбыс жасайтын резонаторлық кедергі саңылауы шамасына қарай анықталады [16; 17; 18]. Өлең шумағының дыбысталуының тембрлік бейнесі (айшығы) 1-ші кестеде берілді.

1-кесте. Абай өлең шумағының дыбысталуының тембрлік бейнесі

ө – лөң – сөз – дүң	пат – ша – сы	сөс – са – ра – сы
жіңішке-еріндік	жартылай жуан-езулік	жартылай жуан-еріндік
қы – йыс – ты – рар	қы – йын – нан	ер – да – на – сы
жартылай жуан-езулік	жартылай жуан-езулік	жартылай жуан-езулік
тіл – ге – же – ңіл	жү – рөк – кө	жы – лы – ті – йіп
жіңішке-езулік	жіңішке-еріндік	жартылай жуан-езулік
жү – мұр – гел – сін	теп – те – гіс	ай – на – ла – сы
жартылай жуан-еріндік	жіңішке-езулік	жартылай жуан-езулік

Абай өлеңінің (жалпы, қазақ өлеңінің) дыбысталуы мен ырғақтың реттілігі туралы дұрыс пікірді алғаш рет ХХ ғ. басында Ахмет Байтұрсынұлы айтқан болатын [2, б. 66-86]. Сонымен, қазақ өлеңінің (шумақтың) дыбысталуында «сингармония» – шумақ ішінде грамматикалық және семантикалық тұрғыдан дұрыс құрылған, фонологиялық мәнді ырғақтық топтардың (бунақтардың) «біртекті тембрлі дыбысталу» құбылысының ерекше ретті әрі жүйелі тізбегі болып шығады. Бұл құбылыс контексте ерекше байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Радлов В.В. Краткий отчет о поездке в Семиреченскую область летом 1869 г. // Известия РГО. Т. 6. № 3, С. 99.
4. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с. ISBN: 5-7090-0209-7.
5. Березин И.Н. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б. ISBN 5-628-00-279-8.
6. Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. (Тарих. Таным. Тағдыр). / Аударған Ғ. Зұлхаров. – Астана: Аударма, 2003. – 264 б.
7. Мың бір маржан: қара өлең табиғаты / Құраст. А. Сейдімбеков. – Алматы: Өнер, 1989. – 256 б. ISBN 5-89840-075-3.
8. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. – Алматы: Жалын басп., 1981. – 240 б.
9. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: «Фолиарт», 2010. Т. 2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 816 бет. ISBN 978-601-292-131-1
10. Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-т. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 330 б.
11. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер / Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов.). – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б. ISBN 5-605-00464-6.
12. Жұмабаев Мағжан. Шығармалар. 3 томдық. 1-том. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
13. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 91 с.
14. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского языка. АДД. – Алматы: 1988. – 46 с.
15. Құлқыбаев Ғ.Ә., Серғалиев М.С., Бейсетаев Р. Мемлекеттік тілдің биологиялық жаратылысы және оны сақтаудың физиологиялық, әлеуметтік, эстетикалық маңызы. / Ж-к: Акад. Қайдар Ә.Т. және тіл білімінің мәселелері. Халықар. ғыл.-теор. конф. матер. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – Б. 390-399.
16. Бейсетаев Р. Бейсетаева Ж.Р. Гармонизация тюркского (казахского) слова и физиологические механизмы её реализации. //Автор. свид. рег. № 230 от 2 мая 2007 г. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.
17. Тыкежанова Г.М., Бейсетаев Р., Алшынбекова Г.К., Еселханова Г.А. Нейрофизиология турбулентного образования тона в гортани человека в норме. /Тр. 11-й Межд. Конгресса: «Нейронаука для медицины и психологии» (Судак, Крым. 2-12 июня 2015 г.). – Москва: 2015. – С. 397.
18. Специфические тембровые характеристики парных согласных казахского языка и физиологические механизмы их образования /Алшынбекова Г.К., Бейсетаев Р., Жакин А.Д., Еселханова Г.А. рег. № 400 от 28.03.2014. в Комитете по интеллектуальной собственности Минюст РК.

Гүлжауһар БОЛАТОВА,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің доценті, ф.ғ.к.*

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасының Ақселеу Сейдімбек атындағы Ғылым залында Журналистика және саясаттану факультеті басшылығының ұйымдастыруымен жыл сайынғы дәстүр жалғастығын тауып, ұлтымыздың кемеңгер тұлғасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, журналистика саласының айтулы майталманы, ғалым-ұстаз, көрнекті қайраткер Ақселеу Сейдімбекті еске алуға арналған «Ақселеу оқулары» 2009 жылдан бері тұрақты өтіп келеді. Ол шараның басты мақсаты: өскелең жас ұрпаққа белгілі ғалымның шығармашылық мол туындыларын кеңінен таныстырып, насихаттау әрі кемел ой иесінің тағылымды ой-толғамдарын заман талабына сай жаңаша пайымдау болып табылады.

Ақселеу Сейдімбек – ұлтына адал қызмет еткен, халқының рухани байлығына орасан үлес қосқан, қазақтың қара өлеңін, күй тарихын, қазақтың ауызша тарихын түбегейлі зерттеп, артына өшпестей мұра қалдырған көрнекті ғалым.

Ауыз әдебиетінің әр халықтың тарихындағы көтерген жүгі мен даму сипаты бірдей емес. Қазақ халқы үшін ауызша өнер үлкен әлеуметтік мән-маңызға ие болған. Қазақ фольклорының шексіз мол қазынасына XIX ғасырда назар аударған Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, В.Радлов, Ә.Диваев, XX ғасырда А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Н.Смирнова, Р.Бердібаев, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, О.Нұрмағамбетова, Е.Тұрсынов, т.б. фольклор зерттеушілердің қатарында ғалым А.Сейдімбектің де есімін айрықша атай аламыз. Фольклорлық зерттеу еңбектерінде А.Сейдімбек қара өлең мен күй аңызының жанрлық табиғатын, шығу тарихын, көркемдік кестесін арнайы қарастырады.

Қазақ фольклорында күні кешеге дейін аты аталмай, аталса да қатарға кірмей осы уақытқа дейін халық жадында сақталып келген ондаған жанрлар мен жанрлық түрлердің не зерттеушілер, не жинақтаушылар тарапынан ілтипат көрмегені аян жайт. Ал Ақселеу Сейдімбектің қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры мен қазақтың күй-аңыздарының құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу еңбегі қазақ фольклористика ғылымын дамытуға қосқан үлесі болып табылады. Мейлінше бұқарашыл көптің өнері саналатын қара өлең фольклоршы ғалым Ақселеу Сланұлының кандидаттық ғылыми еңбегінің арнайы зерттеу объектісі ретінде тұңғыш рет қарастырылады. Еңбекте бүгінгі таңға дейін жалғасын тауып отырған, бап

талғамайтын, айрықша әнші-күйшілікті қажет етпейтін қара өлеңнің өзіне тән ерекшеліктері: шоқтығы биік дарын иесі Шоқан Уәлиханов саралағандай, қара өлеңнің төрт жолдан тұратындығы, әдетте ел ішінде жиі кездесетін өлең ендігі әр шумақта жеке-жеке ойдың түйінделетіндігі және қара өлеңнің әнге қосып айтылатындығы [1,165] нақтылы мысалдармен ғылыми тұрғыда талданған.

Ш.Уәлиханов қара өлеңнің қасиетіне қатысты тым жоғары талап қойып, «Көбінесе төрт жолды шумақтар мағынасыз болып келеді» [1,165] деген ойына айрықша көңіл бөлген зерттеуші Ақселеу Сейдімбек осы пікір бүгінге шейін талай ғалым-зерттеушілердің айнымас тұжырымдамасына айналғанын, әрісі В. Радлов, В. Гордлевскийден бастап, берісі Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Уахатовтар еңбектерінен дәлел келтіреді. Қазақтың қара өлеңінің өзіндік үні, өзіндік айтары бар өлмес өнерге тән өміршеңдігіне көз жеткізген ғалым «Қара өлеңдегі кез-келген түсініксіз деген жолдар сол өлең айтылған орта үшін әбден түсінікті екенін, сол ортадағы адамдардың мінез бітімдеріне, тағдыр-талайына тікелей қатысы бар астарлы емеурін сөздер екенін есте естен шығармауымыз керек» деп, оның барша көркемдік-эстетикалық болмысын белгілеп, талғам-танымын анықтап беретін мазмұн көшпелілердің дүние-тіршілік қалпынан туындайтынын пайымдайды. Сонымен қатар зерттеуші халық мұрасының бұл саласы уақыт, заман тынысын танытып, сол уақыт, заман туралы халықтың ой-ниетін, арман аңсарын жеткізуде нағыз шыншыл екендігін әр кезеңде дүниеге келген қара өлеңнің жарқын үлгілерін мысалға алып, ойын нақтылайды және оны қара өлеңнің өзге жанрлардан оқшауландырып тұратын бір қасиеті деп таниды. Қара өлеңнің табиғатын зерттеу нәтижесінде адам қоғамының барша өмір салтының, салт-дәстүрінің моральдық-этикалық нормаларының сұлулық туралы таным-түсініктерінің, сезім-күйлерінің поэзиялық үлгідегі энциклопедиясы немесе галереясы сияқты деген тұжырымға келеді. Одан әрі А.Сейдімбек қара өлеңдегі ой мен образ, емеурін мен астар халықтық төл таным-түсініктен туындайтынын ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді:

Жазың салқын, ей, Алтай, қысың қырау,

Аққан өзен сылдырап бейне жырау.

Алтыбақан тербеген қыз-бозбала,

Жайлауымыз Алтынкөл анда тұр-ау, - [2,147]

секілді қара өлең үлгісін мысалға алып, автор бұл сынды өлең еш уақытта сол әншінің ғана сезімі емес, жалпы жұртқа ортақ сезім игілігі деп танып, қара өлеңдегі махаббат, ғашықтық тақырыбын кеңінен қарастырады. Жалпы қара өлеңнің табиғатын, өзіне тән ерекшеліктерін типологиялық аспектіде қарақалпақ, өзбек, қырғыз, венгр, орыс, латыш фольклорынан мысалдар келтіріп, байсалды пікірлер айтады. Өйткені ғалымның пайымдауынша: «Ұлттың рухани дүниесін тани білу – қай халық үшін де ең үлкен ұлттық бақыт. Демек, таным-түсінік те фольклорымыз сияқты тірнектеп жиналып, ұдайы қорын молайтып отыру керек. Себебі қанатты дарын рухани асыл қазыналарды

тудыру үшін ғана қажет емес, сол асыл қазыналарды танып-түсіну үшін де қажет» [2,126].

Қара өлеңнің этимологиясын айқындай отырып, оны фольклорлық және әдеби жанрлардың тууы мен қалыптасуының типологиялық заңдылық аясында қарастырған ғалым қара өлеңнің танымдық, эстетикалық сипатын, ондағы емеурін мен астарды халықтық тіл, дүниетаныммен тығыз бірлікте талдайды. Қара өлең философиясы туу мен өлудің арасында өтетін сан сала жағдайды қамтитынын атап өтеді автор. Одан әрі қазақтың қара өлеңі XIX-XX ғасырда нағыз бұқарашыл сипат алып, шешек ата толысу сәтін де ғалым жіті аңғарған. Сонымен қатар қара өлеңнің өзге де ауыз әдебиеті түрлері сияқты бірнеше нұсқада болатынын әрі ол нұсқалардың жазба ақын шығармашылығына арқау болғанын аңғарып, төмендегі үлгіні мысалға келтіреді:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған...
Күніне мың бір пәле көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе бір алладан [2,130].

Сөйтіп, осы өлеңнің бірнеше ақындар туындысына қалайша арқау болғанын байыптайды. Атап айтсақ, Ыбырай Алтынсаринде:

Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған...
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған...
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған. [3,229]

Ақмолладан:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған...
Жол ауыр, «пақырмын» деп тоқтап қалма,
Үміт үзбе жақсылық күт тек алдан. [4,90]

Әжек пен Шәріпжамал айтысынан:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған...
Әр іске асы болма сөз қуарлық,
Өмірің алдап кетер тұманданған. [5,432]

Мұхит Мералыұлынан:

Дүние – бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған...

Мегзеген асқар таудай есіл көңіл

Дүниеде еш нәрсеге тына алмаған. [6,172]

Жалпы алғанда аса ыждағаттылықпен жинаған қара өлең нұсқаларын зерттеуші 1.«Дүние - бір қисық жол бұраңдаған», 2.«Табиғатқа болады ұнағаны», 3.«Бес ағаштан ер қостым қиыстырып», 4. «Ғашықтық сұлулықты талғамайды», 5. «Әнімнің қайырмасы қырық бунақ» атты тақырыптарға бөліп, оқырманына қыздың жиған жүгіндей ұсынады. «Мың бір маржан» еңбегінде олардың 1001 түрі жүйеленіп берілген. Сонымен қатар қара өлең табиғатына тән бір ерекшелік қайырманың болуы десек, сол қайырманың да барлық түрі аталған еңбекте зерделенген.

Халық прозасын ертегілік проза және ертегіге жатпайтын проза деп жіктеушілік XX ғасырдың екінші кезеңінен басталғанын ескерсек, бұл тұрғыда А.Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» [7] атты ғылыми еңбегі қазақ фольклористикасын байытқанын атауға тиіспіз. Бұл еңбегінде фольклоршы-ғалым тұңғыш рет күй аңыздарын қазақ фольклорының ертегіге жатпайтын жанры ретінде қарастырып, оның тарихи деректілігі, құрылым мәселелері, жанрлық ерекшеліктері және күй өнерімен ара-қатынасын жан-жақты саралап береді. Зерттеу еңбекте ғалым алдымен зерттеу барысында қолданысқа түсетін терминдерді саралауда тың көзқарастар орнықтыруға ұмтылған. Атап айтсақ, «проза», «аңыз», «күй аңызы» терминдерінің мән-мағынасын нақтылап, осы уақытқа дейін «әңгіме новелла», «аңыз әңгіме», «болған әңгіме», «жай әңгіме», «ауызша әңгіме» деп әр түрлі айтылып келген қарапайым тұрмыстық аңыз әңгімелерді бір сөзбен «жағдаят» деп атауды ұсынып, оны еңбегінде терминдік деңгейде ұтымды пайдаланған. Ғалым күй аңыздарын тарихи деректермен тұтас бірлікте қарастырып, оны бес кезеңге бөліп, оларды сюжет-мотивтері бойынша емес, құрылымдық-тақырыптық қасиеттері бойынша да талдау жасаған. Музыка зерттеушілері бүгінгі таңда қазақтың бес мыңдай күйі мен бес мыңдай ән мұрасын тіркеуге алып отыр. Қазақ күйлеріне арқау болған тақырыптар соңғы үш мың жыл аясында Еуразия қос құрлығында өткен шежірелі тарихты паш етеді. Қазақтың көшпелі өмір салтындағы ілкімді аралас-құралас, бұған қоса ән-күй өнерінің барша өмір салтпен етене байланысты болып келетін дәстүрі әрбір жаңадан дүниеге келген ән-күйдің, жыр-терменің, қисса-дастанның, толғау-терменің аз уақыт арасында байтақ қазақ даласына таралуын қамтамасыз етіп отырған. Әсіресе, қазақ арасында қимас досқа, қадірлі замандасқа, елге қамқор азаматқа ән-күй арнау, ән-күймен сәлем жолдау, ұзатылған қыздың жасауына жаңа ән қосу, өнерпаздардың бір-біріне ән күй сыйлау рәсімі қалыптасқан дәстүр болған. Мұның өзі ән-күйді бірден-бірге жұғысты етіп, қазақтың біртұтас мәдениеті мен біртұтас тілінің орнығуына себепші болғандығын [7, 122] саралайды.

«Қазақ шежіресі мен қазақтың шежірешілдігіне зейін қойғанда, оның көшпелі өмір-салттағы ру-тайпалық жүйені әрі танып-түсінудің, әрі сол ру-тайпалық жүйенің ретті болуына ықпал етудің аса пәрменді тетігі болғанына көз жеткізу қиын емес» [8,14] деген Акселеу Сейдімбек қазақтың ауызша тарихын

кешенді түрде жан-жақты қарастырып, артына баға жетпес асыл мұра қылып қалдырды.

«Еуразияның апайтөс даласында айдарынан жел ескен көшпелілердің қайталанбас өмір салты жиырмасыншы ғасырда бөлек арна тартты. Технократтық даму жеңді, табиғаттың өзіндей табиғи өмір салты жеңілді. Тұтас бір ұлттың тарихи тағдырындағы бұл сияқты ұлы өзгеріс табиғи жүзеге асқан жоқ, жедел түрде зорлықпен сырттан таңылып, әлеуметтік экономикалық жойқын реформа жасалды. Мұның өзі тұтас этностың тарихи жадының көмескі тартуына себепші болды. Демек осынау тарихи дерттің дендемеуі үшін тегеурінді әрекетке көшіп, халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгін мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуға тиіс. Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгірттікке қарсы күресуден өзге жол жоқ. Ішіңнен шыққан балаңа «біз осылай болап едік» деп нандыра алмайсың, ал өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылыту үшін қол жалғап жіберу қажет-ақ» деп есептеген дарынды тұлға Ақселеу Сланұлы Сейдімбек осы жолда аянып қалмағаны әмбеге аян. Ендеше ғалым мұрасы келер ұрпаққа мәңгі қызмет етері де сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы, 1985.
2. Мың бір маржан (қара өлең табиғаты). Ғылыми түсініктемесін жазып, қара өлең нұсқаларын жинап, құрастырушы Ақселеу Сейдімбеков.-Алматы,1989
3. Үш ғасыр жырлайды. - Алматы, 1965
4. Күндер мен түндер. - Алматы, 1986
5. Айтыс. I том. - Алматы, 1965.
6. Ауыл кеші көңілді. - Алматы, 1986.
7. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. –Астана, 2002
8. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. –Астана, 2008

Рысбек БЕЙСЕТАЕВ,

биология ғылымдарының кандидаты

Қарағанды қ., Қазақстан

(E-mail: beisetayev@mail.ru)

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ӘУЛИЕ ӘЗ ТӘЙТЕКЕ БИДІҢ «О, ДҮНИЕ!» ДАСТАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақтың өлең өнерін зерттеуде Ақселеу Сейдімбектің еңбегі ерекше зор. А.Сейдімбек өз еңбегінде: «Еуразияның апайтөс даласында үш мың жыл бойы дәурен сүрген көшпелі өмір салты әлдебіреудің қалауымен болған әлеуметтік-

қоғамдық құбылыс емес. Сондай-ақ, көшпелілердің елден асқан артықшылығы немесе көштен қалған кемшілігі еді деудің де қисыны жоқ. Мұны, ең алдымен табиғи-тарихи жағдайдың нәтижесінде пайда болған оқшау бітімдегі шарушылық-мәдени типі ретінде тану керек. Сонда ғана, көшпелілер мәдениеті деген ұғым тосаңдау термин деңгейінде қалмай, оның экожүйемен кіндіктес тарихи-элеуметтік төл тұлғасы жарқырап шыға келеді. Ал кез келген мәдени үлгі – жалпы адамзат баласының рухани алтын қоры. Қоршаған ортаның табиғи бітімі мен ресурстары материалдық өндіріс жүйесінің алғышарты бола отырып, сол қоғамның бітім-болмысына, даму сатыларына, шаруашылық-мәдени жаңғыруына ықпал етеді» [1, б. 439], – деп жазып, тұжырым жасаған.

А.Сейдімбек еңбегінде тағы: «Осынау басы ашық ой-тұжырымды қазақтың дәстүрлі шаруашылық-мәдени типімен, төлтума мәдениетімен сабақтастыра отырып, оның оқшау типті қоғамдық элеуметтік құрылысы, өмір салты, дәстүрі, ойлау жүйесі, моральдық-этикалық нормалары, алуан арналы өнері, тіптен физиологиялық және антропологиялық қасиеттеріне дейін көшелі ойдың арқауы етуге болады. Біз осынау аса күрделі мәселені қаперде ұстай отырып, қазақтың қара өлеңіне қатысты ой-жосықты одан әрі саралай түсеміз. Яғни, қазақтың қара өлеңіндегі Адам мен Табиғат, Қоғам мен Табиғат арасында өтетін күрделі байланыстардың қандай өреде көрініс табатынын сөз етеміз. Қара өлең халықтың ең бір демократияшыл шығармашылығы болғандықтан да, оның әрбір нұсқасынан халықтың өмір-салт және дүниетанымдық болмысы айқын көрініп отырады. Ал табиғат аясы қазақ халқының халық болып қалыптасуы жолындағы өмір-салт алаңы ғана емес, сонымен бірге, барша тіршілік-болмысының негізі де. Демек дейді, – А.Сейдімбек одан әрі, – әдебиет пен өнер туындылары арқылы қазақ халқының төл мәдени-рухани тұлғасын айқындауда Адам мен Табиғат, Қоғам мен Табиғат байланысын ұдайы қаперде ұстап отырудың мәні айрықша» [1, б. 439], – деп жазды.

Қазақ қоғамының құрылуында «Алаша хан» ұғымының орны да ерекше. Көшпелі қазақ Алаша ханға арнап өлең шығарды, оның атын жырға қосты. Бұл туралы А.Сейдімбек: «Қотан би: «Нағыз ер болса, елге қорған, жұртқа пана болар, ордаға шақырайық», – деп, Үйсін деген үлкен ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырады. Үйсін Алашаны іздеп тауып, таныс-біліс болған соң, сонда қалып қояды. Келесі жолы Қотан би Ақжол (Болат деп те айтылады) деген баласының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырса, олар да қайтпапты. Сөйтіп, Алашаға келіп қосылған үш жүз жігіт үлкен күшке айналып, төңірегіне ықпалын жүргізіп, өсіп-өнеді. Алаша хан болып, қарауындағы ел Алаш жұрты атанады. Алаш жұрты өсіп-өне келе Үйсін бастаған жүз жігіттің әулеттері – Ұлы жүз, Ақжол бастаған жүз жігіттің әулеттері – Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіттің әулеттері – Кіші жүз болып белгіленді» [2, б. 215], – деп келтірді. Ал, өлең мен аңызды салыстырып қарасаңыз оқиға желісі бірдей, тіпті, есімдерде өзгеріссіз қолданылғын.



Ақселеу Сейдімбек Астанада қазақ зиялы қауымының арасында

Бұхар жырау әз Тәуке хан заманында әз Тәйтеке бимен, Қазыбек бимен бірге жүрген әрі еліне бірге қызмет атқарған адам. Ауру меңзеп, шаршаған кезінде Әулие Тәйтеке «О, дүние» деген дастан жазған, ал оны халыққа насихаттап жырлаған Бұхар жырау болыпты. Бізге бұл дастанды Ақселеу Сейдімбек аға қажылыққа барар алдында берген, Ақаң сол кезде Алматыда Білім академиясының президенті болып қызмет атқарып жүрген. Төменде келтірілген өлең жолдары осы дастаннан үзінді.

Дүниені аңсап туып, асық өскен,
Дүниеге адам қонақ, түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған, ата-бабам,
Солардың ізі жатыр, тозаң өшкен.
Дүние деген ойласам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне, қонақ екен.
Қызғалдақтай жайнаған, жас өмірің,
Қазан ұрмай, қар жаумай, солады екен.
Дүние жанып сөнген, пеш секілді,
Не қызарып батқан, кеш секілді.
Несіне тірімін деп, мақтанасың,
Бұл дүние бір көрген, түс секілді.
Дүние, бір қисық жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас, құралмаған.
Күніне мың бір пәле, көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе, бір Алладан.
Дүние, қарап тұрсам, бір кең сарай,
Сарайға көзім талды, қарай-қарай.

Тағдыр мен Тәңірге жала жаппа,
Өзінен ер жігіттің, бақ пен талай.
Дүние қудым сені, жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы, балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Қойдың ғой дыйдарыңды, танытпай-ақ.
Дүние өтерінде, сынаптайсың,
Таудан жылжып аққан, бұлақтайсың.
Басынан талай ердің, аттай теуіп,
Сұм жалған қайда барып, тұрақтайсың.
Дүние ойлап тұрсам, бір сергелдең,
Жақсы атың жоқ болса, өлгенмен тең.
Досың келіп үйіңнен, құр аттанса,
Қара жерге тепкілеп, көмгенмен тең.
Дүние қудым сені, жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы, балықтай-ақ.
Біреуге мал мен бақты, қатар беріп,
Біреуді қойдың құдай, жарытпай-ақ.
Дүние жеткізбейді, қуғанменен,
Өтеді күндер шіркін, думанменен.
Жатасың жалғыз өзің, жапан түзде,
Атадан алтау болып, туғанменен.
Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне, қонақ екен.
Сыйласып екі жұбай, тату болса,
Дүниенің бар қызығы, сол-ақ екен.

Дүние қудым сені, бала жастан,
Өмірдің аз-көбіне, қарамастан.
Күл де ойна, күл жайна, осындайда,
Бұл дүние әлі-ақ өтер, ғазиз бастан.
Дүние ойлап тұрсам, қос уыстай,
Түрленген қайран күнім, тоты құстай.
Барында оралыңның, ойна да күл,
Қалармыз әр төбеде, қосылыспай.
Дүние қудым сені, он жасымнан,
Тартады денем ауыр, қорғасыннан.
Үстінен су төгілмес, майда жорға,
Танады ол да бір күн, жорғасынан.
Дүние ойлап тұрсам, шолақ екен,
Қарағай басын кессе, молақ екен.
Он бес пен жиырма бес, қайран отыз,
Үшеуі, үш күн қонған, қонақ екен.
Дүние, ойлап тұрсаң, шекер дүние,

Байға қызык, жарлыға, бекер дүние.
Барында оралыңның, ойна да күл,
Опасыз, бір күн тастап, кетер дүние.
Дегенде, дүние шіркін, өтер-кетер,
Түбіне, сұм дүниенің, кімдер жетер.
Қадір тұт, бір-біріңе құрмет көрсет,
Тірлікте сыйластыққа, барма жетер.
Ағайын жат та болса, көзге тәуір,
Өкпем жоқ, кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп салған найзасынан,
Досымның саусағымен шерткені ауыр.
Ұшып жүрген аспанда, ұлар ма екен,
Атып алса баласын, жылар ма екен.
Атып алып, баласы жылар болса,
Көкіректен шыбын жан, шығар ма екен.
Ат жақсы арғымақтан, шабыс болса,
Жат жақсы ағайыннан, таныс болса.
Дұшпан түгіл досың да, табалайды,
Аяғың бір нәрседен, шалыс болса.
Үнемі қолда тұрмас, бақыт-байлық,
Жаманның пайдасы жоқ, шөкім шайлық.
Бар болса ағайынның заалалы жоқ,
Дегендей бірде сулық, бірде майлық.
Қам сүт іштік анадан, піскен емес,
Таудай үлкен күнәміз, кішкене емес.
Сол күнәға соншама қоссақ-тағы,
Кешем десе құдайға ештеңе емес.

Кісі емес, кісі артынан, жамандаған,
Дос емес, дос көңілін, таба алмаған.
Қолына кей жаманның, тұлпар түссе,
Айызын бір қандырып, шаба алмаған.
Жаманнан жақсы шықпас, мақтағанмен,
Жабыдан тұлпар шықпас, баптағанмен.
Ителгі қайырсаңда, түлкі алмайды,
Алтынмен томағасын, қаптағанмен.
Би болмас, белін жалпақ, буғанменен,
Ағармас, қас наданды, жуғанменен.
Білгенге ақыл басқа, ажар басқа,
Не пайда, өте әдемі, туғанменен.
Өлеңді айт дегенде, айтпаған кім,
Жарық жоқ, өлгенге, қараңғы түн.
Бірінді бірің сыйла тіршілікте,
Біріңе бірің мейман, азғана күн.

Аз ойлаған алысқа, болмас жолдас,
Татқан тұзға қас қылған, жігіт оңбас.
Қызығы бұл дүниенің, сыйластықта,
Саясы жоқ ағашқа, бұлбұл қонбас.
Дариға, ағып жатқан, суда мін жоқ,
Өлдім деп білдіруге, малда тіл жоқ.
Басынан бақ пен дәулет, тайғаннан соң,
Сенделген, мекен таппай, ерде күн жоқ
Шын жақсы барған жанды, қош алады,
Қаскөйлер болмашы үшін, өш алады.
Дос көріп, кей залымды, жақын тұтсаң,
Жаныңды кеудеңдегі, қоса алады.
Өткен күн, ойлап тұрсаң, белгісіз ғой,
Қол бұлғап, шақырғанмен, келгісіз ғой.
Жолдас болсаң, жігіттер, жақсымен бол,
Бір сөзі мың ділдаға, бергісіз ғой.
Арыстаннан өлген соң, тышқан артық,
Есер достан зиялы, дұшпан артық.
Кей жаманның қолына гауһар түсссе,
Қоя алмайды бағасын, мыстан артық.
Арғымақ алыс жүрмес, талған сайын,
Жуан ағаш кемиді, жарған сайын.
Асырауын кем қылсаң, хас жүйріктің,
Шабысы бәсең тартар, барған сайын.
Елімнің бір жайлауы, Құрымбай саз,
Жайлаған, алты ай жазда, сары ала қаз.
Шолпандай таң алдында, туып батқан,
Дариға-ай, мен қайтейін, ғұмырым аз.

Қыйын екен жігітке, жұртқа жақпақ,
Жақсы, жаман көңілін, бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып, жүрсең-дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.
Дүние, келерінде, бұлақтайсың,
Кетерінде сырғыған, сынаптайсың.
Жанына жақсылардың, аялдамай,
Дүние, қайда барып, тұрақтайсың [3, б. 129-147].

Қазақта қара өлеңнің қоғам мен табиғатқа қатысы – сезімдік-поэтикалық қатынас. Қазақ өлеңінде табиғатты кең дүниемен, ғарышпен астастыра айтады. Сол кең сарай табиғат аясында өтетін адамның өмірі мен тіршілігі біртұтас жаралым ретінде көрініс табады. Енді біраз Ақселеу Сейдімбектің мына сөзіне назар аударайық: «Қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде кең дүние, табиғат, ғарыш универсумы, түптеп келгенде, Адам – Қоғам – Табиғат үшеуінің тарихи-

әлеуметтік тұтастығы ретінде зерделенеді. Сондықтан қара өлеңнің табиғат туралы дәстүрлі үлгілері:

Дүние, қарап тұрсам, бір кең сарай,
Сарайға көзім талды, қарай-қарай...

Немесе:
Дүние, бір қисық жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, мал менен бас, құралмаған...

Сондай-ақ:
Дүние қудым сені, жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы, балықтай-ақ!...

деп басталып, Адам – Қоғам – Табиғат ұдайы жанды қарым-қатынасқа түсіп отырады. Өмірдің пендеге лайықты қызық-қуанышы тек қана осы үшеуінің (Адамның, Қоғамның, Табиғаттың) үйлесе тіл табысуында деп білеміз. Бұл – көшпелі өмір салтының табиғатпен тікелей тамырласып жататын әлеуметтік-экономикалық болмысы қалыптастырған психология. Және тіліне, танымына, салт-дәстүріне, өмір сүру тәсіліне тапжылмастай болып орныққан өзекжарды психология. Адамзат қоғамының көптеген тарихи-әлеуметтік үлгілері табиғатты тану тәжірибесін ғасырлар бойы жинақтап, ақыр аяғында сол табиғатқа өктемдік көрсете алатын деңгейге жетсе, көшпелілер әу бастан-ақ өмір-тіршіліктің кепілі табиғатпен тіл табысу деп таныған. Табиғат өмір-тіршіліктің кепілі болғандықтан көшпелілер санасына әрі күдіретті, әрі киелі, әрі сұлу, әрі таза, әрі мәрт тұлғасымен ұялаған. Сондықтан қазақ халқы өзінің жүрек сөзіндей қара өлеңдерінде қолынан келген жақсылығын табиғатқа арнайды»[1, б. 440].

Қара өлең болмысындағы табиғатқа деген қарым-қатынас діни наным-сенімнен ада, өмір-салттың қажеттілігі ретінде көрініс тауып отырады. Сол өмір-салт қажеттілігі дүние-тіршіліктің барлық жағдайына орай салт, дәстүр, ырым, сенім, тыйым, мораль, этика түрінде қапысыз жүзеге асып жатады.

Осы дастанның 4-ші шумағы ел ішінде былай айтылады:

Дүние, бір қисық жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Күніне мың бір пәле, көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе, бір Алладан.

Өлеңнің осы шумағы сан құбылып, ел ішінде көп тараған. Бұл халықтың Әулиеге деген зор құрметі әрі оны өзіне үлгі тұтуы болса керек. Белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек осы шумақты қазақ зиялылары өздеріне үлгі қылып айтқан бірнеше өлең үлгісін берді [3, б. 94-95]. Төменде назар аударыңыздар.

Қожаберген жырау айтыпты-мыс:

Дүние бір соқпақ жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Түбіне сол дүниенің жетемін деп,
Бай мен би, содан мойнын, бұра алмаған.

Ыбырай Алтынсарин:
Жүйрікте, болмайды көрік, сыналмаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Меңзеген асқар тауға, есіл көңіл,
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған.

Ақмолда:
Дүние, бір қисық жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Жол ауыр, «пақырмын» деп, тоқтап қалма,
Үміт үзбе, жақсылық күт, тек Алладан.

Әжек пен Шәріпжамал айтысынан:
Дүние, бір қисық жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Әр іске асық болма, сөз қуарлық,
Өмірің алдап кетер, тұманданған.

Мұхит Мералыұлы:
Дүние, қызыл түлкі, бұлаңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Меңзеген асқар тауға, есіл көңіл,
Дүниеде еш нәрседен, тына алмаған.

Серәлі Еруәліұлы:
Дүние, сұлу қыздай, бұраңдаған,
Қуа алмай шыққан соң, тұра алмадым.
Басынды қанша шарға, салсаң-дағы,
Дегені болады екен, бір Алланың.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:
Дүние, бір қысқа жол, бұраңдаған,
Бақ тайса, ерге дәулет, құралмаған.
Күніне мың бір пәле, көрсең-дағы,
Сонда да күдер үзбе, бір Алладан.

Бабамыз әз Тәйтеке бидің айтқан сөзі сол заманнан бері атадан балаға үлгі болып айтылып келеді. Әулие айтты деген сөзді талай ақын, талай жырау жырғып айтты. Талай шешен өзіне өнеге қылды. Оның сөзі талай өңделді, талай

өзгерді, талай қысқарды, талай ұзарды. Әр жыршы өзінше айтып жеткізді. «Сондықтан болар, – дейді Ақселеу Сейдімбек, – Әулие бабаларымыздың сөзінде нұсқа көп. Бәрі де халық сөзі болып кеткен, ол дұрыс та, өйткені кемеңгер бабамыздың бәрі де, – бір қазақтың перзенті [2; 3]. Жоғарыда аталған Алаша ханның жолын қуған бабамыздың бірі – осы Әулие Тәйтеке би.

Әулие Тәйтекенің болжамы

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының дерегі.

«Тәйтеке би ауырып жатыр», – деген соң, Айдаболдан – Төлебай, Күліктен – Шобалай, Орманшыдан – Қарабай, – осы үш кісі Тәйтекенің көңілін сұрай барған екен. Сонда Тәйтеке би:

- Басымдағы күләмді Шобалайға бер, таяғымды Төлебайға бер, кебісімді Қарабайға бер! – депті.

Сонда Қарабай айтыпты:

- «Бас болсын!» – деп, күләнді Шобалайға бердің. «Таяғы жұрт үстінде болсын!» – деп, таяғыңды Төлебайға бердің. «Осы екеуінің аяғының астында болсын!» – деп, кебісінді маған бердің! – деген екен.

Мырзағұл – Шаржасы Шорманның бабасы, Тәйтекенің жиені, бұлардан он сегіз күн барып, Тәйтекенің басын сүйеп отыр екен:

- Маған ештеңе бермеді! – деп, басын тастап, далаға шығып кеткен екен.

Мырзағұлды шақырып алып айтқан екен:

- Шобалайға күләмді берсем, бұларда болған бақ зорлықшыл омырау бақ болады. Төлебайға таяғымды берсем, бұларда бақ – күншіл бақ: бірінде болған бақты бірі күнде кетіргенше асығады. Қарабайға кебіс берсем, «жынжы бақ» – деген бақ болады: саған терім сіңген көсемді берейін, жеті атаңа дейін бақ кетпесін! – деген екен.

Айтқаны дәл келіп, Заржанға дейін жеті ата болады. Тәнті – жұрт басы, Балқожа – арқасы – Орманшы кісілері. Бұларға қонған бақ, айтқанындай, шолақ бақ болды. Төлебайға берген бақ күншіл бақ болды [4, б. 148-149].

Әулиенің тегі туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы былай таратады.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді – Сәрік]. Оразкелдіден – Тәңірберді, Сәрік болған. Сәріктің балалары: Қожамберді, Тоқтас, Қожағұл. Тоқтастың бір баласы Тәйтеке болған [5, б. 352].

Мәшһүр-Жүсіп тағы: «Әз Тәйтеке – бір өзіне жеті ат қойылған: әз Тәйтеке, би Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, құт Тәйтеке, «алшын Тәйтеке би», «арғын Тәйтеке би» [5, б. 352], – атанған екен. Иә, бұл халықтың Әулиеге деген зор құрметі әрі оны өзіне етене жақын тартуы болса керек.

Сонымен қоса, әз Тәйтеке бидің өмірінің соңында айтқан мына төмендегі сөзі сол заманнан бері атадан балаға үлгі болып айтылып келеді.

«Жер адамның анасы, Адам жерден, топырақтан жаралған. Жерсіз қорек жоқ. Елсіз тірек жоқ. Жерді сату – елді, отанын сату. Жер дауы – жесір дауы. Жер сатылса, мұхиттың ар жағындағы сайтан келіп билейді.

Қазақ жерін ұрпағы үшін сақтаған,
Жер біздің анамыз, анамызды сатпаған.
Ата-бабамыз қалдырған жерді сатпа,
Келешектің тамырына балта шаппа».

Қорытынды орнына, біз мақаланы Әулие әз Тәйтеке бидің мына төмендегі бір шумақ өлеңімен аяқтауды дұрыс санадық:

Түн қараңғы, күндізді, бұлт деменіз,
Мынау жарлы, мынау бай, күндеменіз.
Ата-ананы сыйламаған ұл мен қызды,
Аузы түкті, кәсірден, кем көрменіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т.2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 816 бет. ISBN 978-601-292-131-1
- 2 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Шежірелік деректерді пайымдау. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б. ISBN 9965-35-463-4
3. Мың бір маржан: қара өлең табиғаты /Құраст. А.Сейдімбеков. – Алматы: Өнер, 1989. – 256 б. ISBN 5-89840-075-3
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2005. – 396 б. ISBN 9965-808-92-9
5. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2007. – 445 б. ISBN 9965-808-92-9

А. СЕЙДІМБЕК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫ

Талас ОМАРБЕКОВ,
т.ғ.д., профессор

АҚСЕЛЕУ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Саналы ғұмырын сахарасын зерттеуге арнап, ұлтының жоғын түгендеген Ақселеу Сейдімбек енді біздің ортамызға қайта оралмайды. Бірақ өзі болмағанмен, сөзі қалды. Өшпес, өлмес мұрасы қалды. Соған шүкір етеміз.

Көзді ашып-жұмғанша қырық күн де өте шығыпты. Қазақтың Ақселеуінсіз өткен қырық күн.

«Асқар тау алыстаған сайын зорая түседі» деген тәмсіл бар. Ақаңның алып бейнесі күн өткен сайын зорая түсуде. Бүгінгі қазақ қоғамының көзі жеткен шындықтың бірі бұл. Өйткені Ақаңды жоқтаған, оның өнегелі өмірін айтқан адамдар күн өткен сайын көбейіп келеді. Біз бүгін соның бір бөлігін жариялап отырмыз.

Ақселеу туралы аңыз шарана шырылдап жөргекте жатқанда басталыпты. Осылай деп естуші едік, аңыздың ақиқатын көзбен көрген адам томсарып тұрып тіл қатты. Бұл – Жаңарқаның Қызылтау ауылы еді. Ақаңның 50 жылдығы. Сонда әкесінің көзін көрген ақсақал:

– Слан соғысқа кетіп бара жатып, қара жолдан қайрылып кеп, жөргекте сапсары боп жатқан Ақселеуге шұқшиып бір еңкейіп кеткенде... ішіміз шым ете қалды. Ұзамай әкесінен қара қағаз келді. Оған да елу жыл болыпты-ау, – деді.

Бұл әңгімені бұрын да естігенбіз. Мерейтойдың қадірлі қонақтары – Кәдірбек пен Серік Әбдірайым, Қуанышбай мен Кәрібай, Шерағаң мен Асанәлі тым-тырыс бола қалды. Аңыз түбі ақиқат екен. Ақаңды аңыздан жаралған демей не дерсің. Жүрген жері – есте қалар елеулі оқиға, айтқыштық пен көргіштік. Тағдыр осы бір қасиетті бесіктен бұйыртқан ба деп қаласың.

Жаңарқаның мәдениет үйінде салтанат өтіп, Ақаңның әндері мен күйлері тыңдалды. Жергілікті әнші «Дәурен-айды» орындады. Бұл әннің де бойына шақ аңызы бар. Міне, былай. ...Ақаң ақын Несіпбекке қолқа салады. «Осындай бір әуенге сөз жаз» деп. – Мұңлылау болсын, бірақ өмірге деген құштарлық көрініп тұрсын». Несіпбектің «мақұлы» ұзаққа созылады. Бір күні шұғыл үйіне шақырып, алдына қазы-қарта мен көңіл тербер орыстың «қымызын» қойып, сыртынан құлыптап кетеді. Түсте келсе, «Дәурен-ай» дайын...

– Жастық дәурен тұрмас,
Қайта мойын бұрмас,
Тоқтамастай,

Шапқан аттай,
Атқан оқтай, дәурен-ай!
Өмір көркі тозбас,
Одан ешкім озбас,
Ескен желдей,
Көшкен сеңдей,
Аққан селдей, дәурен-ай!
Аспандап алатын,
Асқақ қанатым,
Саған да кез келер, беу, шіркін,
Тыным табатын.., – дейді.

Ән орындалғанда алдыңғы қатарда отырған анасы Кәтеп «үһілеп» қалды. Сланнан он тоғызында қалған өзінің, әкесінен жөргекте қалған ұлының күн шуақты сағынған кездерін ойлап «үһілемеді» дейсің бе?!

Саған да кез келер, беу, шіркін,
Тыным табатын, – деп аяқталған «Дәурен-айдың» артында қалған аңыз осы. Тау етегіндегі қалың қоғалы қорысқа шықтық.

– Мынау Сәкен ойнап өскен тау. Мына тастың үстіне бала Сәкен талай шығып, түсе алмай шырылдап тұрған. Сейфолланың Сәкені өз биігінен түсе алмай кетті ғой, – деді Ақаң тау етегіндегі қой тастың үстінде тіп-тік тұрып.

– Көріп тұрғандай ғып айтуын қарашы, – деді Кәдірбек.

– Мынау қалың қопа. Осы жерде жергілікті жұрт жолбарыс аулаған. Жолбарыс кірпік қаққанда атылады ғой. Тарақтылардың кірпігі бұйра, күн өтпейді, кірпік қақпайды. Олар оқ шығындамай-ақ көзбен арбап алады екен...

– Тыңдап тұра береміз бе?! – деді Кәрағаң-Кәрібай.

– Тегін сөзді тыңдай берейік те, – деді Қуағаң-Қуанышбай ішек-сілесі қатып...

Ақаңның 60 жылдығы. Астана Ақмолада. Ең үлкен мейрамхана. Ығай мен сығай. Жаңа астана, жаңаша тіршілік, жаңаша көңіл-күй. Бұның бәрі қолымызға тиген тәуелсіздік деген тізгіннің әсері.

Бір ұста досы Ақселеуге қылыш сыйлады. Қолына ұстаған күйі: «Бұны мен Асекеңе сыйлаймын», – деп, «Бекежан-ағасына» табыс етті. Асекең зілдей ауыр қылышпен ауа қармап тұрып:

– Кімнің басын кессем екен?! – деп тісін қайрады.

– Депутаттардың, – деп айқайлады Хасен Қожа-Ахмет.

– Кессең кес. Жанпида! – деген Шерағаңның жан даусы шықты.

Бұл кеште Әбдіжәмил Нұрпейісовтен басқа ешкімге сөз берілмеді. Ән мен күй, «Ақселеу айтыпты, Ақселеу куә болыпты» деген жанды әзіл-күлкі мерейтойдың мәртебесін көтерді. Бұл да бір өзгешелік еді. Бұл – Ақаңның соңғы мүшелге бет алуы – өзі көрген ақырғы мерейтойы болатын.

1970 жыл. Коммунистік партияның Бас хатшысы Брежнев Қазақстанның 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте республика ауыл шаруашылығының тарландары жайлы айта келіп, 13 бала тәрбиелеген «Батыр Ана», күріш өсіріп, мол өнім алып отырған Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы Ұлбала

Алтайбаеваға тоқталды. «...Демек, Алтайбаева жолдас екі мәрте ер» деп түйіндеді сөзін. «Социалистік Қазақстанның» қызметкері Ақаң салып ұрып Шиелідегі әпкесін іздеп келді. «Арқадан бауырым келді» деп Ұлбала тай сойды. Бұл – диқан мен қаламгердің бір інкәр көңіл беттесуі болды, екі ұрпақ өкілінің сұхбаты бозала таңға ұласты. Ақселеу соғыстан қайтпаған әкесін ойлап отырды. «Әкем тірі болғанда мынау әпкеммен, мынау отырған ағаммен үзеңгілес болар еді-ау» деген бұлдыр елес көз алдынан көлең етті. Арқаның жігіті Сәбит Мұқановтың «Сырдарияны» қалай жазғанын таңдай қағып, қайта-қайта сұрады. Қауынның ішіне үнгіп кіріп кеткен салпаң құлақ сұр есектің күй талғамайтын көнбістігіне таң қалды. Сәбеңнің туған ағасындай болған, ақ күріш өскен топырақтың тамыршысы Ыбырай Жақаев әкесіне жүрексіне барып сәлем берді. Оның да соғыстан қайтпаған ұлы Ақылбек әкесі Сланмен құрдас боп шықты. Сәбең диқанның қасында талай күн мен түнді сарп етіп, «Сырдария» өмірге келді. Сұр есекті қауынның ішіне кеулеп кіргізіп жібергені өлмес аңызға айналса, Ақселеудің Ұлбала Алтайбаеваны іздеп келуі де Сыр жұрты үшін артында аңыздай әсері қалған ұмытылмас сапар болды.

Алпысында киелі Түркістан жұрты шақырды. Ақаң Ахмет пен Міржақып бабаларына ұқсап таяқ ұстап барды.

– Ақселеу-ау, аяғың ауырып қалған ба? Таяқ ұстап қапсың-ау, – деді алдынан шыққан ақсақал алыстан келген қонағына шын жаны ашып.

– Бір... киелі ағаштан жасалған таяқ еді, – деп сексеннің сеңгіріндегі ақсақалдың алдында абдырап қалған Ақаң таяғын тастап жүре берді.

Түркістанда «Қазақтың ауызша тарихының» негізінде шежіре жайлы баяндама жасады. Шашын тықырлап алғызып тастаған жігіттің төбесіне Оңтүстіктің күні тік шаншылып, шілденің шіліңгіріне сыр бермей әр сөзін баптап оқып тұрған азаматтың жанкештілігіне тәнті болған бір үлкен кісі басындағы ақ тақиясын шешіп ап төбесіне қонжиытты.

– Рахмет, аға, шыдаймын ғой, – деп саспай сөйлеп, баяндамасын әрі жалғастырды.

Бұл – «соғыс көрген әкеден жаралып, соғыс көрген ананы емген» азаматтың кірпияздық, төрелік қасиеті еді.

Есіл бойында өткен Байғозы батырдың 300 жылдық атаулы тойында да аңырақай аспан астында шекесін Күнге қақтап тұрып баяндама жасап, үлкен-кішінің ілтипатына бөленді, Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Әбіш Кекілбаевтар сөз сөйлеп, риза пейілдерін білдірді.

Студент күнімде «Қыр хикаялары» деген жұқа кітап қолыма түсіп, «Қазақ әдебиетінде» пікір білдіріп едім, «Ниетіңе рахмет!» деді танысқан жерде. Сонан бері «Ақселеу айтыпты» деген сөзге құлақ түре жүремін. Сан мәрте сапарлас болдым. «Күй кітабы» мен «Қазақтың ауызша тарихын» жақын көңіл – жылы қолтаңбамен ұсынды. Жақсы сөзге жан семіреді. Елуімде «Егеменде» ағалық лебізін білдірді. Досы Қойшығара екеуі Ақаң мен Жақандай жұптары жазылмай жүруші еді. Ақаң келген жер самала жұлдыздың жарығы түскендей жайнап кететін. «Ақаң айтыпты» деген сөздің өзі отырған жерді нұрлы шуаққа бөлеп, езулер ыржиып, қазақы көңілдің күңгір-күңгір күмбезі тігілетін. Әйтеуір

Ақселеу аты аталған жерде ұлттық болмыстың желкені желбіреп, бір қазақы әлем бой көтеретін.

Баладай аңқау еді. «Білім және еңбекте» бас редактор кезінде, «Редактор бағанына» «Құлан» атты мақала жазып, бөлім меңгерушісі Алпысбай Шымырбаевқа ұсыныпты. Ертесіне: «Қарадың ба?» десе, жерге ұрып алғандай Алпысбай:

– Ақа, Бұқар жырау «Аяғы жоқ, қолы жоқ, Құлан қайтіп күн көрер, Құйрығы жоқ, жалы жоқ, Жылан қайтіп күн көрер» деген емес пе. Сіздің мақалаңыз «Бала күнімізде ауыл шетіндегі жылғадан су ішіп тұрған құйрық-жалы төгілген құланды көп көруші едік» деп басталыпты. Бұқар жырау екеуіңізде сәйкестік болмай тұр ғой, – депті.

– Өзіме берші. Бала кездің әсері қалмайды ғой, – деп тартпасына сап қойыпты...

Адал адам – аңғал. «Адамдық түбі – адалдық, адалдық түбі – жамандық» – жүрегін жарып шыққан өз мәтелі. Көкірегінде қара дағы жоқ адам өмірде ағат айтам-ау деп, ізімді иіскелеп, табаныма таңба басады-ау деп өмірі сақтанбайды. Ақанның артында қалған аңыздар да осындай аңғал мінез-құлықтың сарқынды сыры.

Мемлекеттік сыйлық алған «Қазақтың күй өнері» кітабының «Сауғасында»: «Жиырмамыншы ғасыр қазақ халқының тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани тағдыры үшін айырық ғасыр болды... Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіннен шыққан балаңа «біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал, өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана», – дедің. Өзіндік табиғи болмысыңмен, қалам қуатыңмен сол ұрпақты сақтап қалуға бір Адам барын салса, ол – өзіңсің, Ақа!

Ұрпақ қамы жүрегінде лаулап, жалын боп күйдіріп кетті. Бұл туралы шаршы топта айттың да, баспасөзде жаздың та, мәмілелі жерлерде мәселе ғып көтердің де. Оның игілігін жаңа қоғам мен жаңа Адам көрер. Бір үйде тұрған көршісі – тілінің бізі бар Көпен көргені мен көрмегенін қосып бір айтқан екен, ол да қазір аңыз боп ауызда жүр.

...Есік алдында иығында ақ шапан, басында ақ қалпақ, қолына ақ таяғын ұстап, бүгінгінің Абылайы – Ақаң отыр, дейді.

– Балалар-ей, орысша сөйлемендер, қазақша сөйлеңдер. Ләңгі ойнамандар, асық ойнаңдар. Уһ! Заман-ай! – деп, ақ таяғымен қара жерді қойып қалғанда, бір бала артына бұрылып:

– Надоело это старик! – депті...

Бұл аңыз-әңгіме Ақанның біртуар бейнесін сомдай түседі, өйткені артында Адам тағдыры тұр.

Ағаларының атын байлап, құрдастарына қорғасындай салмағымен сыйлы бола білген Ақаң соңынан ерген інілерінің алдында Алатаудай асқақ, Қаратаудай қазыналы кеніш еді. Ол – кісі тани білетін, біреудің бойында барды бағалай білетін. Біздің курстасымыз Жәнібек Кәрменов орындаушылық шеберлігімен Қазақстан комсомолы сыйлығына ұсынылғанда Қазақ теледидарында екеуі ән-

сұхбат жүргізіп, өнер өресін аспанға бір шығарып тастады. Бұл – 80-жылдары ән өнеріндегі һәм кеңестік дәуірдің бағдарламасына бағынған Қазақ теледидарындағы құбылыс болды. Қалың көрермен қайталап көруден жалықпады, «Алтын қорға» алынды. Ән-сұхбаттың артында аңыз қалды. «Қазақ әдебиетіне» Еркін Нұразхан екі кейіпкердің қарама-қарсы отырған шарж-бейнесін салып, «Жәнібек ән салады, Ақселеу тамсанады» деп Жарасқан достық әзіл жазды. Ол әлгі күнге елдің аузында. Тірліктегі ағалы-інілі жүректер енді ақыретте табысып жатқан болар.

Бірге оқыған курстасы Әбдіраштың Жарасқаны «Құлпытас» деп атап кеткен эпитафия кітабында Ақселеуге былайша эпитаграмма арнады:

Бойы бар ерек көрінер!

Ойы бар зерек өрілер!

Жазушы,

әнші

һәм күйші,

саятшы,

ұста,

зергер...

Сөзіне сенсең – осындай,

өзіне сенсең – досыңдай.

Көкпарға түсіп кетпегей,

бәрінің басы қосылмай...

Ол 70-ке жетпеген ғұмырында Құдай бойына дарытқан қабілеттің бәрінің басын біріктіріп кетті. Артында аңыз қалды. Ақаңның ат баптауы, мылтық ұстауы, Сарыарқаның саздарын шертуі, алабөтен шешендігі, «саяттағы», «серілігі», бір атым насыбайды билерше керіліп, бипаздай атуы... Ақаң туралы аңыз осылай Көкке өрлейді. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды. Ең бастысы, артында том-том боп тасқа басылған сөзі қалды. Енді «Ақаң келеді» деп жолын тоспаймыз, «Ақаң айтып еді» деп өмірдің өткен шағымен сөйлейміз.

Ақаң туралы аңыз айтыла береді.

Берік РАХЫМОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕР ШЕЖІРЕСІ

Жер бетіндегі ғұмыр кешіп жатқан елдер мен халықтардың рухани құндылығы мен мәдениетіне үңілгенде ең алдымен парасаттылығын парықтауды фольклорынан іздейміз. Дария бастауы – бұлақ болса, адамзаттың алғашқы арманы мен тұрмыс-тіршілік үшін күрес ақпары сонда екенін ғылым анықтаған. Халық даналығының шежіресінен тарихшы, тілші, этнограф, педагог, психолог,

философ, өнер танушы тағы басқалар болсын керегін табады. Әрбір ұлт пен ұлыстың болмыс-бітімі, дүние туралы таным-түсінігі, салт-дәстүрі тілі мен дінінде синкреттілік тән төлтума болмысы фольклордан сәуле шашады. Солай екені шындық. Алайда, рухани құндылықтарды қаз-қалпында жинақтап, шашпай-төкпей дер кезінде хатқа түсіріп алу жағынан біздің кем-кетіктеріміз бар еді. Екіншіден, ұлттық фольклорымызды түбегейлі тексеріп, тереңдей ғылыми талдаулар жасауға Кеңес дәуірінің кедергілері болып бақты. Қазақстандағы жоғары оқу орындарында фольклортанушы ғалымдар жетіспеді. Ұлттық фольклортану ғылымының тынысы тарылып, тар шеңберде ғана ғылыми зерттеулер жүргізілді. Қасаң қағидалардан асып кеткендер болса, дереу сынға алынып келді. Ұлтсыздандыру жолындағы майданға білек сыбана кіріскендердің айы оңынан туып, ұлтжандылардың жұлдызы жарқырамады. Көшпелілердің дәурені өтіп, Кеңес дәуірі кері кеткен тұста дербес ел болу мәселесі күн тәртібіне түсті. Міне, осы кезде ұлтқа қажеттіліктер фольклордан табылды. Фольклортану ғылымына жаңа толқын қосылып, үлкен ізденістерге жол ашылды. Осы толқынның ішінде өзіндік ізденісімен оқшауланып, күрмеуі қиын тақырыптарға бара білген белгілі жазушы, талантты журналист дәулескер күйші, сәулелі сазгер Ақселеу Сейдімбек те бар еді.

Кейде өмірдің өзі де алтын әріппен жазылатын адамға тосын сый, сәттілікке қадам жасайды. 1986 жылты Желтоқсан оқиғасына байланысты қудаланып, баспасөз атаулыдан аластатылғандардың бірі – Ақселеу Сейдімбек болатын. Өткен өмірін ой елегінен өткізген Ақселеу де терең толғанып, шұғыл шешім жасады. Жеткен жетістігін, биік беделін, жанашыр жұрттың мүсіркеулерінің бәрін жиып қойып, Ұлттық Ғылым Академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтына келіп, лаборант ретінде қызметке кірісті. Оның талантын танып, бұл қызметке МҚК наразылығына қарамастан еден тазалаушының бос орнына лаборант ретінде қабылдаған сол кездегі институттың директоры Шериаздан Елеукенов. Жазушы, журналист ретіндегі қаламынан шыққан туындыларынан үлкен ізденіс, терең тебіреніс байқалатын Ақселеудің таза ғылыми іске біржола ғұмырын бағыштауы осылай басталған болатын.

Жастайынан өнерге ынтық Ақселеуге қатал уақыт үкіміне дауа осыдан табылды. Ұлттық Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының қолжазба қорларындағы мұрағаттар оның тынысын ашып, қамыққан көңіліне үлкен медеу болғаны анық. Күндізгі ісі қолжазба қоры болса, түнгі ізденісі теориялық еңбектерді қайта қарауға ауысты. Лаборанттан басталған жұмысы бірте-бірте кіші ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісіне дейін өсті. Оны көтерген әліде болса игерілмей жатқан бабалар аманаты, рухани құнды қазыналар болатын. Фольклорлық мұраларды жинау, жариялау арқылы Ақселеу Сейдімбек өзінің төл ісін тапқан еді.

Оның мақалалары, балаларға арналған «Алпамыс батыр» атты қарасөзбен жазған дүниесі мен «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбегі және ел аузынан жазып алған қазыналары, аңшылар, үңгірлер жайлы жазбалары фольклор жинаушы екендігін ерте танытқан.

Алғашқы ғылыми жұмысының тақырыбын «Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» деп алып, қазақтың қара өлеңдерін бір жүйеге келтіріп жинап, қыруар мол құндылықтарды ғылыми айналымдарға түсірген ізденістері еш кетпеді. Өзінен бұрынғы тақырыпқа қатысты жазылған теориялық елеулі ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, қара өлең жанрының бастау негізі, көркемдік табиғаты, қолданыс аясына қатысты жазылған кандидаттық диссертациясы сәтті қорғалды.

Ғылыми көпшілік Акселеудің бұл ісін қолдап, фольклортану ғылымына білікті маман қосылды деп қараса, енді бірі «айтары сонымен біткен шығар» дегенді де айтып қалды. Іле шала диссертациялық жұмыс негізіндегі «Мың бір маржан» атты монографияның жарық көруі күмәншіл бұлттың бетін сейілтті.

Данышпан жазушы Л.Толстой: Ғылым мен өнер жүрек және өкпе сияқты өзара тығыз байланысты, сондықтан бірі бұзылса, екіншісі дұрыс қызмет атқара алмайды» – десе, Хакім Абай: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», – деп күңіренген. Осы тамаша таланттардан қалған қағида Акселеудің өміріне қатысты айтылғандай еді. Қаламгердің қолынан шыққан «Сонар» атты деректі әңгімелер болып жарық көрген туындысы жоғарыдағы түйіндерді тап басып, өнер мен ғылымды берік байланысқа әкелген таланттың қырын көрсетті. Мұндағы «Өмір мен өнер», «Күретамыр», «Даналық өрнегі», «Ақын мен күй», «Суреткер және уақыт», «Жанрдың жаңа нышандары», «Экологиялық мәдениет» атты бөлімдер мен тараулардың негізгі нысанасы өнер болса, толғақты түйіні ғылыми пайымдауларға жауап беретіндігін көрсетеді. Осы еңбектің жарыққа шығуы, автор өміріне ерекше сілкініс туғызып, ғылымдағы бағыт-бағдарын саралауына жол ашты.

Ұлттық фольклортану ғылымында сөз бен саздың органикалық байланысы барлығы біршама қаузала қаралса да, түбегейлі ғылыми тұрғыдан тақырыпқа алынып, тереңдей тексерілмеген. Киелі күй аңыздарына қатысты мәселенің басы ашық болса да, оның құрылымдық жүйесі мен жеке жанрлық ерекшелігі айқындалмаған. Біз білетін Акселеу Сланұлының ғұмырының ең бір өрелі кезеңдері халқымыздың рухани құндылықтарын жинау болса, соның ішінде күй өнерін құмарта тыңдап, күйшілік өнер тарландарының мұраларын іздестіруді төл ісіне айналдырғаны аян. Оны бұл іске жетелеген өзінің күйшілігі мен күйге деген аса құштарлығы болса, екіншіден, академик Мұхтар Әуезовтің: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелері жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып жалғасуымен қатар ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме новеллаларын көп байытқан болар еді. Ұмытылып, жоғалып бара жатқан көп-көп ескі күйлердің қызық, терең сырлы, мол мағыналы аңыздары да мәдениет мұрасы болып, жөнін тауып, жолы ашылар еді», – деген ұлағатты сөзі болатын.

Жазушы ретінде қаламынан күйші, күй өнері жайлы очерк, әңгімелер жазылды. Жинақтаған күй аңыздарын жариялап отырды. Жұрт құлағына сіңісті болған, күйшілер жеткізген, ұлттық оркестрлер тартатын 500-дей күй белгілі

болса, өзінің тікелей түз жұмыстары нәтижесінде жинақтаған Ақселеу Сейдімбектің күй аңыздары 2000-нан асып кетті. Осыншалықты жинақталған қазынаның халық игілігіне айналдырудың кілті ғылымда екендігін А.Сейдімбек Әдебиет және Өнер институтына келгенде терең сезініп, өзіне қолдау білдірген академик С.Қасқабасовтың жетекшілігімен үлкен іске кірісті. Бұл кезең ел тәуелсіздігімен сәйкес келіп, құлашты еркін сермеуге тамаша сәттілік туғызды. Тақырыпқа қатысты айғақ деректерді түркі әлеміне тереңдей еніп те, байырғы көшпелілердің музыкалық мәдениетіне қатысты жәдігерлер мен мағлұматтарды сақтап қалған грек, рим, араб, парсы, қытай мұрағаттарынан іздестірді. Күйді жеткізген музыкалық аспаптардың тарихына терең үніліп, оның шығуы тегі мен қалыптасу заңдылықтарының сырын санасына сіңірді.

Қазақтың күй аңыздарының болмысынан халықтың салт-дәстүрін, дүниетанымын, өткен өмірдің сәулесі мен ізін танысың. Зерттеуші осы тұрғыдан күй аңызының тарихи деректілігі мен құрылымдық ерекшеліктерін типологиялық және поэтикалық тексерулердің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, жан-жақты саралауды басты бағдар қылып ұстаған. Нәтижесінде күй өнерінің пайда болу кезеңдері нақтыланып, әрбір күйдің тарихқа қарым-қатынасы терең түсіндірілген. Түркі тектес халықтардың музыкалық мәдениетіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың сыры айқындалған. Сөйтіп, күй аңызының дербес жанр бола алатындығы дәлелденген. Өзінің қалыптасу болмысына зер салсақ, күй аңыздары өте ерте замандар тұңғышына тартатынын ғалымның төмендегі жіктеулері көрсетеді: мифтік күй аңыздары, әпсаналық күй аңыздары, аңыздық күй аңыздары, жағдаяттық күй аңыздары.

Құдіретті күй өнерін осылайша жүйелеп алып, өзінің ғылыми негіздеулеріне қатысты дәлелді жауаптар береді. Мәселен: Мифтік күй аңыздарына – «Таукүдірет», «Қызылқан», «Шұбар киік» және т.б. күйлердің жататыны, олардың мифтік санаға қатыстылығын құрылымдық жағынан терең түсіндіріп берген. Әпсаналық күй аңыздарына «Шақыру», Қорқыттың «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Халқым-ай», «Желмая» күйлері және «Қос мүйізді Ескендір», Асанқайғының «Зар», «Желмая», «Ел айырылған», «Асанқайғы сарыны», Байжігіттің «Қайың сауған» күйлері мен таза әпсаналық сипаттағы «Жорға аю», «Балжыңгер», «Ақсақ қыз», «Көк төбет» т.б. күйлері жатқызылса, Аңыздық күй аңыздарына – Кетбұғаның, Бейсенбі, Боғда, Дайрабай, Құрманғазы және т.б. күйлерінің аңызға айналуы мен бірнеше нұсқаларының пайда болуларының фольклорға тән екендігін мойындатады. Жағдаяттың күй аңыздарына «Қыз қашқан», «Қағытпа» күйлері жататындығы және бұл терминнің фольклорда алғаш қолданушы екендігін дәйектеген. Күй өнерінің пайда болуы және оның аңызға айналып кету себебін тұрмыс-тіршілікпен, тарихи оқиғалармен сабақтастыра қарау арқылы ғылыми еңбек өз мәресіне жеткен.

Күй аспаптары туралы деректі пайымдаулар, ғылыми түйіндеулер аса қисындылығымен назар аудартатындығы шындық. Жазушы, журналист, күйші, сазгер Ақселеу Сейдімбектің сан-қырлылығына ғалымдығы қосылғанда қолдаушы көп болды. Ат төбеліндей өздерін ғалым атандырып, данышпан санап жүрген аз ғана топ қана аяқтан шалып, «журналисттік пайымдау ғой», «ғылыми

негіздемелері айтарлықтай емес» деген сөздерді күңкілдей айтқандарын құлағымыз шалды. Ал, «Күй өнері» атты еңбек жарыққа шыққанда, әлгілердің ұйқысы қашты, қызғаныштан іштері өртеніп, баспасөз беттерінде ашық пікірлерін айта алмай «отбасы, ошақ-қасындағы» өсек-аяңға жол бергенін көрдік.

Естіген құлаққа жазық жоқ. Бірде атақ дәрежесі айтарлықтай, үлкен ғалымдарымыздың бірінің аузынан «Ақселеу күй аңызын зерттейді. Бірақ, ол нота білмейді. Сонда оны қалай тексерген», – дегенін естідік. Осы сөзді қағып алып, істің байыбына бармайтын, данышпан болып, елді алдайтындардың да гу-гу лепіrmесін естідік. Бұған мынадай жауаптар жарасатын секілді.

Орта Азия мен Қазақстан топырағынан өнген, ұлттық музыканың біртуар тұлғалары: Қорқыт, Қойлыбай бақсы, Кетбұға, Асанқайғы, Байжігіт, Нысан абыз, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Ықылас, Тоқа, Дайрабай, Диналар күйлерін нота біліп тартып па, жоқ әлде олардың ізін жалғастырған күйшілеріміз солардың жазып кеткен ноталары бойынша күйлерін үйренген бе екен. Екіншіден, мен білетін Сланның ұлы Ақселеу дәулескер күйші болатын. Кез-келгенге қонбайтын ақындық дарын секілді бұл оған табиғат берген талант еді. Әйгілі берідегі күйшілер Ақселеудің алдына келіп күй тартып, ақыл-кеңес сұрағанын көзіміз көрді. Бес күй тартқанның бәрі күйші емес. Күйшінің құдіреті шертпе күйлер, ілме қағыс күйлер, тармақты күйлер, айтыс күйлерін тарта алуымен өлшеніп, оның сандаған күйлерді білетіні айқындалады. Айтулы Ақселеудің күйшілік өнері осы өлшемдермен ерекшеленетін.

Жалпы сөз бен музыканың байланысын үлкен тақырып ретінде алып, оның табиғи болмысын ашу екінің бірінің қолынан келмейді. Күй өнерін зерттеуші Ақселеу Сейдімбектің еңбегінің жемісінің құпиясы осында тұрғаны ақиқат. Бұл сөздің анықтамасын күй құдіретін танытқан еңбек береді. Ең бастысы, еңбекті оқып, ақыл таразысынан өткізіп барып пікір айтқан ләзім. Сөз аяғын халқымыздың аталы сөзімен аяқтауды жөн санадық.

«Күй түсінгенге – жыр, түсінбегенге – дыр».

Бекай НУРМУХАНОВ,

*қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі,
Ақмола облысы, Ерейментау қаласы,
Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі*

ҚАЛАМГЕР АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ

XX ғасырдың 60-жылдарынан қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосқан қаламгерлер қатарында орны бар жазушының бірі – Ақселеу Сейдімбек. Осы орайда А.Сейдімбектің әңгіме-хикаяттарындағы өзіндік қолтаңбасын айқындап,

ондағы көркем бейненің жасалу жолдарын, ұлттық характердің сомдалуын, кейіпкердің ішкі жан-сезімінің берілуін, табиғат бейнесін, жазушының әдебиеттегі өзіндік ізденісін кешенді түрде арнайы зерттеудің аса өзекті мәселе екенін сезіндік. Жазушы, суреткер тұлғасы оның шығармашылығымен, қаламгерлік болмысымен бағамдалады. Сондай қазақтың сөз өнерінде өзіндік болмысы айғақталған тұлғалардың бірі-Ақселеу Сейдімбек. Өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде үнемі ұлттың рухани байлығын еселеп, бұрын із түспеген соныға жол тартып, жаңалыққа жаршы болып жүрген ғалымдық, этнографиялық және этнологиялық ізденістеріндегі ұлтжандылығы оның әдеби мұраларынан да аңғарылады. Т. Ахтанов «Ұстаз» деген мақаласында мынадай ой айтады: «Бейімбет өмірде де, шығармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда көпіртіп сөйлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де, осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойлағанда, көбіне-ақ сүйсініп, қайран қаламын да, тіліме асқақ теңеулер орала береді. Бейімбеттен қалған қазына ұлан-байтақ тұтас бір өмір десек, артық болар ма екен?» [1,19-б]. Осы бір толғанысты пікірді қаламгер Ақселеу Сейдімбекке де арнауға болатындай.

Автордың қай шығармасы да туған ел, жерінің тарихын, салты мен аңызға бергісіз тағылымды оқиғаларын баяндаудан тұрады. Жер жағдайына жетік қаламгер әр тау-тастың жықпылынан әңгіме өреді. Этнографиясы бай қазақ тұрмысының түз суретін беруге шебер. Әсірес, алғыр, қыран құс тағдырын сипаттайтын шығармалары шебер-ақ. Солардың бірі – осы «Ақиық» хикаяты. Шығарма Бүркітті деп аталатын таудың айналасында сыңыса өскен шөптерімен қоса, бауыр-беткейлерін паналайтын түлкі-қарсақ, борсық-күзенін суреттейді. Осы тауға бүркіттердің аялдағыш келетінін айтады. «Қызылту» совхозының кәнігі саятшысы Сыздықтың көңілі түз бүркітіне ауады. Өз бүркіті Қосбармақпен түз тағысын ұстайды. Сондағы екеуінің айқасы былай суреттеледі: «Төмен құлаған аш қыран қас қағымда келіп қалды. Аяғының астында жүрген құстың шеңгеліндегі қолғапқа ашқарақтана құдиган. Қаймығар да, қайтар да емес. Қосбармақтың үстіне сорғалай төніп келген түз бүркіті қанатын кере, төстие қайқайып, сопаң етті. Оның найзағай жылдамдығымен қимылдағаны сонша, жаңағы жұлдыздай аққан сәттегі ысылы көк жүзіне шаншыла көтерілгенде барып жердегілерге естілді» [2,117-118-б]. Осы бүркітті қолға түсірген кездегі Сыздықтың көңіл-күйі былай беріледі: «Ол еш жасқаныссыз ат үстінен домалай түскен бетінде жалма-жан сеңсең ішігін шешіп жіберіп бүркіттердің үстіне жаба құлады. Қатты қарбаластан тынысы дірілдей шығып, құлаған бетінде қимылсыз отырып қалды. Өзгеше сезімнің қуаныш саусағы ет жүрегін сығып-сығып жібергендей ыстық қан отша шарпыды. Тіптен жүрелей отырған қалпында қарға тірелген жалаңаш қолынан ызғар өткенін де сезген жоқ. Бар зейіні осы бір құшағындағы қос қыранға ауып, сонан рақат тапқандай. Ішік астынан бүлк-бүлк білінген ашулы қимылды да тым тәтті қуанышпен елти сезінді. Осы сәтте ден қойған ісіне бүкіл болмысымен құлай берілген көңілі өзге дүниені ұмыттырған, тек қана қазіргі тірлігінен рақат кешкен күйде еді» [2,119-б]. Сыздықтың соншалықты білгірлікпен түз тағысын қолға

баулуы, оған өзімен қатарлас Файзолла, Рақыштардың тілектес болуы, бүркіттің Кәрім күзетшінің көк қаншығының көзін ағызып жіберуі, Сыздықтың түз тағысының жасын, ерекшелігін, күтіп-баптауын бес саусағындай біліп, соларын баппен жүзеге асыруы ерекше ыждаһаттылықпен суреттеледі. Осы тұста Абайдың «Қансонарда» өлеңіндегі құрал-жабдығын сайлап, алғашқы сонарды дегбірсіздене күткен аңшының бүркіті түлкіге түскен сәтін демін ішіне ала бақылап, оны тырнағына ілдіргендегі масайрағаны, «үйірімен үш тоғыз» айтқандарға риза көңіл білдіргені күйі еске түседі.

Өмірінің бар қызығын саятшылық өнерге арнаған Сыздықтың өмірі көпке үлгі болардай. Оның түздің тағысын соншалықты ептілікпен күтіп-баптауы, мәпелеуі, адамға сөйлескендей есті қарым-қатынас жасауы қайран қалдырады. Он бес жылдай серігі болған құтты Қосбармағын құрдасы Файзоллаға берген кездегі көңілкүйі аса шынайы беріледі: «Томағасын алған соң, он бес жылғы серігін жаңа көргендей үн-түнсіз, қимылсыз қарап қалған. Сол сәт оның түйіле қадалған аялы жанары құсының сымбатына таңданудан гөрі, қимас серігімен қоштасқандай күйде еді. Қоштаса тұрып, аяулы құсының әр тал қауырсынынан небір ғажайып ләззатты шақтарын қайта оқығандай болған. Сонан соң кәрі жүрегі боркеміктене егіліп, елжірей келіп, өзгеше бір ұлы мейірімімен ұзақ-ұзақ айналып-толғанған еді» [2,189-б]. Бұл шығарма адамдар арасында болатын мейірім мен жылылықтың табиғатқа да жат еместігін, құстар мен жануарларды да ерекше құрметтеп, жақын тұтуға, оны өмірдің мәніне айналдыруға болатынын дәлелдейді.

Сол арқылы табиғаттың көп құбылысын жіті бақылап, қызығы мен кереметін мейілінше бақылаған, көреген халқымыздың ежелгі салтын құрметтеуге баулиды. Табиғаттың жомарттығына тәнті етеді.

«Әдеби шығарманың құрылымында сюжеттің мәні ерекше. Біріншіден, ол оқиғалар тізбегін жүйелеп, бір арнада шашау шығармай бейнеленуін жүзеге асырса, екіншіден, көкем шығармадағы кейіпкерлердің жасалуына, мінез-сипатының анықталуына әсерін тигізеді. Яғни, оқиға белгілі бір дәрежеде кейіпкерлер үшін «әрекет өрісі» болып, оқырмандар алдында барша қырынан ашылуына мүмкіндік береді» [6,59-б].

Қай шығармасында да табиғатты суреттеуден ажырамайтын қаламгер, оның жаңғыруын, заманға сай өзгерісе түсуін де назардан тыс қалдырмайды. Оған дәлел - «Атамекен» хикаяты. Қазақ халқы кіндік қаны тамған жерді аялап, культ мағынасына дейін көтерген. «Айнабұлақ» совхозының шалғайда отырған бөлімшесіне Ертістің суын бұрып, Сарыбұйраттың үстімен өткізеді екен» деген хабар жетеді. Сөйтіп жүргенде канал тартып жатқан құрылысшыларға арнап, қыр астынан Қайнар поселкесі салына бастады. Енді жұрт не қажет болса да, солай жол тартып, иек астындағы жас қалаға пейілдерін аударды. Айтуған ақсақалдың үлкен ұлы Мұрат осы Сарыбұйратта тракторшы еді. Ол жуырда үйленіп, сол Қайнардағы құрылысқа жұмысқа тұрып, сонда кетеді. Енді айналадағы қызу тірліктің даңғазасы Сарыбұйратқа да жетіп, осы шағын ауылды көшірмек болады. Ауыл жұрты жаңа өмірге қызығып, бірте-бірте қоныс аударды. Геодезистер де келіп, болашақ су қоймасының орнын белгілеп, өлшей

бастайды. Туған жерден көшпей табан тіреген Айтуған ақсақал ақыр соңында жалғыз үй қалады. Ол ауыл шетіндегі қорым бейітті, атамекенін қимайды. «Сол күні Айтуған қария ауыл шетіндегі қорым бейітті ұзақ аралады. Әр мүрденің басына арнайы тізе бүгіп, білетін «құлқуалласын» үштен қайырып, жанының жаннаттан болуын тілеп бетін сипады. Мұнан кейін де тұрып кетпей, көз алдындағы бесікше топырақтың астында сүйектері әлдеқашан қурап қалған ата-ана, аға-бауырларын көңіл зердесімен қайта тірілтіп алып, қимас сағынышпен іші-бауыры езіліп, ұзақ-ұзақ отырды. Қазіргі тіршілік-қаракетін мүлдем ұмытып, беймәлім бір дүниеде әлдеқашан ұмыт болған аруақтармен қайта қауышқандай, олардың әрбір қылық-қимылдарын санасына қайта жаңғыртып, сонысына елтіп, егілумен болды. Қайсыбір мүрделердің басындағы көк тастың бетін бешпентінің шалғайымен сүртіп, түзеп қойды. Содан әбден маңдайынан күн өтіп, табаны қызып, тамағы кеберсігенде барып, қалың қорымның шетіне шығып, тізе бүкті» [2,170-171-б].

А.Сейдімбектің «Атамекен» шығармасында қарт қорымдарды көшірудің жөнін білмекке Мұқаш моллаға келеді. Баласы Мұраттың көшудің жөн екенін айтып, әкесін көндірмек болғаны жай қалады. Айтуған ақсақал оны сөйлетпей қояды. Ақыры жаңа құрылыс жүріп, жаңғырып жатқан мекенге барып өз көзімен көрген соң райынан қайтып, көшуге бел буады. Әрине, қарияның көл қорыған қызғыштай болып атамекенін қорғауы мәнді-ақ. Ертеректе осы жерді, елді қорғаймын, бүтіндеймін деп талай боздақ мерт болмады ма. Ежелден қанға сіңген сол мінездің Айтуған қарттың бойынан табылып жатса еш айыбы болар ма. Ең бастысы атамекенінен ажырамаса, онда өткен тарихтан бөлініп қалмаса, ол санадан өшпесе болды.

Айтуған қарт ел ішінің жаңалығын түсініп, кейін туған даласына келіп жатқан өзгерісті қабылдап, құптайды. Сондағы қарттың бейнесі: «Бұл сәтте Айтуған ақсақалдың қимылында, өңінде, тіптен үнінде де соңғы кездегі беймаза ашудың, жабырқау көңілдің табы да жоқ еді. Қазіргі қалпында: қара торы өңінің зор қайрат лебін таныта алабұртқаны, қою қасының кең маңдайына қарай серпіле түскені, аялы жанары жария етіп тұрған ішкі қуаныш толқыны, сол қуанышты қоштағандай бұрыл сақалының жібекше төгіліп нарт қызы омырауын елбірей аймалағаны, тіптен қапсағай денесінің ат үстіндегі шаншыла сергек отырысына дейін бәрі-бәрі бүкіл болмысымен көңіл-күйіндегі үлкен бір өзгерісті мәлімдеп тұрды», - деп суреттейді [2,181-б]. Автор қай шығармасын жазбас бұрын туған табиғатына бас иіп, соның барша құбылысын ой, көз елегінен өткізіп алатындай. Өмірімнің дені табиғат аясында өтті деп айтатынындай, соншалықты көңілге табиғи сіңген суретті жандандыра, тірілте береді, еш жасандылығы жоқ, қисынды сюжеттер өріліп қоя береді.

Жазушы Ә.Кекілбайұлы: «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» повестері маған бір жағынан әйгілі суретші Павел Кориннің «Өтер-кетер Русь» кейіптемелер тобын, екінші жағынан баяғы прогресшіл романтизм тұсындағы Проспер Мерименің атышулы «экзотикалық новеллаларын» еске түсіргендей. Мұнда да сол таңғалмасқа қоймайтындай қанық бояу, анық сурет, айқын сюжет, мейілінше нақты ой мен жүйелі

композиция, шапқан аттай жүйрік қиял мен атқан оқтай мейілінше дәл суреткерлік түйсік. Сезі лайланып, санасы тұмандана қоймаған қыр тұрғындарына тән тұңғықтық пен тұнықтық, ойда жоқта лап ете қалып, дегеніне жетпейінше тынбайтын дала өртіндей асау құштарлық пен асқақ көңіл, ақ адал пейіл мен әнтек махаббат... қараптан қарап көзден бірбір ұшып, мәңгілікке көшіп, келмеске кетіп бара жатқан қыр тұрмысы, дала дарқандығы, қазақ тіршілігі... Осының бәрі тебірене отырып байыпталған» деп, сарабдал пікір білдіреді [8,17]. Мұның өзі жоғарыда өзіміз айтқан ойларды тиянақтағандай болмақ.

Қаламгер А.Сейдімбектің осындай табиғи, шынайы болмысты оқиғалары әңгімелерінде де жалғасады. «Әңгіме алдындағы сөз» кіріспесінде автор: «Қадірлі оқушым, менің өмірімнің дені табиғат аясында өтті. Сондықтан да «аузымды ашып сүйгенім, көзімді ашып көргенім» дегендей, мен айтар әңгіме тек табиғат туралы, оның ғажайыптары туралы болмақ» деп сөздің басын ашып алады [2,182-б]. Алғашқы әңгіме «Тауға біткен жалбыз» деп аталады. Әр тау, тастың құпиясын тәптіштей ашатын автор бұл жолы да таудың ілгерідегі «Найзатас» деген атауының неге Саңғыру аталғанына түсінік бере кетеді. Бүркіттердің мекені болғандықтан, осылайша аталғанын айта отырып, көне көз қарттардың бұл жердің бүркітінің қыран болатынын айтып тамсанғандарын келтіреді. Әңгімедегі жолаушылар да бүркіттің балапанын ұстау үшін сайланып жолға шығады. Сонда бүркіттің ұясынан жалқы балапанды көріп, соны алмаққа бел буады. Сонда кейіпкер арқан байлап ұяға сырғығанда онда жатқан қаңқа сүйектерді көреді. Тіпті төңкерілген табадай болып жатқан тасбақаның сауытын да байқайды. Сонда: «Кәдуілгі тасбақаның сауыты бұж-бұж болып қабыршақтана құрай бастапты. Бұл өңірде тасбақаның болмайтыны анық. Ең жақын дегені туу сонау үш жүз, төрт жүз шақырым жердегі Шу бойының құмынан кездесе керек еді. Мынау сары үрпек балапанның жұдырықтай бөтегесін толтыру үшін енесі осынша керемет еңбек сіңіреді екен-ау. О, шіркін, ақылға сыймас асқарға құлаш ұрғызған тәтті тіршілік-ай десейші. Менің көз алдыма таңын созып, топшысын талдырып, ұрпағы үшін жанын азапқа салған ұя басар бүркіт елестеді», - деп таңданады кейіпкер [2,186-б]. Сауытты қапқа салып алады. Сол қияда қимасы қалып бара жатқандай сезімде, ең болмаса бір аялайыншы деп балапанға қолын созғанда, желке жүнін үрпитіп, шегір көзін шақшитып балапан қолын шоқып алады. Сол жерде таппай жүрген бір түп жалбызды жұлып үлгереді. «Есіме тағы да әжей марқұмның: «Тауға біткен жалбызым-ау!» деп отыратын сөзі түсті. Есіме түсуі мұң екен қолымдағы жалбыз елбіреп, саусағын созған әжемді елестетіп, ұсақ түк басқан қара көк жапырақтар көзіме басылды. Жалбыздың да буын-буыны босағандай, алпыс екі тамыры иігендей жұпар иісімен ағыл-тегіл шомылдырып жатыр» [2,187-б]. Сөйтіп балапанды алып қайтпаса да, табиғаттың, тіршіліктің мәнін түсінгендей болған кейіпкер осы сапарына дән разы болады. Табиғаттың мейірімін өзіне қадірлі адамына балаған ол жаратылыстың кереметіне тағы да тәнті бола түседі.

Қаламгер А.Сейдімбек шығармаларының басты ерекшелігі табиғат тамашасы дербес, адам өмірінен бөлек сипатта емес, елдің әлеуметтік өмірімен

өзектес, біте қайнасып жатады. Мәселен, қиын қиядан арқанмен түсіп, бүркіттің сарыауыз балапанына қолы жетіп тұрған кейіпкер, азаматқа тән кесек мінез көрсетеді. Табиғатты қорғауда ірілік танытады: балапанға жаны ашып, ұясынан ажыратпайды. Осы тұсты жазушы: «... Шарасыз жатқан сарыауыз балапанды көрді. Ендігі әрекет оны қойнына салып, алып кету ғана. Тасада қыл арқанның басқа ұшын ұстап, дегбірі тусылып, достары тұр. Баланың көз алдына таңын созып, топшысын талдырған, ұрпағы үшін жанын азапқа салған ұя басар ақшәулі бүркіт елестеді» [2,188-б]. Баланың үлкен адамға тән пайымы, жаратылыстың сырын аңдап үлгерген көзқарасы оған балапанды алып кетуге бөгет жасайды. Табиғат-анаға деген мейірімі оны тоқтатады. Осындай жаратылыс пен адам арасындағы үйлесімділік, іштей жақындық, туған тірлікке деген етенелік жазушының қай кейіпкерінің де бойынан байқалады. Сондағы кейіпкерлердің көбісі ойға, пайымға жақын. Бұрыннан орнаған салтқа, дәстүрге деген қайыра парықтау, ой елегінен өткізу байқалып тұрады. Бұл халқымызға тән ойлылықты, даналықты сол сайын дала сіңірген жоқ па? Жазушы кейіпкерлерінің бойынан туған жеріне, даласына деген терең құрмет аңғарылады.

Әдебиет қашан да ұлттық-азаматтық сана-сезім мен ұлттық мораль қалыптастырушы гуманистік қасиеттің жаршысы міндеттерін атқарады. Шын мәніндегі әдеби шығарма игі ниетті халықтарды бір-бірімен таныстыратын дәнекер. Осы тұрғыдан келгенде нағыз көркем туынды эмоциялық әсерлі сезім сыйлаумен қатар, сол ұлттың ұлағатын, азаматтық-адамгершілік игі дәстүрлерін, тамаша қасиеттерін басқа халықтарға жеткізетін қоғамдық-философиялық ойдың көркем формасы екені мәлім. Біз қаламгер шығармаларынан көкейіңе жылылық, жүрегіңе жақындық әкелетін өзгеше бір қасиетті сезінеміз. Бұл жазушы стиліне тән орнықтылық, даралық сипат болса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сөзстан, Сегізінші кітап. А., Жалын, 1987. –216 б.
2. Сейдімбек А. Аққыз. Повестер мен әңгімелер. Алматы, Атамұра, 2002.-288 б.
- 3.Әзиев Ә. Қазақ повесі. А., 1989.-224 б.
4. Кекілбаев Ә. Сұхбат. А., 1998.

Талғат ЖАНАЙДАРҰЛЫ,

*ҚР Білім мен ғылымының құрметті қызметкері,
ҚР кәсіподақ Федерациясының еңбегі
сiңген қайраткері*

ДАЛАНЫҢ ДАРҚАН ДАРЫНЫ

Өмір – өзен, ағады да кетеді, ешкім оны тоқтата алмайды. Ол – өмірдің заңы. Осы өмірден қаншама жайсаң, ардақты да асыл азаматтар өтті. Сонау Арқаның асыл азаматтарының бірі – Ақселеу Сейдімбек. Жан сарайы даладай, жүрегі балғын баладай, парасаттылығы данадай, іске шебер, ойға терең Ақаң – Отанға

деген перзенттік парызын адал өтеп, кісілік келбетіне қылау түсірмей өткен абзал, алдыңғы толқын ағаларымыздың бірі.

Ақаң жастарға үлгілі тәрбие беріп, оларға болашақта үлкен үміт артатын. «Мені қуантатын бір жай бар. Ол – бойларынан имандылықтың иісі шығатын, ежелгі ата-бабаларының дәстүрін жалғатыратын, соны бұлжытпай орындауға ұмтылып келе жатқан ұлтымыздың ұлдары мен қыздары», – деп асқақтай сөйлейтін. Бұл – ойы биік, өрелі жанның өз ой – толғамы, парасат пайымы. Оны тек қана сөзбен емес, іспен де дәлелдеп жүрген жан болатын. Себебі баспасөз қызметінде, ұстаздық қызметте жүрген уақыттарында әрдайым жастар арасынан табылып, оларға өз білгенін үйретуден жалықпайтын. Тіпті көшеден кездесе қалған сәтте де танитын, танымайтын қыз-жігіттерге ерекше ілтипат көрсетіп, қайда оқитынын, қай жақтың ұлы-қызы екенін, болашақта қандай мамандық иесі болатынын сұрап, әкесіндей қамқорлық жасап жүретін еді. Қасында жүргенде осындай сәттердің талай куәсі болдық. Соның бәріне Ақаң уақыт табатын. Кейде жұмыс басты боп, зыр жүгіріп жүріп, Ақселеу сынды қазақтың серісінің осы бір қылықтарына қызыға, таңдана қарайтын едік. Сөйтсек, даланың дарқан дарынының кең пейілі, жомарт жүрегінің қалауы екен ғой.

Ақаңның бойынан табылатын қасиеттердің бірі – бауырмалдығы, біреудің басы ауырып жатса, көтеруі, сүріне қалса, қолтығынан демеуі, әрқашан өзінде барды аямай, жоқ болса қолындағысының жартысын бөліп беретіні. Осы қасиеттерін мен өзім университет тарапынан арнайы ұйымдастырылған іссапарлардың бірі Ақмола облысы Қорғалжын ауданына бірге барған шақта көрдім. Қорғалжын қорықтарына жеткен кезде ел мен жер туралы кеңінен толғаған көсемсөзші, шежіреші Ақаң қазақтың байтақ даласы, кең қолтық қонақжайлығы жайында небір қызықты әңгімелерді бастап, ауылдың айтқыштары айтатын әзіл-қалжыңдарының тиегін ағытты дерсің. Ақаңмен осы іс-сапарға бірге шыққаным, иық тіресіп қатар отырғаным үшін өзіме-өзім риза болдым. Сол сапардан рухым көтеріліп, көңілім шарықтап, қуанышты оралдым.

Ендігі бір айтайын дегенім – елінің еркесі мен серкесіне айналған азаматтың сегіз қырлы бір сырлы өнер иесі екендігі. Ұлымның үйлену тойын жасаған кезде қала халқының біразы әлі де Ақаңды көрмеген, көрсе де бетпе-бет кездеспеген уақыт болатын. Той үстінде Ақаң «Дәурен-ай» күйін күмбірлете тартып, жүректі шымырлатып, бойды балқытып, жиналған көпті баурап алды. Ал Ақаң айтқан тілекке келсек, әрбір сөзі бір түйін, әрбір тілегі бір толғау секілді көрінді. Тілек иесі сөз сөйлеп, домбыра тартып болған кезде халық ұзақ уақыт шапалақ ұрып, жібермей тұрып алды. Бұл да сері ағаның абыройы асқақтаған сәттерінің бірі дер едім.

Сәл шегініс жасап, Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университетіне Мырзатай Жолдасбеков ректор болған уақытқа тоқталатын болсам, сол кезде Қарағанды университетіне баратын делегация құрамында да Ақселеу Седімбектің болуы заңды еді. Университеттегі белгілі ғалымдар тобымен бірге кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде менің де Қарағандыға іссапарға баруыма тура келді. Ол күндер де Ақаңмен бірге өткізген ұмытылмайтын сәттер еді. Ол барған жерде ата-бабамыздың салт-дәстүрін, мәдени тарихын терең білетін,

білікті маман, қадірлеп қастерлейтін қадірменді қария ретінде көрінуші еді. Сол сапарда: «Ата-бабамыз алты айлық жолға жалғыз малта құртты жүрек жалғау үшін ұртына салып, соны талғажу ететін, атының басын тірер жерде үйінде кім бар екен деп сыртта тұрып хабарлас жасағанды төріне шығаратын қазақ емеспіз бе? Үйде кім бар-ау деп қазақтың баяғы сал серілеріндей алдыңнан шығар адам бар ма дегендей жан-жағына маңғаздана қарап, машинадан түсіп жатқаны әлі көз алдымда

Түрлі іссапарларда жолсерік болған кезде Ақанның өмірдегі бейнесін дәл танып, дөп басып, тіпті тереңірек түсінгендей боласың. Өмірде адамның адамшылығын көрсететін жолсапарларда қазақтың Ақселеудей біртуар ұлы, дарқан дарын иесімен сапарлас болғаным, серіктес болғаным мені керемет бір сезімге бөлейді.

Арнау

(Ақселеу Сланұлы Сейдімбекке)

Сегіз қырлы, бір сырлы сымбатты Аға,
Сал домбыра, күй шерткен алсаң қолға.
Қазақтың мақтан етер тұлғасы едің,
Сый берген Тәңір өзі маңдайына.

Ұлысың ұлықтайтын қазағымның,
Тереңнен термелеген дәстүр-салтын.
Өнер білім жолында із қалдырған,
Бәрінен де биік тұр ұстаздығың.

«Өмір» деген сәт екен, ғой қас-қағым,
Егіз еткен қызығы мен қайғысын.
Еске сақтап, ұмытпаймыз әрқашан,
Жаратқан, Алла иманның берсін байлығын

12 желтоқсан 2022 ж.

Үржамал ӘЛМЕНБЕТОВА,

тарих магистрі,

Астана

Urzhamal61@mail.ru

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨЗГЕ ХАЛЫҚТАРМЕН РУЛЫҚ-ТАЙПАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ СӘЙКЕСТЕНДІРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ халқының рухани мұрасын зерттеген ғалымдардың ішінде филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің еңбегі айрықша орын алады. Ғалымның қазақ фольклоры, мәдениеті, өлеңі, жалпы өшкен дәуірдегі көшпелі елдің болмыс-бітімі туралы келелі пікілері өз маңызын жойған жоқ. Қайта күн өткен сайын әлемдік этно-геосаяси шарттарға орай ұлттық келбетіміз бен өрісімізді анықтауға дәстүрлі мәдениетімізге қарайлау біздің бүгінгі рухани кеңістігіміздің тарқы мен нарқын белгілейтін межеге айналуда. Себебі, кез келген ұлт өз болмысын өткенмен, бүгінгімен және болашақпен түйісетін ұғымдары арқылы жинақтап отырады.

Ақселеу Сейдімбектің ғалымдық қабілетінің осы бір қыры жоғарыда сөз болған «Қазақтың ауызша тарихы» кітабында айрықша көзге түсті. Айталық, көшпелі қоғамдағы жеке адамның рөлі, оның қуәлік белгісі бізге таныс, аса үңілетін ешнәрсесі жоқтай көрінетін. Бұл мәселеге Ақаң мемлекет, жүз, тайпа, ру, ата тұрғысынан, яғни бүтіннің бөлшегі ретінде келгенде, көп нәрсе бізге бейтаныс болып шықты. Көшпелі қоғамдағы паспорттық жүйеден бір де кем еместігін байқайсың. Қарға тамырлы қазаққа руын айтқаннан кейін, қалған мәліметті отырғандар өзі таратып алады. Бір жағы сенің руыңның жүзге, мемлекетке қатысы тайға таңба басқандай болса, екінші жағынан елің, жерің, қыс қыстауың, жаз жайлауың отырғандарға белгілі. Ең болмағанда, көпті көрген қарттарға бүге-шігесіне дейін белгілі жай? Бұл жерде ешқандай өтірік өрге баспайды. Қалғаны сол кісінің кісілік келбетіне, сөзіне, мәнеріне, жасына т.б. қарап анықтала береді. Ру, тайпа, ауыл-аймақтағы беделің де осының ішінде. Оның ерекшеліктерінің бірі Еуразия кеңістігін мекендеген халықтардың көшпелі өмір салтымен байланыстыруында болып тұр.

Негізінен, шежірені бауырлас халықтарымыздың тарихи жадының өзегі деп атауға болады [1; 29 б.] Шежіре жазу дәстүрінің терең тамырлары Еуразия тарихынан бастау алады. Түркі халықтарының арасында мұндай туындылар аудармада «ағаш» деген мағыны беретін араб тіліндегі «шежіре» терминімен көрсетілген. Көшпелі халықтардың мифологиясында ағаш тұқымының өзін бенелеген, ал жапырақтары – оған кіретін адамдар. Біздің шежіреден (шежірелік), ең алдымен, ерлер қандық туыстық еректерден басталатыны, оны қарапайым қоғам мүшелерінің күнделікті тіршілігінен, тұлғалардан, көрнекті қоғам қайраткерлерінің еңбегі жөніндегі деректерден, солардың қатарындағы келісімді қарым-қатынастардан білуге болады. Сол кезеңде бастапқыда

қоғамның әлеуметтік қатынастардың дамуы ретінде, шежіре ақсүйектер элитасының ерекше құзырына айналды.

Тарихтың өткеніне сүйене отырып, шежіре этноәлеуметтік құрылымның, қоғамның әлеуметтік және саяси өмірінің маңызды элементтерін қамтыды. Олар үшін ерекше құндылық әр түрлі дәрежеде, кландар мен тайпалардың атаулары, географиялық атаулар, сол немесе басқа тайпаның тарихындағы маңызды тарихи оқиғалар туралы мәліметтер жиынтығы берілген.

Көптеген шежірелерде Мәскеу мемлекетінің құрамына кіру себептерін және жасақты түрлі рулар немен (юрматтар – сусармен, бурзяндар тамьяндар, қыпшақтар және мәутіндер – түлкімен, жылқылармен, сусармен, ақшамен; мин-сусар және балмен; иряктылар – кәмшатпен, балмен, сусармен тиінмен және ақшамен төлегендерін көрсететін вотчиналық (рулық) аумақ шекараларының сипаттамасы бар [2; 94 б.].

Башқұрт шежіресінің мазмұнында маңызды рөлді атқарған саяси-құқық туралы мәліметтер. XIII ғасырда тарихи Башқұрт аумағында ерекше саяси және құқықтық өріс дамыды. Моңғол империясының құрамындағы башқұрттар Алтын Ордада өздерінің саяси және Башқұртстан әлеуметтік институттарын және автономия элементтерін - билік институттарын (хандар, билер, ақсақалдар кеңестері), ішкі өзін-өзі басқаруды, ата-баба мұрасынан қалған тыс жерлерді басқаруды сақтап қалды.

Бұл башқұрттар тұқымдастарының тарихи рөлі мен маңыздылығын алдынала анықтады. Көптеген ғасырлар бойы шежірелік заңды күшке ие болды. Башқұрттардың саяси-құқықтық жағдайының ерекшеліктері олардың Мәскеумен қарым-қатынасына, башқұрттардың Ресей мемлекетіне қосылғаннан кейін берілді. Башқұрт шежірелерінде башқұрттардың Ресей азаматтығын қабылдау процесі, орыс патшасының башқұрт билеушілеріне түрлі жеңілдіктер, жерлер, меншік мәртебесі және т.б. тағайындалуы көрініс тапты. Ресей мемлекетінің құрамында башқұрт шежірелері іс жүзінде Башқұртстан жер қатынастарын реттейтін құқықтық құжат болды, іс жүзінде олар башқұрт ру-тайпаларының шежірелік артықшылықтарын қорғау мақсатында жасалды. Башқұрттардың тұқымдары біз үшін бірқатар жалпы белгілерді сақтап қалды: мысалы, юрматиялықтар өздерінің тұқымын, құс тәрізді балабана, тілге «шұңқырлар» және «Ақ тюба!» деп айқайлады. қыпшақтардың арасында «Туксаба!» айқайы, ағаш - қарағай, бүркіт - таңба, арабтың «қашықтық» әрпі, Минск халқы арасында ағаш - қайың, құс - түмсық, соғыс айқайы - «Алач!», таңба - «жүп».

Этностар (халықтар) қарапайым деңгейде, үлкен, шашыраңқы отбасы ретінде көрінеді [3; 234 б.]. Алдымен бұл жай ғана отбасы, содан кейін бірнеше туыстық отбасы (қандық, аталық, рулық) бір аймақта тығыз экономикалық байланыстармен өмір сүреді және нәтижесінде тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр және т.б ұқсас болып қалыптасады. Әрі қарай бұл туыстық байланыстар тайпаларға, ал соңғылары үлкен формацияларға – тайпалық одақтарға біріктіріледі.

Әрі қарай бұл туыстық байланыс тапалық одаққа бірігеді, ал соңғы нәтижесінде ірілінген тайпалық одақтардың құрылуына әкеп соғады. Белгілі бір тарихи кезеңде тайпалық одақтар бірқатар экономикалық, демографиялық және басқа себептердің салдарынан этностар тайпалардың бірлестігіне, тайпалық одақтардың пайда болуына әкеп тірейді. Бұл жалпы алғанда, этникалық көзқарас пен этникалық топтың (адамдар) метафоралық туыстықтың бір түрі ретінде қалыпастуын көрсетеді. Этникалық қауымдастықтың міндетті түрде нақты отасылық қатынастарға және генетикалық анықталған мінез-құлыққа негізделмейтіндігін көптеген зерттеушілер баса айтып және нақты түрде дәлелдеп берді, олардың ішінде біз Л.Н.Гумилев, Э.Эриксон, Н.Г. Скворцова [4; 103 б.] және т.б. атап айтсақ болады.

Қазіргі этно-ұлттар жағдайындағы олардың пайда болуының жалпы қауымы – бұл шын мәнінде наным, миф, дегенмен генетикалық және биологиялық жағы, зерттеушілер бірнеше рет атап өткендей, этникалық санада үнемі кездеседі. Әсіресе, рулық және тайпа деңгейінде осы немесе басқа ұлттың негізгі принциптері болып саналады. Айта кету керек, башқұрт этносының негізін Оңтүстік Сібір, Орталық және Орталық Азияның ежелгі тұрғындарымен байланысты түркі тайпалары құрады. Оңтүстік Оралға көшпес бұрын олар қазіргі Шығыс түркі, моңғол және тунгус-маньху халықтарының ата-бабаларымен байланыста болды. Ежелгі башқұрт тайпалары ғұндар, болгарлар, печенегеттер және оғыздармен күрделі этномәдени байланыстар мен өзара әрекетестікке кірді.

Оңтүстік Оралда орналасып, башқұрттар жергілікті фин-угорды (кейбір ежелгі мадьяр тайпаларын қосқанда) және ирандық (сарматтық-аланиялық) жергілікті тұрғындарды ыдыратып, ассимиляциялады. X-XIII ғасырларда башқұрттардың ортасына болгарлар және қумын-қыпшақ рулары мен тайпалары қосылды. XIII-XIV ғасырларда қоныстанған қыпшақ рулары бұған тек қыпшақтардың өздері ғана емес, сонымен қатар миндер, еландар, қаңлылар және басқалары кіреді [5; 87 б.] Еділ-Орал тоғысында башқұрт тайпаларының материалдық және рухани мәдениетіне маңызды әсер етті.

Қыпшақ кезеңінде, жалпы алғанда, Башқұрстанның этникалық картасы жасалды. XV-XVI ғасырларда башқұрттарға ноғайлар, XVII-XVIII ғасырларда қалмақтардың (қалмақтар) және сарттар (өзбектер) топтары тобы кірді. Біз көптеген башқұрттардың, қазақтардың және басқа ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің қоғамның қай салада болуы мүмкін екендігі және осының негізінде біртұтас халықтың бөлінуі қауіп туралы пікірлерін жиі еститінбіз. Демек, кейде халықтың рулық құрамын зерттеуге қатысты кейбір скептиктер де кездеседі. Шынында да, бір жағынан, мысалы, қазақ элитасының бұрыннан келе жатқан, жүздік санасының (үш жүз – үлкен, орта, кіші) өмір сүруі мен қалыптасуы, болашағы олардың қоғамда сақтану жақтары да ұзаққа созылған сипаттамаларынан түсінікті еді. Сонымен бірге, жалпы қазақтың бірлігіне қандай да бір қақтығыстардың немесе қауіп-қатердің нақты мүмкіндігі жоқ. Оның үстіне, башқұрт трайбализмінде қауіпті байқау қиын емес.

Адамның белгілі бір нәсілге және руға жататындығы туралы білу, біздің ойымызша, адамның жеке сәйкестендіру құрылымындағы маңызды элемент болып табылады, оның ішінде олардың ата-бабаларын еркектер тұқымен (жақсырақ жетінші ұрпаққа дейін), содан кейін өзіндік, мұнан соң тайпа туралы білу, (кейбір жағдайларда рулық одақ – эйлиндер, табын, танып) және ақыр соңында олардың этникалық немесе ұлттық құрамы. Сонымен қатар қатар, башқұрттар үшін этникалық ассимиляция проблемасы олардың жақын, географиялық және генетикалық жағынан көрші татарлар үшін өткір проблема болып қала береді. Бұл жағдайда, башқұрттар мен татарлар арасындағы маңызды сапалық айырмашылық дәл бұрын болған және рулық сана сақталған кезде анықталған (әрине, бұл бұлғырт болса да). Шығыс башқұрттардан гөрі Батыс башқұрттар өздерінің сәйкестендірудің көрсетілген деңгейін жоғалтып, этникалық ассимиляция үрдістерінен өткендігі кездейсоқ емес.

Бұл жерде келесі маңызды жағдайды атап өту қажет. Соңғы жылдары баяндалған Башқұртстанның батыс болыстарында және Татарстан Республикасы мен Пермь өлкесінде тұратын башқұрттардың этникалық тамырларына оралупроцесі. Біздің адамдар, мүмкін болса, бейнелі түрде этникалық өзін-өзі тану деңгейінің ең төменгі нүктесінен өтті, біз өз тіліміз бен ұлтымыздан ұялып, ерлік толы тарихымызды ұмытып кеткенбіз.

Кездейсоқ емес, башқұрт кландарының қозғалысының қайта жандануының екінші толқыны дәл батыс башқұрт тайпаларының ұрпақтарынан шыққан – соңғы екі жыл ішінде Қаңлы тайпасының Башқұрттардың құрылтайы (Башқұртстанның Буздяк ауылында) және керей (гирей) тайпасы – Жаңа Ақтанышбаш Краснокамскі ауданында Башқұртстанның; ал шілде айында Удик селосында Гайнниндік башқұрттардың алғашқы Құрылтайы (Пермь аймағында) өтті. Осы жылдың желтоқсан айында республикамыздың Қараидель аймағында су-ұнлар (ғұндар) ұрпақтары өздерінің құрылтайларын өткізуді жоспарлап отыр.

Біздің көзқарасымыз бойынша, тек кешенді және құрамдас бөліктерін (этникалық топтарды) жан-жақты талдау және зерттеу ғана оның қалыптасу тарихын нақты анықтауға, болып жатқан процестерге жауап беруге, сонымен қатар бүкіл халықтың болашақтағы даму жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді [6; 48 б.].

Көшпелі қоғамның басты ерекшелігі шаруашылық және әскери құрылымдардың сәйкес келуі болды. Әрбір башқұрттық ер азамат әскери қимылдарға, соғысу, қорғануға және қару-жарақты жабдықтауға арнайы дайындалды (қорғаныс, әскери қимыл-әрекеттер және т.б.). Бұл олардың тиісті дағдыларға ие болып қалуына қоймай, оны жасауға қатысытан құқығы шаруа-жер қожалықтарынан ерекшелендірілді. Дәл тайпалық негізде башқұрттар көршілермен қақтығыстар кезінде де ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда аймақтың отарлануына қарулы қарсылық әскери бөлімдер құрды және оның республикасы үшін кезінде 1917-1921 жж күрес жүргізді.

Валилидің армиясында территориялық (Түксораң, Аргаяш) және этникалық (табын, тамьян-катай, қыпшақ, қосшын, таңғауыр, юрматтықтар және т.б.) полктарда құрылған отрядтар болды.

Көрсетілген зерттеулер көрші халықтармен өткен этникалық байланыстарды талдау үшін де қызығушылық тудырады. Башқұрттардың арасында көптеген жалпылай халықтың көпшілік ауқымы бар, тіпті тайпалар бар, олардың кейбіреулері басқа да түркі халықтарының, ең алдымен қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар және түркімендер құрамында құрамына кіреді. Бұлар табын, қаңлы, қыпшақ, мінгі сияқты ірі формациялар, мысалы қосшы (қусшы), соңғылары башқұрттар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, түркілер, ноғайлар т.б. ерекше көптеген тайпалық сәйкестіктер қазақтар мен башқұрттар арасында бар. Геосаяси кеңістігінде бола отырып, көптеген түркі-моңғол тайпалары осы халықтардың этногенезіне қатысты. Осы сәйкестіктердің ішінде біз кеңінен тараған «тамьян» башқұрт тайпасын (негізінен Беларусь Республикасының Абзелилов және Мелеузов аудандарында тұратынын) атап өтеміз, ал қазақтардың арасында «тама» тайпасы Кіші жүз тайпалық одағының құрамына кіреді. Башқұрт тайпасы байлар (олардың ұрпақтары қазір Челинин, Сармановский, Бавлинский және Татарстанның басқа аудандарында, Башқұртстанның Ермекеев ауданында) тұрады, этникалық ортада (мүмкін құрамынан) Усерганның башқұрттары болған. Байлар этнонимі Ұлы Жүздің Қоңырат руында тіркелген [7; 117 б.].

Бірнеше ғасырлар бойы усерган тайпасының башқұрттары (муйтен) Орта және Кіші жүз қазақтарына жақын өмір сүрген және олар қазақ арғындарына – ежелгі және ірі қазақ тайпасына жатады деп саналады. Башқұрт-бурзуяндықтардың құрамында Кіші жүздің жағалбайлыларына ұқсас ежелгі байұлы руы бар. Башқұрт-қазақ этникалық сәйкестіктерін бірқатар басқа тайпалар мен рулардан да кездестіруге болады: гәре, гарей (башқұрларда) – керей, (қазақтарда); катайлықтар (башқұрттардың арасында) наймандармен тығыз байланысты (қазақтар арасында); қаңлы, қосшы, қырғыз және басқалары башқұрттар мен қазақтардың арасында кездеседі. Біз сондай маңызды аспектіні атап өтеуіміз қажет: ол, бір кездегі біртұтас мемлекет және саяси құрылымға және қыпшақтарға (қарағай-қыпшақтарына) жататын табын халқының (қара табын, барын-табын, телеу, бадрақ, таз және доғалар) ірі тайпалық бірлестіктердің ұрпақтары (қарағай қыпшақтар, гарей қыпшақтар, қара қыпшақтар, бушман қыпшақтар).

Башқұрт-қазақтың белсенділік көрсеткен байланыс кезеңдері ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда орын алды. Бұл процеске олардың этникалық территориясының жақындауы, қазақ-жоңғар соғысының оқиғаларымен, қазақтардың едәуір бөлігі жоңғарлар Жетісу өңірлерінің, оңтүстік Қазақстанның солтүстік-батысқа қарай – көшпелі қалмақтар мен башқұрттардың шекараларына, сонымен қатар Кіші жүздердің қазақтарына қосылуына ықпал еткен кезде Ресей мемлекеті қатты әсер етті. Бірқатар тайпалық бірлестіктерде қазақтарға қатысты этнонимдік атаулар бар. Мұны башқұрттардың халықтық дәстүрлері мен аңыздарында, рулық бірліктерінде, антропонимдерінде және т.б. жазылған қазақ этнонимінен

көруге болады. «Қазақ» этникалық атауы буржандардың башқарт тайпаларында – 11 рет, усарганда – 9, тамьянда – 4, таңғыауырда – 2, қыпшақта – 4 рет кездеседі.

Объективті себептерге, тарихи дамудың біргеілілігі, материалдық және рухани өмірдің қалыптасқан жағдайлары, әр халықтың өзіндік ерекшеліктері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдениет нормаларында бекітілген. Оның өкілдерінің рухани әлемінің дамуына және қалыптасуына із қалдырады. Бұл ерекшеліктер ұзақ тарихи кезең ішінде қалыптасады және мозаика тәрізді әр түрлі этникалық бөліністерден тұрады – кландар мен тайпалық бірлестіктерден (ырыу, ара) бір немесе басқа халықтың этногенезіне қатыстығын көрсетеді. Этникалық процестерді зерттеушілер туыстық және генетикалық байланыстардан берік туыстық байланыстары мен жергілікті топқа бейімді тайпалық топтарға көбірек сәйкес келетіндігін кездейсоқтық еместігін атап көрсеткен. Зерттеуші К.Герц (Geerts) өткендей, адамдардың кейбір сүйіспеншілігі мен бауырмалдылығы әлеуметтік қатынастардан емес, табиғи туыстық сезімдерден туындайды [8; 211 б]. Ол этникалық байланыстар мен қатынастарға қатысты, бұл ең алдымен олардың алғашқы сипаттамасын береді, осы арқылы адам санасынан бұрын, алдындығы қатарда табиғи түрде қалыптасуын айқындайды.

Қазіргі қоғамда этникалық айырмашылықтар, дәстүрлі этномәдени құндылықтар, этникалық сезімдер – бұл қоршаған қоршаған кеңістікте өзін-өзі тануға әсер ететін мінез-құлық пен жеке тұлғаның және басқа қоғамдастықтың бағытын анықтайтын маңызды көрсеткіштер.

Шежіренің кешенді мазмұнына аталық, этнографиялық, тарихи материалдары башқұрт пен қазақтың, және басқа түркі халықтарының өз алдына жеке ерекше және құнды дерекөзі. Бұл халықтың тарихи жады, адамдардың ата-балары туралы естеп сақтап, олардың ұрпақтарына қалдырған жазбалары.

Біздің халықтардың әртүрлі этникалық (рулық) және этно-аумақтық топтарының қалыптасуы мен кейінгі даму тарихын зерттеуге, тарихи дамудың (материалдық мәдениетте, тілде (диалектте) және белгілі бір ерекшеліктерге ие болған этникалық тарихына бағытталған тығыз байланысты зерттеулер және т.б. сөзсіз қазақ және башқұрт халықтарының басқа да түркі халықтарының қалыптасу тарихының ерекшеліктерін түсіну үшін пайдалы және түркінің одан әрі даму перспективаларын әлемге ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М.: ТОО Мишель и К, 1993; он же: Этносфера: история людей и история природы. - СПб.: ООО «Издательский Дом «Кристалл»», 2002;
2. Eriksen T. Ethnicity and Nationalism. Anthropological Perspectives. L., 1993;
3. Скворцов Н.Г. Проблемы этничности в социальной антропологии. - СПб.: Изд-во С.-Петербургского университета, 1997.).

4. (Smith A. Nations and nationalism in a global era. Cambridge (Mass.), 1995. - P. 53.).

5. Geerts C. The Integrative Revolution: Primordial Sentiments and Civil Politics in the New States // Geerts C. The Interpretation of Cultures. New York, 1973. - P.255-310.)

6. Сейдімбек А.С. Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008. 728 б

7. . Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: «Фолиарт», 2010. Т. 2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 816 бет. ISBN 978-601-292-131-1

8.Ибраев Ш. А. Көшпелі мәдениет туралы жаңаша пайымдау //Ақселеу Сейдімбек: ғылыми мұрасы және тәуелсіздік (ауызша тарих мәселелері). Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 6 желтоқсан, 2012 ж. Астана, 2012. 5-10 б.

Жәлел ШАЛҚАР,
Қарағанды қаласы

КЛАССИКАЛЫҚ КӨШПЕЛІ ӨМІР САЛТЫН КӨРГЕН ЖАЛҒЫЗ АДАМ

Ақселеу Сейдімбеков жайлы бір үзік сыр және Қарағанды облысында өткен «Ақселеу Сейдімбеков атындағы жас ақындар мен жазушылардың, көсемсөз шеберлерінің облыстық әдеби-шығармашылық байқауы» туралы сөз қозғаймыз.

«Ақселеу Сейдімбек өзінің «Күй шежіре» (1992) атты кітабында былай деген болатын: «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан азапты өмірді тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ». Қ.Салғараұлы «Бұл сөз оның өмірі мен шығармашылығының бағдарламасы іспеттес» – деп жазады.

Қарап отырсақ, Ақселеу Сейдімбек бүкіл саналы ғұмырын елінің ертеңі үшін сарп еткен. Мұндай көзсіз ерлікке, туған жерін, атамекенін, халқын, елін шын жүрекпен сүйген адам ғана бара алары сөзсіз. Жастық шағынан бастап жанкештілікпен еңбекпен дос болған. Әрбір секундтың қадірін білу, сезіну деген осы. Қара бастың қамын ойлаудан аулақ, не істесе де, не жазса да халқы үшін, жалпы адам баласы үшін жазған. Нағыз бақыт - осы болар.

Ақселеу абыз өмірден өткенде Ғалым Жайлыбай өз ағасымен былайша қоштасқан екен:

Қош бол, аға!

Асығыстау қоштасты да өмірмен,

Бір жұлдызым ағып түсті көгімнен.

...Қорқыт баба қобызы боп күңіреніп

Тәттімбеттің күйлері боп төгілген.

Дараның да дарасы едің, ағасы,

Қамқа тонның жағасы едің, ағасы.
Қадір түні қадірлісін ап кетіп,
Күңіренеді бар қазақтың баласы. деп бастап,
Тірілердің рухына тұғырсың,
Ертегідей есте қалар ғұмырсың.
Бар қазақты құшағыңа сыйғызып,
Ұлтым - деген, Жұртым - деген бір ұлсың. деп жалғай келе,
Қалам алып бетбақ жонның шетінен,
Күңгір-күңгір күмбез іздеп кетіп ең...
Абыз дала Аңыз дала перзенті,
Алдыңызды жарық қылсын, өтінем.. деп түйіндеген.

Ақселеу Сейдімбектің қадір түнінде фәниден бақиға аттанғаны туралы айта келіп, елім деп еңіреп өткен асыл азаматтың шынайы азаматтық тұлғасын көркем суреттеген. «Қасиетті Рамазан айында бақилық болғандар жұмаққа барады» деп айтушы еді. Жаныңыз жәннәтта болсын!

Қасиетті сөз өнеріндегі, ғылымдағы үзеңгілесі Мырзатай Жолдасбеков: «Сонау шалғайда, далада туып, жастайынан жетім қалып, білім алып, кемеліне жетіп, бүкіл елін танып, елдің Ақселеуіне айналды. Жұрт ардақтап Аха деуші еді. Байғозы бабасының аузынан түскендей, сом денелі, батыр тұлғалы болатын. Жаратылысы, пішімі мол еді. Туған жердің төрінде алшаң басып жүруші еді. Ақселеу кеткелі ортамыз ойсырап қалды. Ақылман еді. Шешен де еді, көсем де еді, Ақселеу. Сөйлесе сөзді түбінен тартушы еді, айтса жұрттың көкейіндегісін табушы еді! Өмір бойы тірнектеп жинаған қазақ шежіресі туралы кітабын аяқтағанда: «саусағым жауыр болды, қағазға да беттемей қалыппын дегені де есте. Иә, Ақселеу саусағы жауыр болатындай, қағазға да, қаламға да беттей алмайтындай қыруар еңбек бітірді», – деп күңірене еске алады.

Осы жерде қазақ әдебиетінің аспанында жарқ етіп, аққан жұлдыздай өте шыққан Сұлтанмахмұттың мына сөздері еске оралады.

«Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам). Құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным – ала қағаздың беті... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ».

Сабақтастық деген осы болса керек. Ақселеу абыз да Сұлтанмахмұт сияқты қазақты бар болмысымен сүйген жан.

Сөздің реті келгенде, Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығына қысқаша тоқталып өтсек: Ақселеу Сланұлы Сейдімбек Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Атасу аулында 1942 жылы 12 желтосанда дүниеге келген. Әкесі Слан Екінші дүниежүзлік соғыста қайтыс болып, әкесінің ағасы Аманбектің тәрбиесін көріп өскен.

1959 жылы Жаңаарқа ауданының орталығында №1 қазақ орта мектебін бітірген соң, комсомолдық жолдамамен Қызылтау, Ақтау кеншарының мал шаруашылығында үш жыл еңбек етеді. Ақселеу Сейдімбектің өскен ортасы, әсіресе, аудан орталығынан шалғайдағы мал шаруашылығында еңбек еткен

жылдары оның сана-сезімін қалыптастырған, ел өмірінің дәстүрлі болмысына көз қанықтырған, тіптен болашақ шығармашылық ізденістеріне түбегейлі ықпал еткен тағдыр-талайлы жылдар болған.

Тарихтың әр қилы кезеңінде әлеуметтік-саяси ахуалмен тағдырлас ұрпақтың қалыптасып отыруы табиғи үрдіс. Екінші дүниежүзлік соғыстың аласапыранынан кейінгі әлеуметтік ауыртпашылық жылдарында қазақ ауылдары төрт түлік малдың сүмесімен күн көруге мәжбүр болды. Сөйтіп әлі де болса этностың жадынан көмескіленіп үлгермеген көшпелі өмір салттың шаруашылық-мәдени жүйесін қазақ ауылдары өздерінің әлеуметтік өмірлеріне негіз етті. Сол өмір салтпен өзектес дәстүрлі мәдениет те үзілмей сабақтасып, өмірдің алуан арнасында көрініс тауып отырды. Міне, осындай тарихи-әлеуметтік ахуалда, дәлірек айтқанда ХХ ғасырдың 40-50-60 жылдарында дәстүрлі тәлім-тәрбие көрген, болмыс-бітімі ұлттық қасиеттерге мейлінше қанық ұрпақ қалыптасты. Бұл ұрпақты қазақ даласында үш мың жылдай дәурен сүрген көшпелі өмір салттың сүт кенжесі деуге болады.

Ақселеу Сейдімбектің мал шаруашылығында еңбек еткен жылдары жазған мақалалары, өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде, республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарияланып тұрды. Бұл ретте, оған ақыл-кеңес беріп, шығармашылық жолды таңдауына әсер-ықпал еткен адам – сол кезде аудандық газетте қызмет атқарған белгілі жазушы Асан Жұмаділдин болды.

Ақселеу Сейдімбек университетті бітірген соң, 1968-1987 жылдар аралығында облыстық және республикалық баспасөз орындарында әдеби қызметкер және меншікті тілші («Лениншіл жас» - «Жас алаш»), жауапты хатшы («Орталық Қазақстан»), әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі («Социалистік Қазақстан» - «Егемен Қазақстан»), бас редактор («Білім және еңбек» – «Зерде» журналы және «Әлем» альманағы) болып қызмет атқарды. Бұл жылдар оның ел өміріне белсене араласқан, жетістікке де, кемшілікке де шырылдап үн қосқан, әсіресе, ел жадындағы рухани қазыналарды жаңаша парықтап, оған құныға ден қойған, сөйтіп ұлттық мәдениетке қатысты эмпирикалық материалдармен қоржынын тоғайтқан кезі еді.

Баспасөз беттеріндегі күн құрғатпай жарияланып жататын мақалаларына қоса, бұл жылдары Ақселеу Сейдімбектің әңгімелері мен повестері «Ақиық» (1972), «Қыр хикаялары» (1977), «Тауға біткен жалбыз» (1979), «Аққыз» (1981) деген атпен, очерктері «Кеніш» (1979), «Серпер» (1982) деген атпен жеке кітап болып жарық көреді. Ұлттық-этнографиялық бояуы қанық әңгімелері мен повестері орыс, қырғыз, өзбек, эстон, чех, неміс, ағылшын тілдеріне аударылады. «Кеніш» кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты болып, бірінші сыйлықпен марапатталады. Оның 1981 жылы жарық көрген «Күңгір-күңгір күмбездер» атты ғылыми-көпшілік кітабы қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында біртұтас құбылыс ретінде қарастыруымен, тарихи-этнографиялық дерегінің молдығымен, әсіресе, ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тың тұжырымдарымен оқырман назарын аударған еңбек болды. Бұл кітап 1985 жылы «Поющие купола» деген атпен Е. Қажыбековтың аударуында орыс тілінде жарық көрді. Әлем әдебиетінің әйгілі туындысы,

Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты эпикалық поэмаларын қазақ оқырманына таныстыруға алғаш талпыныс жасаған адам – Ақселеу Сейдімбек. Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленген нұсқасын ол қазақ тіліне аударып, бұл еңбегі 1974 жылы жеке кітап болып жарық көреді. Бұл аударма оқырман қауымның, әсіресе, оқушылар мен студенттердің сұранысына ие болып, үлкен тиражбен бірнеше рет қайта басылып шығады.

Ақселеу Сейдімбектің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандығы. Бұл ұлтжандылық - әйтеуір бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадыр-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендеп отыруға айырықша құштар. Оның шығармашылық және ғылыми еңбегінің бедерлі тұстарын былайша саралауға болады: бұрын жиналмаған да зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырманына таныстырды; алғаш рет тарихты жеке тұлғалар арқылы зерделеу идеясына ден қойды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; сөйтіп, көшпелілердің төлтума мәдениеті деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосты; қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің барын алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді; қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпында танытуды мақсат еткен телехабарлар сериясын (8) жасады; әр қилы пікір-бағаға қарамастан халық мұрасы ретінде алғаш рет қазақтың бейпіл сөздерін жинап, оның ғылыми басылымын жарыққа шығарды; белгілі тұлғалар өмірінің ғибратты сәттерін жинақтауға себепші болған "Деген екен" айдарын бастап берді. Сөз жоқ, мұның бәрі де халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың қам-харакеті екені кім-кімге де күмән келтірмесе керек. Осындай қасиеттерінің арқасында оның есімі халық арасында айырықша құрметке ие.

Ғалым-этнограф 2000 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Астанадағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры болып еңбек етті. 2009 жылы 16 қыркүйек күні өмірден өтті.

2014 жылдан бері Ақселеу Сейдімбеков атындағы жас ақындар мен жазушылардың, көсемсөз шеберлерінің облыстық әдеби-шығармашылық байқауы өткізіліп келеді.

2016 жылдың 14 қарашасында өткізілген іріктеу кезеңінде әділқазылар алқасының мүшелері әрбір ұсынылған шығарманың тақырыбы жағынан байқау шартына сәйкестігін, идеялық мазмұны, көркемдік сапасына, автордың сөз саптау мәнері, стильдік ерекшелігіне назар аударып, өте-мөте әділдікпен,

қырағылықпен, жүректерін қолдарына ұстап отырып 18 қарашада өтетін ақтық сынға қатысатын 10 үміткер іріктеп алынды.

Ақтық сында әділқазылар алқасының мүшелері оза шапқан жүлдегерлер мен байқау жеңімпазын анықтап, жүлделер үлестірді.

Ақселеу Сейдімбек «Жұлдыздар отбасы» журналының редакторы Жарылқап Қалыбайға берген сұхбатында былай деген екен: «Бүкіл Моңғолияда, Қытайда, Өзбекстанның Қарақалпақстан жағында мал жайылым шаруашылығына көшкенде тек қана менің ауылым классикалық көшпелі өмір салтын сақтап қалды. Мен өзімнің қатарларымның ішінде, бәлкім, қалам ұстап жүрген, этнографиямен айналысып жүрген адамдардың ішінде классикалық көшпелі өмір салтын көрген жалғыз адаммын». Бізге де Ақселеудей тарланның ізімен жүру нәсіп етсін!

Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын! Сіздің еліңіз үшін еткен ерен еңбегіңіз сізді ешқашан өлтірмек емес...

Ислам АМАНОВ,
*ақын,
Қарағанды облысы,
Жаңарқа ауданы*

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕККЕ АРНАУ

Ағып түсті маңдайға кеп бір тамшы,
Сол тамшының түсі мүлде алдамшы.
Ақаң жатқан бәйге төбе төсінде,
Түсін түстер жауһар жырға сал қамшы.
Бәрі бар – ау бұл тамшыда бәрі бар,
Тіршіліктің өзек жалғар нәрі бар.
Кеңістікті кең сөздермен сөз еткен,
Ақселеуден айрылған күн шері бар.
Күмбірлеген күй домбыра сазы бар,
Сайын дала, аптап ыстық жазы бар,
Ер жігіттің өр көңілін жықпайтын,
Сұлу қыздың жан ерітер назы бар.
Жан түршігер жалғандықтың зәрі бар,
Беттен қағар қатал қыстың кәрі бар.
Көңіл төрін теңге тескен талайға,
Сипай жақса ем боларлық дәрі бар.
«Дәуренайдың» сезім бойлар әні бар,
Насыбайдың тіл қуырған дәмі бар.
Жәнібектің әнін тыңдап тамсанған,
Нар тұлғалы Ақселеудің үні бар.

Бұл тамшыда замананың зары бар,
Заңғар таудай ыза-кектің қары бар.
Жолбике боп жорғалаған жаманға,
Өткел бермес нәрлі сөздің бәрі бар.
Көрген түстей өтті өмір жанталас,
Ақаң биік күйінгенмен бақталас.
Зерлі сөз бен бал тіліне ынтыққан,
Аман болсын, қалың қазақ замандас.

Құралай СӘРСЕМБИНА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш.Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институты
Астана филиалының
жетекші ғылыми қызметкері
kuralai_sk@mail.ru

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Тәуелсіз мемлекет болған уақыттан бері ұлттық идея, Қазақтың ұлттық идеясы тақырыбы төңірегінде ғылыми еңбектер жарық көруде. Қазақ ұлтының жарқын болашағы үшін қалам сілтеген ғалымдарымыз ұлттық идеяның мәні мен мазмұнын, тарихи даму белестерін зерделеуде.

Ұлттық идеясыз дамудың сара жолына түсу де мүмкін емес. Бұлай дейтін себебіміз, ұлт Ұлттық идеясыз толыққанды өмір сүре алмайды. Өйткені, ұлттық идея ғасыр өткен сайын қауіп-қатердің түр-түрі күшейген планетамызда ұлттың қорғаны болып табылмақшы. Ұлттық құндылықтары (рухани құндылықтар) басты орында тұрған мемлекет өзгелерден оқ бойы озық болмақ-шы. Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық тәртіп ұлттануды қоғамнан жаттандырып, халықтарды «ұлы, «кіші» деп жасанды тұрғыдан жіктеп, табиғи дамуға тосқауыл қойды. Ұлттық идеяның қорғаны болған ұлт зиялыларын, дәстүрлі әлеуметтік құрылымның тірегі болған тұлғаларды жойқын күшпен жою, тіпті олардың отбасын тағдыр тәлкегіне ұшырату саясаты салдарынан халықтың тектілік келбетіне сызат түсті. Түйіндеп айтқанда, этникалық өзіндік санаға, ұлттың рухына алапат шабуыл жасалды. Нәтижесінде, қазақтың төл ұлттық идеясын қазақ баласының санасынан ажырай бастады. Бұған бір мысал, дәстүрлі қазақ қоғамында елім, жерім деп өскен қазақ баласының санасына «пионер, комсомол, коммунист болу қол жетпес арман» секілді идеология толтырылды. Ұлт дамуына қайшы, бірақ қуатты күшті идеология өзінің діттеген жеріне жете бастады. Елшіл емес жершіл, ұлтшыл емес рушыл, жұртшыл емес жекешіл мансап қуғандар саны арта бастады. Алайда, осы тұста отбасындағы тәрбиеге сызат түспеген ортадан өскен қазақ балаларының ұлттық санасы биік болып жетілгендігін де ескеру

шарт. Сонымен, қазақ балалары ұлттық идеядан ажыраған соң ала – құла кейіпте өсіп жетілді. Біреу коммунист болғанына масаттанса, басқалары коммунистерді іштей жек көрді. Рухы биіктер кеңес өкіметі тұсында да тығылып жүріп намазын оқыды. Рухы биік жандар кеңестік мансапта жүрсе де елге қызметін білдіртпей жасап жүрді. Ұлттық идея қоғамда үстем болмағаннан соң, ұлт мінезіне өзгерістер енгендігі шындық. Ұлттық идеядан ажырағаннан соң қазақ ұлтының болмысына жат қылықтар бас көтеріп, тамырын тереңге жая бастады. Осы бір келелі мәселе тұрғысында ғалым Акселеу Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихында»: «Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотөлтумалығы да дүбәралана бастайды. Ал, этнос мүлде өлімге бойсұнғанда, сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады... Нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек» деп те жазған еді [1.46-47 бб.].

Ғалымдарымыз жазып жүргендей қазақтың ұлттық идеясы қазақ ұлтымен бірге өмірге келген. Дәлел келтірер болсақ: «Ол қазақтармен бірге дүниеге келді әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. ...Ендеше ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар екен. Оның өзі бірнеше дәуірден тұрады. қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, бірде тілін, бірде тісін көрсеткен Ресей, қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады.» [2; 69].

Қазақтың ұлттық идеологиясы қазақ мемлекеттілігінің дамуына жол ашты. Ұлттық идеология мен мемлекеттілік ұстаз бен шәкірт сынды. Білікті ұстаз болмаса білігі жоқ шәкірттің өмірге келетіндігі шындық. Ұлттық идеология болмаса мемлекетшілдік санамен қаруланған ұрпақта қалыптаспайды. Қарақан басының қамын күйттеуден әрі аса алмаған адам мемлекеттілікті дамытуға сүбелі үлесін қоса алады ма? – деген де заңды сауал туындайды. Сондықтан, өрімтал жасты тарих тағылымымен, тарихи тұлғалардың өнегелі мектебімен сусындауы міндет.

Ұлттық идеяның мәні мен даму белестері қазақтың ақын-жырауларының шығармаларында тұнып тұр. Қазақтың ұлттық идеясы рухани өрісімізде жүр. Демек, төл тарихымызды философиялық көзқараспен зерделеуіміз шарт. Осы тұста интеллектуальды интуиция мәселесі де жетекші орынды иеленеді. Себебі, ұлттық идея дегеніміз ұлттың жан-дүниесінен шығатын өмір мәндік идеялар. Сондықтан да, зерттеуші ең алдымен ұлттың болмысын терең түсінуі керек. Ал қарапайым халық санасына ұлттық идея сіңу үшін, тарих тағылымына қанық болу керек. Сонда ғана, ұлттық идея ауада емес, шынайы өмірге оралады. Мәселе, идеяның орындалуында болып тұр. Ұлттық идея бұрыннан бар дүние. Себебі, қазақ ұлты бар. Мәселен, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді даналарымыз ұлттық идеяны ұлттық идеяны мемлекеттік деңгейге көтерген еді. Жаугершілік заманда Отанды қорғау ұлттық идеяның өзегі болды. Сондықтан да халық бойында

ұлттық рух биік болды. Осы бір өмірлік маңызды мәселені ұлтын сүйген ғалымдарымыз өз еңбектерінде арқау етті.

Ресей империясының отаршыл саясаты салдарынан ұлттық идея тұншықтырылды. Ел аузынан жеткен «Абылай ханның түсі» өмір шындығына айналды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары ұлттық идеяның ұлттық деңгейдегі жанталасын көрсетеді. Кенесары феномені қазақ баласының жүрегіне ұлттық идеяның қуатын ұялатып кетті. Саяси жетекші мен халықты біріктіретін ұлт мұраты. Сондықтан да халық жүрегінен Кене ханына арналған жыр төгілді. Нысанбай жырау Кене хан өлтірілгеннен кейін: бастан тайды бағымыз, байланды тіл мен жағымыз деп жылаған еді. Бұл халық жүрегіндегі шер еді.

XX ғасырдың басында Алаш зиялылары өздері тар қапаста күңіреніп жүрсе де, өктем саясаттан теперіш көріп, жасып қалған ұлттық идеяны өмірге енгізіп кетті деп те батыл айта аламыз. Ойлы көзбен қарағанда, зиялыларымыз бастарына төнген қауіп қатерге қарамастан ұлттық идеяны халық санасына сіңіру үшін «Қазақ» газетін шығарып, партия құрып, оның атын «Алаш» деп қойды. Мемлекетінің атын Алашорда деп атауының өзі ұлттық идеяны өмірге енгізу мақсатын көздейді. Алаш – біздің ұлттық идея. Алаш пен қазақ бір түсінік. Алаш идеясының астарында қазақтың ұлттық рух түсінігі жатыр. Осы тұста Міржақып Дулатұлының: Қазақты қазақ десе мақтанамын, Алыстан алаш десе аттанамын... – деп басталатын жыр жолдары да ойымызға оралып отыр.

Алаш зиялылары қазақтықты сақтау мақсатында тарих қойнауындағы рухани қазынаны халыққа қайта табыстады. Олар өздеріне дейінгі зиялылықтың заңды жалғасы болатын-ды. Тарих өрісіндегі зиялылықтың арқасында төл тарихымыздан қазақ рухының қуатты лебі еседі. Осы бір іргелі мәселені тереңнен ұғынған Алаш зиялылары қазақ қариясының сыр сандығында сақталып, ауыздан ауызға беріліп, ұлтты тәрбиелеп отырған қазақ тарихын кітап бетінде қалдыруға ұмтылды. Тарихи тұлғаларды насихаттады. Сол кезеңдегі «Қазақ» газетінде көтерілген мәселелер мемлекеттік деңгейде қаралған мәселелер деп батыл айта аламыз. Себебі, «Қазақ» газеті халық пен билік арасындағы көпір еді. Газет бетінде келелі дүниелер талқыланып халыққа ашық ұсынылды, халық та зиялыларына сенім артып көкейкесті мәселелерін ашық жазды. «Қазақ» газеті мен халық арасындағы байланыс күшті болды. Өзара сенімнің арқасында қоғамға зиянды тұлғалар әшкереленді, ұлтқа зиянды арнайы «тапсырыспен» жазылған дүниелердің зиянды екендігі айтылды. Бір сөзбен қайырғанда, қазақ ұлтының мүддесіне қауіпті мәселелер халыққа жеткізіліп, халықты жаманшылықтан сақтандырып отырды. «Қазақ» газеті ұлт өмірінде дирижер іспеттес болды. Қазақ газеті дүниеге келгенде ғұлама Шәкерім Құдайбердіұлы «Қазақ құтты болсын!» деп өлең жазып; «Дүниеге келді бізден бір талапты ұл, Ержетсе бар қазақтың басшысы бұл...Тірілді өлген үміт қаным қызып...»[3, 27-б.],-деп қараңғыда жүрген халқын тура жолға бағыттайтын газетке аянбай көмектесуге елді шақырған еді.

Жоғарыда зерделегендей, ұлттық идея тарих өрісімен бірге өріліп, көзі ашық, тарихи санасы зерек тұлғалардың арқасында тәуелсіздікке дейін амалдап жеткізілді. Ұлттық идеямен сусындаған, еңбектерінде ұлт керегі жан-жақты

жазылған тұлғаларымыздың бірі қазақ тарихы мен этнографиясында мәңгілік өшпестей ізін қалдырған ғалым Ақселеу Сейдімбек.

Шағын мақалада Ақселеу Сейдімбек ағамыздың ұлттық идеяға тұнып тұрған еңбектерін толық зерделеп, оқырманға ұсыну мүмкін емес. Сонда да, ұлттық сананы биіктетуге тірек болған негізгі идеяларын мүмкіндігінше талдауға ұмтылыс танытамыз.

Ақселеу Сейдімбек қазақ ұлтының рухани тамырларына жан беріп, ұлт рухын көтеруге күш салды. «Кеңес Одағы кезінде жеке ұлттардың тек-тамырына үңілудің қажеті де болмады. Көптеген ұлттар өздерінің этногенетикалық тек-тамырынан көз жазып, сырттан зорлап таңылған «бұрынғы жабайы жұрт» деп келетін теориясымақты жатқа айтуға мәжбүр болады», -деп жазғандары сөзімізге дәлел.

Ұлттық рухымыздың өзегі тарихи тұлғаларымыздың тектілік бейнесінде, ән-күй өнерінде, әке-ананың тарихи келбетінде және осы тектес мазмұннан өрбитін іргелі мәселелерде жатыр. Ақселеу Сейдімбек сынды қазақтың жанашыр ғалымдары жаһандану қарқынының екпінін сезіп, ұлтты сақтау ісіне өзіндік зор үлесін қосып кетті. Мәселен, «Қазақтың күй өнері» кітабының «Тарихнама» және «Этнографиялық шолу» тарауларында көшпелі өмірдің қазақ ұлты ділінің өзіне тән ерекше қалыпта болуына әсер еткендігін тереңнен сомдайды. Көшпелілер өміріндегі ән-жыр, айтыс - дастандар, тіпті бақсылық өнердің белгілі бір аспапсыз айтылмағаны, айтылса да өз мәнінде орындалмағандығын зерделеп, ән-жырдың ұлттық тәрбиелеу ісінде ерекше қызмет атқарғандығын дәйектеген. Қазақтың күй өнерінің қазақ ұлтының рухын биіктетудегі орны жете зерттелмеген тақырып десек-те артық айтпаған болар едік. Күй өнерінде қазақтың қатпарлы тұнып тұр.

Әрбір күй жай ғана саз емес, белгілі бір тарихи оқиға желісінен туындаған. Осы бір іргелі мәселені байыппен қараған Ақселеу Сейдімбек былай деген еді: «Осы уақытқа дейін қазақ музыкасының, дәлірек айтқанда, қазақтың музыкалық фольклорының бірі ғана қырына баса назар аударылып келгені аңғарылады. Ол - ән-күйлердің таза музыкалық туынды ретіндегі қасиеттері. Яғни ән-күйлердің әуендік, сарындық ерекшеліктеріне ғана мән беріліп келді. Ең талдап сөз еткік дегенде, сол ән-күйлердің музыкалық туынды ретіндегі жанрлық сипаты, ішкі құрылым-бітімі, орындалу ерекшеліктері тілге тиек болып отырды. Алайда, қазақтың аса бай музыкалық фольклорының екінші қыры – сөзбен байланысты филологиялық қыры назардан тыс қалып келді. Ән-күймен біте қайнасып жатқан өлең, жыр, толғау, аңыз, әңгіме сияқты көптеген жанрлар музыка зерттеушілері үшін филологиялық объект болып есептелсе, филологтар үшін музыкалық мұраның объектісі ретінде ескерусіз қалып отырды. Нәтижесінде, қыруар мұраның назардан тыс қалып, жиналмай келуі өз алдына, оған қоса музыкалық фольклордың синкретті болмысындағы тарихи-эстетикалық қадір-қасиеті де толық ашылмай келді. Әрине, мұндай жағдайда музыкалық фольклордың және онымен шендесіп жатқан күй аңыздарының да төл ерекшеліктері туралы ойдың өрбуі мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ халқының тарихи-рухани шежіресінің құнарлы бір арнасы болып табылатын көл-көсір күй аңыздарын

жинап бастыруды саралап зерттеудің мән-маңызы ерекше зор. Кезінде академик Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Күй аңыздарының көп екенін ел біледі, бірақ кітап, баспа білмейді. Егер олқылықтар толып, күйлердің көрікті аңыздары, тілдегі баяндауыш әңгімелер жазылса, онда қазақ халқының музыка фольклорына әдемі айшық, нақыш қосылуымен, мағыналы мазмұн анықталып, жалғасуымен қатар, ауызша фольклор да өзінің бір қысқа түрдегі көркем әңгіме, новеллаларын көп айтқан болар еді». М.Әуезов көтерген, жүзеге асуын арман еткен бұл проблема өзінің мән-маңызын әлі күнге жойған жоқ» [4].

Қазақтың күй өнерінің ұлттық болмыспен бірегей дүние екендігін дәлелдеген зерттеуші, күй өнеріне қатысты ел аузындағы аңыздарды баяндап, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Қазанғап сынды тума таланттар өмір сүрген әрі қазақтың ән - күй өнерінің алтын ғасыры болған ХІХ ғасыр туралы: «Егер әрбір халықтың тарихтағы орны жалпы адамзат мәдениетінің дамуына қосқан рухани үлесімен өлшенер болса, онда қазақ халқының ұялмай бетке ұстары - музыкалық мұрасы болса керек. Бұл орайда, әсіресе ХІХ ғасырдың алар орны айрықша. Өзіне дейінгі талай ғасырдың сарын-сазынан нәр алған ХІХ ғасырдағы қазақ музыкасы бойын түзеген арудай сыланып шыға келді де өзіне бұрынғы-соңғы ғасырларды тәнті етіп, мәңгі ару күйінде қалып қойды» [4, 32 б.], – деп тұжырымдаған. Ғалым қазақ халқының ертеден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі бойынша кез келген күй тартылмас бұрын білікті домбырашы сол күйдің авторын, күйдің шығу себебі, күйдің тартылу ерекшелігі, күйді кімдердің жеткізгені және қазіргі тағдыры жайында толық мағлұмат беретін әңгімесін айтып алатындығын да оқырман назарынан тыс қалдырмайды. Демек, күй өнері тұнып тұрған тарих. Ал, күйді орындаудағы мақсат – дала тарихының ұмытылмай, ауыздан ауызға берілуі, сонымен қатар ұлттық рухты биіктету болса керек-ті.

Ақселеу Сейдімбек қаламынан туындаған туындылар ұрпақты ұлттық рухпен тәрбиелеуде зор үлес қосуда. Мәселен, «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Ақ қыз», «Біратым насыбай», «Ақиық», «Атамекен», «Алпамыс батыр» атты хикаяттары, «Тауға біткен жалбыз», «Рамазан мерген», «Қақпаншы», «Көңіл шіркін», «Зерде», «Олжа», «Аңшы өтірік айтпайды», «Айқас» деген әңгімелері, «Бақыт», «Бақ, Дәулет және Аман», «Әйел- Ана», «Махаббат», «Батпан құйрық», «Серілер мен перілер», «Қосаяқ», «Емші», «Бай, байғұс және би», «Бетпақдала», «Бір түп жусан», «Ақ ешкінің шағымы», «Ағыбай батыр» деген ертегілері, «Абылай хан», «Күннің қызы Күнікей», «Аққыз» атты киносценарийлер, «Солдаттың оралуы» деген либреттосы мен «Ойсылқара», «Қаныш берген қарындаш», «Жұлдыздар із тастап кетеді», «Сонар», «Шоқан Уәлиханов – публицист», «Батырдың анасы», «Күз ырғақтары» деген жиырма шақты очерктерінің тарихи мәні жоғары. Өйткені, олардың мазмұнында ұлттық идея жатыр. Сондай-ақ, «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Толғау» сияқты ұлт рухын көтеретін тамаша әндерін де көзіқарақты азамат жақсы біледі.

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінің орным тым айрықша. Себебі, қазақтың тарихы ауыз әдебиетінде, шежіреде тұнып тұр. Шежіре арқылы «қарға тамырлы қазақ» деген философиялық ой түйіні де

жасалынды. Әрбір қазақ баласы шежіре арқылы өзін ұлттың бір бөлшегі екенін, яғни жанды ағзасы екінің тым жақсы түсінді. Сондықтан да, бұрынғы замандарда қазақтың әрбір қариясы қазыналы тарих болған еді. Сол тарихпен өрімтал жастарды тәрбиелеген. Содан да болар қазақ халқы діни фанатизмге салынбай, дәстүріне сай дінімен ерекше қазақтық мәдениет үлгісін көрсетті. Үлкенді сыйлауда, қонақты құрметтеуде, жасты қадірлеуде, баланы жақсы көруде, дастархан басындағы әңгіме де және т.б. осы тектес өмірлік мәні зор қарым-қатынастарда да белгілі бір реттік нормалар тамырын тереңге жайған еді.

XX ғасырдың 60-жылдарына дейін өзінің қалпын барынша сақтап келген қазақ арасындағы шежірешілдік дәстүрі өзінің болмысынан ажырай бастады. Кеудесі сыр сандық қариялар жыл өткен сайын азайды. Қазіргі күні тіпті жоқтың қасы деп те айтуға болады. Ал, Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегі қазақтың шежірешілдік дәстүрін тереңнен көрсететін құнды туынды. Мәселен, «Шежіре және тарих» атты бірінші тарауында елтану мектебі, тарихнама, этнология және ру-тайпалық жүйе, түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер, қазақ шежіресіндегі уақыт талабы, ел болудың алғышарттары, антропонимика және шежіре сынды іргелі мәселелер кешенді сомдалған.

Алаштық-қазақтық генеология, яғни Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тыңнан жасақталған ру-тайпалық құрылымдар жүйесі нақтылы дерек тұрғысында шежіре мазмұнынан көрініс табуы зерделеніп, мынадай бір ақиқат түйінделген. Оны ғалым сөзімен келтірсек: «Ол –қазақ шежіресінің де, қазақ шежірешілдігінің де түпкі идеясы қазақ ұлтының біртұтастығын дәріптеуді негізгі нысана етіп отыратындығы. Шежірелік деректер өзінің мазмұндық әр алуандығына, көп нұсқалығына, тіптен қиял-ғажайыптылығына қарамастан біртұтас этножаралым идеясынан, яғни ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясынан әсте ауытқымайды»[1, 67 б.].

Ғалым жазғандай: «Ой сорабын жинақтағанда, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар «Алаш» атауының халық жадында сақталғанына алдымен мән беріп, ол атауға түпкі тектік мазмұн дарытып, алашабыр ру-тайпаларды ұйыстыратын символ-этноним деңгейіне көтере алғандеп түйін жасауға болады» [2, 79 б.]. Демек, ғалым еңбегінде алаш идеясының ұлттық идея екендігі түйінделіп, аталған кітаптағы бес тараудың мазмұнынан ұлттық идея көрініс береді. Дәлел келтірсек: «Қазақтың туысқандық жүйесі» деген екінші тарауда қарға тамырлы қазақ, сүйек қосу, қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы, енші институты, туысқандық жүйе, туысқандық атаулар жүйесі қамтылған.

«Қазақтың қария сөздері» деп аталатын үшінші тарауда аңыз ақиқатының жаңғырығы, Алаш. Қазақ. Үш жүз, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, жүзге кірмейтін ру –тайпалар зерделенген.

«Шежірелік айғақтар» деген төртінші тарауда тектес – аттас ру-тайпалар, лақап немесе жанама этнонимдер, сіңісті аталар мен рулар, қазақ этнотопонимдері, ру-тайпа атауы мен ұранына шыққан аналар, мақал-мәтелдер, ен –таңбалар мен ұрандар зерделенген.

«Қазақ болмысы» атты бесінші тарауда этнографиялық түйін жасалған.

Байқап отырғанымыздай, қазақтың аталған бес тарау мазмұнында ұлттық болмысымыз сомдалып, жас зерттеушілерге ғылыми бағыт-бағдар берілген.

Қазақ хандары туралы жаза келіп, қазақ халқының соңғы ханы Кенесары туралы ойының орамын Мағжан ақынның жырымен түйіндеуде де үлкен мағына жатыр. Мағжан ақынның:

...

Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін, дулат, қырғызбен қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын,
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.

...

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар тулақ, ер арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада,
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.

...

Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,

Алашқа бұдан да зор шер болмайды – деген [1, 341 б.] қазақтың қайғы зарын көрсеткен жырымен түйіндеп, ұлттық идеяның қапаста күңіренген халін көрсетеді. Ақселеу Сейдімбек: «Қазақ хандығының ұзына тарихы, түптеп келгенде, ел болу жолындағы күрестің тарихы. Бірде шарықтап, бірде құлдырағанына қарамастан, Қазақ хандығы дәурен сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық төлтумалығын біржолата орнықтырып үлгерді. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы ұлт ретінде өзінің мәдени-рухани және моральдық – этикалық қалыптарын даралап алды.

...Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, ең алдымен, қоғамдық-әлеуметтік өмірді реттеуге қызмет етті. Материалдық және рухани мәдениеттің қандай түрі болсын тек қана қоғамдық-әлеуметтік өмірдің сұранымына орай дүниеге келіп отырды. Бұл ретте, дәстүрлі өмір салттағы қазақтар өнер деңгейінде өмір сүре алды деуге де болады. Тарих талқысында «мың өліп, мың тірілген» (Жұбан Молдағалиев) қазақтың күні бүгінге дейін қазақ болып жер басып жүргені осынау арқауы берік рухани мәдениеттің арқасы»[1, 342 б.],-деген ой түйіндерін жасап, ұлттық идеяның өміршең болу себептерін де ұғындырып кетті.

Төл тарихымыздағы ұлттық идеяны шынайы өмірге енгізіп, Ақселеу Сейдімбек сынды ұлтын сүйген ғалымдарымыздың еңбектерімен жастарды тәрбиелеу қажет. Әлихан Бөкейханұлы айтқандай: «Оқу-білім болса, мақсат бәрі

табылады дегендей көрінеді. Бұлай болса, ол – адасқандық. Біліммен мақсат шықпайды. Ібіліс жұмақтан білімсіздігінен қуылған жоқ, имансыздығынан қуылды. Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден»[5, 119-б.]. Ал, мінездің түзу болуы ұлттық идеяға көгендеулі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728-б
2. Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
3. «Қазақ» газеті./ Бас редактор Ә.Нысанбаев.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.-560 б.
4. Сейдімбек Ақселеу. Қазақтың күй әнері. А., 2004
5. Букейхан А. Казахи.-Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2014.-280 б.

**Жанар Бекайдарқызы,
Мейрамгүл Ермаганова,
ЕҰУ Ғылыми кітапханасы**

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ – АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК

Алаштың ардақтысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Ақселеу Сейдімбек Сланұлы білім мен ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Ұлтымыздың әдебиеті мен мәдениетін кеңінен зерттеді. Әдебиетіміздегі қара өлеңдер мен күй шежірелер, қазақ тарихы мен этно-мәдениетін ғылыми тұрғыда терең зерттеп, ұрпағына рухани мұра қалдырды.

2000 жылдан өмірінің соңына дейін осы университеттегі ғылыми-зерттеу орталықтары мен қазақ әдебиеті кафедрасын, журналистика кафедрасын басқарған ұлт руханиатының жанашырына арнап, 2009 жылы ғылыми кітапханадан «Ақселеу Сейдімбек атындағы ғылым залы» ашылды.



Ақселеу Сейдімбек атындағы оқу залы

2008 жылы ғалым өзінің жеке кітап қорынан 1278 дана кітапты «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына сыйға тартты. Бұл кітаптардың ішінен ғалымның өзінің ұлттық әдебиет пен мәдениет, өнер туралы жарыққа шыққан «Кенші: Қарағанды облысы туралы кітап» (1979), «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Серпер» (1982), «Мың бір маржан» (1989), «Қазақтың әйгілі күйшілері» (1992), «Күй шежіре» (1-2 кітап, 1992, 1997), «Көшпелілер тарихы» (1995), «Қазақ әлемі» (1997), «Ойтолғақ: жарияланбайтын жазбалар» (1997), «Қазақтың күй өнері» (2002), «Қазақтың ауызша тарихы» (2008), «Ақиық» (1972), «Қыр хикаялары» (1977), «Сонар» (1989), «Аққыз» (1991), «Балталы, бағаналы ел аман бол» (1993), орыс тіліндегі «Поющие купола» (1985), «Всадник на белом коне» (1987), «Мир казахов» (2001) және басқа да еңбектерін ерекше атап өтуге болады.


Қазақ руына қатысты 100-ден аса шежіре кітаптар мен әр түрлі тақырыптағы «Мұқтасар», «Асық ойыны», Мұса Шорманның «Қазақ ойындары», Н.Павловтың «История Туркестана» (1910), В.А.Мойсеевтің «Жоңғар соғысы» және басқа да 21 фотоленка бар. Қазақтың тарихына қатысты құнды материалдардың көшірмелерін «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей»: Акмолинская обл. Атбасарский уездъ, том 2 (1902); Акмолинская обл. Омский уездъ, том 11 (1902); Тургайская обл. Актюбинский уездъ, том 7 (1903); Тургайская обл. Кустанайский уездъ, том 5 (1903); Семипалатинская обл. Павлодарский уездъ, том 4 (1903); Семипалатинская обл. Усть-Каменогорского уездъ, том 9 (1905); Акмолинская обл. Петропавловский уездъ, том 12 (1908) және басқа да қазақ руларына байланысты шежірелер, қазақ арыстары мен қазақ күйшілері туралы газет беттерінен жинақталған көптеген папкалары мен қазақ күйлерінің пластинкалары, журналдар мен авторефераттар бар. Әрбір кітаптың, қолжазбалар мен папкаларына ғалымның қолтаңбасы қойылған.




Оқу залындағы Ақселеу Сейдімбектің өзі жасаған «Қазақтың төр шежіресі» мен ғалымның өмір жолы жайындағы фото-шежірелері және пайдаланған заттары оқырмандардың қызығушылығын арттырады.



Ақселеу Сейдімбек ұлтына қатысты барлық мұраларды іздеп тауып, зерттеп қана қоймай, жинақтап отырған. Осындай құнды мұралардың бірі А.И.Левшиннің «Қазақ-қырғыз тарихы жазбаларының» поляк тіліндегі қолжазбасы (1828) мен Абай Құнанбаевтың «Өлеңдер жинағы» 1922 жылы Ташкент қаласынан Түркістан мемлекеттік баспаханасынан жарық көрген төте жазудағы үшінші басылымын «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының ашылу салтанатында Тұрсын Жұртбайға аманат етіп, тарту еткен.





Бауырым Тұрсын!

Халқыңның рухани мұрасын тірнектен жинаған еңбегіңнің қайыр-берекесін берсін! Сенің ұлтым деп соққан жүрегіңнің жарыны өкше басар ұрпаққа жұғысты болсын! Жақсы кітап та жан досың сияқты зой. Мынау, біздің Геродотымыз – Левшин (Шоқан) анда-санда фәни жалғанда торыққанда бір сипап қоятын «досым» еді. Өз перзентіңдей мәпелеп, келер ұрпаққа аманат етерсің.

Искедім – Ақселеу. 30.XI.2005 ж.

Ғалымның кітап қорын Перизат Сейдімбекқызы 800 дана кітаппен толықтырды. Солардың ішінде 2010 жылы «Фолиант» баспасынан жарыққа шыққан алты томдық шығармалар жинағының орны ерекше. Бұл жинақтың бірінші томы жазушы Қойшығара Салғараұлының «Ақселеу Сланұлы Сейдімбек: өмірі мен шығармашылығы» атты алғы сөзімен басталады, осы томда ғалымның көркем туындылары: повестер, әңгімелер, ертегілер, очерктері және ән-күйлері берілсе, екінші томда – қазақ халқының мәдениеті, өнері, фольклоры мен этнографиясына арналған әр жылдары жазылған еңбектері, үшінші томда – «Қазақтың күй өнері» монографиясы берілген. Автор бұл еңбегінде қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар күй өнерін тарихи және этнологиялық тұрғыда зерттеген. Ұлы Дала көшпелілерінен бастап, бүгінгі қазақ халқының музыкалық мәдениетіне қатысты алғаш рет кең көлемде деректемелік материалдар берілген. Төртінші томда – «Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау» атты зерттеу еңбегінде қазақ этнологиясына қатысты көптеген тың да толымды пайымдаулар жасалған. Қазақ халқының құрамындағы

ру-тайпалардың құрылымы тұңғыш рет толық қалпында жүйеленіп көрсетілген. Бесінші томда – А.Сейдімбектің әр жылдары жазған мақалалары, пікірлері, тұлғалар туралы толғамдары және сұхбаттары берілсе, алтыншы томда автордың Гомерден аударған «Илиада», «Одиссея» поэмасы, И.Можейкодан «7 және 37 керемет» және басқа да аударма еңбектері топтастырылған [2].

Университет пен факультеттер ұйымдастырған «А.Сейдімбек оқулары», конференциялар мен дөңгелек үстелдер және басқа да шаралар А.Сейдімбек оқу залында жиі өтіп тұрады.

Жазушының 80 жылдығына орай 22 желтоқсан күні ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультеті ұйымдастырған іс-шара «Ақселеу Сейдімбек және ұлттық рухани құндылықтарды зерделеу: таным, тағылым, тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Жиынға қатысушылар назарына Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығы, оның рухани мұрасына арналған кітап көрмесі ұсынылды.



Сонымен қатар ғылыми кітапхана ұйымдастырған Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығына орай «Ақселеу Сейдімбек – қазақтың күй өнерін зерттеуші» атты кеште А.Сейдімбектің артында қалған өлшеусіз мұралары дәріптелді. Қазақ тарихына, шежіресіне, мәдениетіне қатысты жиған-терген еңбектерінен ақпараттар берілді. Кешке Ақселеу Сланұлымен бірге жүріп қызметтес болған ЕҰУ ғалымдары ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, түркітанушы Қойшығара Салғараұлы, абайтанушы, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай, Кәсіподақ ұйымының басқарған, ардагер Талғат Жанайдаров, зерттеуші Үржамал Әлменбетова және білім алушылар қатысты. «Ақселеу Сейдімбек – қазақ әдебиеті мен өнерін, мәдениеті мен руханиятын дамытуға өлшеусіз үлес қосып, төл тарихымызға жарқын қолтаңбасын қалдырған қаламгер», деп бастады өз сөзін түркітанушы ғалым Қ.Салғараұлы. Алаштанушы Т.Жұртбай қазақ күй аңыздарын зерттеп, этнография саласына, соның ішіндегі қазақты тану, ұлттық руханиятты білу әлемін терең зерттеп, ұлт руханиятына мол мұра қалдырғанын және ғалыммен бірге қызмет атқарған күндерінен естеліктер айтып, Ақселеу Сейдімбекті әлі күнге дейін сағынатынын еске алды.

Шара барысында Қазақ ұлттық Өнер университетінің аға оқытушысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, күйші Айтбаев Қайрат Хамитұлы Тәттімбеттің «Саржайлау» күйін тартып, осы университеттің студенті бірнеше республикалық конкурстардың лауреаты Мұқашев Таңат А. Сейдімбектің «Сарыарқа» әнін орындап, тыңдаушыларды тәнті етті. Шараға келгендерге ғалымның күй өнеріне қатысты еңбектерімен, қолжазбаларымен, жинаған күй табақтарымен таныстыру мақсатында бейнеролик ұсынылды.



«Ақселеу Сейдімбек – қазақтың күй өнерін зерттеуші», 24.11.2022 ж.

10 қыркүйек күні Жаңаарқа ауданында қазақ руханиятының аса көрнекті өкілі, ғалым-этнограф, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шараға ЕҰУ-дың ғалымдарымен бірге ғылыми кітапхананың «Ақселеу Сейдімбек атындағы» ғылым залының қызметкерлері М. Ермаганова мен А. Ахметовалар да қатысты. Іс-шара барысында «Ақселеу Сейдімбек және көшпелі мәдениеті» тақырыбында республикалық конференция өтті. Конференцияда ғалымдар мен қызметтес болған әріптестері, шәкірттері ғалымның еңбек жолы, қазақ еліне артында қалған мол мұрасы туралы, қазақ халқының рухани құндылықтарын, аса құнды ғылыми зерттеулері, шығармалары туралы айтып, естеліктерімен бөлісті. Жиналған қауыммен бірге басына барып құран бағыштау сәтіне қатысты. Ақселеу Сейдімбек ағамыздың туған жерінде болып рухына тағзым етіп, рухани әсер алып қайтты.

Жазушы-ғалым А.Сейдімбектің туғанына 80 жылдығына орай 10-14 желтоқсан аралығында кітапхананың әлеуметтік желісінде ғалымның шығармашылығы мен еңбектері туралы онлайн-викторина ұйымдастырылды. Викториналық сұрақтарға жүзден астам оқырмандар қатысып, 1-орынды Искаков Ерасыл, 2-орынды Серік Ангөк, 3-орынды Роза Шарапатовалар иеленді және сыйлықтармен марапатталды.

Ғалымның артынан қалған мол мұрасын оқырмандарымызға насихаттау мақсатында «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» бөлімі ғалымға арнап «Ұлт руханиятының жанашыры – Ақселеу Сейдімбек» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге Ақселеу Сланұлының 1972-2008 жылдар аралығында жарық көрген шығармалары, сонымен қатар «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен

болашағы» (2012), өмірден өткеннен кейін ол туралы жазылған «Алаштың аяулы Ақселеуі: Ақан туралы естеліктер» (2011), Әбдіхалық Ж.С. «Ақселеуге жаздым хат» (2012), Рахым Б.С. «Алаштың Ақселеуі асқан асулар» (2012), «Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық мұрасы» (2018), «Ақселеудің асыл мұрасы: архив құжаттары мен материалдар жинағы» (2021) кітаптар мен 2002, 2018 жылдары шыққан «Ақселеу Сейдімбек: биобиблиографиялық көрсеткіштері», конференция материалдары: «Ақселеу Сейдімбек: ғылыми мұрасы және тәуелсіздік» (2012), «Ақселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері» (2017), және т.б. кітаптары қойылды. Солардың ішінде «Ұлы даланың Ақселеуі: естеліктер мен мақалалар жинағы» (2015), «Алаштың Ақселеуі: Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығы» (2012) кітаптарының редакциясын басқарған Қ.Салғараұлы және материалдарды жинақтап, құрастырған У.А. Әлменбетова. Бұл кітаптарда алаштың аяулы азаматы, ұлт руханиятының жанашыры, қазіргі заманғы қазақтану ғылымының негізін салушылардың бірі Ақселеу Сейдімбек туралы естеліктер жинақталған. Қазақтың зерделі ой мен кестелі сөзінің ең жарқын өкілдерінің бірі, халықтың рухани құндылығын, өнері мен өнегесін дәріптеген зерек ойлы ғалым-этнолог, өз ұлтының жоғын жоқтап, барын түгендеуден жалықпаған Ақан туралы әлі де талай естеліктер мен есте қалатын дүниелер туар. Ақан елінің ыстық ықыласына, ұлтжанды азаматтық ортаның ерекше ілтипатына бөленген жан болатын. Бұл кітап жүрегі ел деп соққан азаматтардың Ақан деген жүрекжарды махаббатының жемісі [3].

Ғалымның бұл еңбектері оқырмандарымыз үшін баға жетпес құндылықтар болып табылады. Кітап көрмесімен А. Сейдімбек атындағы оқу залынан келіп таныса аласыздар және ғылыми ізденістер барысында ғалымның еңбектерін кітапхана бөлімдерінен алып оқуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақселеу Сейдімбек: библиографиялық көрсеткіш / бас редактор және құрастырған М.Б. Шындалиева; өзгертулер енгізіп, толықтырғандар: М. Ермағанова, Ә. Шаянзина, М. Мукашева. – Алматы: Монте Кристо, 2018. – 204 б. – ISBN 978-601-327-144-6.

2. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. 1-6-том. – Астана: Фолиант, 2010. – (Таным-Дария). - ISBN 9965-35-917-2.

3. Ұлы даланың Ақселеуі: Ақан туралы естеліктер және ғылыми мақалалар жинағы / редакциясын басқарған Қ. Салғараұлы; материалдарды жинақтаған, құрастырған У.А. Әлменбетова. – [Алматы]: Дәуір; Қарағанды: Арко, 2015. – 659 б., [22] б. сур. – ISBN 978-601-204-270-2.

4. Ақселеу Сейдімбек: библиографиялық көрсеткіш. – Астана: Күлтегін баспасы, 2002. – 93 б. - ISBN 5-7667-9836-9.

5. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы: құжаттар, мақалалар, библиографиялық сипаттамалар / жауапты ғылыми редакторы Д. Махат;

құрастырғандар Қ. Қамзина, З. Жолдасбекова. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ АББ, 2011. – 270 б. – ISBN 978-601-7321-29-1.

Назгуль ИСАНОВА,

*А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ҚАДІРМЕНДІ ҚАРТТЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың құс салып дәм татпасаң .

Абай «Қансонарда бүркітші шығады аңға»

Аңшылық ел үшін тек шаруашылық кәсібінде ғана емес. Оның адам баласының рухани жан дүниесіне берер шынайы әсері шексіз. Аңшы сезімін көзбен көріп, қолмен ұстап, жүрекпен сезінбейінше оның дәмін білу мүмкін емес.

Ал Ақселеу Сейдімбектің осы кәсіпке байланысты әңгімелерін оқығаннан кейін санаға оның ерекшелігі ұялап қана қоймайды, аңшылық, құсбегілік, саятшылықпен айналысатын адамның әсем табиғат аясындағы бар болмысын сезінесің , кейіпкерлері арқылы жүрек түкпірінде сақтаған таза пәк адами болмысына тәнті боласың.

Солардың бірі – «Көңіл шіркін» әңгімесі. Әңгіменің кейіпкері екі-ақ адам. Олар – Қабантаудың бауыздау алқымын тесіп шыққан Тасбұлақтың бойына қонған киіз үйлі қойшы ауыл тұрғындары, жастары алпыстың белеңінен асқан екі қария – Мұса мен Жәкен. Әңгіменің басталуында-ақ автор сол адамның іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, сөз саптауларын дөп басып сипаттап көз алдына апаратын келтіреді.

«Қартайсаң да қарт бабаңды сыйлай біл

Күндердің күні болғанда

Кімдердің белі бүгілмес», – деген Бұхар жырау бабаның адамдардың өзара сыластығының үлгісін көрсеткен нақыл сөзінің шынайылығын осы әңгімеден көреміз.

«Көшпелі өмір-салттың сүт кенжесі» болмыс-бітімі ұлттық қасиеттерге мейлінше қанық болып өскен Ақселеу Сейдімбектің кейіпкерлерінің бойынан да, аузындағы сөздерінен де автордың өзін көргендей боласың.

...Әңгіменің басталуы; Қаңтардың ортасы ауа аңшының арманындай келте сонарда Мұсаны аңға алып шыққан Жәкен үзеңгілесінің Кекшіл атты бүркітіне

қолқа салады. Ондағы ойы ендігі қалған ғұмырында көкейінде арман боп жүрген көңіл ғұмырын қандыру, саятшылық құру, аңға бүркіт салумен әлі де болса кәрі көңілін қызықтау еді.

Ақ-қарасы айқын аялы жанарын өзіне тоқтата қараған Мұсаның әсерлі қоңыр дауыспен айтылған дәлелді жауабынан кейін өзін «буынсыз жерге пышақ ұрғандай» сезінген Жәкен өрескел ұятты іс жасағандай басындағы түлкі тымағын шешіп алып Мұсаның аяғына тигізіп, кешірім сұрағандай болады. Осыдан кейін Мұса Жәкеннің аппақ қардай ниетіне риза болып, шынымен-ақ бар өнерін салып үзеңгілес досына бір бүркіттің орайын келтіруге уәдесін береді. Қартайса да салт-дәстрді қанына сіндіріп өскен қарт бабалар сыйластығына тәнті болғандайсың.

Ары қарайғы оқиғаның даму барысында өзінің Кекшілін беруге қимаған Мұса берген уәдесін қалай орындар екен деген оқырман сюжет желісіне сүнгіп кетеді. Композициялық құрылымның байланысына ауыл сиырларының ішінде Тасбұлақ аяғындағы сорға түсіп өлген қызыл өгіз оқиғасы шығады. Өлексеге үймелеген күшігендердің ішінде зеңгір көкті өзгеше бір пандықпен тілгілеп жүрген қос қанатты тұз тағысын көзі қарақты Мұса бүркіт екенін алғаш көргенде-ақ шырамытқан.

Жазушы кейіпкері – Жәкеннің аңшы ретіндегі қимыл-қозғалысын қалай сипаттаса, (қалақтай жеңіл, ширақ оңқай асықша иіріліп тұрған) оқиғаның дамуы да сондай тез болады. Түнгі күзеттен шығып ұйықтап жатқан Мұсаны жылдам қимылмен оятқан Жәкен таңдайы кебірсігендей жарықшақтанған дауыспен: «Уә, Мұсеке, көтер басыңды! Шыққыр көзім шықпаса осы ауылдың үстінде бүркіт жүр! – дейді аптыға.

Қиян көкті өрлікпен кезе арабы қылыштай жалт етіп ағындап ұшқан бүркітті ұстау әрекетін жазушы ерекше шиеленісте сипаттайды. Дөп қойған ісін аз сәтте болжап тәуекел шешіммен бел буған Мұса бет алған ісіне берік, бекінген дауыспен Жәкенді шұбар атты ерттеп әкелуге жұмсайды. Өзі қажағай денесін ширақ қозғап, қарына ілген ат дорбасына малта тастар теріп салып алады. Оның бұл жұмбақ әрекетін өзгеше құмарлықпен білгісі келсе де Жәкен қазбалап сұрамады.

Жәкенмен бірге оқырман да құсбегілік өнердің қыр-сырына үңілгісі келетіндей кітаптан көз алмай ештеңеге көңіл аудармай ары қарай оқи берер еді.

Жазушының «этнограф» ретінде танылуы өз ұлтының сан тарау салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігін жай ғана білуі мен оны дәріптеуінде емес, қаны мен жанына сіңіріп, соны сүйе білуінде, қыр-сырын бүге-шігесіне дейін меңгеруінде өмірінің азығы – шығармашылығына таусылмас бағасыз «азық» ете білу шеберлігінде деуге болар.

Әйтпесе томаға көрмеген тұз тағысы – зеңгір көкте самғаған бүркітті қалай ұстамақ? Ақселеу кейіпкері әркім біле бермейтін, тіпті естімеуі де мүмкін, әдіс-айламен соны қолға түсіреді. Құсбегі Мұса бағана теріп алған тастарды әлі бұзыла қоймаған өгіздің сан, қол еттерінен ойып алып, түйенің тобығындай турап қойған еттердің ішіне тығады да көгал үстіне шашып тастайды.

Міне, әңгіменің шарықтау шегінде екі қарт аңшының көпшілік жұртқа беймәлім әрекеті бүкіл ауылдың кәрі-жасының аузында. Олар салқын шымға белінен батқан қайың күбінің қымызын ішіп, Мұсаның дастарқанында біраз отырды.

Осы бір ғана абзацтағы халқымыздың қонақжайлылығын, қымыз ұстау ерекшелігін,, тұтастай көз алдына әкеле қоюын жазушының суреткерлік шеберлігі деп қалай айтпассың?!

Міне, шай қайнатым уақыт өткен соң шыт ауаны қаңырата айырып, өзгеше бір өрлікпен лақтырған тастай сорғалап келе жатқан тұз бүркітінің екпінінен шыққан тосын дыбысқа желідегі құлындар да, үйездеп тұрған жылқылар да құлақ тіге қозғалақтап, бұлақ басында шулап жатқан қозы-лақтар үрпиісіп, дүркірей түрегелісті.

Оқиға шешімі қалай болар екен? Ауыл маңын осынша дүрліктірген тұз тағысын атақты құсбегілер қалай ұстамақ?! Бұл сұрақтың шешімі – бағанағы турамшы еттің ішіне салынған қой тастар мен соған тояттаған бүркіттің жайы, әр қимыл-қозғалысында қарбалас асығыстық болса да өзіне күмәнсіз сенген саятшы Мұса қарияның әрекеті еді.

Соңғы абзацқа жеткенде сырмінез үзеңгілесінің тілегін орындаған Мұса мен көптен бергі арманының жүзеге асқанына қуанған Жәкен қарттармен бірге оқырман да қуанар еді, суреткер шеберлігіне тамсанар еді.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға, - деп, өзара сыйластықтағы бұл қазыналы қарттардың айтар әңгімесі ойға оралар естеліктері өмірлерінің соңына дейін таусылмас, көңіл шіркін қартаймас! Поэзия патшасы Абайдың «қансонарындағыдай» аппақ көңілдер сыйластығы сарқылмас!

Ақселеудің бұл тақырыпқа арнаған туындыларының қай қайсысынан болса да ұрпағымыз рухани азық алары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. 1 том / Авторы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек - «Фолиант» баспасы, 2010.

2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: Күлтегін, 2002.

3. Салғараұлы Қ. Ақселеу Сланұлы Сейдімбек. Өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша очерк.

II

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Ж. ИМАТАЕВА,
М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТТАРЫ

(Ұлт көсемдері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының бағыттары)

XX ғасыр Ресейде аса бір күрделі жағдайда басталды. Капиталистік дамудың империализм сатысына жетуі реакцияның күшеюіне, әлеуметтік және ұлттық езгінің тереңдеуіне жеткізді. Жұмысшылар мен шаруалардың, жалпы еңбекші халықтың өмір сүру жағдайлары ауырлай түсті. Ұлт аймақтарында, соның ішінде Қазақстанда ұлттық- отаршылдық езгі барынша күшейді. Патша үкіметі халықтан алатын алым- салықтың түрін көбейтті, қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, оған орталық Ресейден жерсіз шаруаларды әкеліп орналастырды, ұлт өкілдерінің білім алуын, әсіресе, ана тілінде оқуын тежеп, оларды орыстандыру саясатын жүргізді. Мұның бәрі түптеп келгенде, Ресей мен оның аймақтарында саяси жағдайлардың шиеленісуіне, әлеуметтік революциялар мен ұлт-азаттық күресінің тууына әкеліп соқты. Бұрын «бұратана» саналып келген халықтардың ұлттық сана-сезімі оянып, оның көрнекті өкілдері жан-жағына қарап, туған халқының тағдырына, дамуына көз сала бастап, оның болашағы жайлы ойланды.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру, елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі. Алаш идеясы – XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық-мемлекеттік идеясы болатын. Рухани-мәдени кеңістікте Алаш қозғалысы Қазақстандағы жаңашылдық пен жасампаздықтың, түп негізді сақтай отырып еуропалық бағдарда дамудың көшбасшы бағыты еді.

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді

шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе ХХ ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қаракеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді.

ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған

жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды.

Отаршылдық езгі мен феодалдық көрсоқырлықтан азып тоза бастаған халықтың Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт еңбектерін ту қылып көтеріп кеткені сол замандағы қазақ халқының жанайқайы еді.

Кезінде сталиндік репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтар қайта тірілді, сөнген жанып, жоғалған табылды. Алыптар қайта оралды.

Ендеше Ұлт көсемдерінің бір ғасыр бұрынғы бағыт-бағдарларына, қасық қаны қалғанша қазақ деген ұлы ұлтының тәуелсіздік жолындағы ұлы мұраттарын жүзеге асыруда аянбай еткен еңбектеріне тоқталу, таныту, ұлы тұлғаларымызды ұлықтау- қазіргі таңның басты міндеті.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937жж.) – адамзат баласының тарихында сирек кездесетін дара тұлға. Әлихан Бөкейхан – төрткүл дүниені дүр сілкіндіріп өткен Шыңғыс ханның 23-ші ұрпағы, Төре тұқымынан. Ол өзінің тектілігін атақ- аңқа құмартып, билікке ұмтылумен емес, артына ерген үзеңгілес қандастарына жөн көрсете білуімен, қазақтың кез келген ұл-қызын туған бауырындай сүюімен «Алаштың Әлиханы» бола білді.

Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. «Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет, 1920 жылдары осылай баға берілді. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы (Қошке Кемеңгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазды.

1905-1917 жылдарды қамтыған аса күрделі тарихи кезеңде Ә.Н. Бөкейхан енді өзін туған халқының ұлт-азаттық күресінің теориялық негізін қалаушы әрі оның саяси серкесіне айналды. 1917-ші 13-желтоқсанында қазақтың ұлттық мемлекетінің шаңырағын қайта көтеріп, туын тіккен Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы Саяси Кеңесінің төрағасы болып сайлануы- соның бірден-бір айғағы болатын. Бір сөзбен айтқанда, Алты Алаштың ұлы – Әлихан бүкіл Ресей империясының кеңістігіндегі ықпал- беделді саясаткер, қоғам қайраткері санатына көтерілді.

Әлихан Бөкейхан – алға қойған мақсатына қол жеткізбей қоймайтын, алған бетінен қайтпайтын бірбеткей тұлға болатын. Мысалы, жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат алу үшін Алаш серкесі шаршап- шалдығуды білмей 8 жыл бойы Омбы-Орынбордан бастап, сонау Санкт- Петербордағы патшалық мекемелердің табалдырығын тоздырды.

Әлихан Бөкейхан – қазақ қоғамының реформаторы. «Алаш» партиясының ұлттық бағыт-бағдары бес түрлі ұстанымға негізделді. **Бірінші ұстаным:** Жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, жер – Отан, ал Отандысатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әрбір намысты қазақ күрескен, әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды. **Екінші ұстаным:** Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә. Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. **Үшінші ұстаным:** Ә. Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс. **Төртінші ұстаным:** Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Егер қоғамның дамуы осы бетімен кете берсе, күні ертең біз «Құранды» да орыс тілінде оқитын боламыз. **Бесінші ұстаным:** Тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Әлихан Бөкейханның тарихи ұлы ерлігінің бірі қазақ халқының ғасырлар бойғы күрес нысанасы өз мемлекеті туралы арман-тілегін демократиялық тұрғыдан тұжырымдап, ғылыми арнада негіздеп, дербестік принциптерін белгілеп берген «Алаш» партиясын құруы еді. Ол 1917 жылы желтоқсанда Алашорда өкіметінің төрағасы болып сайланды. Ә. Бөкейхан большевизмді, совет өкіметін қабылдаған жоқ, қарсы күресті. Алашорда мүшелеріне қағаз жүзінде кешірім берілгенімен, олардың бәрі де қудаланды. Патша заманында Семей, Павлодар түрмелерінде азап шеккен Ә. Бөкейхан кеңес өкіметі кезінде 1922, 1926 жылдары тұтқындалып, босатылды да, 1937 жылы Мәскеу түрмесіне қамалып, 27 қыркүйекте атылды.

Кеңес мемлекеті алғашқыда ғұлама ғалым Ә. Н. Бөкейханның шексіз білімі мен ғылыми-зерттеушілік тәжірибесін мейлінше кең пайдаланып, 56-ға келген шағында зейнетке мезгілсіз шығарып салып, 1937-ші жылдың шілдесіне дейін 15 жылдай уақыт мәскеулік пәтерінде қамауда ұстады. 1937-ші жылдың 27-ші қыркүйегінде Бутырка түрмесінің қабырғасында атылған жалғыз оқтың жаңғырығы- көрнекті мемлекет қайраткері әрі ғұлама ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның қазақ атаулы халқының жүрегі мен тарихында мәңгі сақталатынын аңғартқан еді...[1,82]

Бүгін таңда Ә. Бөкейхан еңбектері түгел жиналып біткен жоқ. Олар Мәскеуде, Петербургта, Самарада, Омбыда, Семейде т.б. қалаларда шыққан мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі мұрағат қойнауларында жатыр. Бұларды тұтас жинап бастыру бір іс болса, Әлиханның тарих, этнография, статистика, экономика, саясат, әдебиет туралы еңбектерін түбегейлі зерттеу, диссертациялар, монографиялар жазу екінші іс екені хақ.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938жж.) – Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеушісі, дарынды ақын- аудармашы. Алаш қозғалысы тұсында Ахмет Байтұрсынұлы жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтіп барып, жаңа заман үшін күреске түседі.

Әрине, Ахметті бұл жолға оның көргендік, қайраткерлік сапаларына қоса дәуірдің тарихи жағдайлары дайындады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы ойлы жас бойындағы халықтық қасиеттерді оятты. Патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне жарра боп түсті. Осы жара ұлғая келе, оны күрес жолына дайындағанын біз ақынның өз өлеңдерінен білеміз.[2,108]

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай не бетіммен көрге барам.

Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланғанда, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай-күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым- түсініктерін бөлісуді парыз деп санайды. Оған әдебиетті, өлеңді пайдаланады. Алайда, Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы өлеңін «Маса» етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты. Атақты «Маса» (Орынбор, 1911) жинағы осылай туды.

Ұлы Абай мен Ыбырайдың әдебиеттегі ағартушылық, демократтық дәстүрін жаңа қоғамдық өзгерістермен байланысты дамытқан Ахмет әлеуметтік-саяси жағдайларды түсінуге және суреттеуге едәуір ілгері басты. Ол өзі суреттеген халық трагедиясын азаттық идеяларымен жалғастырды. Ахметтің «Масасының» қазақ қоғамының тұтас бір буынын ұйқыдан оятып, ел қамын ойлауға дем бергені сөзсіз. ХХ ғасырдың басындағы қазақ ағартушылары, демократ ақын- жазушылары, ойшылдары түгел дерлік «Маса» мен «Оян қазақтан» демеу алды, яғни Ахмет пен Міржақыптың кең қолтығының астынан өрбіді.

А. Байтұрсынұлы «Маса» өлең жинағында қазақ халқын орыс отарына қарсы ояту үшін екі үлкен әдіс қолданады. Біреуі- қазақты оқыту, білмегенін оқу арқылы білгізу. Екінші- қазақтың отарға бағынғандағы қал- жайын көзіне көрсетумен қатар, өткен кездегі қазақ елінің жеке ел боп туғанын көрсету, отаршылдарға сатылғандарға ермеуге үгіттеген өлең жолдары. Осындай ұранды ойға толы «Маса» жинағынан кейін Ахмет Байтұрсынұлы өлең жазған жоқ. Егер жазса, онысы ешқайда басылған жоқ.

Ұлтына «Оян қазақ!» деп ұран салған қайраткер, жаңа жанрларды бастап берген жазушы, ақын Міржақып Дулатұлы (1885-1935) 1917 жылы құрылған

Алашорда үкіметінің белді мүшесі, Алашорда үкіметінің бағдарламасын жасағандардың бірі. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін күн тәртібіне шығарған және қазақ зиялыларының еркін пікір алаңына айналған «Қазақ» газеті жарық көре бастағаннан бастап оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлының орынбасары қызметін ақарған. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің пікірінше, сол кездері көпшілікке танымал болған «Қазақ» газетін Міржақып Дулатұлының қарымды қаламы, көксемсер сөзі, жалынды публицистикасынсыз елестету мүмкін емес. Ол еңбектерінде тарихшы Міржақып туралы: «Міржақып өте жылдам жазған және өте өткір тақырыпқа жазған. «Қазақ» газеті сондай сапада, сондай биіктіктен көрінуіне, меніңше, бірден-бір Міржақып Дулатұлына қарыздар. Жалпы Міржақып Дулатұлы – қазақ журналистикасын жаңа сапаға көтерген адам», - деген пікір айтыпты.

Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Қазақ оқырмандары арасында бұл кітаптың әсері өте күшті болды. Бұл кітап жас авторға патша әкімдерінің тарапынан қуғын-сүргін ала келді, ол тергеу органдарының бақылауына алынды, артынша «Оян, қазақ!» кәмпескеленді.

«Оян, қазақ» мазмұнына келгенде, бұл- қазақ ұлтшылдарының сол кездегі программасы деуге болады. Қазақ ұлтшылдары ұлт туын қолға алып, патша үкіметіне қарсы шыққанда осы «Оян, қазақты!» өздеріне программа ретінде қолданды. «Оян, қазақ!» жарыққа шыға сала, қазақ зиялыларының жәрдемімен, қазақ елінің түкпір- түкпіріне аз уақытта тарап кетті. Жер-жердегі патша үкіметінің полициялары «Оян, қазақты!» іздеп, оны ұстаушыны қудалап, сатушыны абақтыға жаба бастады. «Оян, қазақ!» үшін Міржақып абақтыға түсті. А. Байтұрсынұлының «Масасы» ұлтшылдықты қазақ даласына ызындаған маса болса, «Оян, қазақ!» аттан салып, ащы айғайға басқан ащы ұран болды. [4,103]

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.

Осындағы «оян» сөзі автордың биік идеялық мақсаты, басты рухани нысанасы. Адамзат тарихында қилы-қиямет оқиғалармен, дүбірлі даму үрдісімен ерекше орын алған XX ғасырдың басы қашаннан еңбегі еш, тұзы сор қазақ халқы үшін де сындарлы кезең болғаны белгілі. Осындай талма тұста, шешуші сәтте ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен алтын айдарлы арыстарымыздың қатарында Міржақып Дулатовтың есімі бұл күнде зор ілтипатпен аталады.

Ұлт тағдыры сынға түсіп, аласапыран заманда «аспаннан аяғы салбырап түскендер», жетесіздіктің жалауын көтергендер қазақ жұртының тағдыры енді біздің қолда деп кеудесін қаққанда, мір оғындай сөзі бар Міржақып Дулатұлының:

«Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,

Адасып Алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын сонда қайда едің?

Ақыл таппай дағдарып,
Жанашыр таппай сандалып,
Барарын қайда біле алмай,
Жүрген бір күнде сан ғаріп –
Есепсіз көп шешендер,

Жөніңді айтшы, қайда едің?» – деуі, тәуелсіз қазақ елі, яғни қазіргі ұрпақ өткеннен сабақ ала отырып, осы және басқа да шын тарихтан сыр шертер жолдардың қадіріне жете білу керек. Қара күндер мен түндерде үміт отын жаққан, ел жүрегіне сенім ұялатқан, ұлт, өркениет жолында мерт болған Алаш арыстарын ісі қазақ, жалпы адамзат ұмытпақ емес.

«Алаш» идеясы, «Алаш» партиясы, «Алашорда» өкіметі- біздің тарихымыздағы ең құрметті, қасиетті кезеңдердің бірі. Қазіргі дербес тәуелсіз Қазақтан - Алаш ардагерлері арманының іске асуы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә. Бөкейхан шығармаларының толық жинағы 1-том. Астана, 2009
2. С. Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері». Алматы, 1995
3. Р. Нұрғали «Әуезов және Алаш». Алматы, 1997
4. С. Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». Алматы, 2008
5. «Жалын» республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №10,2016

Шынар САПАШ,
*Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева*

ТВОРЧЕСТВО РЫМГАЛИ НУРГАЛИ В ТРУДАХ УЧЕНЫХ

Жизни и научному творчеству заслуженного деятеля науки, академика Национальной академии наук Республики Казахстан, лауреата Государственных премий Республики Казахстан в области литературы имени Абая Кунанбаева, Шокана Уалиханова, Ахмета Байтурсынова, доктора филологических наук, профессора, одного из основоположников теории казахской драматургии, крупного исследователя казахской литературы современности и прошлого, посвящено немало работ.

В основном это рецензии, статьи к юбилеям ученого в периодических изданиях Казахстана, написанные коллегами и учениками ученого на казахском языке. Специальных трудов, в которых анализируется вклад Рымгали Нургали в развитие казахского литературоведения, на русском языке мало.

Многогранный талант ученого проявился в различных сферах филологической науки. Свой научный путь Рымгали Нургали начинал как публицист. Он был одним из первых, кто обратился к систематическому изучению казахской драмы. Основные направления его научно-исследовательской и литературно-критической деятельности – вопросы жанра, стиля и поэтики, творческое наследие репрессированных писателей, художественное и научное творчество М. Ауэзова, теория текстологии и литературы, традиции и современный литературный процесс. Кроме этого, академик Рымгали Нургали писал художественные произведения, занимался переводом как художественных произведений, так и научных трудов на казахский язык.

Рассмотрим отдельные исследования казахстанских ученых-литературоведов, в которых описывается творческое наследие академика Рымгали Нургали в выше названных аспектах.

На страницах периодических изданий, в сборниках конференций опубликовано большое количество статей к юбилейным датам академика Рымгали Нургали. В них признается огромный вклад ученого в историю и теорию казахского литературоведения, в жанрологию, а также в решение других актуальных проблем теории и истории казахской литературы.

В 2005 году вышел сборник «Қазыналы биікте» [1], в 2010 году увидел свет 10-й сборник «Көкейкесті әдебиеттану», в который вошли материалы Международной научно-теоретической конференции «Наследие Рымгали Нургали и актуальные вопросы современной литературной критики», посвященной семидесятилетию заслуженного деятеля науки и техники, академика Нургали Рымгали Нургалиевича [2]. В 2011 году был издан сборник «Алашұлы» [3], включающий в себя работы, в которых дается характеристика педагогического, научного наследия Р. Нургали, гражданского облика ученого.

О публицистической деятельности Рымгали Нургали пишет М.Шындалиева. В статье также анализируется сборник новелл «Дән», состоящего из трех циклов [1, 174]. Ученый внес огромный вклад в исследование казахской драмы. Б. Майтанов отмечает герменевтический подход в интерпретации художественных произведений. [1, 98]. С. Даутова в статье «Проблемы драматургии в литературоведческой концепции академика Р. Нургали» отмечает, что несмотря на неизбежное влияние социалистической идеологии, для научной парадигмы Р.Нургали характерно соблюдение принципов научности и доказательности теоретических выводов.

Различные аспекты исследования ученым драматических произведений представлены в статьях: Нурмановой Ж. – «Трагедия «Карагоз» в интерпретации Р. Нургали» [1, 187], М. Жапановой – «Творчество И. Есенберлина в литературно-критической интерпретации Р. Нургалиева [1, 201], С. Дуйсенгазин пишет об исследовании ученым творчества С. Сейфуллина, Б. Майлина, И. Есенберлина.[1, 211]. Ш. Койлыбаев анализирует значение трудов Рымгали Нургали в изучении айтыса [1, 218]. В статье Қ.Қалыбековой «Қазақ драматургиясы және сыншы еңбегі (XX ғасырдың 60-жылдары Р.Нұрғали

қаламынан туған бір шағын еңбек хақында)» освещается отзыв Рымгали Нургали о трагедии М. Ауэзова «Карагоз» [1, 234]. Л. Сергазы освещает деятельность ученого как исследователя драмы [1, 215]. В статье «Драма табиғатының тамыршысы» У. Қалижанов подчеркивает заслугу ученого-литературоведа в становлении казахской драматургии [4]. А. Ишанова в статье «Р.Нургали – исследователь казахской эпической драматургии» отмечает актуальность исследований академика, так как фундаментальное исследование ученого является основой для анализа и оценки работ современных драматургов [1, 152].

В статьях учеников и последователей ученого Б. Майтанова, С.Кулбаракова, Ж. Аймухамет, К. Ахметова, С. Дуйсенгазина, Г. Пиралиевой о жизненном пути и научном наследии Рымгали Нургали подчеркивается фундаментальное значение научно-идейных взглядов академика для решения проблем в области литературы современного периода.

М. Хамзин в своей статье «Әдебиеттану және Р.Нұрғали» делает акцент на теоретических выводах академика по проблемам стиля, а также исследованиях Рымгали Нургали романов А.Тарази [1, 109]. Литературоведческие взгляды ученого анализирует С. Тахан. Важное место в исследованиях Рымгали Нургали занимает язык как фактор, регулирующий национальную картину мира, а также круг вопросов, связанный с характеристикой художественной образности в казахской литературе, отмечает С. Тахан [1, 128]. А. Аширбекова в статье «Р. Нұрғали қазақ романдары хақында» отмечает значимость теоретических выводов ученого для литературоведения [1, 244].

В сборнике содержатся теплые воспоминания коллег Рымгали Нургали и благодарные отзывы его учеников. М. Сергалиев [1, 22], С. Оразалы [1, 27] описывают знакомство с Рымгали Нургали. З. Бисенгали анализирует учебное пособие Рымгали Нургали «Әуезов және Алаш». [1, 34] М. Акимжанов вспоминает совместные годы учебы [1, 47]. В статьях Р. Турысбека [1, 65], Ж. Алмашулы [1, 68], Ж. Смагулова [1, 71], признается значительная заслуга ученого в решении проблем метода, жанра, поэтики литературы, диалектики традиций и преемственности, жанров драматургии, текстологии, методологических основ литературоведения. В своих статьях А. Еспембетов, М. Хамзин, Т. Есембеков, О. Абдиманулы вспоминают об ученом как о личности, о его педагогической деятельности, литературных и научных исследованиях.

Қ. Алпысбаев [1, 51], Д.Мәсімхан [1, 84], Т.Журтбай [1, 57], К. Ахметов [1, 183] в своих отзывах говорят о Рымгали Нургали как о незаурядной, яркой личности и талантливым учителем, особо отмечая его человеческие качества. Глубокие теоретические знания, непрерывный научный поиск, высокие требования к процессу развития искусства и литературы с точки зрения мировых стандартов – нравственные критерии творчества Р. Нургали, – пишет С.Тапанова в статье «Академик-ұстаз» [1, 77].

Литературно-критическая деятельность Рымгали Нургали в области поэзии освещается в статьях Ж. Айтмухамбетовой [1, 160] и А. Бейсентай [1, 239]. Ж.Айтмухамбетова в статье «Қазіргі қазақ поэзиясы Р.Нұрғали зерттеуінде» обращает внимание на вклад ученого в развитие отечественной поэзии. Кроме

того, что ученый анализирует творчество таких казахстанский поэтов, как К. Идрисов, А. Тажибаев, Ф. Онгарсынова, Рымгали Нургали вложил немало труда в разработку теоретических аспектов поэзии. В статье «Сыншы еңбегі және қазақ поэзиясы (Академик Р.Нұрғалидің Мағжан шығармашылығы жайлы толғанысы хақында)» А.Бейсентай акцентирует внимание на исследовании ученым творчества М. Жумабаева [1, 239].

Аналізу художественных произведений посвящены статьи Ж.Жарылгапова «Р.Нұрғалидың «Ай қанатты арғымақ» романының көркемдігі», К. Ажиева и Р.Досмахановой «Художественные особенности цикла рассказов Р.Нургалиева «Неоконченная трагедия». Ж. Боранбаева в статье «Көрікті ойдан-көркем сөз» анализирует язык, средства художественной изобразительности в романе Рымгали Нургали «Ай қанатты арғымақ», посвященном первому казахскому режиссеру Жумату Шанину [1, 165]. А.Жаманкозова раскрывает художественно-эстетическое значение и проблематику цикла рассказов Рымгали Нургали «Неоконченная трагедия», в котором описывается экологическая катастрофа, вызванная испытаниями ядерного оружия [4, 180].

Не подлежит сомнению вклад ученого в Ауэзоведение. Об этом в своей статье «М.О.Әуезов шығармашылығының Семей кезеңін зерттеу мәселелері» пишут А. Еспембетов и С. Айтуганова в статье «Әуезов повестері Рымғали Нұрғали зерттеуінде» [1, 191].

О Рымгали Нургали как об исследователе великого наследия Алаш в своих статьях пишут О. Абдиманулы [1, 132], С. Жумагул [1. 141], Е. Тлешов [1, 156], Р. Беркенова [1, 222]. А.Исмакова [3, 121]. Переводческая деятельность Рымгали Нургали затрагивается в статье Г. Шариповой «О переводе Р. Нургали повести Л.Н. Толстого «Дьявол»» [1, 197]. О вкладе ученого в изучение истории литературы пишет К. Кулманов в статье «Р.Нұрғали – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші» [1, 206]. Академик Рымгали Нургали доказал необходимость датирования возникновения казахской литературы не с XVIII, а с XV века. Рымгали Нургали отмечал, что при изучении истории нашей родной литературы необходимо последовательно исследовать ранние периоды, в том числе литературные памятники VI-X веков, – языковое наследие, общее для всех тюркских народов. Особенно К.Кулманов обращает внимание на рассуждения ученого о том, какими сложными в истории казахского литературоведения и литературной критики были периоды 20-30 и 40-50 годов XX века. Поэтому для объективного анализа науки этой эпохи необходимо более скрупулезно исследовать все литературные периодические издания, особенно под углом выявления работ ученых и критиков, имена которых были незаслуженно забыты.

Обзорные статьи о научном творчестве, в которых признается ценность трудов Рымгали Нургали для казахского литературоведения, написаны его коллегами: А. Еспембетовым [2, 51], Турысбек Р. [5], Т. Есембековым [2, 67], Т. Тебегеновым [2, 90].

Ж. Смагулов рассмаривает цикл эссе Рымгали Нургали, который он с содержательно-тематической точки зрения разделяет на две группы: «Біріншісі - адамзат қоғамында Абыл мен Қабыл заманынан бітіспес күресте келе жатқан

жақсылық пен жамандық, адалдық пен залымдықтың арасындағы тартыстағы автордың өз тағдыры. Екіншісі – өз замандастары, дос-жарандары, құрды-құрдастары туралы жазылған мөлтек мұң мен сағыныш сазынан туған туындылары» [2, 151].

На русском языке написаны статьи С. Тахана «Принципы Р. Нургали в научном анализе художественного текста», Ж. Нурмановой «Театроведческий аспект научного творчества академика Р. Нургали», Н. Исиной «Концепт «Возвращенная литература» в творчестве академика Р. Нургали», А.Жаманкозовой «Жанр трагедии в творчестве академика НАН РК Рымгали Нургали», С.Ананьевой «Столпы национальной культуры» [2].

Писатель и однокурсник Рымгали Нургали К. Сарсекеев посвятил ему эссе «Толық адам яки РНН – Рымғали Нұрғалиұлы Нұрғалиев жайлы эссе», в котором делится воспоминаниями о времени, проведенном в путешествии по своему родному краю – Тургайской области – вместе с Рымгали Нургали, и вспоминает о роли, которую сыграл в его жизни Рымгали Нургали.

Д. Ыскакулы в статье «Алашшыл азамат» обращает внимание на широту научных интересов ученого. Рымгали Нургали успешно использовал сравнительный, историко-типологический методы исследования для выявления особенностей казахской литературы, пишет автор статьи. Д.Ыскакулы отмечает значимость трилогии Рымгали Нургали: «...«Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» монографиялары өзіне дейін жүргізілген зерттеулерге сүйене, оны тың фактілермен, пікірлермен толықтыра, жалғастыра отырып, қазақ әдебиетінің драма, проза, поэзия түрлеріндегі жанрлардың туып, қалыптасып, даму жолдарын зерттеушілік зердеден өткеріп, ғылыми көрінісін жасаған, оның жетістіктері мен олқы соққан тұстарын әдеибеттану тұрғысынан сараптап, соны байқаулар, теориялық тұжырымдар түйген соқталы еңбектер» [4, 79].

В статье Т. Баймолдаева и Ж. Саметовой «Тау сілеміндей мол мұра қалдырған (Ғалым Р.Нұрғалидың жалпы білім беретін орта мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы жайлы бірер сөз)» анализируется учебник по казахской литературе, предназначенный для 11 классов естественно-математического направления. Отмечается широта представленного в учебнике материала, большое количество документальных материалов.

В завершение следует специально отметить работу монографического характера, каковой является диссертация Беркеновой Р.К. на тему «Казахская драма в исследованиях Рымгали Нургали» [6]. В работе анализируются труды ученого, посвященные исследованию казахской драмы. Беркенова Р.К. определяет концепцию Рымгали Нургали в отношении жанровой системы, поэтики казахской драматургии, раскрывает методы и приемы анализа художественного текста ученым, описывает научную концепцию Рымгали Нургали в области теории казахской литературы.

Использованные литературы:

1. Қазыналы биікте. Р.Нұрғалидің азаматтық, ұстаздық, ғалымдық келбеті. –Алматы, «InnoPRESS», 2005. -312 бет.
2. Көкейкесті әдебиеттану. –Алматы: «Сардар», 2010. -10 кітап. -312 бет. <https://melimde.com/kokejkesti-edebiettanu-almati-sardar-2010-10-kitap-312-bet.html?page=2>
3. Алашұлы. –Алматы: «Өлке», 2011. -239 бет. <https://melimde.com/tstastari-men-shekirterini-estelikterinde-tlfali-azamatti-rpa.html>
4. Қалижанов У. Драма табиғатының тамыршысы. Ана тілі 23 Тамыз, 2012 <http://anatili.kazgazeta.kz/news/10229>
5. Тұрысбек Р. Айбыны бөлек, айдыны ерек бір арна. «Астана Ақшамы» 21 Мамыр, 2015. <https://www.astana-akshamy.kz/ajbyny-bolek-ajdyny-erek-bir-arna/>
6. Беркенова Р.А. Қазақ драмасы Рымғали Нұрғали зерттеуінде. ФҒК дисс. Автореф. – Алматы. – 2010. – 31б. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1125041&lang=kk>

Лаззат АМАНОВА,

*А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ҒАСЫРЛАР «ҮНІНІҢ» ӨНЕГЕСІ

(«Қазақтың ауызша тарихы» Ел болудың алғышарттары тарауы бойынша)

Астана қаласындағы №54 мектеп-лицейі көрнекті этнограф, филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің атымен нақты аталуы тарихи тұлғаның 80 жылдық мерейтойы қарсаңында болып отыр. Кішігірім болса да осы мектеп ашылғаннан бері ұйымдастырылған музейінде марқұмның бірталай дүниелері жинақталған.

Ақселеу атамыздың туған күні 22 желтоқсан қарсаңында онымен бірге жүрген қызметтес болған қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың әркез ортаға салар қомақты зерттеулері мен айтылар ой-пікірлері аз болмақ емес.

Сондай үлкен іс-шаралардың бірі осыдан 5 жыл бұрын Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қазақстан халқы Ассамблеясы толеранттылығы және этносаралық қатынастар орталығы» ұйымдастырған Ақселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері атты халықаралық ғылыми практикалық конференция болған екен.

Мектептегі музей жұмысы да өз деңгейінде сол конференция материалдарымен танысып, оқып, зерттеген еді.

Мектеп мұғалімі ретінде Ақселеу Сейдімбектің ғылыми шығармашылық жұмыстарының ішінде «Қазақтың ауызша тарихында» әлеуметтік-қоғамдық мәні зор болатын құндылығы неде болды екен деген қызығушылықпен Ақселеу Сейдімбектің 4 томын қолыма қайта алдым. Кітаптың алғы сөзінің

басына «Қазақтың біртуар азаматына Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағанбетовке арнаймын деп жазыпты ғалым. Қарапайым мектеп мұғалімінен бастап бірталай жауапты мемлекеттік қызметтер баспалдағынан өткен, саяси-қоғам қайраткері арасында қандай да бір байланыс болған-ау шамасы деп, ақпараттар көзіне үңілдім. Иә, этнограф-ғалымның осылай жазуы тәңірдей көргің келетін ұлттық құндылық, руханият бағытында сол жылдардағы зиялы қауымның ұйымдастырған іс-шаралары арасында Ақселеу Сейдімбектің де жүргені күмән келтірмес деген ойдамын.

«Қазақтың ауызша тарихын» ұлт жанашыры Иманғали Тасмағамбетовке арнауы осының айғағы болар.

Автордың бұл еңбегі 5 тараудан тұратынын білеміз. Әр тарау айтылар ойға байланысты тақырыптарға бөлінген. Әдетте, «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің сөзін ұрпақ тәрбиесі бағытында қоғамдық-әлеуметтік ұстаным ретінде жиі айтамыз.

Міне, осы еңбегінде Ақселеу Сейдімбек те Ел болудың алғышарттарының бірі көшпелі өмір салтында тек қана ұжымдасып тіршілік құру немесе ру-тайпалық жүйеге мойынсұну - қалыпты өмірдің бірден бір кепілі болар еді деген тұжырымдамасын келтіріп дәлелді шолулар жасаудан бастайды. М.Әуезовше айтқандай, «Ел боламын десең, алашабыр тайпалардың түбі бір туысқандық сезімдеріне шоқ тастау. Шын мәнінде бұл мемлекетті нығайту және ұлтты ұйыстыру жолындағы сәтті идея ғана емес, пәрменді идеологияға айналдыру, түбі бір туысқандықты негіз еткен ұлы бірлік идеясын нысанада ұстау.

Автор ел болудың басты алғышартын осылай тұжырымдап алған соң мұндай ойдың жосығына негіз болатын тарихи-этнографиялық, тарихи-генетикалық деректермен уәждейді. Бірінші уәж - «Алаш» атауы. Бұл қазақ хандығын құрған ру-тайпалардың біртұтас туысқандық сезімдеріне тұғыр болған символ-этноним. Автор «Алаш» атауының жаңаша жыл санауға дейінгі III-II мыңжылдықта топоним ретінде Таяу шығыста кездесетінін, М.Қашқари сөздігінде, Қытай деректерінде, Геродот жазбаларында жалпы түркі желісінде жиі ұшырасатынын байқауға болатынын айтып, кейбір жер-су атаулары да осы сөзбен аталатынына мысал келтіреді. Ресей аумағындағы Саян тау сілемдерінің үстірті, Моңғолияда шөл дала атауы, Алтай өзендерінің бір сағасы, Арменияда Алаш-керт деген қала болған екен. Ал қазақ тіліндегі «Алты алаш», «Алаштың азаматы», «Алаш баласы», «Алаш жұрты», «Алаш атқа мінген», Алашорда фразеологизмдері халық жадында байырғы заманнан бері сақталып келе жатқан этногениологиялық клише болып табылады. Осы ойды М.Дулатов «Алыстан Алаш десе аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын» деген өлең жолдарына түсірсе, С.Торайғыров «Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын, Ұранға Алаш деген атты аламын. Сүйгенім қазақ өмірі, атым қазақ, мен неге қазақтықтан сақтанамын!» - деп ұлттық рухты оятады.

Салыстырмалы түрде XX ғасыр басында ара-дара күй кешкен Османлылардың этносаяси тұтастануына «Түрік» этнонимы қандай оң ықпал етсе, Қазақ хандығының аясындағы алашабыр ру-тайпалардың бір бүтін этносқа айналуына «Алаш» этнонимы де дәл сондай оң ықпал етті деудің қисыны бар.

«Ой сорабын жинақтағанда, Қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандар «Алаш» атауының сақталғандығына мән беріп, ол атауға түпкі тектілік мазмұн дарытып, Алашабыр ру тайпаларды ұйыстыратын символ этноним деңгейіне көтере алған деп түртіп жазуға болады», - дейді автор.

Ғалым этнографтың ел болудың алғышарттарының дәлеліне айтар екінші уәжі - «кезек күттірмейтін шара – хандық аясындағы мидай араласқан ел-жұрттың ру тайпалық жүйесін ретке келтіру» деп есептейді. Себебі реттелген ру тайпалық жүйе қалыптаспай тұрып мемлекеттік құрылымды орнықтыру, яғни мемлекеттік біртұтас басқару жүйесін қалыптастырудың мүмкін еместігі. «Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – судай сапырылысқан ығы-жығы ру тайпаларды жаңадан жіктеп, тыңнан гениологиялық түзілім жасау» деп есептейді. Автор Алтын Орда жұртындағы қазақ хандығының басын біріктіруде қазақ этносын ұйыстыру бірігудің басы болғанын айтып, оған тарихи деректер ретінде мысалдар келтіреді. XV, XVI, XVIII ғасырлардағы қазақ хандығы тарихына және олардың арасындағы қарама-қайшылықтарға, бітіспес дау тудырған оқиғаларға тоқталады. Шайбан Әбілқайыр хан, Мұхамет Шайбани, Керей-Жәнібек Еділ бойындағы қоңыраттарды біріктірген Хайдар мырза, Тәуекел хан тұсындағы қарақалпақтар оқиғасы, Есім хан, Тұрсын хан т.б. тұсындағы қақтығыстар дипломатиялық қатынастар туралы деректерге ру-тайпалардың бірігуі, бір-бірінен ажырауы, қайта қосылуы себеп-салдарына шолу жасайды. Сөйтіп (1456-1473), (1473-1480). Керей хан мен Жәнібек хан шаңырағын көтерген қазақ хандығының жасақталуы ру-тайпалық құрылымының жасақшы жіктелуіне әкелгенін, олардың өз шежіресін қайта жасағанын, сөйтіп, өз кезеңінде ұлттың ұлы бірлік идеясына адал болу қажеттілігін терең түсінген деп болжайды автор.

Ал қазақ тайпаларының негізінен 12 рудан құралуы, сондай-ақ 6 тайпаның бір бірлестік болуы, біріншіден, көшпелі өмір салтқа оңтайландырудың нәтижесі болса, екіншіден, қазақ хандығын жасақтау барысында мұндай жіктеулер мемлекеттік құрылымның қажет үлгісі болғанын, сөйтіп нәубет салдарынан бөлініп жарылып қалған әулеттер мен аталарды көзтүрткі етпей, іргелі ру–тайпа құрамына еншілес етіп, сіңіріп жіберіп отырғанын пайымдатады. Әрине, бұл жерде ру-тайпалық құрылымның белгілі бір сандық мөлшер бойынша жіктелуі тарих сынынан өткен байырғы дәстүр екенін, мұның өзі көшпелі өмір – салтта мемлекеттікті орнықтырудың алғышарты болғанын, оны қазақ хандығын жасақтаушы ақылмандардың да қапысыз пайдаланғанын аңғару қиын емес деген қорытынды уәжін келтіреді.

Жазушы-этнографтың бүге-шігесіне дейін талдап жазған бұл уәжінде Қазақ хандығының құрылуы – ел басқару жүйесінің рулық-тайпалық сипатының ұлттық мүддеге сәйкес болып, нысанаға алатын жүйе болуы тиіс. Өкінішке орай, менің ойыма, сан ғасырлар қазақ даласында өмір сүрген қазақ хандығының тарихы орта білім беру жүйесіндегі Қазақстан тарихында үстірт, жалпылама берілген. Олай дейтінім, «Дүниежүзі тарихын қолыма алғанда берілген тақырыптардың ішінде әр мемлекеттің басқару жүйесінде нақты деректер, дәлелді мысалдар көп кездеседі. Ендеше, осы еңбектегі қазақ хандығының

құрылуы ондағы ру-тайпалық жүйесінің жаңғырып отырылуы жөніндегі пікірлерді бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудағы өзгерістерді теориялық тұрғыда талдау ретінде мектеп оқулықтарына енгізу артық болмас еді деген ойдамын».

Ел болудың алғышарттарына қатысты ғалымның негізге алып отырған үшінші уәжі сайып келгенде бүгінгі қазақ қоғамына етене сіңіру мақсатында жүргізіліп жатқан ұлттық құндылықтың ұлттық мемлекеттік мүддеге қызмет ететін ұрпақ тәрбиесі. Ал ұлттық құндылықтың негізі – ата-бабадан келе жатқан қоғамдық-саяси және әлеуметтік ортадағы басқару, бағынудағы қоғамдық өмірді заңдық мәжбүрлеумен емес, жөн-жорадағы жөн-жобамен жүріп әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, жөн-жоралғы, жөн-жобамен жүргізген. Бұл қазақ ұлтын ұйыстыруға бағытталған қазақ ұлтының жанына ұялаған қағидалар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. 1 том / Авторы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек - «Фолиант» баспасы, 2010. 3-10 б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана:Күлтегін, 2002.
3. Салғараұлы Қ. Ақселеу Сланұлы Сейдімбек. Өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша очерк.

Жадыра КУНДАКБАЕВА,
*№80 мектеп қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ШЫНАЙЫ ӨМІР КӨРІНІСІ

(Ақселеу Сейдімбектің очерктері бойынша)

Әдеби жанрлардың ішінде очерк публицистикалық стильде жазылады. Ол қаламгерден тіл дәлдігін ғана емес, белгілі бір фактілер айналасында өрбитін кейіпкер әрекеті мен оқиғалардың ішкі сырына үңіле білуді және содан бір логикалық қорытынды шығара алатын философиялық тұжырым жасай білу дағдысын да қажет ететін жанр.

Жазушы, ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбектің өмірі, өскен ортасы мен еңбек жолы туралы деректерге сүйенсек, оның бір қатар шығармаларының осы жанрға арналуы кездейсоқ емес дер едік. Оның Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетін бітіріп, еңбекті қайнаған журналистикадан бастауы 1968-1987 жылдар аралығына келіп тұр.

Бұл кез біздің қоғам саяси-қоғамдық дамудың социализм формациясында еді. «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін!», «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!», «Адамды адам еткен – еңбек!» т.б. ұран жетегінде өсіп-тәрбиеленген жастар кез келген мамандық иесі дипломымен еңбек жолын бастай берер еді.

Биылғы жыл Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығы қарсаңында әдеби шығармалары мен еңбектерін, әңгіме-очерктеріне көз сала оқи отырып, «Әдебиет – өмірдің айнасы» дегендей, әсіресе, очерктерінен сол кездердегі ауыл тірлігі мен еңбек адамын көз алдыңа келтіресің.

«... Менің өмірімнің дені табиғат аясында өтті. Сондықтан да «аузымды ашып, сүйгенім, көзімді ашып көргенім» дегендей мен айтар әңгіме тек қана табиғат туралы, оның ғажайыптары болмақ», - деп жазушының өзі айтқандай оның очерктерінің кейіпкерлері де табиғаттың ыстық-суығымен бірге жасайды.

Ақселеу Сейдімбектің жарық көрген 6 томдық еңбектерінің ішінде «Өмір мен саған ғашықпын!» дей отырып, Шалғынбайдың отбасындағы азғантай оқиғадан оқырманды қас-қағым сәтте өмірді бағалауға, адамдарды бір-бірін ардақтап, қадірлеуге үйретеді, соған үндейді. Кейіпкердің өзі де:

«– Опырым-ай, ойда-жоқта қарап қала жаздадым-ау! – Тәубеңе келтіріп қоятын қатал сыны болмаса – өмірдің қадір–қасиеті де, қызығы да болмас еді-ау, - деп ойлады. Қас-қағым сәтте Айтбектің:

– Әй, осы сенің геройлығыңнан не пайда, тым болмаса бір машина алып беруге жарамайсың, – деген бір ауыз «шымшыма сөзіне еріп, елеуреп облыстың атқару комитетіне қоңырау шалып, біреуге машина алуына мұрындық болғанына масаттанып, бірауыз тілегінің әп-сәтте орындала қалғанына сиқырмен келген дүниедей есі шыға мақтанып еді. Енді міне, сәт сайын қатая түскен аязды үскірік желдің ығымен ауытқып бара жатқан «дөңгеленген бір отар малды ақ түтек бораннан құтқара алмастай «шыбын жанын шүберекке түйілді. Тап сонау ғасырлар қойнауынан осы сәт оқырман Жиреншенің «Аяз, әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген күмбірлеген дауысы ақ қарға оранған бел-белес, тау бөктерін аралап кеткендей сезімде болады. Олай дейтін себебіміз «өмірінің дені табиғат аясында өткен» суреткердің өзі «табиғат анаң сияқты, сөйте тұра қажет болса орнымен қатал да бола алады. Оның әділдігінің теңдесі жоқ», – деп, адам мен табиғат байланысын психологиялық параллелизм тұрғысынан сипаттайды.

Аз сөзге көп мағына сыйғызып, оқиға тізбегін шұбатпай-ақ жазушы Шалғынбайдың «шопан атаның ақ таяғын ұстап, өмір жолы - көрген қызығы мен шыжығы, қол жеткіген нәтижесін Жеңіс мәресіне дейін жеткізген.

Очерк – шынайы адамдар мен шынайы өмір суреттелетін көркем әдеби әрі деректі шығарма. Ол журналистен кұрғақ фактілерді ой елегінен өткізіп, жанымен сезініп, оқырман жүрегіне жеткізуді талап етеді. Ол шындықты саяси-әлеуметтік тұрғыда зерттейтін жанр. Фактілер барынша көркемделіп, әдеби бағытта өрбиді десек, Ақселеу Сейдімбектің очерктеріндегі әрбір сөзі өзінің көзбен көріп, көңілмен сезінген терең толғаныс – ой елегінен шыққан туындылар.

Жақсының басына іс түссе,

Отбасына білдірмейді.

Жаманның басына іс түссе,

Отбасына маза бермейді, - деген ой да азғантай ғана эпизодпен берілген. Жастайынан шынайы сезімде серіктес болған жан–жары Жақсыбала -

Жақаны да әркез жанына сүйеу. Енді не істерге білмей, не болдымға ұшырап, «қос самайы солқылдап, жүрегіне ине қадалғандай болған сәтте «белін қоңыр сәтенмен шарт буынып, аузынан ақ көбігін шашып құтырына соққан долы боранға қарамастан қой сүрлеуімен көмекке ұшып келген алдымен осы Жақаны еді. Бастарына іс түскенде ақылмен айла тауып, отарды аман алып қалады.

Сонау заманнан көшпелі өмір тіршілігінің тірегі болып «малым жанымның, жаным арымның садағасы» деп төрт түлік малдың қадір-қасиетін бағалай өскен ауыл жұртының тілеуі бір. Табиғаттың дүлей құрсауынан бүкіл отарды жауырыны күжірейіп бір өзі сүйреп алып шыққандай боп аман-есен жеткен шақтарында үсті-бастары қырауытып, ел ағалары Жүкен сияқты кейіпкерлердің де очерк мәні үшін маңызы бар. Себебі сол кезде расымен ауылдағы мал шаруашылығы құрылымын жоспарлы түрде жауапкершілікпен жүргізілетін еді.

– Түй, көңіліміз жаңа орнына түсті ғой. Малды қорыққа айдап ықтырып алды ма деп қатты уайымдап едік» – деген Игілік – типтік бейне. Шалғынбайдың еңбектегі ерлігінің куәсі болған орден – медальдардың өзі қатал сыннан өткен тап өмірдің қызығындай, соның тәтті дәміндей бола қоймас деген астарлы терең ой жатыр бұл очеркте.

Ал «Құлағында үні кетті сәбидің» очеркі ше? Очерк Атоғай аудандық партия комитетінің шешімімен «Үшқайың қыстағына Сейткүл Тұрсынбаеваның есімі берілсін» деген бұйрықтан басталды. Айналдырған 2-3 беттен тұратын туындының идеясы қиындықпен бетпе-бет келгендегі ерлікті дәріптеу. Ақселеу Сейдімбекке Жамбыл баба «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт. Ел бірлігін сақтаған татулықты айт! – деп, есімі ерлікке бастар хикая боп ел жүрегінде ұялап қалған ержүрек ананың, батыл, қайсар да мейірімді жардың бейнесін паш етпесіне қоймағандай. Мұнда да сюжет арқауына алынғаны орталықтан шалғай орналасқан қыстаулардағы шопан өмірінің қиындығы.

Қаһарлы қыстың аязы мен ышқына ұйытқыған ақ түтек бораны – табиғаттың дүлей күшімен арпалыстың суреттелуі өз алдына бір ғана «детальмен» қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселені көрсете алған суреткер шеберлігіне тәнті боласың...

Түн ортасы ауа Сейткүл үпір-шүпір болып қойындасып жатқан бес баласының үстіндегі көрпесін қымтап жауып, мал ішін аралап келуге орнынан тұрды. Қораға кіре беруі мұң екен, көп қой азан-қазан болып, құлақ тұндырды. «„қошақандарым-ай,енді қайтейін? – деді Сейіткүл күбірлеп,тамағына ыстық жас кептелгендей, үні шықпайды. Қой ішін аралап жүрсе, қорадағы тіреу атаулыны аш мал кеміріп, ақ жоңқалап тастапты. Енді болмаса қораның төбесі ортасына түсетін түрі бар. Сейіткүлдің жон арқасы шымырлап кетті... Бұл кеңес заманында қазақ ауылындағы мал шаруашылығының үлкен қоғамдық әлеуметтік мәселесін көтерген кішкентай деталь .

Дүлей боран, құтырына соққан әумесер жел. Дүниенің төрт бұрышында ойнаған ақ құйын төңіректі түпсіз терең тұңғиыққа құрсаған, аспан мен жер астасып жатыр... Міне осыған қарсы тұра алмай ақыры жел екпінімен отар қой да елпілдеп, ығыса жөнкілді. 850 бас қойдың ыстық-суығын мойнына алған айналдырған үш адам жан аямай арпалысты. «Күні бойғы арпалыс-азаптан

Сейіткүл де қалжырады». Жазушының өмір мен өлім айқасындағы адам психологиясын берудегі дәлдігі оқырманның да бойын шымырлатып, жүрегін сыздатып «әттеген-ай!» деген өзекті өртейтін өкінішке әкеледі.

Атақты орыс публицисі Н.Шелгуновтың «Ерлік әдетте жұмсақ мінезді серік етеді, сондықтан ер жүрек адам қайырымдылық жасауға басқадан гөрі қабілетті болады», – деген сөзі тап осы Сейіткүл ерлігіне арналғандай. Тығырықтан шығарар шешімді табан астында дұрыс қабылдау арқылы ол жастайынан өмірдің ыстық-суығын бірге бөлісіп келе жатқан жан-жары Кәсіптің де, қайнысы Мұхиттың да әрбір іс-әрекетіне басшылық жасап, аман алып қалады. «Ал өзі, Мұхит қой отарын қарсыдан кездескен жүнді қарағанның ығына иіріп, қайтып оралғанда, Сейіткүлдің кірпігі ғана қимылдап жатыр еді. Неге екені белгісіз, болар-болмас езу тартып, қайнысын шақырғандай болды. Мұхит дереу тізерлей кетіп, жеңгесінің әлсіз үніне құлақ салды.

- Менің кішкентай «пұшық мұрныма» сүтті жылытқылап бермесе тамағы ауырып қалушы еді...»

Бұл – Сейіткүлдің соңғы лебізі.

Сейіткүл дүние салған соң, көп кешікпей оның Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталғаны туралы хабар алыстағы Сейіткүл атындағы қыстаққа да жетіп еді, – деп аяқтайды Ақселеу бұл очеркті.

Ақселеу Сейдімбек очерктерінің қай-қайсысын алсақ та осылай әдеби-теориялық талдау жасап, оның көркемдік ерекшелігі мен тақырыптың идеясына сүңги бойлай беруге болады. Неге десеңіз, бұл туындылар жазушы қаламынан ғана емес, жан-жүрегінен шыққан туындылар. Жазушы қаламына «Сонар», «Жұлдыздар із тастап кетеді», «Екібастұздың бүгіні мен ертеңі», «Ақшақар жауған күн» т.б. өндіріс тақырыбына арнаған көркем шығармалары да өз алдына бір төбе. Үңіле оқып талдай білген адамға берері мен үйренері көп көркем дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. 1 том / Авторы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек - «Фолиант» баспасы, 2010. 3-10 б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана:Күлтегін, 2002.
3. Салғараұлы Қ. Ақселеу Сланұлы Сейдімбек. Өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша очерк.

Орынбасар СЕЙДЕШОВ,
А.Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АҚСЕЛЕУ МҰРАЖАЙЫ – КӘУСАР БҰЛАҚ

Асқаралы Ақселеу ағаны білмейтін қазақ жоқ. Тарих пен өнердің қай саласына қалам тартса да, адалдағы мен азаматтығынан таймаған, қашан да халықтың жоқшысы болып, ғасырлар қойнауында қалған деректерді тірілтіп, жұрт кәдесіне жаратып, ұлттық мұрамызды ардақтай білген асыл тұлға.

Ақселеу Сейдімбектің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттердің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық әйтеуір бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Ол үшін қазақ ұлтының тарих аясындағы болмыс-бітімі біртұтас киелі жаралым. Содан да болар, оның ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ этносын біртұтас қалпында зерделеп, қазақтың қадір-қасиеттерін бүтін қалпында парықтауға арналып отырды. Бұл ретте, Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің ұдайы «қазақ» деп басталып отыратыны да көп жайтты аңғартса керек: «Қазақ әлемі», «Қазақтың қара өлеңі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», т.б. Сөз жоқ осы аталған еңбектердің қай-қайсысы да тегеурінді де тың ой тұжырымдарымен қазақтануға олжа салған, ешқашан ғылыми-танымдық мәнін жоймайтын өміршең дүниелер.

Сырбаз да сұңғыла тұлғасы, ұлтжандылығы мен адалдығы аңызға айналған Ақанның, көз көргендердің айтуына сүйенсек, сол бір 70-жылдары басына тымақ, аяғына саптама етік, үстіне тон киіп, етікке қамшы қыстырып алып Алматының көшесінде алшаң басып жүруінің өзі көп ойдан хабар береді.

Жақсы адамға үш нәрсе тән дейді халқымыз: ол – жылы жүз, дана сөз, сырбаз мінез. Осы үш қасиет те бойынан табыла білген, табиғатынан таза, көкірек сарайы кең қайталанбас жанның көзіндей болып, мектебіміздегі мемориалдық мұражай Ақселеу әлемінен сыр шертіп тұр.

Астана қаласы әкімдігі мен мәслихатының бірлескен шешімі бойынша 2009 жылғы 23 қарашада №54 мектеп-лицейіне Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің есімін беру туралы шешім шығарылды. Осы қаулыны негізге ала отыра 2010 жылдың 11 қыркүйегінде Ақселеу Сейдімбек атындағы мемориалдық мұражайы ресми түрде ашылды.

Мемориалдық мұражайға этнограф-ғалымның өзі тұтынған жеке заттары, өз қолымен жасаған қобызы, домбыралары, шаңқобызы қойылып, жазушының шығармашылық өмірінен сыр шертетін фотосуреттер мен кітаптар көрмесі қойылған. Ақселеу Сейдімбектің қызмет бабында тұтынған дүниелерін де осы мұражайдан көруге болады.

Мұражай ішіндегі жәдігерлермен қамтамасыз еткен және жабдықтаған ғалымның ұл-қыздары.

Мектебімізде А. Сланұлының туған күніне орай өткізілетін тақырыптық сап түзеулер мен сынып сағаттары, ашық есік күндері жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналған. Сондай-ақ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдарымен бірлесе дайындалған жоспарға сәйкес «Ақселеутану» факультатив сабақтары өткізіледі. Оқушылардың Ақселеу баба шығармашылығымен және өмір жолымен танысып, оған тереңірек бойлауына аталмыш шаралардың ықпалы зор.

Мұражайға қазақ руханиятының алдыңғы шебінде жүрген ел ағалары мен аяулы жанның ұрпақтары, жора-жолдастары, мектеп ұстаздары мен оқушылар жиі келеді. Келген қонақтардың қатарында, ерекше атап өтер болсақ, ҚР вице-премьері, Астана қаласының бұрынғы әкімі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағанбетов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеуханов, көзі тірісіндегі үзеңгілес достары Қойшығара Салғарұлы, ғалым Мырзатай Жолдасбек және КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов, Еуразия ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы Қайрат Сақ, профессор Мырзагелді Кемел, мектептегі бас қосуларда ғалымның әндерін орындап жүрген мәдениет қайраткері Серік Оспанов сынды танымал тұлғалар бар.

2021-2022 оқу жылында №54 мектеп-лицейіне Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің аты берілді.

Публицист, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің 80 жылдығына орай Астана қаласы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейінде іс-жоспары бекітіліп, жыл соңына дейін мерейтойлық ауқымды іс-шаралар легі өтті. Олардың ішінде мектеп мұражайында өткен «Алаштың алтын сақасы» танымдық-тағылымдық кездесуінің және «Ұлт руханиятының алтын асығы» атты халықаралық-практикалық конференциясының маңызы зор болды.

Ақселеу Сейдімбек атындағы мұражайдың біздің мектебімізде орналасуы біздер үшін үлкен абырой болумен қатар үлкен жауапкершілікті жүктейді. Біздің оқушылар ғұлама ғалымның еңбектерін оқып, рухани баюды, қазақтың біртуар ұлынан үлгі алуды мақсат тұтады.

Ақселеу Сейдімбек – халқымыздың өр рухының, өнегелі салтының, өрелі қалпының бейнесі іспетті. Туған халқын, оның төл тарихын, салт-дәстүрін, тілі мен дінін жан-тәнімен сүйіп, бойындағы бар қабілет-дарыны мен қайрат-жігерін ұлт игілігіне арнаған үлкен парасат иесі. Сырбаздықпен сұлулыққа суарылған, шын зергердің қолынан шыққандай, әсер-қуаты аса күшті көсем сөздері мен зерттеу еңбектері – бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың көкірек көзін ашатын кәусар бұлақ.

Шынар ЖҰМАСАТОВА,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2 курс магистранты

САРАБДАЛ СУРЕТКЕР СЕЙДАХМЕТ

Жер жаһанды Қатарға, қала берді көгілдір экран алдына жинаған әлем чемпионаты кезінде дүбірлі дода жайлы қазақ тілінде сауатты пікір білдіре алатын журналистерді іздейміз. Бүгінде еліміздің спорт журналистикасы соңғы онжылдық көрсеткіштерімен салыстырғанда көш ілгерілесе де, телевизиялық бағытта дамып келе жатқандықтан ба, дүбірлі бәсекелер туралы кәсіби түрде, шұрайлы тілмен жазылған жазбаларды көзіміз сирек шалады. Әсіресе, 4 жылдықты араға салатын Әлем чемпионаты, Олимпиада ойындары секілді айтулы спорттық мерекелердің барысы туралы жан-жақты ақпарат оқығымыз келетіні рас.

Қазақ спорт журналистикасында деректі көркем түрде жеткізетін, тақырыптық ауқымы кең, мазмұны жағынан да, баяндау тәсілі тұрғысынан да ерекше жазбалардың авторы Сейдахмет Бердіқұловтың орны бөлек. Оған дейін спорт тақырыбында әңгіме, очерк, ауқымды шығармалар жазған қаламгерлер болса да, Бердіқұловтың «Қазақ спорт журналистикасының атасы» атанып кетуінің өзі оның тарих алдындағы ерен еңбегінің ақталғанының көрінісі. Бұл жөнінде «Қазақ спорты» газетінің бас редакторы болған Дүрәлі Дүйсебай: «Спортқа ептеп қалам тербеген С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Қ.Әбдіқадыров «өкпелей» қоймас, біле білгенге қазақ спорт журналистикасының, әдебиетінің негізін қалаған – Сейдахмет Бердіқұлов. Сейдахмет Бердіқұлов десе, көз алдыма сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары келеді. Балалық шағы сол кезбен тұспа-тұс келген қазақ балаларының басым бөлігі Сейдағанның есімін әлі де құрметпен атайды», - деп сөз қозғайды.

Ғалымдар қазақ спорт журналистикасының нақты тарихын 1959 жылғы қаңтарда жарық көрген тұңғыш спорттық кәсіби басылым – «Спорт» газетінің дүниеге келуімен байланыстырады. Бұл басылымға бәсекелесе алатын деңгейде тек қана Сейдахмет Бердіқұлов басқарған «Лениншіл жас» газетінің «Сейсенбілік спорт беті», «Спорт» айдарлары болды деседі. Бәсекелесе алатын дейтініміздің себебі - «Лениншіл жастың» қалыптасқан аудиториясы болса, екіншіден, ақпарат, очерк және талдамалы мақалаларының тілі жеңіл, қызықты етіліп жазылатындығы еді. Сондықтан да болар, оқырмандар «Лениншіл жастың» әр шығарылымын асыға күтіп, қызыға оқитын болған. Меніңше, бұл жерде бас редактор Сейдахмет Бердіқұловтың жазу шеберлігі үлкен рөл ойнаса керек. Ол спорт тарихының білгірі болатын. Көпшілік арасында аладоп ойындарын насихаттауға телегей теңіздей еңбегі сіңген оны халық «спорт шежірешісі» деп те атайтын.

Жампоз жазушы, жаңашыл журналист Бердіқұлов артында әлемдік додаларды қазақы көзқараспен шебер өрнектеген елеулі еңбектер қалдырды. Оның жазушылық қырын тақырып қою шеберлігінен-ақ байқауға болады. Мысалы, «Жұмыр жерде теңбіл доп», «Аспаннан шұға жауған күн», «Мұңайып оянған қала», «Жүйке жонған түн», «84 жылдың теңдессіз 16 күні» (Н.Жүнісбаевпен бірлесіп жазған) сынды еңбектерінің тақырыптары да қиыннан қиысып, жұп-жұмыр болып тұр. Ерекше суреткерлікпен жазылған бұл тіркестер алтын толы сандықтың әдемі құлпы іспетті. Қызыға ашып/парақтап көрген адамды тақырыптан да көркем спорт әлемі күтіп тұрады.

Бердіқұловтың тақырып қою шеберлігін бүгінде шәкірттері аңыз қылып айтады. «Әрқайсымыздың жазған дүниемізді өзінің жан дүниесінен өткізуші еді, жарықтық. Сөз зергері тақырыпты тап басып қойып, мақаланы ойнатып жіберетін. Хас таланттың шеберлігін көріп, шыңдалған біз де тақырып қоюға дағдыландық. Бірде футбол ойнап жүрген оқушылар жайлы жазған «Доп ойнаған тозар» деген мақаламның тақырыбы өзгеріске ұшырады. Бердіқұлов қос қақпаға доп салуға таласқан балалардың амалын әдемі иіріммен ойнатып, «Ана тау мен мына тау» деп түрлендірді. Мұндай редактормен қызметтес болу әркімнің тағдырына жазыла бермейтін құбылыс. Мен үшін журналистің бақыты осы деп ойлаймын», - деп Айқын Несіпбай «Лениншіл жаста» қызмет еткен жылдарын еске алады.

Сейдахмет Бердіқұлов – суреткер. Спорт тақырыбын ертегідей әсерлі жазып, оқырманын елітіп әкету кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Ол өзі «Бүгінде сан мың әңгімеден, сан мың жаңалықтан құлақ тұнады. Санаңда сақталары бірлі-жарым. Кейде кәнігі редакторлығым жетелеп «Шіркін, газеттегі жастар оқитын ресми материалдарды ауыз әдебиетінің стиліне салса» деп қаламын да, есіме жастардың әже ертегісімен, бесік жырымен өспегені түсе қояды да, райдан қайтамын», - деп «Ертеңнен салса, кешке озған» мақаласында жазған еді. Дегенмен, қаламгерлік қарымын сараласақ, сөз саптауы ерекше, тілі көркем, сөздік қоры бай журналист дегеніне жетіп, қиындығы мен қызығы қатар шабатын спорт әлемін оқырманға жұғымды етіп жаза білді. Мысалы, «Қалай, балақай, бүгін де ертең тыңдайсың ба?», - деп басталатын «Желаяқ» жазбасында ол «балақай» деп бүкіл келер ұрпақтың назарын аударып тұрған сияқты. Қазақтардың ішінен олимпиада ойындарына алғашқы болып қатысып, жүлдемен оралған Ғұсман Қосановтың жарыс жолын көркем әңгімелей келіп, Сейдахмет Бердіқұлов талай жастың жүрегінде спортқа деген махаббат сезімін оятты.

Оның журналистік жолы басталған уақыт елімізде телевизия дәуірінің енді қалыптаса бастаған кезеңі еді. Бірлі-жарым үйде ғана бар көк жәшікте әлемдік спорттық жарыстарды көрсетпеген болуы керек. Бердіқұлов болса, 1966 жылы Лондонға, 1970 жылы Мексикаға барып футбол додасы, өзге де спорттық жарыстар жайында жазбалар жазып, қазақ даласындағы тірі теледидар рөлін атқарған секілді. «Сөреде қаздай тізілген жігіттер. Стадиондағы екі жүз мың көз тапаншаны көкке кезеген адамда. Ытқи жөнелуге әзір тұрған спортшылардың жүрегі де бір сәт тапанша дыбысын тыңдай қалғандай көрінеді. Тарс! Екі-үшеуі зулай жөнелді». Бұл - жоғарыда мысалға келтірілген «Желаяқ» жазбасындағы

жолдар. Суреткерліктің деңгейін қараңыз, оқисыз да, әлемнің екінші шетінде болып жатқан жарысты өзіңіз стадионда көріп отырғандай сезінесіз.

Қаламгер «Мен көрген король» атты әйгілі Пеле туралы жазбасында да «Қап, қапылыста келіп, теледидардың санын соқтырып тұр-ау. Самаладай юпитер, кеңірдегі сояудай камералар, апыр-топыр операторлар зікір салған бақсыдай құтырынбас па еді?» деп Пеленің шақырусыз келіп қалған сәтін суреттейді. Шынтуайтына келсек, теледидардың сан соғатындай жанды дүние емес екенін, камералардың бақсыдай құтырынбайтынын білеміз. Бірақ, Сейдахмет Бердіқұлов жансызға жан бітіріп суреттеу арқылы, жазбаны да жандандыра түскен секілді.

Ол - ол ма, Бердіқұловтың шығармаларындағы «доп шегедей қадалды», «ақ допты алаңның кіндігіне нығыздап қойды», «жүйріктер үзеңгі қағысты», «жарыс көрінісі қыза түсті» деген тіркестер бүгінгі спорт журналистерінің де аузынан түспейді.

Статистикалық деректер келтірсек, барлық әлем халықтарының басын теңбіл доп бәсекесіндей бір жерге біріктіретін қызығушылық немесе тақырып әлі де жоқ. The New York Times басылымының ақпаратынша, жалпы оқырмандардың 79%-ы әдебиет тақырыбына қызықса, 64%-ы мәдениет пен театрды, 80%-ы спорт тақырыптарын жиі оқиды екен.

Суреткер Сейдахметтің қаламынан туған жазбалардан оның қазақтың көне сөздеріне қанық екенін де байқаймыз. Мысалы, «Ертеңнен салса, кешке озған» әңгімесінде «қопа» деген сөзді қолданады. «Қалың қопаны жетектеп келе жатқаны естерінде ғой. Кәстекбайға сызылып берген картада жолда ұшырасатын ми батпақ, қарағай орман, өткел бермес өзен, таңдай жібітер тамшы су табылмайтын Кербаланың шөлі, басқа да толып жатқан пәлелер болмайды».

«Қопа» - күнделікті қолданыстағы сөз болмағанымен, мәтінге сүйенсек, мекенді білдіріп тұрғанын аңғаруға болады. Сөйтсек, қазіргі түсінігімізде – көлді жерде өсетін қалың қамыс, қоға дегенді білдіреді екен. Осы әңгімесінде Сейдахмет Бердіқұлов «борту», «парлау» сынды етістіктерді де қолданады. «Сен Найманбай даласына «іліккен соң жел жаққа шығып, басқаларға төрт тұяқтан шаң бортатыныңа баспақсың ғой» контекстіндегі мағынасына қарасақ, «шаң борту» - «шаң шығару», «шаң көтеру» дегенді білдіретін сияқты. «Тектумас жазыққа шыққанда құлақты қайшылап-қайшылап жіберіп парлады-ай десеңші» деген сөйлемнен «парлау» етістігінің жылқының шабысын сипаттап тұрғанын байқаймыз.

Сондай-ақ, осы туындыда жазушы «тәуіт» сөзін қолданады. «Есболат аршын кеудесін керіп, тәуітше тікірейді». Іс-қимыл үстеуінің қызметін атқарып тұрған «тәуітше» сөзінің мағынасын қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан іздеп көрдік. Сөйтсек, жыр дүлділі Ілияс Жансүгіровтің «Құлагерінде» Күреңбай сыншы:

«Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,

Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ», – деп жылқыға баға береді. Бұл жердегі «тәует» «дәуіт» жәндігін білдіріп тұр.

«Сөзін қайтесің бұл бәкененің, – деген Құрпанның ызбарынан кейін Есаған жөніне келді», – деген тіркестегі «бәкене» сөзі де бүгінгі оқырманға таңсық секілді. Sozdik.kz қосымшасына сүйенсек, «бәкене» – қысқа бойлы адамды сипаттайтын сын есім ретінде қолданылатын сөз екен.

Бердікұловтың жазбаларында әлем елдері де өзіне ерекше теңеу табады. Мысалы, Ұлыбританияны «Футбол кіндігін кескен ел» десе, Швецияны «Сәбиінің тілі «шаңғы» деп шыққан ел», Еуропаны «кәртамыс» деп сипаттаса, Орта Азияны «жүзімнің атасы» деп жазады.

Сейдахмет Бердікұловтың доп-додасы туралы жазылған әңгімелері көп. Солардың ішіндегі бірегейі – «Дүбір» «1968 жылдың ноябрь жұлдызының алтысында бүкіл Бразилия бір сәтке мызғып кеткендей болды. Рио-де-Жанейро мен Сан Паулоның құмырсқаның илеуіндей мазасыз тірлігі құлаққа ұрған танадай тынды. Бұрын ағын судай ағылып жататын машина көші тұрмақ бірлі жарым көлік те қалған жоқ көшеде. Бақыт құсы дәл тас төбелерінде қонып отырған 150 мың адам «Маракана» стадионындағы ғасыр айналып бір-ақ рет келетін матчты көріп отырды» деген жолдармен басталады. Бір ғана азат жолдағы сөйлемдерден қаншама теңеуді көзіміз шалады. Меніңше, футбол ойындарын жақсы көретін әрбір адам Бердікұловтың осы жазбасын оқыса, өзін 150 мың адамның ішінде отырғандай сезінері анық. Сондықтан да, суреткер Сейдахметтің жазбалары - өміршең. Әңгімелері бір демде оқылып, жүрекке жетеді. Қатардағы ойындардан да осындай сөзден соғылған репортаж жазылса дейтініміздің себебі осы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бердікұлов С. Шығармалары II том // Повестер мен әңгімелер – Алматы: Болашақ, 2013.
2. Бердікұлов С. Жұмыр жерде теңбіл доп – Алматы: Жазушы, 1972.
3. Қазақ спорт журналистерінің тіл шеберлігі (С.Бердікұлов шығармалары негізінде) // www.ulagat.com
4. Азаттық радиосы/ «Қазақстанда спорт журналистикасы кенжелеп қалды»//<https://www.azattyq.org/a/1183972.html>
5. «Желаяқ»/ С.Бердікұлов
6. Қуаныш Сұлтанов. Сейдахмет Бердікұлов жайында - https://el.kz/amp/content-29377_18731/

Зейін ЕРҒАЛИЕВА,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2 курс магистранты

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ДЕРЕКТІ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҚАЛАМГЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларындағы кейіпкерлердің образын жасаудағы қаламгерлік шеберлігі дәлелді деректермен жазылады. Бұған қоса Әзағаның өзі жинақтаған одан қалды тарихи дүниелерге сүйеніп жазатын қыры ашылады. Өзіндік пікір қосып, іс-әрекеттерін психологиялық-моральдық тұрғыдан қалай суреттегені көрсетіледі.

Әзілхан Нұршайықов – қазақ әдебиетінде махаббат пен достықты, батырлық пен еңбекті арқау еткен қарымды қаламгер. Ол біртуар тұлғалар мен қайраткерлер бейнесін ашу жолында өміршең туындыларын мирас етіп қалдырған жазушы. Шығармалары дерек пен дәйекке сүйенген журналист. Публицисттің осы бір қырын досы, академик, Қазақстанның халық жазушысы Зейнолла Қабдолов былайша жеткізеді: «Әзілхан Нұршайықовтың очерктері жалықтырмайды, қызықтырады, жеңіл оқылады. Мұның себебі көп: тек қана шындықты жазады. Шындықты жай жазбайды, ел өміріндегі келелі мәселелермен байланыстыра жазады. Адам мінезімен атастыра суреттейді. Шырайлы тілмен, ширек стилімен жазады. Өмір шындығын, адам мінезін өзінше тың тәсілімен нұсқалы пішінімен жинақтайды» [1].

Әзілхан Нұршайықов қазақ әдебиетіндегі тұлғатану саласын туындыларының өзегі етіп алған. Бұған жазушының саналы ғұмырында таныс-біліс болған замандастарын, аға-буын өкілдері мен қайраткерлердің ғибратты естеліктерін повесть, көркем проза, романдарында кейіпкері етіп, олардың тұлғалық болмысын ашуы дәлел. Мәселен «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатында даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлының бейнесін диалог барысында баяндайды. Төтеннен «Сізді біреулер теріс азу, тентек атағысы келген бе, қалай өзі, Бауке?» [2, 32б.] – деп сұрақ қойып, батырдың тік мінезділігін көрсетуге тырысса, алғырлығы мен тапқырлығын әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған дивизияны басқарып, жауға қарсы тұрған сәттерінен келтіреді. Сондай-ақ «Алға! Қырандарым!» деп, тағы да қарлыға айқайлап, ілгері жүгірдім. Қырандарым таудан төңкерілген судай ағындап, менен озып, айналамнан алға қарай ағытылып жатты» [2, 397б.] дей келе оның жетекшілік қырын дәлелдеген. Ерлік пен елдікті ту еткен Кеңес одағы батырының қалай қаруды қаламға алмастырғанын да айтады. Осылайша Әзаға шығармада бір Бауыржан Момышұлының образын ашу арқылы сұрапыл соғыс жылдарының картинасының пазлын құрайды.

Ал «Тоғыз толғау» повесть-монологында Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин сынды әдебиет тарландарының бойына біткен қасиеттерін жіпке тізгендей баяндайды. Мысалы ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтың болмысын «Ұмытылмас бейне» [3] бөлімінде оның кішіпейілділігін, жас қаламгерлерді жігерлендіре жүретінін, білімі мен білігін детальдармен сөйлетіп көрсетеді. Одан бөлек Мәлік Ғабдуллин мен Мұхтар Әуезовтің ақиқатты арқалаған хаттарында жазған еңбектерінен сыр шертіп ғана қоймай, өзара сыйластығына сүйсіндіреді. Осылайша туындыда автор кейіпкерлердің оқиғаларын сипаттау арқылы оны өз пікірімен суреттейді. Яғни Әзаға қызықты эпизодтар, жеке новеллаларымен шағын көлемді эпикалық шығармасында әдебиет майталмандарының тұлғалық маңызын айшықтайды.

Ақиқат – адам санасында тура жолды бейнелейтін таным [4]. Көркем туындыларда автордың немесе кейіпкердің сөзімен айтылған ақиқат әңгімелер кез келген ойдан құнды. Осыны ескерген Әзаға шығармашылығындағы тарих тудырған тұлғалардың тағылымды өмірі қалың оқырманның жүрегінен орын тапты. Оны «Қаламгер және оның достары» кітабынан да көруге болады. Туындыгер бір Мұқан Иманжановтың бейнесін ашып қана қоймай, 1950 жылдардағы оның айналасына топтасқан таланттардың өнегелі ғұмырындағы деректі ақпараттарымен бөліседі.

Эпистолярлық романда Мұқан Иманжановтың тұлғалық қырын жан-жақты ашуда, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев сынды қаламгерлердің образын суреттеуде Әзілхан Нұршайықов журналистік әдебімен жазылған қолжазба, күнделіктеріне сүйенеді. Оған кітап бетіндегі мына бір жолдар дәлел: «Мақалаға кірісер алдында Мұқан марқұммен аралас болған үш-төртжылда жазған қойын дәптерлерімді іздестердім. Ол кісі туралы не жаздым екен, білейін дедім. Ішінде Мұқан аты аталатын 4-5 дәптер қолыма ілінді.» [5, 4б.] Сондай-ақ бұл жазбаларда айы-күні, қашан, не жайында сөйлескендеріне дейін бар екенін тілге тиек етеді.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырындағы Мұқан Иманжановты жазушы алдымен достыққа берік адалдығын Баубек Бұлқышев оқиғасы арқылы түсіндіреді: «Екеуі өмір бойы бірге боламыз, өлсек бірге өлеміз, бір қаланың шетінде қатар қабырда жатамыз деп уәделескен еді. ...1940 жылы Баубек әскерге алынып, денсаулығы нәшекі Мұқан қабылданбай қалды. Екеуі зыр жүгіріп, военкоматтарға бірге барды. Облыстық, Орталық комсомол комитеттеріне де қатар кірді. Бірақ олардың ешқайсысы екі достың ажырамай, әскерде де бірге қызмет етуіне көмек көрсете алмады» [5, 7б.], - деген үзіндімен, бұған қоса: «Мұқан екеуі бір-біріне жиі-жиі хат жазып, жауап алысып тұрды. Олардың екеуара сәлемдері өзара ғашық қыз бен жігіт хаттарынан бір де кем емес еді.» [5, 7б.] деп үн қосып Әзілхан Нұршайықов олардың арасындағы мәңгілік достықты ұрпаққа үлгі етеді. Ал біртуардың ұстаздық бауырмалдылық қырын мына бір жолдармен суреттейді: «Ол кездегі Мұқаннан өзге аға жазушылардың бірде-бірі арттағы інілеріне ақша жағынан көмектесе қоймайтын. Қаражаттан қысылған,

тұрмыстан тарыққан жас жазушыларға қарызға қалтасынан ақша суырып беретін...Орыс әдебиетінің жас қауымын тәрбиелен ұстаз жазушылар аз. Ұлы да, ұстаз болған тек Максим Горький ғана... Ал менің Горькийім Мұқан Иманжанов.»[5, 86.] деп әдемі жеткізеді.

«Әдебиет – ардың ісі» деген қағиданы берік ұстанған Мұқан Иманжановтың осы бір атақ, даңқ дегеннен әділдікті биік қойғанның шығармадағы жазушының жұбайының сөзімен былай суреттейді: «Мұқан күндіз қызметте болды...Ал үйге қайтқанда бір папка қолжазба құшақтап келетін. – Осы шығарма оқу-ақ сенің түбіңе жететін болды ғой, - дейтінмін ренжіп. – Ақыры түбіңе жетті. Түбіңе жеткен басқа шығармалар емес, Мұстафиннің «Қарағандысы» болды...Ақыры сол айтқан пікір өзіне оқ боп тиді.» [5,242б.], дей келе еңбекқорлығынан бөле, автор қаламгердің шындықты бетке айтып барын бар, жоғын жоқ деп түгендеп, шығармаға талап қойғаны үшін біраз нәрседен қиындық көргенін жасырмайды. Соның өзінде « –Арым бармайды. Белгілі адамға қояр талап та өзгеше, мыңдаған оқушыға не дейміз ертең? «Көре тұра, үндемедік» дегенге қалай жүзің шыдар» [5,97б.], - деп, оқырман ойының маңыздылығын, әділдікті ту еткенін көрсетеді.

Осылайша Әзаға кейіпкердің характерін белгілі бір ситуациялық оқиғаларға байланысты портретін жасау, мінездеме беру, кейіпкердің ішкі ойы мен сөйлеу тілін психологизммен ұстастырып отыруы, теңеуі секілді тағы басқа көркемдік тәсілдерін қолданған.

Романның бір ерекше тұсы, қабырғалы қаламгерлердің кескін-келбеті жан-жақты нанымды шығуы оның эпистолярлық үлгіде жазылуында. Қазақ әдебиетінде мұндай шығарма түрі бұрын болмағанды. Бұл Әзағаның сүбелі әрі соны еңбегі.

Жалпы Әзілхан Нұршайықов қай-қай шығармасында да оның белгілі бір құжаттарға, нақты деректерге сүйенуі адам жанының күрделі табиғатын танытуда да шебер қолдана алатынын ерекше атап өтуге болады. Яғни туындыларындағы негізді гуманистік құндылыққа әкеп тірейді. Осылайша автор кез-келген шығармасының өнегелік, тәрбиелік тұрғыдан маңыздылығын арттырады.

Сондай-ақ, Әзаға әр шығармасында замандастарының асқақ та қайсар рухты тұлғалық бейнесін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік берді. Жазушы олардың адамгершілік пен адалдыққа толы эстетикасын жалпылама шолудан бойын аулақ салған. Осылайша, автордың өзіндік дара қолтаңбасы жалқыны танымай жалпыны тани алмайтындығымызды дәлелдеді.

Тоқсан ауыз сөзді қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың «Қаламгер және оның достары» кітабындағы мына бір әдемі өрілген жолдармен қорытуға болады: «Жазушының жүрегі кеудедегі жұдырықтай ғана қызыл ет емес. Оның жүрегі: жазған шығармалары, жасаған өнегесі, артында қалған творчестволық мұрасы. Жазушының денесі жер астына кеткенмен, оның жүрегі жер үстінде қалады. Сөйтіп ол өзге ұрпақтың ойын оятады, жүрегін дірілдетеді. Өйткені жазушының жер бетінде қалған жүрегі — оның жазған кітабы» [5, 191б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әзілхан Нұршайықовтың туылғанына 100 жыл», <https://bilimger.kz/122413/>
2. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз: роман-диалог /Алматы:Атамұра, 2004.
3. Нұршайықов Ә. Тоғыз толғау. 1997ж.
4. Оразалиев С. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1363>
5. Нұршайықов Ә. Қаламгер және оның достары: эпистолярлық роман/Алматы: Өлке, 2000.

Аружан ӘЛКЕН,
*Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2 курс магистранты*

ШЕРХАН МҰРТАЗА – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

Шерхан Мұртаза қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз әрі балалық шағымызда оқыған қызықты әңгімелер мен романдардың авторы. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», «Қызыл жебе» романдары көркем талдау мен әдеби сөздерге бай бола тұра жеңіл түсіндіре алатын ерекше қасиеті арқылы көптің көңілінен шықты. Шерханның шығармаларын сүйіп оқымаған жан кем де кем... Бүгінгі мақалада Шерхан Мұртазаның ғұмырынан сыр шетіліп, шығармалары мен көркем сөздері талданады.

Шерхан Мұртаза – Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, «Қара маржан» және «Қызыл жебе» романдарының, «Сталинге хат» және «Бесеудің хаты» атты пьесаларының, очерктердің, әңгімелердің, повестердің авторы. Өзінің алғашқы кітабы – «Құрылысшы Дәку» очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Шерхан Мұртаза романдардың, пьесалар мен әңгімелердің авторы болуымен қатар ең танымал шығармаларының қатарында «Қызыл жебе» және «Жұлдыз көпір», «Ай мен Айша», «Қара маржан» романдары ел жадында тұрды[1].

1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына, 1992 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» атағына ие болды. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Ең жолында: «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің редакторы сияқты қызметтерді атқарған. 1992-1994 жылдары Қазақстанның мемлекеттік телерадио хабарларын тарату комитетін басқарды, сондай-ақ Мәжіліс депутаты болды.

Шерхан Мұртаза – адамгершілік пен парасаттылықтың символы, көркемсөз шебері, балалық шақтың естелігінде қалған көптеген шығарманың авторы. Ол өз халқын, ана тілін жақсы көрді әрі сол жолда айқын азаматтық ұстанымға ие болды. Аталған қасиеттің бәрін ол өз шығармаларында анық білдірді. Жүрегі

кең, ақкөңіл тұлға әрқашан көмек сұрағандарға қолдау көрсетіп, көмектесті. Шерхан Мұртаза – халықтың адамы, нағыз халық жазушысы болды[2].

Шерхан Мұртазаның еңбектерінен бөлек өмірі туралы да ақпараттар аз емес. Шерхан Мұртазаның өміріндегі қызықты деректер туралы айтсақ:

Шерхан Мұртаза Ақбілек атты жұбайымен бірге екі баланың: ұлы Батылжан мен қызы Алманы бірге тәрбиеледі. Шерхан Мұртаза білім алған мектепте химияны Алаш Орда үкіметінің мүшесі Жақып Ақбаевтың қызы, ал қазақ тілін Мұхамеджан Қаратаев оқытып білім нәрін берген. Шерхан Мұртаза өз естеліктерінде мерейтойларды, туған күндерді тойлауды ұнатпағаны туралы да айтқан. Жазушы: «адамды жас емес, қарапайымдылық пен еңбекке деген сүйіспеншілік бояйды», - деп сенді. Біз сүйіп көретін «Қыз Жібек» фильмі де Шерхан Мұртазаның шығармасымен, істеген еңбегімен тікелей байланысты. Ғабит Мүсіреповтың еңбегін де осы жерде айтпау мүмкін емес. Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» басылымының басшысы болып жұмыс істеген уақытында журнал таралымы 30 мыңнан 150 мың данаға дейін өсті, ал «Жұлдыз» журналының шығарылымы 5 мыңнан 255 мың данаға дейін өсті[3].

Шерхан Мұртаза өзінің барлық шығармаларының ішінде «Қызыл жебе» романына ерекше назар аударды. Кеңестік Ресейдің жоғарғы билік органдары арасындағы тұңғыш қазақ Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы баяндайтын бұл туынды Ш. Мұртазаның шығармашылығының айрықша белгісі болды. Ату жазасындағы Т.Рысқұлов туралы жазғаны үшін Ш. Мұртазаны «буржуазиялық ұлтшыл» деп айыптады. Жазылған роман ҚКП ОК жанындағы Партия тарихы институтының мақұлдау шешімінен кейін ғана жарық көрді[4].

Шерхан Мұртаза жетімдік, аштық, ұжымдастыру, соғыс, соғыстан кейінгі ойран және халықты біртіндеп қалпына келтіру сынды талай өмір сынақтарынан өтті. Барлық қиыншылықтарға қарамастан Шерхан Мұртаза жауапты, адамгершілікті, еңбекқор және ақжарқын болып қала береді[5].

«Мен өмірде екі қанатпен ұштым. Біріншісі – журналистика болса, ал екіншісі – жазу. Ол басынан өткергеннің бәрін өз шығармаларында көрсетті. Ол бір кездері өзінің жолын аудармалардан бастаған. Мен өз романдарымды түнде жаздым, ал баспаханадан таңертең жиі әкелетін газеттің сигналдық нөмірін күттім. Құдай «бәрін білсін» деп береді. Байлық та, алтын да, асыл тастар да бар. Бірақ сенім болмаса, мұның барлығы бақытқа апармайды. Адамды тек екі нәрсе безендіреді: еңбекқорлық пен қарапайымдылық.

Уақыттың басы да, соңы да жоқ. Адамдар уақытты жылдарға, айларға, сағаттарға, минуттар мен секундтарға бөледі. Ал мәңгілік уақыт Аллаға ғана тән және белгілі. Оның білімі шексіз, адамдардың білімі шектеулі»-дейді.

Шерхан Мұртаза оқыған мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мұхамеджан Қаратаев, ал химияны Алаш Орда үкіметінің мүшесі, көрнекті саяси қайраткер Жақып Ақбаевтың қызы – Аргуния берген болатын. Жазушы өзінің алғашқы туындыларын, оның ішінде әйгілі «Ай мен Айша» өмірбаяндық кітабын туған жері Жуаланың, жерлестерінің қайталанбас табиғатына арнаған. Романның кейіпкері ерте әкесіз қалды, анасы үш кішкентай баланы өзі тәрбиелеуге мәжбүр болды. Отбасы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында

талай апаттар мен қиыншылықтарды бастан өткерсе де, ана махаббаты мен патриоттық рухында мейірімді де қарапайым балаларды тәрбиелей білді. Айшаның жүзінен ғасырлар бойы ошақ қасы, ұлттық салт-дәстүрді сақтаушы қазақ әйелдерінің жиынтық бейнесін байқауға болады. Оқырман бұл қайратты да асыл әйелге деген сүйіспеншілік пен сүйіспеншілікке толы. Жазушы ана мен оның ұлылығын айға көтереді[6].

Жазушының анасына арналған «Ай мен Айша» өмірбаяндық романы негізінде Тұңғышбай Жаманқұлов спектакль қойған. Жас кезінде Шерхан Мұртаза Х.К. Андерсонның ертегілері мен бірнеше еуропалық жазушылардың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Сондай-ақ, ол Қырғызстанның халық жазушысы, қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілі Шыңғыс Айтматовтың барлық шығармаларын қазақ тіліне аударған. Шерхан Мұртазаның бойында дарынды жастарды қолдау сияқты қасиет тән болды. Шығыс аймақтарға сапары кезінде ол Оралхан Бөкейге қолдау көрсетсе, Атырауда жас ақын Фариза Оңғарсыноваға қолдау көрсеткен. Оңтүстік аймақта Мұхтар Шахановты қолдаса Орталық Қазақстанда өңірлік газеттің тілшісі болып жұмыс істеген Ақселеу Сейдімбековке қолдау көрсеткен. Аталған тұлғалар қазақ рухани мәдениеті мен әдебиетіне зор үлес қосып, халық арасында құрметті адамдарға айналған. Жазушы өзінің туған күні мен мерейтойларын атап өтуді ұнатпаған. Ол «адамды оның жасы емес, еңбекқорлығы мен қарапайымдылығы көркем етеді» деп есептеген[7].

Бірде мүсінші Темірхан Қолжігіт Бауыржан Момышұлы ескерткішінің эскиздерін дайындап жатқан кезінде «неге біздің ата-бабаларымызды ешкім жеңе алмады?» деп сұрақ қойған. Сонда Ш. Мұртаза бұл сұраққа: «Қазақ пен жылқы – біртұтас ұғым. Қазақ қарапайым халық немесе фермер, шопан, жер жыртушы, кім болып жұмыс істесе де нағыз ат пен теңестіріледі. Себебі шабыттану, алға жылжу, ұмтылу барлық қазақ жігіттеріне тән», - деп жауап қайтарған.

1994 жылы Шерхан Мұртаза 13-шақырылым Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Осы орайда түрлі өсек-аяндар мен жалт-жұлт көз қарастарды байқаған жазушы: «Егер мені осы ұстанымда ұстанамын деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Мен үшін ең маңыздысы – қаламым. Мен оны ұстай алсам, мен жұмыссыз қалмаймын».

Шераға өзі қызмет еткен барлық газеттерге жаңа тыныс берді, сондықтан теледидардың құлдырауы кезінде оны басшы етіп тағайындау туралы шешім қабылданды. Бұл идеяның бастамашысы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары Сауытбек Әбдірахманов Шерхан Мұртаза туралы: «Бұл кісі Егемен Қазақстанды және бұрын өзі қызмет еткен барлық газет-журналдардың мәртебесін көтерді. Оның телевизиямен табысқа жететініне де күмәнданбадық. Бірақ ол: «Мен ешқашан теледидарда жұмыс істеген емеспін» деп жауап қайтарды. Біз оны көндіруге тырыстық. Сөз соңында айтарым: «Шераға, Сталин үнемі Жуковты майданды бұзып өту қаупі бар жаққа жіберетін. Елбасы осылайша сізге сенім білдіріп

отыр» деп өз қолдауын білдірген. Осы сөздерден кейін ғана Шераға көніп, келіскен.

Шерхан Мұртазаның есімі қазақ әдебиетіндегі жетекші орындардың бірі. Оның шығармаларында авторға өзі сақтаған образдардың сенімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретіндей көркем экспрессивтіліктің әртүрлі құралдары қолданылған. Оның барлық кейіпкерлері ойдан шығарылған кейіпкерлер емес, олардың прототиптері бар сияқты, себебі оқырманға жақын. Бұл көбінесе жалпыланған бейнелер, яғни біз күнделікті өзімізбен бірге көретін адамдар. Оның прозасы диалектизмге, қазақ халқына тән фразеологизмдерге толы, жарқын сөздермен, мақал-мәтелдермен қаныққан түрінде сипатталады.

Бірде Шерхан Мұртаза толқып келіп, Смағұл Сәдуақасов туралы айтқанда: «Адал адамдар туған жердің бір бөлігін де алған жоқ. Міне, болмыстың бір кемшілігі! Кейін қазақ ғалымы Дихан Қамзабекұлы Алаш қайраткерінің сүйегінің күлін Мәскеу крематорийінен Астанаға жеткізіп, туған жеріне абыроймен жерлеуді қамтамасыз етті.

Таразда 10 томдық «Қазақтың Шерағасы» кітабы жарық көрді. Көптомдық жинаққа жазушының стенограммалары, очерктері, жаңа «Сою» повесі, сондай-ақ орыс тіліне аударылған әңгімелері енген. ТИГУ ректоры Ерболат Саурықовтың айтуынша, «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері Шерхан Мұртазаға қатысты материалдарды жинақтап, жариялауды жалғастырады. Фотоальбомдардың библиографиялық анықтамаларын басып шығару күтілуде. Соңғы жылдардағы «Бір кем дүние» шығармасын шығару да жалғасын табады[8].

«Туған жерге туынды тік» дейді халық. Сондықтан Шерағамыз қай жерде жұмыс істесе де, қандай қызмет атқарса да туған жері – Жуалыны бірінші орынға қойды. Қаратау мен Талас Алатауының етегіндегі туған ауылы Талаптыда ауылдастарына көп еңбек сіңірді. Оның қамқорлығының арқасында балалар балабақшаға барып, заманауи үлгідегі мектепте білім алуда. Ауыл ақсақалдары жұма намазын өз мешітінде оқуға мүмкіндік алды. Әр үйге көгілдір отын, су берілді. Шерхан Мұртаза Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты болып жұмыс атқарған. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Әртүрлі ордендермен және медальдармен марапатталған, Қазақстанның халық жазушысы, Жамбыл облысының, Астана, Тараз қалаларының Құрметті азаматы атақтарымен марапатталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық Архивная копия от 30 октября 2016 на Wayback Machine С. 380—381

2. *Stan*. Баспасөздің баһадүрі Шерхан Мұртазаның өмірбаяны - Қазақстан жаңалықтары | STAN.KZ (қазақ.). *Stan.kz* - бүгінгі жаңалықтар, соңғы жаңалықтар. Дата обращения: 29 декабря 2021. Архивировано 29 декабря 2021 года.

3. Умер писатель Шерхан Муртаза. Дата обращения: 9 октября 2018. Архивировано 9 октября 2018 года.

4. Шерхан Муртаза похоронен на Кенсайском кладбище в Алматы. Дата обращения: 29 декабря 2021. Архивировано 29 декабря 2021 года.

5. Шерхан Мұртазаның шымыр сөздері. Дата обращения: 11 октября 2018. Архивировано 11 октября 2018 года.

6. Халық жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері Шерхан мұртаза өмірден өтті. Дата обращения: 11 октября 2018. Архивировано 11 октября 2018 года.

7. Памятник народному писателю Шерхану Муртазе открыли в Таразе. *forbes.kz* (20 октября 2022).

8. Указ Президента Кыргызской Республики от 27 июля 1995 года № УП 179 «О присвоении почётных званий Кыргызской Республики деятелям литературы и искусства Республики Казахстан». Дата обращения: 28 марта 2020. Архивировано 28 марта 2020 года.

Әйгерім ҚАЛЫМОВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2-курс магистранты*

ЖАНБОЛАТ АУПБАЕВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯ


Жанболат Аупбаевтың қазақ журналистикасындағы алғашқы баспалдағын 1969 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсуімен басталды. Оқу орнын аяқтай салысымен «Лениншіл жас» газетінде 1974-1986 жылдар аралығында тәжірибе жинақтаушы қызметінен бастап, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Осыдан кейін 1986-1991 жылдары «Қазақстан коммунисті» «басылымда жауапты хат қызметінде, ал «Халық кеңесі» газетінде 1991-1996 жылдары бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарса, 2 жыл «Ақиқат» журналында бас редактордың бірінші орынбасары, 1998-2003 жылдар аралығында республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде бас редактордың орынбасары, бас редакторы қызметтерін атқарды. Осы хронология Жанболат Аупбаевтың публицистикадағы өзіндік орнын айқындайтын тізбе деуімізге болады. Қазақ баспасөзіндегі маңдайалды басылымдар Жанболат Аупбаевтың публицистикадағы өзіндік беп-бейнесін, позициясын ашып көрсетті.

Публицистің «Мәскеудегі «Комсомольская правда», «ТАСС», «АПН» секілді Бүкілодақтық ақпарат көздерінде тәжірибе жинақтаудан өткен ол деректі дүниелер жазумен шұғылданады. Оның «Мынау ғажап дүние» («Жалын», 1983 ж.), «Жанарымда туған жер» («Қайнар», 1984 ж.), «Оққа тосылған отжүрек»

(«Қазақстан», 1985 ж.), «Сырымды саған айтамын» («Жалын», 1990 ж.), «Ғұмыр – дария» («Санат». 1997 ж.), «Таңғажайып тағдырлар» («Қазақстан», 1998 ж.), «Бізге беймәлім бейнелер» («Елорда», 2000 ж.), «Елім менің ертегі» («Елорда», 2002 ж.), «Өмірге таңдана қара!» («Елорда», 2004 ж.), «Автограф» («Елорда», 2005 ж.), «Таңсәрі мен талтүс» («Елорда», 2007 ж.), «Ашылмаған аралдар» («Қазақстан», 2009 ж.) «Ұлылардың ұрпақтары» «Қазақстан», 2012 ж. атты кітаптары оқырмандардан жақсы баға алып келеді» [1].

Жоғарыдағы аты аталған деректі дүниелерінің атауларынан автордың журналистикадағы негізгі тақырыбы көрінеді. Тақырып – қазақтардың батырлығы, елжандылығы, таңғажайып тағдырлары мен түрлі салада еңбек етіп жүрген қандастарымыздың өмірі.



Бұл тақырыптардан автор Жанболат Аупбаевтың азаматтық позициясы көрінеді. Азаматтық позиция – қоғамдағы әртүрлі мамандық иелерінің тағдырлары, еңбектері туралы еді. Автордың осы азаматтық позициясынан туындаған журналистің журналист туралы жазбалары кейіпкердің көптеген қырларын ашып көрсетуге мұрындық болған. Сейдахмет Бердіқұловтың журналистикасы туралы, әсіресе, спорттық жазбалары туралы Жанболат Аупбаев мынадай пікір білдіреді. «Сейдахмет көптеген көркем және көсемсөз шығармалардың авторы ретінде белгілі. Мемлекетімізде алғашқылардың бірі болып ол әдебиетте спорт тақырыбын терең зерттеді, спорт адамдарының есте қаларлық бейнелерін жасады. Спорт – әлемдік дамудың көрінісі. Ал бұл сиқырлы дүние – жазушы С.Бердіқұловтың сүйікті тақырыбы. Әр шығармасы – шашусыз жазылған әдемі дүние» [2].

Автордың мұндай пікірінен Сейдахмет Бердіқұловтың бейнесі толық ашылады. Бір ауыз пікір Сейдахметтің спорттағы журналистік орнын айқындап бере алатындай пікір деуімізге болады.

Жанболат Аупбаев Сейдахмет Бердіқұловтың тілінің шеберлігін де талдап береді: «Футбол тәжін кию оның күлімдеген алтын кубогін алу – инемен құдық

қазғандай қиын екені де жұртқа тағы да паш етілді» [3]. Публицист Жанболат Аупбаевтың Сейдахмет Бердіқұловтың жазуының өзі, автордың журналистік нысанасына ілігуі және оны жақсы қырынан танытып, жаза алуы – бағалау журналистикасын дамытуға қосқан үлесі десек те болады.

Жанболаттан өзге спорт комментаторы Тимур Сегізбаевтың «Футболшы мен де, газетші сіз де бәріміз оның жазғандарын оқығанда спорт атты күрделі де қиын әлемнің бар қалтарысын оңай ұғынамыз, қызығына қанамыз, өзіміз білмеген тылсым сырына терең бойлап, еніп, табиғи түрде түсінеміз. Тоқетерін айтқанда, Сәкең оқырмандарына футболға – ачқ, боксқа – жұдырық, хоккейшіге – таяқ емес, ақыл керек екендігін шегелеп түсіндіретін жазушы» деген пікірі публицист Ж.Аупбаевтың пікірін нақтылап, біздің ойымыздың үстінен дөп түседі. «Жұлдыздардың із тастап ағатынын» біздің жазған мақаламызды із деп тансақ, осы ойды дәлеледей түседі [4].

Осы ретте журналист спорттық журналистикада «Бердіқұлов мектебі» атты атауды қалыптастырған Жанболат Аупбаев: «Сейдахмет көптеген көркем және көсемсөз шығармалардың авторы ретінде белгілі. Мемлекетімізде алғашқылардың бірі болып ол әдебиетте спорт тақырыбын терең зерттеді, спорт адамдарының есте қаларлық бейнелерін жасады. Спорт – әлемдік дамудың көрінісі. Ал бұл сиқырлы дүние – жазушы С.Бердіқұловтың сүйікті тақырыбы. Әр шығармасы – шашусыз жазылған әдемі дүние» дейді.

Публицист Жанболат Аупбаевтың қызық тағыдрлар туралы жазған келесі деректі публицистикасы – Қажымұқанға арналды. Ол – «Қажымұқан мен Қажытай» («Қазақтелефильм», 1991), «Хан Тәңірі» («Қазақтелефильм», 1994) атты деректі киноленталар сценарийлерінің авторы. Ұлы Отан соғысының ардагері, күш атасы Қажымұқанның қаржысына жасалған ұшақпен неміс фашистерін жайратқан ұшқыш, Кеңес Одағының батыры атағын арада жиырма сегіз жыл өткен соң ғана алған қаһарман секілді тамаша тұлғалармен толықты. Қазақтың елі мен абыройын асыруда әскери өмірдің ащы мен тұщысын татқан талайлы тағдырлы қазақтар мен бейбіт кезеңнің қоғам белсенділері, керемет мамандық иелерінің жұмыс, қызмет барысындағы қызықты өмірлері – журналисті жазуға итермелеп, сол арқылы журналистік қырын ашқан бейнесін байқаймыз.

Мұнымен қатар ол тәржіме жасаумен, киносценарий жазумен де табанды түрде айналасып келеді. Оған оның қазақстандық орыс тілді қаламгерлер Олжас Сүлейменов пен Сәтімжан Санбаевтың публицистикалық шығармаларын шебер аударғаны және «Қажымұқан мен Қажытай» («Қазақтелефильм», 1991 ж.), «Хан-Тәңірі» («Қазақтелефильм», 1994 ж.) атты деректі киноленталар сценарийлерінің авторы болғандығы анық дәлел.

Жанболат Аупбаевтың екінші қыры – тақырыпты керемет қоюында. Публицистиканың қандай жанрында шығарманы жазғанда да журналист осы үш заңдылыққа сүйенеді. Шығарманың тақырыбы ұнамды, мазмұны тартымды болуы журналист шеберлігінің негізгі міндеті. Жанболатты өзінің қаламынан шыққан «тақырып қоюдың тапқыр шебері» десек артық айтпаған болар едік. Оның әрбір шығармасының тақырыбына үңіліп отырып-ақ не айтайын деп

тұрғанын ұғуға болады. Табиғаттың төтенше құбылыстары мен таңғажайып оқиғалары, экологиялық мәселелер, жалпы адам мен қоршаған орта арасындағы құпия байланыстар, тылсым сырлар мен үндестік жайттары Аупбаев қаламынан сырлы саз болып, өзекті де таптырмас тақырып болып төгіліп жатады. Мәселен, публицистің бір толғауы «Ләйлек келді... ләйлек» деп аталады. Журналист алғашқы сөйлемдерінде-ақ: «Аудан орталығына жақындай бергенде көзімізге ең алдымен шалынғаны, мақталық алқаптың жиегінде жүрген әлдебір құс болды. Өзі тіптен бейқам Тырнаға лайық сирақтарын кере тастап, маңғаз адымдайды. Оңтүстік өлкесінің төбеден шыңғырған күні мен тастақты жерден кер тепкен аптабы оған тіптен әсер етпейтіндей. Қимылы шүйгін қуалап жүре отпаған жылқыларға ұқсас. Қазіргі бетінде ол ұзын мойнын әр жерге бір салып, қайқаудай тартып барады. – Иә, бұл ләйлек, - деді маналы бері үнсіз отырған жолбасшымыз Теңесбай: бұрын жоқ еді, соңғы кездері ғана пайда болды. Мына бірлік селосында олардың телеграф бағанасына салған ұялары да бар. Жол үсті ғой, көркем десеніздер ол әне, анау жерде тұр. Бұл құсты дегелек деп те атайды», - деп жазады [5, 150 б.].

Осылайша публицист Жанболат үлкен азаматтық позицияның шешілу тетігін таба білген. Журналист болашақ шығармасының тақырыбын таңдай білуі керек әрі оны дамытып, өңдей білуі тиіс екендігін мынадай тақырыптарымен дәлелдеген. Мәселен, Жанболат Аупбаевтың «Леп» деген эссесінің тақырыбы оқырманды өзіне бірден тартып алады. Автор: «Леп белгісі... Оған не тән?», - деп ойлар едіңіздер. Қуанышты оқиға, әдемі әсер, көтеріңкі көңіл-күй емес пе? Иә. Бұл айырым белгісі сөйлемге міне, осындай жағдайда қойылатыны анық», - деп тамаша ой түйеді. Жанболат мақалаларындағы тауып қойылған сәтті тақырыптың өзі оқырманның қызығушылығын тудырады. Мақаланы оқуға еріксіз итермелейді. Осы тұрғыдан айтар болсақ, Жанболат Аупбаев мақалалары тақырыптарының өзі жұрт назарын елең еткізеді. Мәселен, «Дебют немесе сен қайда жүрсің Қожа?», «Алтайдың аясында бір ауыл бар», «Диссидент», «Азияның айдары», «Хабарды жүргізген: Ләзиза Айманова!», «Мінәйім, Мінәй әже туралы да айтайық. Себебі...», «Құбылаға қара!», «№1 Халық Қаһарманы», «Әбілсейіттің Моңғолиядағы «інісі», «Отандас немесе мен білетін Михайлов» деген секілді кете береді. Мағына тереңдігін айтпағанда, тақырыптағы естілу тартымдылығының өзі мақала мәтінінің табиғи ажарынан хабар береді.

Айталық, публицистің «Шыңжаңдағы тұңғыш қазақ фильмі» атты мақаласына арқау болған – «Хасен-Жәмила» киносы еді. Ал ондағы басты рөлдерде ойнаған қандастарымыз туралы да Жанболат аупбаев жазып, оқырман қауымға таныстырды. Мұндағы журналистің азаматтық позициясы – шетелдегі қандастарымыздың өмірімен, өнерімен таныстыру еді [6]. Бұған себепші болған «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 26 ақпандағы санында жарық көрген Бұқара Тышқанбаевтың «Хасен-Жәмила» фильмі қалай түсірілді?» атты мақаласы еді.

Жазушы, драматург, осы фильмнің сценарийі Бұқара Тышқанбаевтың жеке мұрағатынан алынып жазылған мақаладан кейін Жанболат осы фильмде ойнаған актерлерден сұхбат алады. Әсерлі де тартымды әңгімеден соң автор:

«Теледидардан ара-тұра болса да көрсетілетін, соңғы жылдары тіпті ұмытылып кеткен «Хасен-Жәмила» фильмі қайда екен осы», - деп ойладық. Оның жайжапсарын көп кешікпей бізге осы шығарманың авторы Бұқара Тышқанбаевтың үйіндегі апамыз Сара Таңжарыққызы айтып берді», - деп Мәскеу арқылы қазақтың кино қорына үш данасының жеткізілгендігін оқырманға хабардар етеді. Бір қызығы, Жанболат Аупбаевтың қазақтың тұңғыш киносы жайында жазылған қызықты мәліметтің заңды жалғасы іспеттес «Егемен Қазақстан» газетінде (20 наурыз, 2004) журналист Мейрамбек Төлепбергеннің «Әке» мен «Қыз» атты мақаласы жарық көрді.

Автор Жанболаттың «Шыңжандағы тұңғыш қазақ фильмі» атты әңгіме-сұхбатында халық әртісі Фарида Шәріпованың: «Ондай жәйттер болды. Алдымен қиналған кезімді айтайын. Кинолентада Хасен мен Жәмиланың елсіз тауда күн кешіп жүріп, сәбилі болатыны туралы көрініс бар. Ол нәресте осы фильмдегі Жәмиланың шешесінің рөліндегі Тұрар апаның 4-5 айлық қызы еді. (Зырлап өтіп жатқан уақыт-ай... Ойлап қарасам, бір кездегі сол бесіктегі бөпенің өзі егер тірі болса, қазір 50-ге келді-ау!)...», - деген бір ауыз сөзінің негізінде, сол кинодағы кішкентай қыз бүгінде Сара есімді үлкен ана екендігін, фильмде әкесінің рөлін сомдаған Абылай Түгелбаевпен кездескендігін жазады. Қытай қазақтарының өмірі туралы тұңғыш фильмнің басты рөлдерінде және жекелеген эпизодтарында ойнаған әртістердің түрлі тағдырлары туралы жазған мақаласын автор: «Елу жылдан кейінгі кездесуге арқау болған журналист Ж. Әлиханұлы (Аупбаев) мақаласының бір қызықты парағы біздің куә болуымызбен редакцияның Алматы филиалында осылайша қайта жалғасты», - деп аяқтайды.

Бұл Жанболат шығармашылығына берілген тағы да бір оң баға дер едік. Жанболаттың «Егемен Қазақстан» газетінде [7] (28 мамыр, 2003) бүкіл өмірін Қытай елінде қуғын-сүргінде өткізген тума талант Таңжарық ақынның қызы Сара Тышқанбаевамен болған «Таңжарық ақынның қызы» атты сұхбаты жарық көрді. Сұхбатта өтен ғасырда Құлжадағы қазақ зиялыларының тіршілігі, Таңжарық ақынның қилы тағдыры сөз болады. «Егемен Қазақстанның» «Ашылмаған аралдар» айдарында үзбей жазып отыратын Жанболат осы сұхбаты арқылы да оқырманға беймәлім тарихтың көне беттерінен сыр шерткендей әсерде қаласың. Осындай қаламгерлік қуатымен дараланатын ол тіл өрнегі мен журналистік құнды еңбектері арқылы өзіндік қолтаңбасын, жазу мәнерін танытып келеді. Тоғыз кітаптың авторы, оның әсіресе, соңғы кездерде жарық көрген туындысы («Ғұмыр-дария», «Таңғажайып тағдырлар», «Бізге беймәлім бейнелер») қазақ журналистикасының алғы шебіне алып шықты.

Қорытындылай келе, Жанболат Аупбаевтың азаматтық позициясы жазған мақалаларының тақырыбынан, көтерген мәселесінен, шығарған шешімінен байқалады. Бүгінгі жас журналистер публицистің азаматтық позициясын өмірімен байланыстыра қарастыруды қолға алып жатыр. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ж.Ә. Аупбаев – болашақта жаңа, тың, антропоэзектілік зерттеу тұрғысынан қарастырылады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2211>
2. Аупбаев Ж., Қара сөздің қыран құсы // Жас Алаш, - 1994. - 16 шілде,
3. Бердіқұлов С., Футбол кіндігін кескен елде // Спорт, - 1996. - 21 мамыр.
4. Аупбаев Ж. Жұлдыздар із тастап ағады. Жас Алаш, -1994. -28 мамыр.
5. Жақсылықбаева Р.С. Публицистің шығармашылық шеберханасы: оқу құралы. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 243 бет.
6. Аупбаев Ж. Шыңжаңдағы тұңғыш қазақ фильмі //«Егемен Қазақстан» газеті, 28 мамыр, 2003
7. Тышқанбаев Б. «Хасен-Жәмила» фильмі қалай түсірілді?// «Егемен Қазақстан» газеті 20 наурыз, 2004.

Зәуреш КОЙГЕЛЬДИЕВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты*

ӘБУБӘКІР ДИВАЕВ – ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІН ЖИНАҚТАУШЫ

Әрбір халықтың рухани байлығы – даму тарихында жасалған, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын мирасы. Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар [1.18-б].

Зерттеушілердің пікірінше халық ауыз әдебиетінің адам өмірінде орны ерекше. Ауыз әдебиетімен сусындаған адам туған елін, өскен жерін сүйетін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қастерлеп сақтай алатын азамат болатыны сөзсіз.

Көркем сөз өнері түркі халықтары үшін келер ұрпаққа қалдырған баға жетпес байлық болып табылады. Халық ауыз әдебиетінде қамал бұзар қаһарлысы да, айшықты әсем құнарлысы да, шебер қиылысқан қисындысы да, нәсерлей құйылған төкпе туындысы да мол. Асылды жасықтан айыра білген халық, шешендердің аузынан шыққан тұспалдар мен нақылдар өмір ережесіндей ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, адамгершілік үшін қызмет жасап келеді [2.12-б].

Зерттеуші фольклорист-ғалымдардың түркі ауыз әдебиеті жөніндегі еңбектеріне шолу жасай келе, оның фольклор тарихын танып білуге жол ашатынын, халықтық мұраның адам баласына берері мен үйретері мен үлгі етері мол асыл қазына екендігін айқын көреміз.

Асыл қазынамызға іргелі зерттеу жүргізген алаш азаматтарына демеу берген, фольклорист, этнограф Ә.Диваевтің еңбектеріне шолу жасайық. Ағартушы ғалым 40 жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін жинаған.

Аса көрнекті ғалым Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев 1876 жылы Орынбор кадет корпусының Азия бөлімін бітірген. Диваев өзбек, парсы, қазақ тілдерін

меңгерген. Кадет корпусында оқып жүріп қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті жинаумен шұғылданды[3].

Соның ішінде қазақ фольклоры мен этнографиясын бөлек қарастырды. Диваев ел арасынан қазақтың ай, күн, жұлдыздар, басқа да нәрселерге қатысты ырым-сенімдері, ай атаулары, жерлеу рәсімдері, бақсылық, марқұмға дұға бағыштау, неке қию рәсімдері, түс жору, албасты, жын секілді кейіпкерлердің шығу төркіні, оларға қатысты халық арасындағы аңыздар, қазақтың бесік жыры, мақал-мәтелдері, батырлар және ғашықтық жырлары, ұлттық өнері, ойындары, нақыл сөздері, мал шаруашылығы туралы айтылған құнды дүниелер тапты [4].

Көркем сөз өнерінің құдіреті артында қалдырған асыл мұрасы адам баласының даму тарихында қоғамда болып жатқан жайды, түрлі әлеуметтік ортаның жай-күйін, сол ортаның тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпын танып-білуге көмектеседі.

Халықтық шығармалардың өзіндік терең ойымен, көркем тілімен адамзатты өзіне баурап алатын қасиеті бар. Қазақ ауыз әдебиеті айнала қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасай алуына, өмірге өзін бейімдей білуіне, мінез-құлқын, өзіндік танымын орнықтыруға әсерін тигізетін ұлттық құндылық.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап қазақ ауыз әдебиетін жинау, бастыру жөнінде көп еңбек сіңірушінің бірі Әбубәкір Диваев (1855-1933) болды. Ол Орынбордағы кадет корпусын бітіргеннен (1876) кейін, Түркістан генерал-губернаторлығында қызмет атқарады. Тиісті қызметін атқара жүріп, қазақ халқының тарихына қатысы бар материалдарды, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне кіріседі. Бұларды ол сол кезде шығатын газет-журналдарда (екі тілде) жариялап отырады [5].

Ал «Этнографическое обозрение» журналында «Из области киргизских верований. Баксы как лекарь и колдун» (1899), «Семь сказок киргизов Сыр-Дарьинской области» (1906), «О народном суеверии» (1907), «Киргизские афоризмы» (1907), «Олянь: Любовная песнь» (1907), «Итала-каз» (1908), «Как киргизы развлекают детей» (1908), «Как восьмидесятилетняя старуха родила сорок ушей» (1909), «Похищенная царевна» (1909), «Заклинание и призыв ветра. Из киргизских поверий» (1910), «Киргизский заговор против укуса ядовитых насекомых и пресмыкающихся» (1910), «Сказки киргизов Сыр-Дарьинской области» (1912) секілді зерттеу мақалалары шықты[6].

Жарияланған еңбектерінің тізімінен түркі әдебиетіне ортақ баксы, ертегі, баланы жұбату, қартайғанда балалы болу тақырыптарына зерттеу жүргізгенін байқаймыз.

Іргелі зерттеуінің бірі «Қазақ -қырғыз елінің тұрмысын, жол –шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа» атты мақаласы ХХ ғасыр басында жарық көрген «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы №302 бейсенбі, 10 майдағы санында жарияланды. Бұл жарияланымда Әбубәкір Диваев қазақ халқының тұрмыс-салтынан мәлімет беретін 30 бөлімнен тұратын бағдарламаны жариялаған. Ғалымның еңбегіндегі бағдарламаларды бірнеше топқа бөліп, сараптадық. Ежелден келе жатқан дәстүр, жол жоралғылар: Құда болу үйлену; Балаға ат қою; Бесік жыры. Балаларға арналған ойын түрлері

туралы: Балалардың ойыны һәм ойыншықтар және Қыз, бозбаланың ойындары. Сонымен қатар, қазақи ырым, жоралғылар, ем домға байланысты: Кісі өлгенде істелінетін ырым, жол-жора; Бақсы; Ауру һәм ем; Түс һәм жору; Қарғау, алдау, арбау, Қияли әңгіме; Қияли ырым; Жын-пері тақырыбы. Мезгіл, уақытқа байланысты: Көк, жер туралы; Жел, ай, күн. Тарихи тақырыптар: Тарих, шежіре әңгімелер; Заң туралы; 1916 жыл тақырыбы; 1917-18 жылғы төңкеріс. Әдеби көркем бағыттағы: Мақалдар, тақпақтар; Өлең-жырлар туралы; Батыр жырлары, қиссалар; Айтыс; Ертегілер; Мысалдар; Жұмбақтар, Бата тақырыбы. Тұрмыстық бағыттағы бағдарлама: Үй, ас-су, ыдыс-аяқ, киім-кешек туралы; Мал туралы; Жануарлар, өсімдіктер.

Мақала соңында, «Ескерту: бұл программа жөн сілтеу үшін жазылып отыр. Өзінің ынтасы бар адам программамен қолым байланды деп сылтау қылмас. Біздің өтінішіміз мәдениетке қызмет қыламыз деген қазақ-қырғыз баласы осы программаны жоба қылып, материал жинап, қазақ-қырғыз мекемесіне жіберсін. Бұрын жиналған материал сұрыпталып, баспаға дайындалып жатыр. Жинаушылар, жазушылар, таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырыссын. Қазақтардан елдің өткен тұрмысын сұрастырсын һәм әрбір материалдың қай облыс, қай үйез, қай болыста кімнен алынған, яки істелгені жазыла берсін.

Еліміздің қағаз білетін һәм елге қызмет қылуды өздеріне міндет санаған азаматтарына өтінішпен: Түркістандық қазақ-қырғыз білім комиссиясының уақытша бастығы: Мағжан Жұмабаев. Мүшесі: Әбубәкір Диваев. 1923 жыл, 5 май. Ташкент», - деп аяқталады [7.21-б]. Мақаланы оқу барысында зерттеушінің қазақ-қырғыз өміріне қызығушылық болғаны байқалады. Сол кезеңде жазылған бағдарламадағы салт-дәстүр жүз жыл өтсе де өз маңызын жоймағандығын мойындауымыз керек. Салт-дәстүр жаңарып-жасарып қазіргі таңда қазақ қоғамында өз қызметін адал атқарып келеді.

Салт-дәстүрді сақтау мағынасы терең, халқымыздың мәдениеті мен тарихында айрықша орынға ие. Халық ауыз әдебиеті бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арманы, қуатты мемлекеттіліктің және жалпыұлттық тұтастықтың, ұлан-ғайыр еліміздің құндылығы ретінде сипатталады.

Ең алдымен, ол – өмір сүріп отырған тірі, өміршең мұра. Мұра дейтініміз – халық оны бұрынғы өткен дәуірлерден қабылдап алды, оны өткеннің ескерткіші деп бағалады, әрі ол арқылы өзінің тарихи және мәдени салт-дәстүрлерін сақтады. өміршең болатыны – ол мұражайда сақтаулы тұрған жоқ, халық өмірінің қайнаған ортасында жасап жүр; тіпті сол өмірдің бір бөлшегі, сол себепті оның заңы мен әсеріне бағыныңқы. Өміршең болатындығы – ол тірілерге керек, себебі халықтың көптеген идеялық және эстетикалық кәдесіне жарап жүр. Фольклорлық мұра, егер кең мағынада қолдансақ, халық поэтикалық творчествосының бұрынғы замандардан сақталып қалған көптеген құбылыстарын қамтиды [8.4-б].

Революцияға дейін де, одан кейін де Әбубәкір жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері орасан көп. Ел арасынан ауыз әдебиетін алғаш рет жинау ісіне кіріскенде, Әбубәкір екі түрлі мақсат көздейді. Біріншісі – қазақ халқының

мәдени мұрасын келешектегі жас ұрпақ үшін, тарих үшін керекті дүние деп жинайды. Екіншіден, жинаған материалдарын орыс тіліне аударады, онымен орыс халқын таныстыруды көздейді [9]. Сол зерттеудің нәтижесінде жоғарыдағы қазақ-қырғыз елінің тұрмысынан мәлімет беретін программа жарыққа шықты.

Әбубәкір Диваев алдына игілікті мақсат қойып, түркі ауыз әдебиетін жинап, бастыруда тамаша қызмет атқарды, келешек ұрпақ үшін асыл мұра қалдырды.

Халықтың рухани байлығын аса жоғары бағалаған кеңес үкіметі, ауыз әдебиетін ұқыптылықпен жинау, бастыру, ең таңдаулыларын халық игілігіне жарату ісін қолға алды. Бұл жұмыс біздің Қазақстанда да жүргізілді. XX ғасырдың 20 жылдарында Қазақстандағы өлкетану қоғамы бірсыпыра жұмыс істейді. 1933 жылы қазақтың ұлт мәдениетін ғылыми-зерттеу институты құрылады. Ол ел арасынан ауыз әдебиетін ұйымдасқан түрде жинау мақсатымен, жер-жерге арнаулы экспедициялар шығарады [10].

Зерттеуші ғалымның осындай ерен еңбегін елеп «Документы» сайтынан «21 мая 1923 года в Ташкенте в помещении Института просвещения состоялось собрание общественности Туркестанской республики, организованное по поводу 40-летнего юбилея научной деятельности Диваева. Постановлением Совета Народных Комиссаров Туркестанской республики за подписью Т.Рыскулова ему была назначена пенсия и передан в безвозмездное пользование дом, в котором он жил» деген мәліметті оқимыз [11].

Тіпті, осындай үлкен кештің өткені жайлы «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 29 мартта, бейсенбі күнгі 288 болып шыққан санына көз жүгіртейік.

«Жолдас Рысқұлов: Білім, мәдениет үшін, халық үшін 40 жыл қызмет қылған Әбубәкір Диваевті ТурЦИК һәм совнарком атынан құттықтаймын. Кеңес үкіметі мәдениет үшін қызмет қылушы қайраткерлерді ұмытпайды. Әбубәкір Диваевтің халық алдында, әсіресе қазақ халқы алдында қызметі «Бекет батыр» сияқты халықтың төңкерісшіл азаматтарын көрсетіп, әсерлерін жинап таратуы. Әбубәкір сияқты халық пайдасына қызмет қылатын білгіштер әр жерден шығып отыр. Біз оларды ұмытпаймыз», - деген жалынды құттықтау жолдарын жазады [12].

Әбубәкір Диваев – бойына бірнеше қасиеттерді тоғыстыра білген ерекше дарын иесі.

Ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу мақсатында түркі әдеби мұраларын жинаудағы, фольклортану саласындағы, әсіресе қазақ халқының салт-дәстүрін жинақшысы ретінде Әбубәкір Диваевтің қажырлы еңбегін осы мақалада қысқаша болса да көрсете алдық деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы «Санат» 2006 -904 б. 10-18-б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті Алматы «Ана тілі» 1991 – 264б. 12-б.

3. Әдебиет қамқоршысы Әбубәкір «Айқын» ақпарат сайты Мамыр 14. 2019 20.04. 2022 уақыт 16.30
4. Классикалық зерттеулер: көп томдық [Мәтін] Т:24-том М.Ғабдуллин Фольклор туралы зерттеулер//Бас ред.Б.Т.Жұмағұлов. –Алматы:«Әдебиет әлемі» 2014. -408б. (Ғылыми қазына) Qamba.info
5. Әдебиет қамқоршысы Әбубәкір «Айқын» ақпарат сайты Мамыр 14. 2019. 20.04. 2022 уақыт 16.30
6. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 11 том./ Құрастырған Х.Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда қоғамдық қоры, 2020. №302 Бейсенбі 10 май, 1923 жыл. 21-26 бет
7. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 25 қаңтар 2019 жыл(жинақ) 4-бет 21.04.2022 уақыты 12.38
8. Классикалық зерттеулер: көп томдық [Мәтін] Т:24-том М.Ғабдуллин Фольклор туралы зерттеулер//Бас ред.Б.Т.Жұмағұлов. –Алматы:«Әдебиет әлемі» 2014. -408б. (Ғылыми қазына) Qamba.info
9. Қазақстанды зерттеу қоғамы - Республикадағы өлкетанушылық жұмыстарының орталығы. Қазақстандық ашық база қоры - Uniface <https://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=1&id=303>
10. Диваев Абубакир Ахметжанович (1856–1933): Реком.список лит. на каз. и рус.яз./ООУНБ им.С.Торайгырова;сост. Ш.Б. Шахметова, М.Ж.Исакаева. –Павлодар, 2006. –19с.
11. <http://rudocs.exdat.com/docs/index.php> 21.04.2022. уақыт 14.50
12. «Ақ жол» Көп томдық./ -Алматы «Орхон» Баспа үйі, 2014.Т 10.-408б. 246-б.

Балзия БАЕШОВА,
*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТӨРТТАҒАН» ЖАНРЫ

Әр дәуір өзінің тарихи өзгерістерімен ерекшеленеді. ХХ ғасырдың алғашқы ширегі патшалық Ресейдің іргесі сөгіліп, Кеңестік заманның орнағанымен дараланса, қазақ даласы да сол кеңестік жүйеге мойынұсынумен ерекшеленді. Тап сол кездерде дүниеге келген қайсыбір шығарманың бойында замананың үні жатты. Әсіресе, әдеби көркем туындыларда дәуір келбетін асқақтата дәріптеген қызу шақ туды. Алуан түрлі жанрлар санатында «төрттаған» да тамырын жая түсті. «Қара өлең», «төрттік», «төрттаған» деген атаулармен қазақ ақындары бір шумақтық жырларын дүниеге әкелді.

Кеңестік кезеңде жыр алыбы – Жамбыл Жабаев, көрнекті қаламгер – Ілияс Жансүгіров сынды әдебиет классиктерінің төрттаған жырлағандары деректерден белгілі болып отыр. Қазақ өлеңдерін жинастырып, жарыққа шығарушы Оразақын Асқар еліміздің Орталық мұрағатынан Ілияс Жансүгіровтің қара өлеңдерін кезіктіріп, баспаға ұсынған. 52 шумақтан тұратын жауһар жырлар 2001 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Ілияс Жансүгіров (1894-1938 ж.ж.) – лирик ақын. Оның табиғат лирикаларын сөз етпегеннің өзінде, махаббат лирикаларының өзі ерекше орында. «Жаңа табылған қара өлеңдер» топтамасында лирик ақынның махаббат тақырыбына толғаған шумақтары тым нәзік штрихтармен дестеленген. Дені қыз бен оның сұлулығы, өткен күндерге сағыныш пен алдағы күндерден үкілі үміт күткен нәзік лиризмді ақынның кез-келген төрттағанынан таба аламыз.

Гүл теріп сырласайық жүріп бақта,
Осындай заман тыныш, жастық шақта.
Қалқатай, осындайда ойна да күл,
Барасың сен де ата-анаң кеткен жаққа [1, 68 б.].

«Жүрекке жылы, тілге жеңіл» шумақта өтіп кетер дәуреннің қайта келмесін, сол аз ғұмырда ойнап-күліп қалу керек екенін тілге тиек етеді. Ойын-күлкіден ада қалса, ертең-ақ, уақыт өте о дүниеден табыларын дәлдікпен жеткізе білген. «Ақын әрбір құбылысқа, детальға, әр сөздің мағыналық салмағына өте жауапты қарайды. Эпикалық шығармаға лирикалық өрім, эмоциялық қызу беретін кейіпкердің ішкі монологы Жансүгіров поэзиясында ерекше орын алады» [2, 253 б.].

Лирик ақынның қаламына көбіне махаббат тақырыбы өзек болған. Атап өткеніміздей қыз сұлулығын дәріптеу ақынның шабытына шабыт қосқандай әсер береді. Ару бейнесін сомдаған сайын қаламы ұштала түседі. Мәселен:

Гүл жүзді, сұңғақ бойлы, пісте мұрын,

Ешкімге көз салмадым сізден бұрын.

Ежелден асыл текті ханшадайсың,

Алсаң да жарасымды тақтан орын [1], - деп келетін жолдардан ақынның асқан суреткерлігін байқаймыз. Қыз бейнесін «гүлге» теңеу шығыс шайырларына тән құбылыс. Қыз суретін жырмен дестелеу барлық ақынға қанмен келген құбылыс. Бабадан мирас болып келген осындай шымыр шумақтар ақынның қара өлең қорында көптеп саналады.

Лирикаға тұнып тұрған І.Жансүгіров төрттағандары замана үрдісінен қалмайтын, қайта әр кезең көшімен қатарласа ілесіп жүретін туындылар.

Илиястың қара өлеңдерімен қатар Жамбыл Жабаевтың да бір шумақтық жырлары жарияланған еді. Жамбыл төрттағандарын О.Асқар Қапан Сатыбалдиннің жеке қорынан алған. 1938 жылдың қарашасында жазған 28 шумақтан тұратын Жамбыл жырлары да жұртшылыққа аталмыш журнал арқылы ұсынылды.

Жамбыл Жабаев (1846-1945 ж.ж.) – қазақтың жарық жұлдызды ақыны. Оның өзге жанрдағы туындыларын айтпағанның өзінде төрттағандарының өзі бір арнаға жүк болар тақырып. Ақын өз төрттағандарында махаббат, имандылық тақырыптарын көп жырлаған. Қыз сипаты, оның сезімі мен жан сұлулығы қатар жырланған шумақтарында лиризмнің ең биік шыңы көрініс табады.

Алтыннан төрт саусағың, қос бармағың,

Інжуден тісің меруерт, гауһар жағың.

Анадан сіз сияқты қыз туған жоқ,

Көркіңнен күн нұрындай түсер сағым [1].

Сондай-ақ,

Қонғаны ауылымның бір терең сай,

Сынаптай толықсыған жамалың-ай.

Алманың мойның ұзын сабағындай,

Аман жүр қайда жүрсең, қарағым-ай [1].

Ақынның қыз әсемдігін тізбелеп беруі де асқан шеберліктің шыңы іспеттес. Абай өлеңдеріндегі қыз сипатына сарындас бұл жолдардан қазақ қызына тән қасиеттер толық баяндалған.

Лирик ақынның әсіресе табиғатты сомдауы өте ұтымды шыққан. Туған елге, Отанға деген сағынышын бір шумақпен нақыштап берген. Табиғат пен сұлу қыз арасындағы тығыз байланыс ақын жырының басты желісі. «Қонғаны ауылымның бір терең сай, Сынаптай толықсыған жамалың-ай» немесе «Басында Қаратөбе жел тұрады, Үлпілдеп желге бөркің құлпырады» [1]- деген жолдардағы байланыс осының дәлелі. Жамбыл төрттағандары махаббатқа тұнып тұрса да, оның қаламынан Алла тақырыбы қалыс қалмаған. Ол қашан да әр қадамына шүкіршілік етіп отырған ақын.

Дүние бір қисық жол бұраңдаған,

Бақ тайса басқа дәулет құралмаған.

Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле,

Сонда да күдер үзбе бір Алладан» [1], - деп жырын Абай секілді түйіндейді.

Адам баласының тағдыр-талайына жазғанын бұйрық санайтын ақын өзінің қара

өлеңінде барлық нәрсенің шегі бар екенін, жазмыштан қашып құтылуға келмейтінін жырлайды:

Жұбымен ұя басқан торғай да бар,
Бір жақсы бір жаманмен әр қайда бар.
Қайтесің жазмыштан озмышы жоқ,
Қосылған екі жақсы қай жайда бар?! [1].

Кеңестік кезеңде төрттаған жазумен азды-көпті еңбек еткен азаматтар легі де еселене түсті. Олардың қатарында, әрине тілге бірінші оралары Сәбит Мұқанов (1900-1973 ж.ж.) есімі екені даусыз. Кеңес заманындағы қазақ әдебиетінің барлық жанрында орасан еңбек етіп, артынан мол мұра қалдырған жазушы, ақын, зерттеуші-ғалым С. Мұқанов жан-жақты еңбегімен ел есінде қалған азамат. Жазушының шығармашылығын терең зерттеп, осы салада еңбек жазған Т. Нұртазин ақын жайлы былай деп ой білдіргені бар: «Творчестволық жолы кең, дарыны күшті С. Мұқанов қазақ совет әдебиетінің дамуына, марқайып баюына зор үлес қосты. Ол – әрі ақын (жүздеген өлеңі бар), оннан астам роман, повестер жариялаған көптеген әңгімелері, очерктері жарық көрген үлкен прозашы; қазақтың драматургиясы мен сахна өнерінің дамуына елеулі сыбаға енгізген драмашы; сын мен әдебиеттану салаларында да күрделі еңбегі бар; екі жүзден астам мақалалары мен бірнеше кітаптар шығарған ғалым» [3, 9 б.].

Оның есімін жалпы қазақ оқырманына кеңінен танытқан дастандары, романдары, поэмалары қазақ әдебиеті дамуында ерекше роль атқарады. Өз өрнектерімен өлең өріп, 100-ден астам төрттаған шумақтарын кейінгі ұрпаққа мұра еткен С.Мұқановтың жырлары түрлі тақырыптарды қамтыған.

Сәбит Мұқановтың төрттаған жазуы қазақ әдебиеті тарихына қосқан мұрасы болып табылады. «Шыңнан шыңға» деп аталатын өлеңдер мен поэмалар жинағына ақынның бірнеше төрттіктері енген. Ақын шумақтарының жазылу идеясы мен тақырыптық жағын алып қарасақ көптеген ерекшеліктерді аңғарамыз. Оның көптеген шумақтары қоғамдық көріністер мен өмірдің түрлі сырларын суреттеуге негізделген. Тіршілік толқынындағы адамдар, олардың өзара қарым-қатынасы мен мінез-образдары терең сомдалған. Сондай-ақ, табиғат құбылыстары мен әсем де әдемі қала көріністері тілге тиек етіледі. Ақынның бір ерек тұсы әр төрттағанына тақырып қойып отырған. Мәселен, «Омар Хайям» деген төрттағанында төрт жолмен талай ойды баян еткен Омар Хайям шеберлігіне қызығушылығын әрі сүйіспеншілігін білдіреді. Әлемге аты мәшһүр Омар Хайямның даналығын, көрегенділігін де төрттаған жанры арқылы баяндады.

С.Мұқановтың төрттағандар топтамасы тұңғыш рет 1965 жылдың 11 маусымында «Қазақ әдебиеті» басылымында жарық көрді. Онда ақынның елуге тарта төрттағандары газеттің бірінші бетінен орын алған болатын. Түрлі тақырыптарды қамтитын тақырыптық төрттағандар сол кездің өзінде өз аудиториясын тауып үлгерген еді. Ақынның бұл төрттаған топтамалары енді ғана жинаққа енетін туындылар екенін басылымдағы хабарламадан аңғаруға болады. Онда: «Ақын Сәбит Мұқанов жуық арада «Жазушы» баспасына «Шыңнан шыңға» деген атпен жаңа өлеңдері мен поэмаларының жинағын

тапсырды. Кітап биыл шықпақ. Біз сол жинақтың «Төрттаған» (Рубағият) аталатын бөлшегін жариялап отырмыз» [4, 1 б.] деп берілген.

Төрттағандарға тақырып қою – көптеген ақындарда аса кездесе бермейтін, төрттаған жазу мәселесіндегі тың ерекшелік. Ал, тақырыптық жағынан алып қарасақ, ақын Сәбит өмірде болып жатқан сан алуан құбылыстар мен замана тудырған ұлы тұлғалар, адам бойындағы көрініс тауып отыратын қасиеттер туралы өз төрттағандарында ой топшылайды. «Өмір» атты төрттағанында:

«Өмір» деген – тіршілік бұтақталған,
Болғанмен кей тармағы жұтап қалған.

Шашса ұрық, кету жоқ одан құрып,

Өрбіп, талай өтеді этаптардан [5, 385 б.], – деп өмірді бұтақталған тіршілікке балап, оның мәңгілік даму үстінде түрлі кезеңдерді өткеріп отырғандығын жырға қосады. Ақынның бұл шумағынан өмірдің өзі шежіреден тұратынын, шежіре тамыры тереңге тартатынын жазбай тануға болады.

Кез келген ақын жүректі қаламгерге туған өлке – аяулы әрі қасиетті мекен. Туған жер барлық ақынның, жыршы мен әншінің басты тақырыбы, туған өлке туралы толғанбайтын жан жоқ. Ақын С.Мұқанов күн нұрындай ұрпағын сәулесімен жылыта түсетін туған жерді құрметтеп, қадірлеуді насихаттайды. Ол өзінің «Туған жер» атты төрттағанында туған жерсіз тіршілік – қараңғы түнмен тең дегенді меңзейді. Ал, «Махаббат», «Достық», «Жүрекке жол», «Сену», «Көңіл», «Ақыл», «Нәпсі», «Құмарлану мен безу», «Мазасыздық», «Тіршілік қуаты», «Өмір мен адам» атты төрттағандарында адамның түрлі сезімдері мен көңіл-күйін жырлайды. Тоғыз торапты тіршілікте адам баласының басынан нелер өтіп, нелер кетпейтінін де әдемі суреттермен кестелеген. Оның шумақтарында махаббат пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік, адалдық пен арамдық астасып, бір-бірімен күресіп отырады. Әсіресе, сезімнің ең абзалы, талай жүректі дір еткізіп алаулатқан махаббат, тілсіз ғашықтық, іңкәрлік сезімі ақын жүрегінде толғандырып, тебіrentпей қоймаса керек. Ол «Махаббат» атты шумағында махаббатсыз өмірді қара көмірге теңейді. Достық сезімін қымызға балап, егер «күте алсаң, дәмі балдай», ал қадірін білмесең, іркіт секілді «кетесің аузыңа алмай» деген отты сөздерімен, шыншылдығымен көзге түсіп отырады.

Ақынның тағы бір ерекшелігі – көркемдегіш құралдарды молынан қолдануы. Оның «Өмір мен Адам» деген шумағында ауыстыру ұтымды пайдаланылған.

Өмір – жер, адам – буы көтерілген,
Пайдасыз бу – бұлт, көшіп кете берген.

Пайдалы бу – жуатын қар я жаңбыр,

Жер көктеуге қызымет ете берген [5],- деп заманында еш пайдасы тимеген адамды жеп-жеңіл буға ауыстыра, қоғамға берері бар жанды ырысты жауын, қарға балаған. Ақын «Надандық пен білгірлік» төрттағанында аталған екі қасиетті таразыға салып салыстырады. Екеуінің бір-біріне қарама-қарсылығы хақында сыр шертеді. Ал кекшілдікті «ұртында уы даяр» залым жыланға балап, сұмырайлықтың «символы» ретінде қарастырады.

Сәбит адамның өмірін төрт кезеңге бөліп қарастырады әрі оларға өздігінше сипаттама береді. Олар: Балалық шақ, Жігіттік шақ, Егделік шақ, Қарттық шақ. Осы төрт кезеңді табиғат мезгілінің 4 маусымымен шеңдестіруі – Сәбит Мұқановтың шеберлігі мен көрегенділігінің белгісі. Адамзаттың көктемі ретінде балалық шақты ала отырып:

«Күте білсең, берерінде хисап жоқ,

Күте алмасаң, еңбек зая кеткені» [5],- деп тәрбиені сонау сәбилік шақта дарыта білу керек екенін меңзейді. Жігіттік шақты жарқын жаздың бейнесіне баласа, егделік шақты жемісті күзге, қарттық шақты ызғарлы, кейде жайлы қысқа теңейді. Ақын төрттағандары – дәстүр жалғастығы болып келгенімен, толыққан, кемелденген, өзіндік ерекшелік, белгілерімен айқындалатын асыл мұра. Қазақ елінің асқар таудай арысы Сәбит Мұқанов қазақ әдебиеті тарихында алғашқылардың бірі болып төрттаған жанрын дамытуға өз үлесін қосты. Олай деуіміздің себебі, С.Мұқановқа дейін ешбір ақын төрттаған терминін қолданбады. Тұңғыш рет төрттаған ұғымын пайдаланған С. Мұқанов болып табылады.

Төрттаған жазуда шеберлік танытып, өзінің ақындық талантын шыңдай түскені де белгілі. Көтерген мәселесі, қамтыған тақырыптары жағынан толығымен түскен Сәбит Мұқанов төрттағандары жанрдың дамуындағы елеулі бір кезең болып табылса, қазақ әдебиетінде төрттаған атты сара жолдың бастамасы болды. Даңқты қаламгердің шығармашылығы жайында сыр шерте отырып, Р. Нұрғалиевтың оның он алты томнан тұратын «Таңдамалы шығармалар» жинағына енген шығармаларынан: «тұтас кітапхана жасауға болар еді» [6, 56 б.],- деп айтқан пікірі біздің ойымызды нақтылай түседі.

Ақынның төрттағандары қанша уақыттар өтсе де өз құндылықтарын жоймақ емес. Кейбір заманынан алшақтай түскен шумақтары да кездеседі. Мәселен, кеңестік уақытта дүниеге келген төрттағандар топтамасы бүгінде сұранысқа ие емес екені ақиқат. Дегенмен, жауһар жырлар қай дәуірде жырланбасын маңызын жоймасы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразақын А. Жаңа табылған қара өлеңдер // Жұлдыз.- 2001.- № 65-70 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия.- Алматы: Қазақстан даму институты,- 1999.- 750 б.
3. Нұртазин Р. Жазушы және өмір.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас.- 1960.- 372 б.
4. Мұқанов С. Төрттағандар // Қазақ әдебиеті.- 1965.- № 24.- 1 б.- 11 июнь.
5. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар.- Алматы: Жазушы, 1972.- 408 б.
6. Нұрғалиев Р. Қазақ революциялық поэзиясы.- Алматы: Мектеп, 1987.- 208б.

Гульфарид НУРМАГАНБЕТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жаңақорған ауданы,
Қызылорда облысы

МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ ӨМІРДЕРЕК (А.Байтұрсынұлы туралы өзекті мағұлматтар жайында)

Ахмет есімі – араб тілінен аударғанда «мақтаулы, мақтауға лайық» мағынасын білдіреді екен. Расымен де Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыры ащы болғанымен, өзі де, өмірі де мақтауға әбден лайық еді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі бола жүріп, мен Ахметті ақын, ғалым, публицист, қайраткер деп қана танып келіппін. Алайда бұл аз екен. Оның шығармашылық ғұмырбаянын, қилы тағдырын, ұлы мұрасын зерделеу барысында Ахметтей перзентті қазақ даласына сый қып берген Жаратушының ұлылығына басымды идім. Өйткені А.Байтұрсынұлы – не істесе де жұртының қамы үшін жасаған ұлтшыл ұл. Саналы ғұмырында тәуелсіздікті мұрат еткен күрескер, руханият көшбасшысы, ұлт ұстазы болды.

А.Байтұрсынұлына қатысты зерттеу еңбектерін екшелеп, кей деректерді ой елегінен өткізіп көрдім. Солардың бірнешеуіне тоқталайын. Алдымен Ахметтің туған жылынан бастасақ. Өзім білім беретін 5-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында А.Байтұрсынұлы 1873 жылы қыркүйек айының 5-і күні дүниеге келіп, 1938 жылы қайтты деген мәлімет берілген. Алайда ресми құжаттарға сүйенсек, Ахметтің 1929 жылы өз қолымен толтырған өмірдерегінде «Менің туған жылым «мешін» 1872 жыл» деп көрсетеді [1:37]. ҚазССР халық әртісі Александр Затаевич өз естелігінде А.Байтұрсынұлы 1872 жылы дүниеге келген десе [1:89], әдебиеттанушы Айгүл Ісімақова да оның 1872 жылы қазіргі Қостанай облысындағы Сарытүбекте өмірге келгенін айтады [2:112]. Ал жазушы Дүкенбай Досжанов «Абақты» кітабында былай дейді: «А.Байтұрсынұлы 1873 жылы 28 қаңтарда дүниеге келген.

Ақынның өзінің көзі тірісінде шыққан өмірбаяндық әфсанада туған жылы 1873 деп жазылған, ғалымның 50 жылдық мерейтойы 1923 жылы өткен, әрі Бутырка абақтысының тергеу хаттамасында осылай көрсетілген. Бұған қарап Байтұрсынұлының туған жылы кейбір мақалаларда жазылып жүргендей я 1870, я 1872 жыл емес, 1873. Қазақша мешін жылының аяғы деп тұжырамыз [3:156]. Р.Имаханбетова Алаш ардагерінің туған жылын мұрағаттағы сауалнамаларға сүйене отырып, былайша қуаттайды: «Ресми куәліктегі «1937 жылы 62 жасында атылған» деген мәліметті негізге алған адам Ахметтің туған жылы – 1874 деп ойлауы хақ. Жалпы, тұлғаның туған жылына қатысты айтылатын даталар – 1870, 1873, 1874 дұрыс емес, шын туған жылы – 1872 жылдың 5-ші қыркүйегі. Өлген жылы – 1938 деп берілген мәлімет те негізсіз, анығы өлгендігі туралы куәлікте көрсетілген – 1937-нің 8-ші желтоқсаны» [4:96]. Мен бұл орайда «Архив бар жерде ақиқат бар» деген сөзді алға тарта отырып, А.Байтұрсынұлының өзі

жазған өмірбаянындағы сандық мәліметті құп көремін. Олай болса, ақынның туған, қайтқан жылына қатысты бір шешім ұйғарылып, оқулықтағы олқылықтар жөнделгені жөн деп есептеймін.

Шыны керек, А.Байтұрсынұлының композиторлық қабілеті жайлы осы мақалама ізденіс үстінде білдім. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Ахмет атамыз өнерлі кісі болған екен. Оны ақындыққа баулыған, қос ішекті қара домбыраға үйреткен, ертедегі қиссаларды зейініне құйған Арқа жерінің ақсақалдары дейді. Ежелгі Торғайдың «құнарлы топырағынан қуат алған, сол елдің аузы дұғалы әнші-композиторы Есенжол Жанұзақұлы өзінің жан жолдасына айналған, қадір тұтар қасиетті қара домбырасын өкшесін басып келе жатқан жерлес інішегі Ахметке ырым етіп, сыйға тартқан» дейді. Бұл туралы ел жадында жатталған өлең мынадай:

«...Беремін саған сеніп домбырамды,
Төгілтіп тербеу үшін қоңыр әнді.
Қамшылап тор шолағын жүре бермей,
Ағаң да әлі бір күн болдырады.
Сонда сен айтқанымды жалғарсың да,
Шығарсың Ұлытаудай талғар шыңға.
Домбыра қағысың мен аққу үннен,
Тындаушы Есенжолды аңғарсын да...»

Есенжолдай шежіре-қарттың сөзін Алла «әумин» деді ме, кейін Ахметтің музыка саласынан арнайы алған кәсіби оқуы болмаса да, қазақтың қара домбырасында шебер ойнайтын дәрежеге жетеді. Ахаң қазақтың киелі қара домбырасымен қатар, еуропалық музыка аспаптары: күйсандық пен скрипкада да шебер ойнаған. Негізінен, Ахметтің шыққан тегі өз әулетінде де тума талант, дарын иелері бар деседі, торғай жұрты. «Өз әкесі Байтұрсын мен бауырлары ән-күйге жақын, домбырада шебер ойнайтұғын» дейтін деректер жеткілікті [4:66-67]. Осы тұста оның қандай ән-күйлері бар деген сұрақ туындайды. А.Затаевичтің 1925 жылы Орынборда 402 бетпен жарық көрген «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағына А.Байтұрсынұлының орындап, жеткізуінде бірнеше ән-жырлар мен күй-толғаулар енген. Олар: 1) «Әйда-яй», 2) «Екі алма», 3) «Тоқыбас» әні, 4) «Кәмшат бөрік», 5) «Қара қоңыр», 6) «Жаяу Мұса» әні, 7) «Әйда! Былпым» күйі, 8) «Тепен-көк» күйі, 9) «Есейжол жыршы» әні, 10) «Шырғау», 11) «Дауыс» (Жоқтау), 12) «Ай-хай, Ғазиза!», 13) «Жар-жар» (Үйлену тойы әні), 14) «Кел-кел, жұбым-ай!», 15) «Көр-ұлы (Бала моласы), 16) «Қаләйлім», 17) «Мүкен» әні, 18) «Бигінің әні», 19) «Жыршы» әні. Бұл әндердің басым көпшілігі Ахаңның кіндік қаны тамған Тосын болысының №5-ші аулына тән болса, тек кейбірі «Қара қоңыр», «Кәмшат бөрік» - Қарқаралы уезіне, «Жаяу Мұса» әні – Павлодар уезіне тән екендегі нота түсірілген қағаздың маңдайшасына жеткізушісімен қатар жазылған. Осы аталған туындылардың көшірмелері Шолпан Ахметқызының жеке қорында сақталып, бұл күні Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің экспонатына айналып отыр. Ахметқызы Шолпанмен тете өскен құрбысы Гүлнар Міржақыпқызы 1990 жылы «Ардақтап өтем әкемді» атты мақаласында Ахмет атаекесінің қызыл домбырасы

мен қара күйсандығында қоңыр дауысымен ән салатыны жөнінде әпкесі Б.Асқарқызының естелігі бойынша баяндағанды. Гүлнар апа құлағында қалған әндерді былайша тізбелейді: «Елім-ай», «Екі жирен», «Қаракөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын дей келе, «Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деп, өзінің деректерін келтіреді [4:211-212].

Өтен Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!» пьесасында: «Көл жағасында ғашығының бір кезде өзіне арнап жазған «Екі жирен» әнін сызылта әндетіп жүруі, өмірінің соңғы сәттерінің өзінде Ахметтің өлеңдерін қағазға жазып беріп, Перизат сынды жас талапкерге жаттатуы - осының бір мысалы» - деп келетін үзіндіге сенсек, «Екі жирен» әнінің тарихы Бадрисафамен байланысты болса керек [5:20]. Демек А.Байтұрсынұлы бұл әнді сүйгеніне арнаған. Ал «Аққұм» әнінің тарихы бөлек. Ахмет бозбала кезінде елде Іңкәр деген қызға ғашық болып, «Аққұм» әнін шығарады. Іңкәрдан кейін көз жазып қалады. Ғашық болып сөз айтқан, ән шығарған сұлу бойжеткендер жүре-бара жігіттің оқтау жұтқандай жүрісіне, оралымсыз әзіліне үйренісе алмай жүргенде майлы қасықтай жылпылдаған өзге жампоз жігіттер алдын орап кете беріпті деседі [3:163].

А.Байтұрсынұлының мұндай өнерінен, яғни, әншілік, күйшілік қабілеттерінен мектеп оқушылары бейхабар. Меніңше, жас ұрпақ Ахмет аталарын ақын деп қана емес, жан-жақты талант иесі екенін танып өсуі тиіс. Сондықтан музыка, әдебиет пәндері арқылы оның сазгерлік қыры ашыла түскенін қалаймыз.

Ахметтей тұлғаға өмірлік жар болу бақыты бұйырған әйел – Бадрисафа. Ол өмірінің бұралаң-бұлтарысы көп болатынына қарамастан, тағдырын Ахметпен тоғыстырды. Оған адал жар, айнымас серік болды. Бас қоспай тұрып та абақтыдағы Ахметке жанашыр болып, қарасып жүрді. Отасқаннан кейін де антқа адал қалпынан айнымады. Ол туралы Гүлнар Міржақыпқызының естеліктерінде тілі келмесе де тек қазақша сөйлейтіні, сұлулығы, Ахметті ерекше құрметтейтіні, аспазшылығы, ісмерлігі, мейірімділігі, қамқорлығы, қонақжайлығы айтылған. Мен Бадрисафаның ұлтына қатысты екі түрлі дерек кездестірдім. Бірінде оның Аманқарағайға жер аударылған Иван есімді орман қорықшысының қызы екені айтылады. Яғни, Бадрисафаның шын есімі - Александра. Қарапайым шаруа Иванның қызы [4:28] Ал Бадрисафаны ақтау жөніндегі ресми құжатта Байтұрсынова Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы, туған жылы – 1878, Орал қаласының тумасы және татар қызы екендігі көрсетілген [5:119]. Сонымен орыс па, татар ма деп ойлап отырғанымда, тағы да «Абақты» кітабындағы мәліметті көзім шалды. Семейдің Мұхамедсадық деген ірі бай, саудагері болады. Оның бой жетіп толысқан, сәл дімкәстігі бар Бадрисафа есімді қызы бар екен. Ахмет осы үйде қонақта болады, келіп-кетіп жүреді. Саудагердің ішкі ниеті қызын әрі реңді, әрі білімді Ахметке қосу болады. Сөйтіп жүргенде Ахмет «ұлтшыл-жікшіл» деген жаламен істі болып, Семей абақтысына жабылады. Осы уақытта бұрын Қарқаралыда танысқан Александра есімді орыс қызы Ахметті іздеп Семейге келеді, оны іздеп табады. Ахметтің айтуымен Александра татар байы Мұхамедсадықтың үйіне барып, күтуші, ас пісіруші, қызметіші болып

орналасады. Артынша Мұхамедсадықтың әлгі науқас қызы дүние салады. Кейіннен Ахмет пен Александра үйленбекші болғанда Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады. Бұл үшін Ахмет саудагер Мұхамедсадықтың алдынан өтіп, ауыр дерттен қайтыс болған қызының құжатына ауыстырып, «Мұхамедсадыққызы Бадрисафа» деп жазғызады, некелеседі. 2012 жылы Қостанай обл. Меңдіғара ауданы, Екпінді ауылында Бадрисафаға ескерткіш белгі қойылды.

1918 жылы Семейде түсірілген фотосурет бар. Ол сурет - А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының сол жылдың көктемінде Шәуешекке аттанарда достарымен бірге түскен суреті. Түрегеліп тұрғандардың қақ ортасында балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы тұр. Мені де ол кісінің Алаштықтарға қандай қатысы бар екендігі қызықтырды. Бұл жөнінде әлеуметтік желіде алаштанушы ғалым Елдос Тоқтарбайдың сұхбатын тыңдадым. Оның айтуынша: «Қажымұқан атамыз - Алаш қозғалысының белді мүшесі, ниеттесі, демеушісі. Қажымұқан Мұңайтпасұлының тұлғалық болмысын, оның Алаш қозғалысындағы рөлін, дамуына қосқан үлесін зерттеу – болашақтың ісі. Өйткені бұл тақырып - әлі көбігі ашылмаған тақырып. Бұл тақырыпты түбегейлі, жан-жақты зерттеуіміз керек. Біздің Қажымұқанды спортшы, балуаншы деп тануымыз аздық етеді. Бұл кісі – мемлекет қайраткері, әрі қажылыққа барып келген қажы. Ол – қазақ шәкірттеріне стипендия тағайындаған меценаттың бірі. Сондай-ақ жаны жомарт, қолы ашық азамат қазақтың ұлт азаттық қозғалысына қаражатын бөлді.

А.Байтұрсынұлы түрмеге түскен кезде Қажымұқан айыппұлын төлеп, ақша беріп шығарып алғаны рас. Қажымұқан туралы «Қазақ» газетінде үлкен мақалалар жазылды» - дейді. Ахмет шығармаларының алтыншы томдығын қарап отырып, М.Әуезовтің «Ахаңның елу жылдық юбилейі» мақаласына көзім түсті. Онда былай деген: «Он жеті жылдың төңкерісіне шейін Ахаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да «Қазақтың» сатылған тілмәштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ахаңды абақтыға салмақ болған күндері бізге белгілі. Бірақ Ахаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды» [1:125]. Менікі мүмкін қате болар, бірақ А.Байтұрсынұлына жаны ашып, айыппұлын төлеп шығарып алған жолдастарының ішінде Қажымұқан бар-ау, Мұхтардың жалпылама атап кеткені сол Қажымұқан емес пе екен деген ойға қалдым. «Қазақ» газеті өзінің алты жылға таяу ғұмырында қолда бар мәліметтер бойынша 5 рет айып тартып, редакторы әртүрлі мерзімге абақтыға жабылған. Атап айтқанда, 1913 жылғы 9-нөмірінде басылған «Жер аудару», 1914 жылдың 78, 79, 80, 90-нөмірлерінде жарық көрген «Алашқа», «Россиядағы ұйымшылдық», «Закон жобасының баяндамасы» және «Бұ қалай?» деген мақалалары үшін апталық 50 сомнан 1500 сом аралығында айып тартып, төлей алмаған жағдайда редакторы 2 айдан 2 жылға дйін айдалып, абақтыға жабылатындығы жөнінде жарлық шығарылғанын архив материалдары растайды [6:68].

«А.Байтұрсынұлы бейнеленген таспаның түпнұсқасы елге жеткізілді» деген ақжолтай хабар қыркүйекте күллі қазақты қуантқан болатын. Тіл білімі

институты ғалымдарының айтуынша, бұған дейінгі видеода ұлт ұстазының сұлбасы анық көрінбеген. Әзербайжанның Баку қаласындағы фото және кино құжаттар мұрағатына барған Ермұхамет Маралбектің сөзінше, бұл бейнематериал 1926 жылы Бакуде түсірілген. Ұлт ұстазының сұлбасы алты жерде анық көрінеді. Бұған дейін бұл кадрлардағы адамның Ахмет Байтұрсынұлы екеніне ғалымдар күмәнмен қараған. Сол жылы мұнда бүкілодақтық түркологтардың бірінші құрылтайы өткен еді. Сондай-ақ бұған дейінгі деректерде осы құрылтайға қазақ жерінен 4 делегат қатысты делінген. Архив құжаттарын ақтарған ғалым ресми тұлғалар қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұловпен қатар Азиз Байсейдули де болған дейді. Сонымен қатар бейресми шақыртумен тағы бірнеше адам барған. Арасында атақты әнші Әміре Қашаубаев та бар [7]. Бұл жаңалықты да Ахметтануға қосылған үлес деп есептеуімізге болады. Бәлкім, болашақта А.Байтұрсынұлының өз дауысын еститін күн туар.

Қаламгер А.Байтұрсынұлының ең алғашқы мақаласы «Тургайская газетаның» 1895 жылғы 39-санында «Кигизские приметы и пословицы» деген атпен жарық көрді. Бұл жайында ф.ғ.д., профессор Алмас Әбсадықтың «Орынбордан табылған олжа» мақаласында айтылады. Қостанай мемлекеттік университеті ұйымдастырған ғылыми-танымдық экспедиция жұмысы барысында Орынбор архивінен аталмыш мақаланың түпнұсқасымен танысып, көшірмесін жасап алу мүмкіндігі туған. Мақалада А.Байтұрсынұлы үн қатып, қазақтың күн райына қатысты айтылатын 36 түрлі болжам сөзін басылымға жолдаған. Ол аталмыш мақаланы «Кигизские приметы и пословицы» деп атаған. Оның себебі ол кейбір ауа райы туралы болжамдарды сөз еткенде, ол оған қатысты қазақтың мақал-мәтелдерін де тілге тиек ете отырып баяндаған. Сондықтан болар мақала болжамдық сөз шеңберінен шығып, оның іргесі кеңейіп, онда қазақтың біршама мақал-мәтелдері де қамтылған [8:235]. Мұны қазақшаға аудару мәселесі де өткір. Автор мақаланы әркім әртүрлі аударып, түпнұсқадан алшақтап кетуге алаңдайды. Кәсіби мамандармен бірлесе аударуды құптайды.

Аталған ақпараттар А.Байтұрсынұлының өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтер болмауы мүмкін. Алайда мен секілді Ахметтануға енді қадам басқан жастар үшін құнды деп есептеймін. Мақаламның атауын «Мәлім де беймәлім деректер» деуім сондықтан. Пифагор: «Өкінішке соқтырмайтын іспен ғана айналыс. Өзің білмейтін істен аулақ бол. Бірақ білуге тиісті нәрсенің бәрін үйрен» - депті. Білуге тиісті нәрсенің қатарында қазақтың Ахметтей айбарлы ұлының: қасіретті өмір жолы, қоғамға қалтқысыз қызметі, шұрайлы шығармашылығы, ерен еңбегі, ағартушылық идеялары жатыр деп ойлаймын. Ахмет Байтұрсынұлы есімі 150 жылдық мерейтойында ғана емес, әр тәулікте ардақталуы тиіс. Бұл біздің баба алдындағы борышымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.
2. Ісімақова А. «Алаш әдебиеттануы». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, - 480 б.
3. Досжанов Д. Абақты: - Алматы: Қазақстан, 1992 - 288 б.
4. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: А.Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика Пресс», 2010. – 304 бет.
5. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия / Бас.ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 бет.
6. Сақ Қ. Алаш мұрасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2014, - 288 б.
7. <https://qazaqstan.tv/news/163374/>
8. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы./Құраст. Амантай Шәріп, Азамат Мәуленұлы. – Алматы: «Арна-В» баспасы, 2019. – 304 б.

Манарбек КАРЕКЕНОВ,

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Амангелді ШУРЕНТАЕВ,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, PhD

КЕҢЕС ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ РӨЛІ

Ел тыныштығының күзетінде жүрген сарбаздарымыздың тәртібіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жауынгерлік рухқа жетелеп, әскери тәртіпті нығайтуға тәрбиелеуге бағытталған ақпаратты мүмкіндігінше мол таратудың маңызы зор. Президентіміз – ҚР Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы Қ.Тоқаев ҚР Мәжіліс депутаттарының алдында сөйлеген сөзінде: «Қарулы Күштердің жұмысын қайта қарау қажет. Олар бір мақсатта - еліміздің конституциялық құрылымы мен тәуелсіздігінің кез келген деңгейдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында ұйымдасып жұмыс атқаруы қажет. Мемлекетіміздің түпкілікті құндылықтары осыны талап етеді» - деп атап көрсетті [1].

Қарулы күштеріміздің жеке құрамын ақпараттық күрестің белең алып тұрған заманында жауынгерлік дайындықтарын көтерумен қатар қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдар арқылы әскери тәртіпті нығайтуға тәрбиелеудің де мәні зор екенін есепке алу қажет.

Әкери қызметшілерге бұқаралық ақпарат құралдарының әскери тәртіпті нығайтуға мәнінің зор екені тарих қойнауына кеткен өткен ғасырларда да қоғамның негізгі нысанына алынған мәселелердің қатарында болған. Мемлекетіміздің бір кездері Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамында болып, сол кезеңдерде атқарылған идеологиялық жұмыстар бүгінгі жастарымызға патриоттық тәрбие беруде маңызды шараларды қайта қарап шығуға мүмкіндік туғызып отыр. Бірнеше онжылдықтарға созылған Кеңес дәуіріндегі көптеген ұлт өкілдерінен құрылған сарбаздардың санасын саяси идеология екінімен бір арнаға тоғыстыра білген. Коммунистік партияның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңестік жауынгерлерді отансүйгіштік пен ұлтаралық бауырмалдық рухында тәрбиелеудегі қызметін жан-жақты зерделеу жұмысының нәтижесі - ұлтымыздың қарулы күштерінің заманауи тәрбие беру ісіне өзіндік үлесін тигізері анық.

Кеңестік кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары - әскери қызметшінің өмірлік көзқарасына әсер етуі арқылы қарулы күштердің жеке құрамының бойына отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттерді дамыту үшін тәрбие беру құралы ретінде пайдаланып, әскери тәртіпті нығайтты. Осы мақсатта баспасөз ақпараттар легінің әскердің тәртібінде маңызды рөл атқарған тарихи кезең ретінде шолулар жасауға болады.

«Жиырманшы ғасырдың оның алдында өткен ғасырларға қарағанда үлкен өзгерістерімен ерекшеленеді. Ұлы Октябрьдің Отанына айналған - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан басқа бірде бір мемлекет мұндай үлкен өзгерістің орнығуына ешқандай септігін тигізген жоқ. Біздер социализмді жеңген тұңғыш маңдайалды мемлекетпіз», - делінген Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының Орталық Партияның (әрі қарай КОКП ОК) XXVI съезінде. Ал КОКП ОК 1983 жылғы маусым айындағы қаулысында келесідей қорытынды шығарылған: «Коммунистік Партия мен барлық халықтың күші мен қайраты қарыштап дамып жетілген социализмді одан әрі жоспарлы және жан-жақты жетілдіру міндеттерін орындауға бағытталады. Оларды келешекте іске асыру жұмыстары еңбекші күштің санасы мен белсенділіктерін арттыру деңгейіне тікелей байланысты екені айқын. Идеологиялық жұмысымыз уақыт өткен сайын алға жылжып келеді. Соның әсерінен оның рөлі мен маңызы артуда» [2].

Кеңес азаматтарының ұлтаралық және отансүйгіштік тәрбиесінің мәселелері партияның XXIV, XV, XXVI съездеріндегі баяндамаларда, КОКП ОК пленумдарындағы құжаттарда, КОКП ОК-нің идеологиялық мәселелердің кезек күттірмейтін шаралары жөніндегі қаулыларында, түрлі деңгейдегі партия мен Кеңес мемлекеті басшыларының баяндамаларында көрініс тауып жатты. КОКП 60 жылдық мерейтойна арналған басқосуда жаңа кеңестік азаматтың тәрбиесі маңызды теориялық тұжырымы бар зор мәнге ие болды. Ұлтаралық және отансүйгіштік тәрбиені жетілдірудің қажетті міндеттерін анықтай отырып, партияның бірауыздан қабылданған қаулыларында кеңес азаматтарының социалистік Отанына деген мақтаныш сезімдерін оятып, ұлтаралық тәрбиеге бағытталды [3].

Кеңес жауынгерлерін патриоттық рухта тәрбиелеудегі идеологиялық жұмыстарын жүргізу шараларына Кеңес мемлекеті партиясының басшылық қызметтерінде болған К.Черненко, Х.Тихонов, М.Суслов және тағы басқаларының қосқан үлестері зор болды. Олардың жүзеге асырған жұмыстарында пролетарлық социалистік интернационализм идеологиялық бастамалары, кеңестік қоғамның даму барысындағы коммунизмнің жаңа белестерінде түрлі ұлт өкілдерінің достығы дамыды. Достық қарым-қатынастары қоғамдық жұмыстарда өзінің жемісін берді. Нығайған бірлікті орнату саясаты жүзеге асырылды. Әлемдік төңкерістің нәтижесінде жетілген социализм орнады. Лениннің ұлтаралық бауырмалдық рух саясатының бағыттары жалпы алғанда әлемдік деңгейдегі тарихта зор жетістікке қол жеткізді. КСРО халықтарының ұлтаралық бірлігін нығайтуда, жұмысшыларды кеңестік санадағы отансүйгіштік пен социалистік ұлтаралық ұлтшылдық рухында тәрбиелеуде маңызды сипатқа ие болды.

Әскери бөлімдердің жеке құрамы да өзге ұжымдар сияқты көпұлтты болды. Сондықтан да әр сарбазды кеңестік патриотизм мен социалистік көпұлтты рухында тәрбиелеудің маңыздылығы бірінші орында қойылды. Мерзімді әскери қызметтің жеке құрамыны екі жыл сайын толығымен ауысып, азаматтық өмірден қабылданған жаңа сарбаздармен толығып тұрды. Әскер қатарының екі жыл сайын жас ұрпақпен толығып отыратындықтан әскери саяси және партиялық органдарының тәрбие жұмысын ұйымдастыруға барлық мүмкіндіктерді пайдаланудың қажеттігі туындады. Заманауи талаптардың рухында жүзеге асыруға көптеген ғылыми ізденістердің дәрежесінде идеялық-тәрбиелік жұмысқа көмектесетін теориялық және практикалық талдауларға негізделген жұмыстар шығарылды. Кеңес Қарулы Күштері тұрғындарының, барша жауынгерлерінің ұлтаралық-патриоттық тәрбиесінде идеологияны жүзеге асыру бойынша тиімді жолдары Ростовтағы, Тбилисидегі, Бакудегі Бүкілодақтың партияларының басшылық құрамы жиналған ғылыми-практикалық конференцияларда қарастырылды.

Көбінесе ғалымдардың зерттеу нысанының негізгі үрдісіне әскери қызметшілерді патриоттық тәрбиелеу жұмысындағы партияның атқарған қызметі мен рөлін көресету тақыбыры алынды. Патриоттық тәрбиенің артында әр әскери қызметшінің әскери тәртіпті бұзбауға деген жеке бас жауапкершілігі тұрды. Ғылыми жұмыстардың авторлар отансүйгіштік және ұлтаралық бауырмалдыққа арналған тәрбие саласындағы келесідей негізгі бағыттарды талданды. Олардың қатарына, коммунистік елдердегі бауырлас республикалардың жетістіктерін насихаттау, кадрлық саясатта көпұлттылық принциптерін жүргізуді зерттеу, халықаралық қатынас бойынша КСРО халықтарының дәстүрлерін бекіту, Кеңес азаматтарын бүкіл социалистік достастық елдеріндегі ынтымақтастық идеяларында тәрбиелеуге ықпал ету. Ғылыми жұмыстарда ұлтшылдық сезімдерінің объективті және субъективті себептерін ашып көрсетіп, партиялық ұйымдар жұмысының оларды жеңу күші ретінде қарастырды [4].

Азаматтарды көпұлтты бауырмалдыққа тәрбиелеу үшін әскери қызметшілерді коммунистік дүниетанымды қалыптастыру жолында республикалық деңгейдегі партия ұйымдары жүргізді. Кеңес халқын сүйген патриот жауынгерлер мен интернационалистерді коммунистік бағытта тәрбиелеу сұрақтары социалистік Отанды түрлі басқыншылардан қорғауға, елдің қорғаныс қабілетін арттыруға және Кеңестік Қарулы Күштердің құрылымына, әскердегі партиялық-саяси жұмыстарды ұйымдастыруды зерттеген көптеген еңбектер жазылды.

КОКП ОК шешімінің қорытындысы бойынша өткізілетін әскери кеңестердің материалдарында коммунистік интернационалдық-патриоттық тәрбие беру - Кеңес әскерлерінің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мен жауынгерлік дайынығын арттыру бойынша партиялық және комсомол ұйымдарының, идеологиялық қызметкерлердің, әскердің командалық және саяси кадрларының жұмысы жан-жақты талданды. Осындай жұмыстың тиімділігін арттыру үшін практикалық ұсынымдардың қатары айқындалады.

Тарихты зерделеген жұмыстар жазылды. Мұндай жұмыстардың арқасында дамыған социалистік қоғамды құру мен келешекте коммунизмге көшудің жоспарындағы лениндік ұлттық саясаттың халықаралық және патриоттық тәрбиені жүзеге асыру үшін проблемаларды әзірлеудегі ғалымдардың жетістіктері мен міндеттері ашылды.

Марксизмнің қалыптасу кезеңінің басталған жылдарында-ақ К.Маркс пен Ф.Энгельс баспасөз қызметіне өзара тығыз байланысты екі міндет қойған болатын. Біріншіден - ақпараттық-танымдық сипатындағы: газет қабылдаған ақпаратты бүкіл қоғамға тарата отырып, шындықты жария қылып отыруы керек. Екіншіден - қоғамның барлық мүшелеріне ықпал ету ережелерді алға қарай дамытуы қажет [5].

Партиялық ұйымның баспасөз тәжірибесін жетілдіруге большевиктік «Правда» газетті әсер ету тиімділігін арттырды. Журналистік практиканы жинақтап, қалың жұртшылыққа жақсы ықпал етті. Айта кету керек, халыққа әсер етуде «Правда» газетінің мүмкіндігі көп болды. «Правда» редакциясы КСРО Ғылым академиясының әлеуметтану институтымен және М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетінің оқытушылар құрамымен бірлесіп жүргізген әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы шығарылды. «Правда» газетінің бір жолғы күнделікті тиражы 10,6 млн. данасы оқырманға таралатыны белгілі болды. Нәтижесінде оқырмандардың саны 39,5 млн. астам адамды құрайтыны анықталды.

«Правда» газеті жалпы партиялық баспасөздің алдыңғы сапында тұрып, партиялық ұйымдардың жұмысының жүруіне белсенді ықпал етті. Соның арқасында КОКП ОК-нің бірнеше рет қатарынан жоғары бағалауына ие болды. Соның бір дәлелі, «Правда» газетінің 50 жылдығына арналған партияның қаулысында: «Правда» бүкіл партиялық-кеңестік баспасөз ретінде социалистік және коммунистік құрылыстың барлық кезеңдерінде лениндік идеологияны жүзеге асыруға белсенді түрде көмектеседі». Дәл осындай пікір КОКП ОК-нің «Правда» газетінің 50 жылдығы» қаулысында да айтылады. «Правда» газеті –

лениндік бүкіл даңқты жолдың, бүкіл одақтық партияның жүріп өткен ерлік тарихымен тығыз байланысты. Газеттің шыққан алғашқы күнінен бастап ұжымдық насихаттаушы ретінде, үгітеуші ретінде және бұқараның ұйымдастырушы ретінде өзін көрсете білді. Ол жұмысшы табының, әскери құрылымдардың мүдделері мен ерік-жігерін, олардың революциялық ұмтылысын дәйектерге негізделген түрде көрсете білді [6].

Кеңес әскеріне тәрбие беру ісіне баспасөз беттерінен бөлек мұражай, Ленин бөлмелері, кітапхана, әскери даңқ, жаппай көркемөнерпаздар, дене тәрбиесіне жетелейтін бұқаралық спорт, барлық санаттағы әскери қызметшілермен бос уақыт мәдениетін ұйымдастыру, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары да жатты. Олардың ұйымдастырған жұмыстары әскери баспасөздерінде үнемі жарияланып отырды. Апта сайын жаңартылатын «Жауынгерлік парақтың» да жеке құрамға жағымды әсері мол болды. Бойына патриоттық күшті сіңірген әскери қызметшілер әскери Жарғының талаптарын қалтқысыз орындауға тырысты. Нәтижесінде әскери тәртіптің талаптарын орындамау деректері өте кездесетін жағдайға жетті.

Көркем әдебиет туындыларын, баспа материалдарын тәрбиелеуде неғұрлым тиімді пайдаланылып, мәдениет мекемелерінің материалдық базасын күшейтті, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылықты дамытты. Жеке құраммен лениндік бөлмелерде белгілі бір мақсатқа бағытталған тәрбие жұмыстары жүргізілді. Озық тәжірибелер республикалық және ведомствалық баспасөз беттерінде тұрақты түрде жарияланып тұрды. Баспасөз беттері арқылы әскери тәртібі мен кәсіби білімімен көзге түскен әскери қызметшілердің қол жеткізген жетістіктері өзгелерге үлгі ретінде көрсетілді. Оларға мақалалар мен жауынгерлік парақтар, сұхбаттар арналды.

Коммунистік партия жауынгерлерін кеңестік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу жөніндегі бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше болды. Баспасөз қызметтері арқылы көпұлтты кеңестік жауынгерлерді отансүйгіштікке және әскери тәртіпті бұзбауға тәрбиеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі»[Электрондық ресурс]. - Қатынау режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kk-tokaevtyn-kazakstan-respublikasynyn-parlamenti-mazhilisinin-otyrysynda-soylegen-sozi-1105319->. Кіру күні: 26.07.2022.

2. КОКП ОК Пленумының материалдары, «Социализмнің әділдігі мен жеңілмейтіндігі туралы». Саяси баспа. Мәскеу. 1983, 67 б.

3. КОКП XXVI съезінің материалдары. Саяси баспа. Мәскеу. 1981, 217 б.

4. КОКП-ның «Халықаралық бірлікті одан әрі нығайту және КСРО халықтарының ынтымақтастығын дамыту жөніндегі қызметі». Киев. 1979, 335 б.

5. К.Маркс «Баспа шеңбері туралы пікірталас». К.Маркс, Ф.Энгельс «Жинақ». Мәскеу, 1955, т. 1, 66 б.

6. К.Черненко «Партияның идеологиялық, бұқаралық-саяси жұмысының өзекті мәселелері». Таңдалған мақалалар мен сөздер. Мәскеу. 1983, 586 б.

Жанель НУРКИШЕВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты*

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді, демократиялы, зайырлы мемлекет атануына отыз жылдан асты. Осы уақыт аралығында еліміздің өркендеуі мен көркеюіне, халық жағдайының жақсаруына байланысты біраз істер атқарылды, мәселелер көтерілді. Егемен еліміздің саяси өмірі жайлы сөз еткенде, Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлын сөз етпеу мүмкін емес. Қоғамдық тыныс-тіршілігінің бар ыстығы мен суығын атқарысып келе жатқан азаматтардың бірі. КСРО ыдыраған тұста тәуелсіз Қазақстанның ірі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы легінде белсенді қызмет істеп, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді серіктері қатарынан табылды. Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық мақалалары мен жазбалары ұлттық мұраттармен ұштасады. Әсіресе еліміздің тәуелсіздігін талмай толғаған ел мен жер, адам мен заман туралы мақалалары қоғамдық санаға қозғау салады.

Мақала жазу барысында егемендік алған жылдардан бері қаламгердің көптеген ғылыми-танымдық, зерттеу еңбектері, саясат, мәдениет пен тарихтың өзекті мәселелерінен мақалалар зерттеу нысаны ретінде алынды. Сондай-ақ, Әбіш Кекілбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастары мен ойы, публицистикасы мен қоғамдық қызметтері ескерілді.

Қазақ өмірі, халықтың тағдыры, оның көргені мен басынан кешкені, кешегісі мен бүгінгі күні, солардың бір-бірімен сабақтастығы – Әбіш Кекілбаев шығармашылығының басты тақырыбы. Оның шығармашылығының көлемді бөлігін публицистік мақалалары мен жазбалары құрайды. Халық жазушысының публицистикасы әр заманның сұранысынан туды, әсіресе, тәуелсіздік алған тұста ол көп жазды. Сонымен қатар, баспасөз саласындағы жұмыстарға белсене араласты. Газет беттеріндегі мақалаларын оқығанда ерекше бір реңк бар, өткір тілімен бүкпесіз, асырмай да, жасырмай жазылған.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында еліміз еңсесін көтеріп, тәуелсіздік алу барысында көрген түрлі жағдайларды айтады. 1995 жылдың 24

қазанында «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған бұл мақалада:

«Күні кеше ғана сияқты еді. Оған да төрт жыл болыпты. Пәлен күнге созылған парламент дауы да аяқталды. Дауыс берілді. Басым көпшілік егемендікті жақтады. Алаң толы жастар қабылданған құжатты сол бойда жариялауды талап етті. Бір топ депутаттар алдына барып оқып берді. Қомсынғандар да табылды» [1] – деп жариялайды. Ел ішінде әртүрлі ойдағы азаматтар да кездеседі, әрине осының бәрімен бірдей күресудің оңай болмағаны анық. Әрине, егемендік алу бар мәселенің шешімін бірден таппайды, бірден барлығы өз орнына келе қоймайды. Бұны да Әбіш Кекілбаев мақаласында сөз етіп, себебін ашы болса да, шындықты айтады: «Мың жылдап күткен арманды бір күнде жүзеге асыра салмасымыз белгілі. Ғасырлап аңсаған азаттық бәрімізді бір күнде бай қылып, барша мұратқа жеткізбей жатқаны да рас. Қиындық пен қиянаттың көбеймесе, азаймай тұрғаны да рас. Бәрі де рас. Бірақ, бәрі де тәуелсіздіктен емес. Жаңаны көрсе, жағасынан алып бағатын жаны қас кертартпалықтан. Кешегісін көксеп оқыранған отаршыл озбырлықтан. Тарысы піскеннің тауығы бола салып, ел пайдасынан гөрі өз пайдасын көбірек ойлайтын тоғышар пысықайлықтан. Жаңаның атын малданып – бақ, абыройын малданып – байлық тапқанша асыққан әлеуметтік әумесерліктен. Қысқасы, даңғойлық пен даңғазалықтың бұрын оянып, шын намыстың әлі ширықпай жатқандығынан. Әркім өз пікір мен өз әрекетінің тізгінін өзі қолға алып, нақты іске кірісе алмай жатқандығынан. Ол үшін біріміз емес, бәріміз ұяттымыз. Соны мойындасақ, келеңсіздік бүгін жойылмаса, ертең жойылады. Әзір орнай алмай жатқан молшылық пен әділет бәрібір орнамай қоймайды» [1].

Жыл сайын Елбасымыз халықты елдің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарынан хабардар етеді. 1997 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2030-шы жылға дейінгі даму жолын байыптайтын ұзақ мерзімді стратегия ұсынды. Бұл жайында қаламгеріміз «Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда жасаған баяндамасында сөз етеді. Ол стратегияның тарауларын талдай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің маңыздылығын, жаңарудың рухани алғы шарттарын іздеудің не екенін, реформаның әлеуметтік аясы жөнінде талдап, сондай-ақ, адам факторы дамуының, халықтың бұл стратегияны қабылдап қолдауға, дұрыс түсінуімізге ықпал етеді. Баяндама көлемі жағынан өте ауқымды, мазмұны ашылған, әрбір қозғалған ой, мәселе егжей-тегжейлі талқыланды. Сөз соңында қаламгер: «Қазақстан реформасы жаңа кезеңінде адамға баса көңіл бөліп, күш-қуатындағы әрбір отандасымызға – жұмыс не пайдалы іс тауып беруге, әрбір мүжәлсіз отандасымызды – әлеуметтік қорғауды күшейтуге күш салмақ. Ол да баршамыздың күшімізбен жүзеге асады. Күнбе-күн көзіміз жете түскен ақиқат мынау: жаппай іске жұмылсақ қана, жағдайды тез жақсарты аламыз»[2].

Халық қайраткерінің «Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел» атты «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижанға берген сұхбатында мемлекет билігінің қалай іске асып жатқанын және бұрынғы кезде қалай асқандығын айтады. «Ашық есік» саясаты жайлы журналист сұрақ қояды: «Экономикадағы ашық есік саясаты дұрыс та шығар. Бірақ, қақпаны тым айқара

ашып тастаған қалай болар екен. Қазақстан халықаралық шайхана болып кетті дейтіндер де бар» деген сауалына қаламгер былай жауап береді: «Олай ойлайтындардың логикасымен келсек, дамыған елдердің бәрі халықаралық ресторан болып шығар еді. Шайхана қалыпта қалып қоймауға тырысқан дұрыс. Бірақ, халықаралық рыноктан есікті бәрібір тарс жауып қоя алмаймыз. Экономикалық мүддеммізді, экономикалық қауіпсіздігімізді ойлау – есікті тарс жауып қою емес. Саудаласа білуге, кіммен қалай ықпалдаса білуге, экономикалық шарттардың саяси-әлеуметтік астарларын мұқият ескеріп, отандық өндірісімізді тезірек жандандырып, бәсекеге төтеп бере алатын бұйымдар шығарып, ұлттық әл-ауқатымыздың тезірек тыңайып, көгеріп-көркеюіне қызмет еткізе білуде» [3]. Осылай саясаттың жұмбақ нәрсе екендігін көрсетеді. Өзге мемлекеттермен бір ғаламшарда тұрып, есікті тарс жабамын деген саясатқа да, қазақ жұртына да жат қылық. Өзімізде жоқ шикізатты сырттан әкеліп, ал бар шикізатымызды сыртқа шығарып, қайта өзіміз сатып аламыз. Тағы да сол сынды өзге елдермен ажырамас бірлікте болуымызға тура келетіндігін айтады.

Әбіш Кекілбаев былай дейді: «Иә, ежелгі қытай мақалы айтқандай, ауыспалы заманда өмір сүруді тек қасыңа ғана тілеуге болады. Сол қасыңа тілейтіндей қысталаң жағдайда өмір сүріп жатқан отандастарымның бәрін аяймын. Соның ішінде бейнеті тіптен асып кеткен өз қандастарымды, әсіресе, ауыл тұрғындарын қатты аяймын. Бірақ, мен аяғанмен, заман бәрібір аямай тұр ғой. Үйреншікті дәурен еді деп, оларды баяғы бабалар тұсындағы бақташылық дәурендерге бәрібір қайтып оралта алмаймыз. Үйренген жау атыспаққа жақсы деп, аштан өлтіртпеуге, көштен қалдырмауға енді-енді жетісе бастаған секілді болған кешегі колхоз-совхоз заманына да жол жабылды. Енді ондай ұжымдасқан шаруашылық та нарық заңдарына ғана сүйеніп өмір сүре алады. Сондықтан, ауылдағы ағайынға шындап жанымыз ашитын болса, барлық пәле нарықтан деп жарапазан айта бермей, адамзаттың басым көпшілігі ұстанған шаруашылық жүргізу үрдісіне қайткен күнде де тезірек жетілуге жәрдемдесуіміз қажет»[3] деп шаруашылық жай-күйін айтады. Оның айтуынша, барлық нәрсеге «жоқ» деп зар қақпай, керісінше, әрекет ету керектігін ескертеді. Нарықтан қашудың керегі де жоқ, қайта заман заңына көніп, соған қарай бағыттталып, еңбек ету керек. «Еңбек етсе, адамның алмайтын қамалы жоқ» деген бар, қазіргі заман дамуына байланысты жаңа технология дейтін ұғым бар. Сол сынды жәйттарға жат болмай, қайта заманмен ілесіп, үйренуге, меңгеруге деген құлшыныс болу керек. Өзге мемлекеттердің артында қалму үшін өз еліне қосар жекелеген азаматтардың да үлесі мол.

Тәрбие, өнеге, сыйластық, құрмет, мұрат, елжандылық сияқты ұғымдар қазақтың қанына сіңген. Әсіресе, ата-бабамыздан қалған мінез бен болмысымызды, салт-дәстүр мен тілімізді сақтап, оның қадір-қасиеті мен мәнін тереңінен ұғамыз. Ағамыздың атаға деген ізетін, анаға деген құрметін Бәйдібек ата мен Домалақ ана кесенелерін ашу салтанатындағы қаламгердің сөйлеген айбарлы сөзінен көреміз. Бұл сөз «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» атты мақалада жарияланған. Әбіш Кекілбаев: «...Дәйім тағдыр талқысы мен тарихтың

катал сынына жиі ұшыраған біздің халқымыз атадан өсиет, анадан қасиет дарыта білу арқылы ғана көсегесін көгерткен. Бәйдібек ата мен Домалақ ананың жарыса дәріптелуінде де осындай сыр бар. Өз өміріміз бен келешегіміз үшін бізді жаратқан, өздері де жарастықта өмір сүрген асыл қосаққа мәңгі-бақи қарыздармыз деп ұғатын ұрпақ пен ел жұрт бабасы мен анасына табыну арқылы жанұядан басталып, жалпақ жұрттың бәрінің көсегесін көгертетін татулық пен ынтымақты құрметтейді. Бүгін де, ертең де, болашақта да береке-бірлігімізге ешқандай қауып төнбеуін көксейді. Ел жадында Домалақ ене атанған Нұрилла анамыз бұл өлкеде, ұлтың рухани болмысында исламдық мәдениеттің терең сіңіскендігінің бір даусыз дәлеліндей бейнеленеді. Оның мейірбандығы бірлікшіл ақылы мен қайырымды өнегесі нағыз Тәңір анаға лайық сипаттарға ие, - дей келіп, - біз бүгін жарықтық Бәйдібек атамыз бен Домалақ енемізге құрмет көрсету арқылы халқымыз дәріптеген асыл мұраттар мен биік мақсаттарға адалдығымызды айғақтаймыз... . Уақытша қиындықтардан бола алған беттен адаспайтындығымызға, айтқан серттен алжаспайтындығымызға өзімізді де, жұртты да сендіреміз.

Өткенін ұмытпайтын ұлтқа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер!

Атасын ұлықтайтын жұртқа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер!

Анасын ардақтайтын ұрпаққа сенсеңіздер – бізге сеніңіздер! - дейміз.

Солардың арманын жалғап, өнегесін өрбітіп, өз келешегімізді өзіміз кемелдендіруге ұмтыламыз», - [4] дейді қаламгер «Жас Алаш» газетіне берген мақаласында.

Әбіш Кекілбаев қоғамдық жүйенің ауысуы кезінде бұрынғы үйреншікті жолдан адасып, жаңаны түсінуге жете алмаған жерлестеріне тәуелсіздіктің сөзін айтты. Ол – қазақ елінің арысы, жазу шебері, пайымы жоғары, әрбір мақаласында салмақты ой, саралы сөзі бар тұлға. Жазған мақалалары бір жағынан бүгінгі таңдағы саясат сапарын кешегі тарих беттерімен саралау, ұштастыру.

Адамзат тарихына, ел ертеңіне ерекше жауапкершілікпен қарайтын Әбіш Кекілбаев КСРО ыдыраған тұста тәуелсіз Қазақстанның ірі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы легінде белсенді қызмет істеп, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді серіктері қатарынан табылды. Әбіш Кекілбаевтың мақалалары оның шығармашылығының біраз бөлігін құрайды. Еліміздің тәуелсіздігін талмай толғаған жан. Ол мақалаларында:

- Қоғамдық өзгерістердің заманында болатын психологияны терең талдап, бұған қатысты тарих сабағы жайында ойлы сөз қозғады;

- Елге қатысты әр құбылысты, әр нәрсені талдап, қазбалап, мәнін барынша дұрыс түсіндіруге, жеткізуге тырысты; өзіндік пікір білдірді;

- Тілі ұшқыр Әбіш Кекілбаев күрделі дәуірдің шындығын терең түсініп, ұлттың рухани құндылығын, еліміздің кешегі мен бүгінгісін ұштастыра білген қаламгер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»// Егемен Қазақстан. – 1998. – 12 мамыр.

2. Кекілбаев Ә. «Жабыла іске жұмылсақ, жағдай тез жақсарады» // Егемен Қазақстан. – 1997 жыл. – 2 желтоқсан.

3. Кекілбаев Ә. «Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел». //Егемен Қазақстан.

4. Кекілбаев Ә. «Атадан – өсиет, анадан – қасиет». // Жас Алаш.

5. Кекілбаев Ә. Азаттықтың ақ таңы. – (Уақыт мінбесінен айтылған сөз). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 736 б.

Нұржанар СЕРИКБОЛ,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: А.М. БАБАШОВ,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, ф.ғ.к.

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық құндылықтар – ол қазақ халқына тән үзілмес қайнау алған қасиеттер. Адам өмірінің жалғасын тауып, үйлестіріп келе жатқан бір бөлігі. Тәлім-тәрбиенің түп қазығы, қайнар көзі, негізі -ол біздің ата-бабаларымыздан бастау алып қазіргі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз. Әрбір ұлттың өзіне тән баға жетпес құндылығы бар. Ең басты құндылықтары оның тілі, салт-дәстүрі, ойындары, салт-санасы, өнері, тағамдары, мәдениеті және тағы сол секілді ерекшеліктері болады. Ұлттық құндылық арқылы біз өмірлік даму сатысында боламыз. Өмірдегі әр басқан қадам осы құндылықтар нәтижесінде өз көмегін тигізеді.

Құндылық деген ұғымның өзі адам санасын ойландыратын күрделі ұғым. Көне дәуірден ата-бабамызбен жалғасын тауып келе жатқан түсінік және сол дәуірдегі өмір сүрген жандардың адамгершілік, адалдық, әдептілік, мәдениеттілік, тектілік секілді қасиеттерге бағышталған рухани азық көздері және сақталып қалған ережелері. Ұстанып қалған құндылық қастерленбесе, онда белгілі бір деңгейде немесе өркениеттік даму сатысында нұқсан келетіні айқында анық көрінеді.

Қоғамдық даму барысында көзге көрінерлік құндылық өмір сүру салтымызға тікелей өз ықпалын тигізері хақ. Бейне бір өмірдің айнасы іспетті көріністер жастардың ендігі мұрасы. Ата-бабаларымыздың ұрпақтан ұрпаққа жеткізген сан ғасырлық қиын-қыстау жолындағы салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын даярлап, өзіндік қасетімен құндылығын жоғалтпай сары алтындай сақталған асыл дүниесін жас ұрпақтың еншісіне қалдырып отыр. Сол

себепті де құндылық баға жетпес байлық, орны толмас қазына. Ескіліктен қалған ұлы көзді сары майдай сақтап, жаңғыртып, дамытып отырғанымыз абзал.

Ежелгі дәуірден келе жатқан рухани құндылықтарымыздың көрінісі тайға таңба басқандай әлі күнге дейін өшпес мұра ретінде сақталуы халқымыздың ұлылықты дәріптеп, көзінің қарашығындай сақтай білуінде.

Жалпы әр адам дүниеге келген соң даму, өсіп-өну секілді әртүрлі кезеңдерде болады. Өмір есігін ашқан күннен баста рухани құндылықтың айналасында өмір сүрумен күндер өтеді. Адамның өсіп өркендеуі тек денемен емес рухани даму үрдісі арқылы байқалады. Сол сәттерде ғана адам асыл қасиеттерді тізбектеп, адам деген ұлы атаққа лайықты қызмет жасайды. Қоғамның рухани даму белгісі ол жеке адамнан бастау алады. Сондықтан да жеке адамның рухани дамуы бір адам ғана үшін емес күллі халықтың, қоғамның санасына ықпалын тигізеді.

Рухани дамудың бастапқы негізгі көзі балалық шақтан бастау алады. Біздің қолымыздағы оқылып жатқан кітап біздің ең негізгі құндылық және құндылықты сіңіруші, ал өскелең ұрпақ үшін қоғам қалыптастырушысы, жол көрсету нышаны.

«Дәстүрдің озығымен қатар, тозығы бірге жүреді» дегендей көзбен көріп, құлақпен естіген әрбір сөз есте қалады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ақыл-кеңес, бата-тілек, ертегі, батырлар жыры, қазақтың ұлттық ойындары осының барлығы рухани байлықтың негізгі құндылықтары. Рухани құндылық мәселесі өмірдің даму заңы бойынша әрбір адам қоғамда өсіп-жетіліп, тәлім-тәрбие алып, өзінің ақыл-парасаты, рухани-жігері, талап-қабілеті жеткенінше қоғамға қызмет етіп, кейінгілерге азды-көпті рухани мұрасын қалдыруы.

Бабалардан даналық сөз маржандарын естіп, көз алдымыздан өткізген әрбір дүние ол бізге жеткізген бабаларымыздың методикалық тәсілі. Санаға сіңірудің ерекше жолы.

Ұлттық рухани құндылықтар ұлт тәрбиесінде жатқаны адамзатқа белгілі дүние. Қазақтың ақиық ақыны, «Педагогика» оқулығының авторы Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі ... Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»[2,16] деген сөздерінен байқауға болады. Біздегі рухани тәрбие адамның ізгілік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелейді, адамның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмірдің күрделілігін түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Әр адам өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өздігінен оқуға ұмтылуы тиіс.

Қазіргі жастардың заман талабына сай өзіндік жеке бренттік әдеттері бар. Сананы, рухты технологиямен байланыстырып жанды іс-әрекеттер қалыптастырып өткенді өткеннің еншісінде ұмыт қалдырғандарыда біршама. Алайда ұлттық рухани құндылықты ұстана отырып, жаңа заманмен ұштастырып өзіндік қағидалармен жастарды да айтпау мүмкін емес. Халқымызда «Ердің артында мол байлық қалғанша, жақсы аты қалғаны игі» деген аталы сөз бар.

Бірақ, бүгінгі қоғам рухани байлықтан гөрі материалдық байлықты үстем орынға қоятын жалаң көзқарастың жетегінде жүр. Себебі, олар адам жанының алтын арқауы – рухани құндылық екенін ұмыта бастаған сыңайлы.

Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу»[3] деген екен. Сол себепті ұлттық рухани құндылықтардың қазіргі кезеңге дейін жойылып кетпегеніндей, болашақ жастарда жойылмаудың керісінше болашақта жаңғыртудың жаңа тәсілдерін табуы біз үшін алдағы уақытта қуантарлық іс болары анық. Сонымен қатар Үнді халқының рухани көсемі Махатма Гандидің: «Мәңгілік ақиқаттар, олардың атауы мәңгі деп аталып тұрса да, өздерін ұдайы ескеріп тұруға және санаға сіңіруге мұқтаж» деген сөзіндегідей біздің де рухани ұлттық құндылықтарымыз ескірмей, жаңаланып, жаңа сатыдан өтіп тұруы жетістік болатын да еді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағыты жастарды бос сеңделуден ізденіске ұмтылдыруы, жауапкершілікпен әрекет жасауы, халқымыздың даму сатысында жаңа өзгерістерге, жаңа қалыпқа келуге және сан ғасырлық тарихы бар құндылықтарды сақтап қалуына өз ықпалын тигізеді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым барлығы дерлік ұлттық рухани құндылықтарымыздың даму қатарында. Бұл біздің қарапайым күнделікті бір бейнемізбен жарқын болашағымыздың мақсаты.

Қорытындылай келе, жарқын болашақ ұлттық рухани дамыған жастардың қолында. Адамдардың бойындағы қалыптасқан имандылық, адамгершілік, шынайылықтың басты көрінісі тәрбиеден бастау алады. Жастардың және жалпы адамзаттың жан-жақты қабілеті адамзат болып өсуінде ұлттық құндылықтардың тәлім-тәрбиелік, білімділік пен танымдық қасиеттерінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Дәстүр» ұлттық этнографиялық журнал.
2. Жұмабаев М. Педагогика – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Әбілқасымов Ғ.М. Ұлттық құндылықтар ұлағаты Қарағанды 2017
4. Ұлттық рухани құндылықтарды дамыту мақсатындағы инновациялық технологиялар жинағы.

Сымбат ТӨЛЕГЕНОВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты*

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ СӨЗДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖАЙЛЫ ШІКІРЛЕРІ

*Халық адамзатқа бірнеше ұлы тұлға бермесе,
ол өзінің тарихтағы орнын ақтап шықпағаны.*

О. Сүлейменов

Публицистиканың басты мақсаты – қоғам өміріндегі маңызды оқиғалардың қағаз бетіне түсуі. Әрине, әр публицистың шындық жайында өз көзқарасы бар, бірақ оларды біріктіретін бір нәрсе – қоғам алдындағы жауапкершілігі. Осындай жауапкершілікті тек қазақ халқының алдында ғана емес, бүкіл әлем тарихының жүгін арқалап келе жатқан, белгілі публицистердің бірегейі – Олжас Сүлейменов.

Сіз қалай дем аласыз? Адам неге ұйықтайды? Біз қалай ойланып үйренеміз? Жауап беріп көріңізші. Бұл қарапайым, тіпті біріне күлкілі сұрақтар болып көрінуі мүмкін. Алайда, сіз бұл сұрақтарға биология, медицина, тарих салаларынан жауап іздейсіз. Және бұл логикалық тұрғыдан дұрыс болуы мүмкін. Себебі ұзақ жылдар бойы адам өзін-өзі зерттеп келді. Ал күнді не себепті «күн» деп атаймыз? Ал «айды» ше? Бұл да қарапайым сұрақ болып көрінуі мүмкін, бірақ тосынан қойылған сұраққа қалай жауап берер едіңіз? Көп сөздер түркі, латын, грек тілдерінен енді делік, ал тіл әлі қалыптаспаған замандарда, сөз қалай пайда болды?

Олжас Сүлейменовтың еңбектерімен танысқалы, мен әр сөздің мағынасына, әуезділігіне, дыбысталуына мән бере бастадым. Тек қазақ тіліндегі сөздердің шығу тегі бір түйір «күпия» болса, заттың, не құбылыстың атауы да адамзат тарихының мүлдем бөлек, ерекше жаратылыс.

Өзі де айтып өткендей, Олжас Сүлейменов шумерлерден бастап, түркі, ежелгі мысыр тілдерінен ұқсас сөздерді зерттей бастады. Алайда іздей келе, түп негізіне дейін баруға тура келді. Публицистің «Сөз коды» («Код слова») атты еңбегі адамзаттың «алғашқы сөзін», тілдердің дамуын зерттеуге негізделген жобасынан шыққан. Бұл біздің ортақ тарихымыздың іргетасы.

«Сөз коды» – Олжас Сүлейменовтың 2014 жылы жарыққа шығарған туындысы. Өзі айтып өткендей, бұл этимологияның тиімді әдісінің экспозициясы. Жазушы бұл зерттеу жұмысына өмірінің көп бөлігін, 50 жылын арнаған.

Бүгінгі таңда ешбір этимологиялық сөздік бірде-бір сөздің шығу тегін аша алмады, себебі уақыт өте келе сөздер күрделі өзгеріске ұшыраған. Олжас Сүлейменов өзінің бұл еңбегінде оқырманды сөздің шығу тегі мен таңбалардың

арасындағы өзара тәуелділік теориясымен таныстырады, кез-келген ежелгі үндестіктің генезисін қалай білуге болатындығын көрсетеді.

Олжас Сүлейменов сөздердің қалыптасуын бірнеше кезеңдерге бөледі: Дыбысты қайталау (звукоподражание), таңба салуға еліктеу (знакоподражание), сенімнің өзгеруі, күрделі таңбалардың пайда болуы (смена веры, рождение сложного знака). Әр кезең адамның дамуымен, сөздердің күрделуімен бейнеленеді.

«Адам ұзақ уақыт бойы табиғаттың құлы, ал еліктеу қабілетінің арқасында оның патшасы болды» – деген Олжас Сүлейменовтың тұжырымы дәл тауып жазылған. Себебі, публицистің пікірінше, алғашқы сөздер адамның жан-жануарлардың, құбылыстардың, заттардың белгілі бір әрекеті кезінде шығарған дыбысын еліктеуден алынған. Алғашқы адамдар коммуникация құралы ретінде тасқа қашап салған таңбаларды қолданғаны белгілі. Дәл сол таңбаларды дыбыстап айту уақыт өте келе қалыптасқан екен.

Олжас Сүлейменов: «*Homo sapiens* түрі шамамен 100 000 жыл бұрын Шығыс Африканың экваторлық аймағында (Кения, Мозамбик) пайда болған. Мұны археологтар мен палеоантропологтардың мәліметтері дәлелдейді. Мен бұл жобаны жүзеге асырған кезде, 2008 жылы Парижде алғашқы халықаралық ғылыми конференция өткіздік, оның қорытындысы бойынша алғашқы жинақ жарық көрді. Бұл конференцияда адамның Африкадан шығуы (шамамен тарихи кезең) және оның болжамды көші-қон маршруттары туралы алдын ала мәліметтер берілді». Халықаралық ғылыми конференция жалғасын АҚШ-та, Кореяда, бірқатар Еуропа елдерінде жалғасын тапты. Осы конференцияның тұрақты мүшесі, әрі жоба негізін қалаушы болған публицистің гипотезасы – мәдениеті дамыған этностардың көпшілігі бір кездері шығысқа қарай, нақтырақ айтсақ, ежелгі Жерорта теңізі жағалауларына қарай көшкен. Бұл тарих пен лингвистикада жинақталған көптеген қате түсініктерімізді айқындайды.

Алғашқы сөздің Африка жерінде пайда болуы, тарих беттеріне үңілсек, қалыпты жағдай. Алайда Олжас Сүлейменовтың гипотезасына сүйенсек, Жерорта теңізі жағалауларына жылжыған көптеген тайпалар айға табынушар болған. Яғни, белгілі бір құбылысқа табыну экватор белдігінде қалыптасқан. Алғашқы тайпалардың түсінігінде Құдайдың бейнесі – ай, ал айдың – жердегі бейнесі – бұқа болған. Бұған дәлел, тасқа қашап салынған таңбалар: жарты ай – экватор аймағынан ғана айдың дәл осындай кескінін көруге болады. Ал сөздің пайда болуы тікелей бұқаға байланысты. Айға табынушылар бұқаның өкірген даусын салуға тырысып, «Муун» немесе «Буун» деген сөз пайда болады. Бұл ай деген сөздің алғашқы нұсқасы. Дәл осындай наным-сенім мен қоршаған ортадағы дыбыстарды салудың нәтижесінде алғашқы сөздер қалыптасты, ал оларды дамуына, өзгеруіне алып келген жайт – көш-қон болған. Яғни, тайпалар қоныс іздеп, мекенін ауыстырған сайын айдың бейнесі де әр түрлі бұрыштан көрінген. Сондықтан пайда болған әр жаңа тайпаның сөздері де сәйкесінше өзгеріске ұшыраған.

Екінші кезең дыбыстардың таңбалануымен сипатталады. Мысалы, айтып өткеніміздей, алғашқы адамдар айға табынған. Экватор белдеуінен ай жартылай

көрінгендіктен, ол бұқаның мүйізі тәрізді таңбаланады. Осы кезеңде әр түрлі жан-жануар, құбылыстар ұқсас таңбалармен бейнеленеді, сондай-ақ бір таңбадан, екінші таңба пайда болады. Мысалы, ай бұқаның мүйізі тәрізді бейнеленсе, ортасынан бөлетін сызықша күнді білдіреді (мағынасы «айды өлтерген» күн тәрізді).

Символдық сөзжасамның ең қарқынды процесі алғашқы жазудың (алғашқы иероглиф) қалыптасуы кезеңінде болды. Схемалық бейнелеу белгілерінің көп мағыналылығы Homo Sapiens түрінің ондаған мыңжылдық дамуында миллиондаған сөздерді тудыруға мүмкіндік берді.

Келесі кезең – сенімнің өзгеруінен, адамдардың қоныс аударуынан басталады. Африкадан Еуропа материгіне «көшкен» адамдар енді айға емес, күнге табына бастайды. Бұл өз кезегінде, таңбалардың өзгеріске ұшырауына алып келеді.

Осы мысалдардан-ақ түсінуге болатыны – сөздер «қоныс аударғандықтан» бүгін зерттеушілер ежелгі тілдердегі сөздердің этимологиясын басқа тілдерден таба алады. Белгілі бір тарихи кезеңде лексикалық қор адамзаттың тіршілік еткен мекеніне байланысты ортақ болған. Олжас Сүлейменов ұсынған «көші-қон маршруты» тілдің қай бағытта дамығанын және қалай өзгергенін дәлелдейтін үлкен зерттей жұмысының негізін салғаны анық.

Сондай-ақ жазушының «Сөз коды» еңбегінде 5 ереже баяндалады:

1. Графикалық немесе табиғи белгіге ұқсас затқа оның атауы ауысады.
2. Белгіге ұқсас зат немесе құбылыстар белгінің атауын береді, бірақ кішірейтпелі түрінде.
3. Белгілерді біріктере отырып, олардың атаулары да қосылады.
4. Күрделі белгінің құрамдас бөлгін атау үшін оның жалпы атауын жоққа шығару қажет.
5. Екі буынды белгінің бір бөлігін атау үшін алдыңғы бөліктің атауын жоққа шығару қажет.

Тілтанушы барлық ережелерін этимологиялық тәжірибеде тексерді, нәтижесін «1001 сөз» атты әмбебап этимологиялық сөздікке енгізді.

Публицистің айтуынша, «Сөздіктер шынайы тарихи ақпараттың мәңгілік және ең сенімді мұрағаты. Егер біз сөздің алтын кілтін тапсақ, олар бізге қол жетімді болады». Олжас Сүлейменовтың зерттеулерінің негізі – таңбаларды оқу мен оның шығу тарихын анықтау. Әр сөздің белгісі, қозғалыс кезіндегі дыбысы, жер бетіндегі бейнесін анықтау арқылы алғашқы адамның наным-сенім ғана емес, қолданыстағы сөздерін де білуге болады. Бұл гипотезаны шығару үшін тек лингвистиканы білу аз, тарихты, биологияны, лингвистиканы, географияны білу қажет. Олжас Сүлейменов өз зерттеулерінде осының барлығын бір арнаға тоғыстыра алды.

Олжас Сүлейменовтың «Сөз коды» еңбегімен таныса отырып, бірнеше тезистерді қарастыруға болады:

- кез-келген тілдің дамуы таңбалар жүйесінен бастау алады;
- алғашқы адамдардың діни көзқарасын бірінші иероглифтерден, таңбалардан тануға болады;

– әлемнің барлық тілдерінің шығу тегі бір. Тек қалыптасу кезінде, Ежелге Жерорта теңізі арқылы көшкен адамдар тобының таңбаларды өзгертуі түрлі диалектердің дамуына негіз салды;

– алғашқы «тіл» адамның өзінің қоршаған ортасын зерттеуден басталды.

Олжас Сүлейменов кітабының қорытындысын, ұранын итальяндық сөзбен аяқтайды: Tutto il mondo e'raesa! Аудармасы: «Бүкіл әлем – бір ауыл» немесе «Бүкіл әлем – бір ел».

Публицист Олжас Сүлейменовтың тілді, қазақ тіліні зерттеуде ашқан жаңалықтары, еңбегі көп. Мысалы, «Аз и я», «Жазу тілі», «1001 сөз», «Қыш кітап» тәрізді еңбектері көптеген тарихи фактлерге негізделген. Жазушының басты ерекшелігі тарихи деректерді қарапайым тілде «сөйлете» алуында. Қызықты, әрі ақпаратқа толы бір сөйлемнің өзі оқырманды ойландырады. Тағы бір ерекшелігі – оқырмандарын зерттеуге, ақпарат алмасуға шақыруында. Жазушы өзінің әдістерімен, ережелерімен бөлісе отырып, жас зерттеушілерді өз тілін осы жүйеге негіздеп зерттеуге кеңес береді.

Аталған «Сөз коды» кітабы да батыл мәлімдемелерге толы. Сіз оны қабылдай аласыз немесе жоққа шығара аласыз. Алайда бұл ақпарат болашақ тіл зерттеушілерінің ғылыми жұмыстарына түрткі боларына сенімдімін.

Ә.ТӘШІМОВА,

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік
университетінің оқытушысы*

РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ – ӘДЕБИ ПОРТРЕТТІҢ ШЕБЕРІ

Рахманқұл Бердібай әдеби сынға елуінші жылдардың орта тұсында келіп, замандастары Серік Қирабаев, Айқын Нұрқатов, Мырзабек Дүйсенов, Қалжан Нұрмаханов, Мүсілім Базарбаев, Тұрсынбек Кәкішев, Нығмет Ғабдуллин, Әбділхамит Нарымбетовтермен үзеңгі қағыса жүріп өскен, сынның қарапайым сарбазынан сардарлыққа көтерілген көрнекті өкілі. Әдеби өмірге зер сала қарасақ, әдебиетке келетін таланттар толқын-толқынымен келеді. Бір буын талантты сыншылар деп осы Рахманқұл ағаның тұстастарын айтуға болады.

Сыншының әдеби ортаға танымал етіп, топжара енуіне ықпал еткен, оның әдеби сын мақалалары болатын. Ғалым мақалаларын жанрлық тұрғыдан жіктейтін болсақ: әдеби портрет, шолу, рецензия т.б. көптеген әдеби сынның жанрларында жазған.

Рахманқұл Бердібайдың сыншылық шығармашылығында айрықша тоқталатын мақалалар шоғыры – әдеби портреттер. Әдеби портретке көбірек зейін салып, қазақ әдеби сынын жанрлық жүйеде зерттеп жүрген ғалымдарымыздың бірі Дандай Ысқақұлы. Д.Ысқақұлының «Сын сонар»(1993), «Сын жанрлары» еңбектерінде бұл төңіректе көп мәселе қозғалады. Ғалымның

пайымдауынша Л.П.Гроссман сынның 17 түрлі жанры бар деп көрсеткенде, соның ішінде әдеби портретке айрықша тоқталған.

«Сонымен шығармашылық (әдеби) портреттің жанрлық ерекшелігін айқындайтын басты сипаттары қандай? Ең алдымен, зерттеу объектісіне қарасақ, рецензияда жеке шығарма, не кітап болса шығармашылық портретте белгілі бір суреткердің бүкіл шығармашылық болмысы сынның объектісіне айналады. Онда да кез келген қаламгер емес, әдетте бүгінгі әдебиетте өзіндік орны бар дарынымен жұртышылықтың назарын аударған қаламгерлер ғана арнайы сөз болады»[1,144].

Зерттеуші сонымен қатар әдеби портреттің басқа жанрлардан басты айырмашылығы ретінде мынаны атап көрсетеді: «шығармашылық портреттің негізгі объектісі суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылуы мүмкін. Бірақ осының бәрі белгілі бір шамада қажетіне қарай пайдаланылып, жазушының қаламгерлік қолтаңбасын, яғни шығармаларының өзіндік болмыс-бітімін ашуға қызмет етеді. Сонымен қатар, шығармашылық портрет көбіне қалың оқырманға арналып жазылып, баспасөз бетінде жарияланатындықтан да көбіне көркем публицистика түрінде жазылады деп түйіндеді зерттеуші. Бұл ретте сыншы Р.Бердібайдың әдеби портреттерінің дені публицистикалық сипатта жазылғанын да айту парыз. Расында да, жанрдың табиғаты солай шығар, өйткені Мәскеуден шыққан «Қысқаша әдеби энциклопедияда да әдеби портретті «жазушы туралы документальды очерк» деп анықтаған. Сонымен ғалым-сыншының шығармашылық портреттеріне бойлайтын болсақ, олардың дені белгілі қазақ қаламгерлеріне және олардың шығармашылығына арналған. Атап айтқанда: «Кемеңгерлік келбеті»(Абай), «Жыр алыбы» (Жамбыл), «Поэзия Гималайы» (І.Жансүгіров), «Сөз зергері» (М.Әуезов), Азаматтық әуен(С.Сейфуллин) «Сұтанмахмұт Торайғыров», «Иса Байзақов», «Заманмен аяқты тең басып» (Ғ.Мүсірпеов), «Дәуір суреткері», «Парасат шарты», «Советтік сөз сардары» (С. Мұқановқа арналған портреттер), «Замана жыршысы» (Ғ.Мұстафин), «Азамат ақын», «Дүлділ шабыс», «Көп қырлы қаламгер» (Ә.Тәжібаевқа арналған портреттер), «Замандас көзімен» (Ә.Әлімжанов), «Мұхаметжан Қаратаев», «Сын сардары» (С.Қирабаев), «Сырлы суреткер» (С.Шәймерденов) т.б. көптеген шығармашылық портреттері бар. Қазақ әдеби сынының тарихында жиі кездестін, қаламгерлеріміз үшін оңтайлы пішін блып келген бұл жанрда Р.Бердібай өндірте жазғанын байқадық. Алашұранды әдебиетімізден бастау алатын, атап айтқанда бұл жанрға А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов тағы басқа да қаламгерлеріміздің еңбектерін айтуымызға болады.

Осыдан жүз жыл бұрын жарық көрген қазақтың тұңғыш жалпыұлттық газеті «Қазақ» газетінде басылған Ә.Бөкейхановтың орыс зиялылары мен қаламгерлері жөнінде мақалаларын былай қойғанда, осы басылымда шыққан А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» атты әдеби портретін ерекше атап өтуге болады. Сол сияқты М.Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», «Абай», кейінірек жазған мақалаларын да айтуға тұрарлық. Сондай-ақ,

Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» атты шығармашылық портретін бүгінде зерттеушілеріміз «әдеби портреттің классикалық үлгісі»деп бағалайды. А.Байтұрсыновтың мерейтойы қарсаңында жазылған М.Әуезовтің «Ақанның елу жылдық тойы» деген портреттік мақаласының да қазақ әдебиеті тарихында маңызы зор туынды. Бұл аталған мақалаларда объектіге алынған суреткердің өмір жолы, тұлғалық бітімі, даралығы бәрі-бәрі көрінген. Ал, ғалым-сыншының әдеби портреттерінің ішінде шоқтығы биік «Өшпес өнеге» және «Заманмен аяқты тең басып», «Замана жыршысы», «Замандас көзімен», «Көп қырлы қаламгер» шығармашылық портретіне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Кемеңгер жазушы М.Әуезов жайлы «Өшпес өнеге» шығармашылық портреті 1958 жылы жазылып, алғашында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген. Сәтті шыққан әдеби портрет толықтырылып 1984 жылы дербес кітап болып шығады. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша талдаулары мен зерттеулері сыншының докторлық диссертациясында, «Роман мен заман» (1967)кітабында, «Тарихи роман» оқу құралындағы (1976) «Сөз зергері» «Шеберлік сырлары» деген тараулары(жалпы кітаптың жарты бөлігі «Абай жолы» эпопеясы талдауға арналған) М.Әуезовтің романдарына, жалпы шығармашылығына арналған. Бұдан бөлек ғалым-сыншы М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Өнер биігіне» атты ғұмырбаяндық зерттеу очеркін жазған. Осы мақаласында автор Әуезовтің өмір жолы мен сондай-ақ, оның шағын жанрдағы шеберлік сырларына тереңдей барған. Сыншының «Сөз зергері» және «Шеберлік сырлары» зерттеулеріне кезінде әдебиетші қауым тұщынып оқып, мұхтартануға қосылған сүбелі еңбек деп бағалады. Міне, осындай зор дайындықпен келген ғалым, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдығы қарсаңында жұртшылыққа «Мұхтар шыңы» атты монографиясын ұсынды. 1958 жылы «Өшпес өнеге» атты шағын шығармашылық портреттен бастау алған жіңішке жылға ізденімпаз ғалымның зерделі зерттеулері мен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде осылайша үлкен арналы ағысқа айналғанын көреміз. Жалпы, сыншы-ғалымның кезінде шағын әдеби рецензия, шолу түрінде жазылған мақалалары уақыт өте келе үлкен іргелі зерттеулерге ұласып жататынын оның шығармашылық ерекшеліктерінің бірі деп білу керек.

Ғалым,сыншы ұлы суреткердің туындыларының жетістіктерін көрсету арқылы оның шығармашылық шеберліктерін ашуға тырысты. Әуезовтің шеберлігіне бару арқылы, Әуезовтің көркемдік әлемінің тұңғыына бойлайды. Оның шығармашылық дара бітімін таниды. Мұны ғалым-сыншының мынадай кемел ойлы пікірлерінен көреміз: «М.Әуезовтің шығармаларында қазақтың халық әдебиеті батыс пен шығыс әлемінің көркемдік жетістіктері бірлестік тапты. Ол қазақтың нәсір-прозасын Азияның, Еуропаның, Американың ең озық жазушыларының шеберлік деңгейі дәрежесіне жеткізді.»

Ғалым-сыншы сөз зергері, классик жазушы Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық портретін де шеберлікпен жеткізген. Жазушыны орыс әдебиетінің корифейлері Чехов пен Гогольге ұқсатады. Оның шығармаларының «өлеңдей төгілген мөлдір тіліне, идеясының биіктігіне, мұратының асылдығына» сүйсінеді.Жазушыны реалист, романтик сонымен қатар шығармаларының өн

бойында кезесетін жеңіл юмор уытты әжуаның сарыны бар сатирик ретінде таниды. Ғ.Мүсіреповтың әңгімелері мен новелларына айрықша мән беріп «Профессионал биігі жағынан олардың қай-қайсысы да қазақ әдебиетінің ең озық деңгейінде тұр. Бұл шығармалардың көбінде романға бергісіз ой, парасат, проблема бар»[3,61] -деп көрсеткен. Сыншының Ғ.Мүсіреповты «қазақ әңгімесінің бас шебері, сөз зергері, үлкен стилист» деп атағаны жазушының шығармашылығына берілген айқын баға, дәл сипаттама іспетті.

«Замандас көзімен» әдеби портретінде жазушы Әнуар Әлімжановтың шығармашылығына тоқталған. Тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген Ә.Әлімжановтың суреткерлігі сыншының бұдан да басқа, шолу, тарихи романдар жайлы теориялық мақалаларында сөз болып келген. Ал, мына мақаласын Д.Ысқақұлы өзінің зерттеуінде ақын Ж.Молдағалиевтің Ә.Тәжібаевқа арналған «Жырдария» әдеби портретімен салыстыра талдай келе: «Ал, Р.Бердібаев «Замандас көзіменінде» Ә.Әлімжановтың қаламгерлік келбетін сәтті жасаған. Жұбанда көтеріңкі, ақындық эмоция басым болса, Рахманқұл нені айтса да байыппен, салмақпен айтады. Жазушының шығармашылығы алғашқы очерк-повестерінен бастап, жүйелі зерттелінген. Әсіресе, тарихи тақырыптағы сәтті ізденістері ғылыми тұрғыдан біршама талданады. «Жырдария» көркем-публицистикалық сипатта көрінсе, «Замандас көзімен» ғылыми стильде жазылып, әрқайсысы өзінше даралық танытады»-дейді[1,159].

«Көп қырлы суреткер». Ғалым-сыншының бұл шығармашылық портреті – қазақ поэзиясының асқар шыңы - Әбділда Тәжібаевқа арналған. Сыншы Әбділда ақынға, оның шығармашылығына арнап үш әдеби портрет, төрт-бес рецензия жазған екен. Шығармашылық портреттердің ең алғашқысы «Азамат ақын» 1969 жылы жазылып, «Қазақстан мектебі» журналында жарияланған, екіншісі «Көп қырлы суреткер» 1984 жылы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған, үшінші мақала (эссе сипатындағы) «Әдебиетіміздің асқар шыңы» деген атпен 2000 жылы «Алматы ақшамы» газетінде жарық көрген. Осы аталған мақалалар бірсыпыра өңделіп, толықтырылып «Дүлділ шабыс» деген атпен ғалым-сыншының 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан көптомдық шығармаларының 4-ші томына енген. Сыншы Әбділда ақынның шығармашылық портретін, қаламгерлік болмысын сәтті аша білген. «Өлең-назымның дүлділі, Батыс пен Шығыстың көркемдік жетістіктерін терең меңгеріп, әйгілі шығармалар жаратқан, шыншыл, жаңашыл, батыл туындылары ХХ ғасырдағы әдебиетіміздің әсем айшығы болып қаланған, шығармашылық энциклопедиялық жан-жақтылығымен ерекшеленетін корифейлеріміздің бірі – Тәжібаев» -дейді.

С.Мұқановтың ақынның 30-жылдардағы алғашқы жыр жинағына алғы сөз жазып, батасын бергенін, М.Әуезов «Әдебиетінің тарихы» аты монографиясына «Әбділда Тәжібаев» деген тақырыппен енгізіп, өлеңдерін талдап, келешек үлкен суреткер деп танығанын, кемеңгер жазушының «поэзиямызға жаңа ағын келді» - деп сүйсінгенін де осы мақаладан білеміз. Сондай-ақ, орыс кеңес ақыны И.Сельвинский «Әбекеңді тек Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Кеңес еліндегі ең таңдаулы суреткерлер қатарында атағаны есімізде»-деп ақын

шығармашылығына әдебиетшілер тарапынан қандай баға берілгенін хабардар етеді. Әбділда ақын поэзиясындағы негізгі екі арна- сыршылдық (мұны Әуезов нәзік лирикалық ағын деген) пен ойшылдық жыл өткен сайын тереңдей, кемелдене түскенін ақын өлеңдерімен өрнектеп, нақты мысалдармен дәлелдеген. «Отызыншы жылдардың орта тұсында»-дейді сыншы, көңіл-күй лирикасына бару нағыз «идеясыздық» болып саналатын. Соған қарамастан сол кезде ақынның тамаша лирикалық өлең жазғанын, солақай сыншылар «күйректік», «сентиментализм» деп талмай жамандаған өлеңдеріне үніле қарасақ ақын поэзиясының ең шырайлы, әсем иірімін құрайтын еді»-дейді. [2,79] «Сырдария», «Есіңде ме?» , «Сүйгенім сен», «Толқын жел», «Келші сәулем», «Сөйлеп жатыр су сылдырап», «Ұмытпа, сәулем сен оны» секілді өлеңдерін үздік туындылар қатарында атап көрсеткен. «Әбділда Тәжібаев –көп қырлы суреткер. Оның ақын, драмашы, прозашы, аулдармашы, сыншы, фольклоршы, публицист сипатындағы еңбектерінің ішкі байланыстары терең»,-дей келе қаламгердің шығармашылығын жан-жақты талдап, шығармашылық келбетін ашады. Сонымен, сыншының шығармашылық портреттері жайлы ойымызды түйіндейтін болсақ, портреттік мақалалардың жазылу ерекшеліктері де әрқилы болып келетініне көзіміз жетті. Атап айтқанда:

– «портреттік сын мақалалар көбіне мерейтойларға байланысты жазылады;

– портреттік мақалада кемшіліктер аз айтылып, шығармашылық жетістіктері көбірек сөз етіледі;

– сыншының жазу шеберлігі мен өмір деректер жымдасып жатады. Автор ойы, пікірі ашық айтылып.салыстырыла түсіндіріледі;

– замандастары жайлы бұрын айтылмаған тың тың пікірлер ой-толғамдар, көрген-білгендері қорытылып беріледі» [4].

Жалпы, Р.Бердібай сыншылық-шығармашылық өмірінде әдеби портреттер мен шығармашылық портреттерді өте көп жазған, бұл тарапта өнімді еңбектер берген қаламгер. Мысалы, «Гүлстанның бұлбұлдары», «Жұлдыздар жарығы» атты кітаптары тұтастай осы жанрға арналған еңбектер. Бұл кітаптарында автор берісі қазақ ақындарынан бастап, арысы «Гүлстанның бұлбұлдары» атанған Фирдоуси, Рудаки, Хафиз, Омар Хаям, Ә.Науаи, Ә.Жәми шығыс шайырларының өмірі мен шығармашылығы жайлы сөз қозғайды. Кезінде бұл еңбектің маңыздылығын айта келіп сыншы С.Әшімбаев: «...Атап айтатын жайт, мұндай еңбектердің оқушы қауымының танымын тәрбиелеуге пайдалы екендігі. Шығыс ақындарын жұртшылыққа кеңірек таныстыра түсуде елеулі мәні бар. Себебі, қазақ поэзиясының дамуында Шығыс поэзиясының тигізген ықпалы орасан зор екені даусыз. Абай мен оның алдындағы, кейінгі ақындардың қай-қайсысы да осы бір шалқар дариядан рухани сусындағаны мәлім.Сондықтан да сыншының осы екі арадағы эволюциялық байланысты арнайы зерттеуге ұмтылуы қуанарлық та құптарлық. Ең алдымен, Р.Бердібаев кітабының құндылығы осындай қажетті тақырыпты сөз еткенінде деп білеміз»[5].

Ал 1980 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Биік парыз» атты кітабының «Өнер асулары» атты алғашқы бөлімінде төл әдебиетіміздің жай-күйі

мен проблемаларына арналған сын-зерттеу мақалалары топтастырылса, «Дәуір үні» атты екінші бөлімі М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, С.Ерубәев, Ә.Тәжібаев сынды қазақ әдебиетінің он үш көрнекті өкілінің шығармашылық бейнесі сомдалған.

Қорыта айтқанда Р.Бердібай шығармашылық портреттер жасауда санаулы мақалалар ғана емес, тұтас жинақтарымен, кітаптарымен көрінетін сыншы. Өзінің дарын қуатымен, терең білімімен төл әдебиетіміз бен түрік халықтары әдебиетінің көрнекі өкілдерінің сом тұлғасын, шығармашылық дара бітімін танытқан мол мағлұматты, ғибратты әдеби портреттер шоғырын жасаған қаламгер. Сыншы Т.Тоқбергеновтің «Тәкен Әлімқұлов» атты әдеби портретін, эссесін кейінгі кезде зертеушілер «роман-портрет» деп атап жүр. Сыншы, ғалым З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» немесе сыншы С.Жұмабектің «Айтматов әлемі» бұл тарапта шоқтығы биік шығармалар екені сөзсіз. Р.Бердібай сыншы ретінде белгілі бір қаламгердің әдеби әлемін ашып, кесек дүние бермеген. Есесіне, өз уақытысында көптеген қаламгерлеріміздің әдеби тұлғасын танытқан, сәтті сомдаған тағлымды, ғылыми сипаты басым шығармашылық портреттері төл әдебиетімізге қосылған сүбелі дүниелер екені дау тудырмайды. Р.Бердібаев портреттерінің басты ерекшелігі, шығарма объектісіне айналған қаламгер жайлы жұртшылыққа жан-жақты, толыққанды, сараптамалық сипаттағы мағлұмат ақпарат, беретіндігінде болса керек. Бұл жағынан қаламгердің публицистік, ғылыми, зерттеушілік қабілеттерінің көмегі тиетінін ағардық. Оның үстіне портреттің өзі қамтымайтыны кемде-кем әмбебап жанр. Себебі портрет жанрының бойында «көркемдік, ғылыми талдау, жинақтау, заман рухы, проблема, пікірталас бәрі-бәрі бар»[1,98]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары.- Алматы:Санат,1999.
2. Бердібай Р. Мұхтар шыңы:-Алматы,1997, 208б
- 3.Бес томдық шығармалар жинағы.4т. А:-Қазығұрт,2005.
4. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы.-Алматы: Жазушы,1977.
- 5.Керімбеков М. Ілияс Омаровтың әдеби-сыншылық мұрасы.ф.ғ.к. канд.дисс. Түркістан,2002.
6. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік.-Алматы: Жазушы,1983.

Ж.Б.ИБРАЕВА,
*Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, к.ф.н., доцент*

А.М.КАПАШОВА,
*Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая
магистрант 2 курса*

СПОСОБЫ МЕЖКУЛЬТУРНОГО ДИАЛОГА В МАЛОЙ ПРОЗЕ Г.К. БЕЛЬГЕРА

Цель исследования – определить способы, с помощью которых в рассказах Герольда Бельгера осуществляется межкультурный диалог.

Объект исследования – Малая проза Г.К. Бельгера: рассказы «Абильмажин», «Дедушка Сергали», «Рыжий Рысбек из аула Кастек», «Сухари», «В путь журавлей провожаю один я». Предмет исследования – культурная составляющая данных рассказов.

Актуальность исследования обусловлена явлением глобализации, которое непосредственно коснулось и области литературы, вследствие чего важным становится изучение межкультурных связей, в том числе в литературных произведениях.

Новизна исследования заключается в том, что впервые предпринята попытка исследования способов передачи межкультурного диалога в указанных рассказах Г.К. Бельгера и, в частности, анализ признаков межкультурного диалога, который прослеживается через их содержание.

В анализируемых рассказах встречаются слова и фразы из языков, родственных автору, имена персонажей, характерные для этих языков. Кроме того, отображаются различные элементы немецкой, казахской и русской культур, описания традиций и обычаев их представителей.

Материал и методы исследования. В качестве материала исследования были выбраны пять литературных произведений Герольда Бельгера из сборника «Казахские арабески: Статьи, эссе, рецензии, этюды» [3]. Это рассказы: «Абильмажин», «Дедушка Сергали», «Рыжий Рысбек из аула Кастек», «Сухари», «В путь журавлей провожаю один я» (код доступа: <https://adebiportal.kz/upload/iblock/3ae/3aec1a73085387e96615b8697192be89.pdf>).

Для выявления способов реализации межкультурного диалога использовался культурно-исторический метод, основанный на анализе художественного произведения через призму культурно-исторического аспекта. Были определены как языковые средства, в которых прямо отразилось

взаимодействие нескольких культур, так и элементы идейно-смысловой стороны рассказов, в которых связь между культурами отразилась косвенно.

С учетом сложившейся в казахстанском многонациональном обществе ситуации открытости культурному диалогу интерес к творчеству полилингвальных писателей многократно возрос. Наша работа посвящена анализу творчества Герольда Бельгера, прозы малого жанра. Несмотря на то, что в современном литературоведении с точки зрения отражения в нем диалога культур посвящено немало статей, взятые нами произведения не исследованы.

Сделаем обзор имеющихся исследований, в которых аргументируется способность автора к межкультурному диалогу через призму конкретных фактов из его биографии.

В.В. Сиряченко отмечает, что Г.К. Бельгера можно по праву считать носителем мультикультурности Казахстана [1, 118]. Он подчеркивает, что свободное владение казахским, русским и немецким языками, а также крепкие духовные узы с менталитетом этих народов позволили этому талантливому писателю разносторонне отразить в своих произведениях особенности картины мира, сложившейся в мировоззрении казахов, русских и немцев, в том числе – языковой. «Мотивы трех струн» – струн казахского, немецкого, русского народов – тесно переплелись в творчестве писателя. Когда он пишет на одном языке, знание трех языков все же проникает в текст. Сам автор отмечает, что зачастую это выражается спонтанно, само собой, независимо от его желания. Эту особенность автора отмечает ряд критиков и исследователей его творчества. Иногда он калькирует иноязычные, инобытийные выражения, образы. Герой-казах говорит по-казахски или речь его колорирована. И немец говорит либо по-немецки, либо «с немецким акцентом».

Сам Герольд Бельгер в своей статье «Исполины духа. Гете-Пушкин-Абай» объясняет мультикультурность своего творчества ориентацией на выдающихся представителей немецкой, казахской и русской литературы – трех «титанов человеческого Духа», блистательных мастеров слова – Гете, Пушкина и Абая. Эти гении, «избранники Земли», выражали вечные человеческие ценности, и каждый из них делал это на своем родном языке. Иоганн Гете создал бессмертный «Vermachtnis», Александр Сергеевич Пушкин писал: «Я памятник себе воздвиг нерукотворный...». Абай же призывал: «Жүрегімнің, түбіне терен бойла...» [2, 61].

Остро ощущая внутри себя дух этих трех языков, Герольд Бельгер стремился комбинировать их в рамках в одного произведения, будь то роман или рассказ. Таким образом, писатель стремился отразить национальный колорит каждого из народов, с которыми был тесно связан [2, 127].

Человек, владеющий двумя или более языками, обладает особым мышлением, особым мировидением и, соответственно, особой манерой создания текстов. Вот как об этом пишет Бахтикиреева У. М.: «Синтез двух языковых культур, функционирующих в одном сознании, передает информацию с присущими ей особенностями. Способ описания творческой билингвальной личностью первичной языковой картины мира на языке приобретенной

(русской) культуры имеет свои свойства, свои качества, которые как стимуляторы воздействуют на русского читателя». Связано это с тем, что «двуязычие – это диалог мировоззрений, систем мира. При нем получается стереоскопичность зрения, объемность мышления. С другой стороны – на этом уровне появляется плодотворная самокритика мысли и слова. Ибо «двуязычник», живя между двух моделей мира, явственно ощущает недостаточность, относительность каждой из них, чего не видит самоуверенный «одноязычник», на каком бы великом языке он не мыслил» [3].

Вызывают интерес научные исследования казахстанских ученых по вопросам билингвальной ситуации в республике, вопросам художественного билингвизма, исследования казахско-русского художественного литературного двуязычия [4] и т.п. Например, работа Е.А. Журавлевой по национально-языковой картине мира [5], или работа Р.О. Туксайтовой по вопросам речевой толерантности в билингвистическом тексте [6] и др.

В результате анализа пяти рассказов Герольда Бельгера, написанных на русском языке, были выявлены *иноязычные вкрапления, концепты*, выражающие культуру немецкого, казахского и русского народов. Обращение к культурно-историческому методу позволило выделить следующие способы осуществления межкультурного диалога в рассмотренных произведениях:

2. Добрица В.П., Матвеева И.С., Захарова Е.С. Ақпараттық технологиялар қысылған білім беруді жүзеге асырудың шарты ретінде. // Вестник МГПУ, Информатика және білім беруді ақпараттандыру сериясы, 2008 ж., No 16, б. 82
3. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3. - с. 78.
4. Бычков, А. В. Инновационная культура/ А. В. Бычков// Профильная школа. - 2005. - № 6. - с. 83.
5. Бегешова Ұ.Н. Білім берудегі сын тұрғысынан ойлау стилі:/ Халықаралық ғылыми - тәжірибелік online конференция «Пандемия кезіндегі көркемдік білім беру: мәселелер және жаңа шешімдер» Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 24.12.2021ж 111-115 бет.

Айым ТІЛЕКТЕС,
*Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты*

САЯСИ ОБРАЗ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕИАДИСКУРСТЫҢ РӨЛІ

Медиадискурстағы саяси образды қалыптастырушы факторларды талдамас бұрын, жалпы дискурс не екенін, анықтамасы қандай екенін анықтап алған жөн.

Дискурс – мәтіндердің тұтас бір жиынтығы, сонымен қатар ол – белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі тұтас мәтіндердің ағыны секілді. Нақтырақ айтсақ, жазбаша, сондай-ақ ауызша мәтіндерде айқындалатын уақыт пен кеңістіктің өзі дегенді білдіреді. Ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, дискурс: «тіл ішіндегі

тіл», сол себепті болар, ол өз мәтіндері болатын әрбір тіл ретінде сипатталады. Бұл ретте, «өз» деп отырғанымыз – сол бір дискурсқа тән келетін ерекшелік, өзгешелік. Осыған сәйкес Ю.С. Степановтың мына бір пікірін толық құптаймыз: «Ең бастысы және ең алдымен, дискурс мәтінде орын алады, бірақ қандай мәтін дегенде – ерекше грамматикасы, ерекше лексиконы, ерекше сөзқолданысы мен синтаксисі, ерекше семантикасы, сайып келгенде – ерекше дүниені айқындайды. Әрбір дискурс әлемінде өзіндік синонимдер қолданысы, ақиқат пен шынайылық, өз этикет ережелері болады» [1]. Сондықтан да әрбір дискурс түрін ерекше етіп тұратын негіз, оның тілінің белгілі бір қызмет саласындағы (ғылым, білім, саясат, медицина, спорт, БАҚ және т.б.) немесе рухани тәжірибе өрісіндегі (өнер, дін т.б.) жұмсалуды.

Қазіргі қоғамдағы коммуникативті-ақпараттық жағдай барлық бұқаралық ақпарат құралдарын (радио, теледидар, баспа) белсенді қолданумен сипатталады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына ықпал етті. Бұл дегеніміз бұқаралық ақпарат құралдары жедел, мобильді бола бастап, белгілі бір оқиғаларға жауап беру жылдамдығы бірнеше есе артты. Мұның бәрі сөздің өндірісі мен таралуына айтарлықтай әсер етеді. Осы тұста Г. Добросклонская бұқаралық ақпарат мәтіндері немесе медиа мәтіндер (лат. *media textus* - «құралдар, делдалдар») бүгінде тілдің өмір сүруінің ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады [1]. Сондай-ақ, ғалым «мәтін», «медиа мәтін» және «медиа дискурс» ұғымдарының аражігін ажыратты. Оның пікірінше, «мәтін-бұл хабарлама, медиатекст-бұл хабарлама+ арна, ал медиа дискурс – коммуникацияның барлық компоненттері бар хабарлама» [2]. Бұқаралық ақпарат құралдарының технологиялары мен бұқаралық коммуникациялардың дамуымен қатар дискурстар да медиатизациялануда. Медиа дискурстың әртүрлі синонимдік атаулары бар: масс-медиа-дискурс (2003), масс-медиа дискурс (Кочкин, 2003, Шейгал, 1998), бұқаралық-ақпараттық дискурс (Карасик, 1998, олянич, 2007) және т. б. Бұл мақалада біз медиа дискурстың «прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен біріктірілген, бұқаралық коммуникация құралдарымен көрсетілген, оқиға аспектісінде көрсетілген, әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесуге қатысатын және коммуниканттардың сана механизмін көрсететін біртұтас, ауызша немесе вербальды емес, ауызша немесе жазбаша мәтін» ретінде анықтамасын қарастырамыз [2]. Медиа дискурсты екі тәсіл арқылы анықтауға болады. Бірінші тәсілге сәйкес, медиа дискурс-бұл тек бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық өрісіне тән сөйлеу әрекетінің ерекше түрі. Бұл тұрғыда медиа дискурсты және дискурстың басқа тәуелсіз түрлерін, мысалы, саяси, діни, ғылыми және т.б. ажырату керек. Екінші тәсілге сәйкес, медиа дискурс бұқаралық ақпарат құралдары шығаратын бұқаралық коммуникация саласында жүзеге асырылатын дискурстың кез-келген түрі ретінде қарастырылады. Сонымен, медиа дискурстың саяси, діни, педагогикалық және басқа түрлері туралы айту арқылы олардың жүзеге асырылуы үшін институционалдық

дискурстың бұқаралық ақпаратты өндіру, тарату және түсіндіру тәжірибелерінің салыстырмалы түрде тұрақты жиынтығының болуын болжайды [3].

Елдің саяси образын қалыптастыруда медиадискурс қандай рөл атқарады?

Жоғарыда медиадискурс бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін барлық форматтың жиынтығы екенін атап өттік. Яғни, БАҚ-тың көмегімен саясаткерлер, лауазымды тұлғалар елге қатысты барлық мәселелерді талқылайды, оны шешу үшін өз идеяларын ұсынады.

Алғаш рет британдық жазушы, тарихшы және философ Томас Карлейль айтқандай, БАҚ – «төртінші билік». Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары біз өмір сүріп отырған қоғамға қатысты әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени, саяси және т.б. әртүрлі фактілер мен білімнің таратылатын қайнар көзі. Ол қоғамдық пікірді қалыптастыруға ерекше әсер ететін «күшті» құрал. Демек, масс-медиа – мерзімді баспасөз, радио, теледидар, ғаламтор көздері, жалпы ақпарат таратушы құрал болып табылады. Адам өзін қызықтыратын мерзімді баспасөзге, телеарнаға, радиоға, ал қазір ғаламтордағы әлеуметтік желілерге тәуелді. Ол адамның қоршаған ортаны қабылдауындағы «дәнекер» іспеттес. Яғни, масс-медиада жарияланатын медиа-мәтіндер негізінде нәтижеге қол жеткізуге болады (Кесте 1).



Кесте 1.

Бұқаралық коммуникация мәселесіне назар аударатын болсақ, олардың (дискурстың) ақпаратты БАҚ арқылы беру жағдайында ие болатын ерекше медиалық қасиеттерін есепке алу қажет деп санаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, медиадискурс дегеніміз – күрделі феномен, күрделі сөйлеу-ойлау қызметі. Ол, ең алдымен, медиа-коммуникациямен тығыз сабақтастықта айқындалады, өз кезегінде ол ғылыми әдебиеттерде: «медиа-мәтін өндірісі, таралуы және

қабылдануының ерекшеліктері мен шарттарының жиынтығы», – деп түсіндіріледі [5].

Бұл мақалада біздің назарымыз саяси медиа дискурсты талдауға бағытталған. Профессор Е.И.Шейгал саясат басқа салалармен салыстырғанда адамдардың көпшілігіне, қоғамдық санаға ерекше әсер етеді деп санайды. Саяси образды қалыптастыруда медиадискурс маңызды рөл атқарады, ол саяси коммуникацияны жүзеге асыруға ерекше әсер етеді. Осылайша, саясаткерлердің әртүрлі отырыстарда, жиналыстарда, саяси пікірталастарда сөйлеген сөздері саяси дискурстың жарқын мысалы болып табылады. Тіпті, оларды жүргізушінің түсініктемелерімен бірге теледидардан көрсетудің өзі- саяси медиа дискурс.

Қысымның негізгі тетіктерінің бірі-теледидар ғана емес, сонымен қатар басылған журналистік мәтін. Нақтырақ айтқанда, газеттер, ақпараттық порталдар мен ресми сайттар. Бұл өз кезегінде билік пен халық арасындағы ақпараттық байланысты күшейтеді. Мысалға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысында сөйлеген сөзін талдайтын болсақ.

«ШЫҰ қызметі оның жарғылық құжаттарында көрсетілген негізгі қағидаттардың өзектілігін айқындады. Олар: экстремизм, терроризм, сепаратизм секілді «үш зұлымдыққа» қарсы күрес, мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ішкі істерге араласпау. Ұйымның негізгі міндеті аймақтық қауіпсіздікті нығайту болып қала береді» [6].

Жоғарыда айтылған сөздерден Президенттің әр мемлекеттің тәуелсіздігі мен территориялық қауіпсіздігіне алаңдайтынын, сондай-ақ, ішкі істерге араласпау керектігін нақты айтты. Осы ұйымға мүше болып отырған әр ел ұйымның міндетін естен шығармау керек екенін айқындады. Президенттің сөзінен тұтас елдің образын көруге болады. Тарих бетіне шолу жасасақ та, ешқашан өздігімізден барып, біреудің жеріне көз алартпағанымыз белгілі. Яғни, барлығымен бейбіт өмір сүруді мақсат ететін елміз.

Тағы бір мысал ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзін қарастырайық.

«Қазақстан 30 жыл бұрын дәл осы мақсатпен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде кеңес (АӨСШК) құруды ұсынды.

Жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге байланысты алдағы қазан айында араағайындық пен бітімгерлікке атсалысу мақсатында Астанада өтетін Саммитте АӨСШК толыққанды халықаралық ұйымға айналады деп үміттенемін» [6].

Жоғарыда айтылған бұл мәтіннен еліміздің АӨСШК құрудағы мақсаты айқын екенін аңғаруға болады. Яғни, әр істе нақты қандай жоспары бар екенін көруге болады. Сонымен қатар, елдер арасындағы татулыққа да аса мән беретінін түсінуге болады. Жалпы осы мысалдар арқылы Президенттің әр мәтіні еліміздің саяси образын қалыптастырады. Яғни, бір елдің атынан халықтың қандай мақсаты, қандай екенін толық аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Добросклонская Т. Г. Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ. М., 2008.
2. Добросклонская Т. Г. Медиатекст как единица дискурса средств массовой информации // Актуальные процессы в различных типах дискурсов: политический, медийный, рекламный дискурсы и ин-тернет-коммуникация: материалы междунар. конф. (19–21 июня 2009 г.). М.; ярославль: Ремдер, 2009.
3. Кожемякин Е. А. Массовая коммуникация и медиадискурс: к методологии исследования // Научные ведомости. Серия «Гуманитарные науки». 2010. No 12(83). Вып. 6.
4. Кожемякин Е.А. Массовая коммуникация и медиадискурс: к методологии исследования // Научные ведомости Белгородского государственного университета . – 2010. No 2 (83). – С. 13-21.
5. Виноградова С.А. Политический медиадискурс как коммуникативное явление с манипулятивным потенциалом // Мир науки, культуры, образования. – 2010. – No 4. – С. 45-47
6. Ақорда ресми сайты

Әйгерім ҚАЛЫМОВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану
факультетінің 2-курс магистранты*

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ АНА МЕН БАЛА ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

Ана мен баланы қорғау, қолдау Қазақстанның ішкі саясатының негізгі бағыты саналады. Сонымен бірге аталған бағыт – мемлекеттердің өзара әріптестігінің де басты қайнары. Атап айтар болсақ, азаматтардың репродуктивті әлеуеті, елдің зияткерлік деңгейі, жас буынның физикалық, интеллектуалдық дамуы, аналар мен балалардың денсаулық жағдайы, мемлекеттің әлеуметтік қуатымен тығыз байланысты. Ана мен бала ауқымды әрі өзекті тақырып. Қоғамның барометрі саналатын Бұқаралық ақпарат құралдары адам құндылықтарын, оның ішінде ана мен баланың мәселелері мен өзге де жағдайларын ұдайы назарда ұстайды. Біз осы мақаламызда бірқатар ақпарат құралдарында жарық көрген жарияланымдарға шолу жасамақпыз. Ана мен бала тақырыбы сан-салалы, тоқсан тараулы мәселеден тұрады. Әлемдегі көшбасшы мемлекеттерде, Орталық Азия көлемінде және елімізде да ана мен баланы қорғау бағытында айтулы реформалар жүзеге асып келеді. 2020 жылы халыққа арнаған Жолдауында ҚР Президенті Қ.Тоқаев отбасылық ахуалды жіті назарға алу туралы айтты. Толық емес отбасы, бала сүйе алмау, ажырасу жағдайының көбеюі, балалардың құқығын қорғау мәселесі айтарлықтай өзекті.

Ана мен баланы қорғау, қолдау Қазақстанның ішкі саясатының негізгі бағыты саналады. Сонымен бірге аталған бағыт – мемлекеттердің өзара әріптестігінің де басты қайнары. Атап айтар болсақ, азаматтардың репродуктивті әлеуеті, елдің зияткерлік деңгейі, жас буынның физикалық, интеллектуалдық дамуы, аналар мен балалардың денсаулық жағдайы, мемлекеттің әлеуметтік қуатымен тығыз байланысты. Ана мен бала ауқымды әрі өзекті тақырып. Қоғамның барометрі саналатын Бұқаралық ақпарат құралдары адам құндылықтарын, оның ішінде ана мен баланың мәселелері мен өзге де жағдайларын ұдайы назарда ұстайды. Біз осы мақаламызда бірқатар ақпарат құралдарында жарық көрген жарияланымдарға шолу жасамақпыз.

Еліміздегі бас басылымның бірі «Егемен Қазақстанда» ана мен бала мәселесі үнемі көтеріліп, олардың қоғамдағы орны, әлеуметтік проблемалары мен шешу жолдарын ұсыну жағдайлары жиі талқыланады.

«Егемен Қазақстанның» 2021 жылғы 09 шілдедегі санында «Ана мен балаға» қандай әлеуметтік қолдау көрсетіледі?» атты мақалада осы санаттағы тұлғаларға жасалатын әлеуметтік көмек саясаты негізге алынады. Қазіргі уақытта елімізде 1,9 миллион балалы отбасы төлем және әлеуметтік жәрдемақы алушы болып саналады. Мақала авторы Ақмарал Ағзамқызы ана мен балаға берілетін әлеуметтік көмек және бюджеттен бөлінетін жәрдемақылардың 5 түрі бар екенін, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры тарапынан берілетін 2 төлем бойынша мәлімет таратқан. Аға басылым соңғы жылдарда нақты цифрлар мен мәліметтерге құрылатын ақпарат сипатындағы мақалаларға көбірек орын беріп жүр. Оның бір дәлелі – осы жазба деп айтуға болады. Журналист аталған мақалада Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі Асқар Ниязовтың таратқан мәліметтерімен туындының шынайылық функциясын күшейткенін байқаймыз. Автордың туындысынан көпбалалы аналардың, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға кәмелеттік жасқа толғанға дейін төленетін жәрдемақылар, жергілікті атқарушы органдар тағайындайтын әлеуметтік қолдаулар жайында сенімді ақпарат ала аласыз.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақсан- 2050» стратегиясында жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясат ана мен баланы қорғау болуы қажеттігін, себебі жарқын болашағымыздың негізі ұлт денсаулығы екенін баса айтатыны мәлім. «Егемен Қазақстан» газетінің басты бағытының бірі- ана мен бала денсаулығы мәселесі. Жетекші басылымда жарияланған медицина ғылымдарының докторы Зәуреш Аманжолованың «Бақыттың төресі – бала сүю» мақаласында Қазақстандағы демография ахуалы, бала туу көрсеткіштері, кездескен кедергілер мен қиындықтар, бүгінде осы бағытта жасалып жатқан жұмыстары жөнінде толық баяндалады. Туынды авторы медицина саласының кәнігі маманы болғандықтан да арқау етіп отырған тақырыбын жетік біледі. Әлеуметтік жағдайдың кешегісі мен бүгінін тамыршыдай тап басып таниды. Ғылым докторы бала туу көрсеткішінің артпауына тоқсаныншы жылдары дәрігерлердің жалақыны уақтылы алмауы, операцияға

керек-жарақтардың тапшылығы, коммуналдық қызмет төлемдері үшін берешектің жиылып қалуы секілді мәселелер себепкер болғанын жазады.

Сараптамалық материалдың бір артықшылығы – ана мен балаға арналған халықаралық және қазақстандық бағдарламалар жөнінде нақты мәліметтердің қамтылуы дер едік. Айталық, 1993-1995 жылдары ЮНИСЕФ-халықаралық балалар қоры және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлесіп, жаңа технологиялық әдістер енгізілгені, ДДҰ-ның 1987 жылы бастау алған халықаралық бағдарламасы аясында қазақстандық жүкті әйелдер мен жоғары қауіпті топтағы босанған аналарға акушерлік-перенаталдық жәрдем жасалуы, сондай-ақ елімізде 2005 жылы қабылданған «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңның оң нәтиже бергені, соның арқасында туу көрсеткіші өсе бастағаны бұл тақырыптың толықтай ашылуына ықпал етіп тұр.

Зәуреш Аманжолова аталмыш мақаласында медицина кадрларының тапшылығы мен оларды ынталандырудың өз деңгейінде болмауы, денсаулықты нығайту және ортақ жауапкершілік мәселелері барысында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттілігі, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік жайын проблема ретінде қарастырған.

Алайда өзекті мәселелермен қатар ел игілігіне жараған жұмыстар да бар екенін айтуға тиіспіз. Мысалы, өткен жылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекс жүзеге асты. Маңызды құжаттың 79-бабында қазақстандық азаматтар мен отбасының ұрпақ сүю құқықтарын қорғау саласындағы міндеттер қамтылған. Нақтырақ айтқанда, ҚР азаматтары репродуктивтілікті еркін таңдауға, репродуктивтік денсаулықты сақтау мен отбасын жоспарлау бағытындағы көрсетілетін қызметтерді алуға, өзінің репродуктивтік денсаулық жағдайы жайлы анық және толымды ақпарат алуға, бедеуліктен, оның ішінде Қазақстанда рұқсат етілген репродуктивтіліктің қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге, контрацепция әдістерін пайдалануға және еркін таңдауға құқығы бар.

Соның аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша квота мөлшерін 7 есеге көбейтуге тапсырма бергені мәлім. Балалы бола алмаған отбасылардың көбісі ұрпақ сүю үшін арнайы технологияларға жүгінеді. Яғни, шамасы жеткендер ЭКО арқылы жолын тауып, сәбилі болады. Жылдың басынан бері елімізде «Аңсаған сәби» әлеуметтік бағдарламасы бастау алып, қаншама ерлі-зайыпты ата-ана болу мүмкіндігіне ие болды.

Еліміздегі телеарналарда да ана мен бала денсаулығы жөнінде хабарлар ұйымдастырылып тұрады. Еліміздегі басты арналардың бірі – «Қазақстан» ұлттық арнасында аталған тақырыпты еркін қаузайттын бағдарламалар аз емес. 2020 жылдан бастап қазақстандықтарға медициналық кеңес беруге бағытталған «Теледәрігер» жобасы көрерменмен қауышқаны белгілі. Телехабар аптаның дүйсенбі- жұма күндері эфирге шығады. Жобаның басты мақсаты да сол -

көрермендерге, әсіресе шалғайда жатқан елді мекендердегі азаматтарға күн сайын медициналық ақпарат беру.

2021 жылы «Теледәрігер» бағдарламасында ана мен балаға арналған «Жүктілік: Босануға дайындық», «Бала денсаулығы: іш қату себептері», «Жүктілік кезіндегі күтім», «Ұл баланың жыныстық жетілуі», «Қыз баланың жыныстық жетілуі», «Баланың тілі неге кеш шығады?» тағы басқа талқыға салынды. Осы ретте «Жүктілік кезіндегі күтім» тақырыбында эфирге шыққан бағдарламаға тоқталып өтейік. Бағдарлама спикерлері гинеколог маман Гүлмира Мұратқызы, терапевт Рыскүл Жақсылыққызы «жүктілік кезінде болашақ ана нені ескеруі керек?», «Дәрігерге қашан тіркеліп, қандай тексерілулерден өту керек?», «Кесір тілігі туралы не білесіз?», «Жүктілік кезінде қандай дәрумендер қабылдау керек?», «Жүктілік кезіндегі артық салмақ пен ісіну» жөнінде байыпты байламы мен тәжірибе барысында түйген ойларын ортаға салады. Айталық, дәрігер Гүлмира Мақажанова көп жағдайда жүкті әйелдер тіркеуге кеш барып жататынын айтып, мұндай бейқамдыққа салынбау қажеттігін ескертеді. Әсіресе жүктіліктің алдында 3-6 ай бұрын медициналық тексерілген өтудің маңыздылығын ұғындырады. Сондай-ақ, әйелдің аяғы ауыр уақытында күйзелістің қауіптілігі де екпін түсіре айтар жағдайға айналған.

Жүктілік мезетінде болашақ ананың жүйке жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алатыны, әсіресе, бұл кезде ұмытшақтық қылаң беретінін мамандар түсінікті тілде баяндайды. Сондықтан жүктілік кезінде күйзеліске жол бермеу үшін уайым, реніш пен үрейден арылу қажет. Бағдарламаның түйіні - кішкентай өмір иесін сауатты түрде дамыту. Яғни, дені сау әйел салауатты ұрпақты өмірге әкелу жолында талап пен тәртіпке бірдей бағыну керектігі дәрігерлердің айтар ойына негіз болады.

Бағдарламадағы маңызды тақырыптардың бірі – ұл мен қыз балалардың жыныстық жетілуі дер едік. Хабарға өзек болған жайт – болашақ азаматтардың дұрыс қалыптасуы. Бүгінгі таңда осы бір айрықша жағдайға жіті мән берілмегендіктен, көптеген келеңсіз оқиғалардың орын алып жатқаны өкінішті. Бағдарлама спикерлері гинеколог Дина Нұрланқызы мен педиатр Раушан Нұрболатқызы қазіргі кезде баланың өз жасынан ерте жетілу үрдісі байқалып отырғанын жеткізеді. Телехабарда ата-аналарға бойдағы стереотиптерді жойып, жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қабылдау туралы кеңестер беріледі.

Ел өміріндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік оқиғалар мен мәселелерді сараптайтын «Ашық алаң» ток шоуында ана мен бала тақырыбы жиі талқыға салынады. Студияға арнайы шақырылған қонақтар модератор сұрақтары мен әлеуметтік желі арқылы келіп түскен, көрерменді толғандырған түрлі сауалдарға жауап береді. Ұлттық арнаның басты бағдарламасында 2021 жылғы 16-қараша күні «Вакцинация: ана мен бала» тақырыбы негізге алынды. Бағдарлама спикерлері ДСМ Санитарлық эпид бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев, осы комитеттің бас сарапшысы Айдана Ерғасен, Талдықорған қаласының Санитарлық эпид бақылау басқарма басшысының орынбасары Сәкен Мелдебаев, Батпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және

ортопедия орталығының бөлім меңгерушісі Жүзім Ташанова жүкті әйелдер мен балаларға вакцина салу үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ой қозғайды. Мысалы, ата – аналарға түсіндіру жұмыстары, вакцинаны салуға рұқсат етілетін жас шамасы, балаларға екпе салудың қажеттілігі, ұжымдық иммунитетті қанша пайызға жеткізгенде коронавирусты жеңілдете аламыз деген сауалдарға спикерлер жауап іздеді. Себебі, халықты алаңдатып отырған сауалдарға нақты әрі шынайы жауап берілмеген жағдайда ана мен баланың денсаулығы үшін қауіпті жағдайлар орын алып кетуі мүмкін. Бағдарламаның мақсат-міндеті де сол, вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеу болды.

Ұлттық арнадағы сүйекті бағдарламаның бірі – «Мәселе» хабарында да бұл тақырып көбірек көтеріліп жүр. 2021 жылдың 23 қазанында «Мәселеде» бала тәрбиесі жайында арнайы хабар дайындалды. Айталық ежелден қалыптасқан баба дәстүрін, ұлттық құндылықтарды жаңа заманмен қалай сәйкестендіреміз, баланы смартфоннан қалай аулақ ұстауға болады, ата-ананың ұл-қызымен қарым-қатынасы қандай қалыпта дамуы қажет деген сияқты мәселелер тілшілердің зерттеуіне арқау болғаны мәлім. Мәселен, осы хабарда пікір білдірген белгілі ақын, көпбалалы ана Егеухан Мұқамәдиқызы «Өзіміз бала тәрбиелеген кезде оларды ілікке жараған уақытта еңбекпен тәрбиеледік. Сабағынан да, өнерінен де қалдырған жоқпыз. Балаға біліммен қатар өнерді да дарытып өсіру керек. Ата-ана балаға мейірімін төгумен бірге талап та қоя білу керек. Бала жағаласпауы тиіс дүниелерді де ескертуді ұмытпаңыз» деген мазмұнды ой айтады. Әлеуметтік хабарда баланың бос уақытын толтыру жайы да назарға алынғанын аңғарамыз. Мысалы оқушының сабақтан тыс уақытын үйірмеге арнауы қажеттілігі, сондай-ақ оның да шет-шегін білуі абзал екенін сарапшы мамандар байыпты байламдарымен түсіндіреді.

Ұлттық арнаның шымылдығын ашатын «Таңшолпан» бағдарламасы эфирінен де көпбалалы аналар жиі көрсетіледі. 2021 жылы 24 мамыр күні жарияланған Айнұр Маратқызының сюжетінде көпбалалы ана Гаухар Ешмұратова отбасы жайлы айтылады. Тоғыз бала тәрбиелеп өсірген ана осы күнге жеткенше бірқатар қиындықтарды бастан өткерген. Өмірге тоғыз бала әкелсе де кейіпкер балаларын масылдықтан ада, еңбекқор болып өсуге баулитын білдік. Менің өмірлік ұстанымым тек алға ұмтылу дейді көпбалалы ана Гаухар Ешмұратова.

Бала – өмірдің шамшырағы, ата-ананың көз нұры. Әр шаңырақ сәбидің шырылымен, нәзік үнімен шаттық-қуанышқа толы. «Артында қызы қалғанның – ісі қалғаны, ұлы қалғанның өзі қалғаны», - дейді бабалар нақылы. Ойшылдар бала болмаса адам мен адамның табиғи байланысының болуы да мүмкін емес деген сөз қалдырған. Өмір ұлағатты ұрпақсыз, ізінді жалғар ұл-қызыңсыз мәнді ме? Алайда бала сүйіп бақытқа бөленгенімізбен, әлем бойынша бала құқығының сақталмай отырғаны қоғамды алаңдатады. Республкалық «Айқын» газетінің 2021 жылғы 1 санында «Бала құқығы неге бұзылады?» атты мақала жарияланған. Жазба авторы Айбике Жанасыл бала құқығының бұзылғанын бірнеше фактілермен келтірген. Бала құқықтары туралы халықаралық конвенцияда балалардың білім алуға, ақысыз медициналық жәрдем алуға, өзі

таңдаған спорт түрімен айналысуға, тынығуға және мәдени демалуға құқылы екені жазылғаны айқын. Қазақстан тарапы да бұл құжатқа қол қойғандықтан, аталған құқықтың қорғалуын қадағалауға міндетті. Алайда, кейбір денсаулық сақтау басқармалары мен әлеуметтік қызметтер, мектеп әкімшіліктері бұл мәселелерге немқұрайлы қарағандықтан, бала құқығы бұзылған. Келеңсіздікпен күресуге Бала құқығын қорғау уәкілі Аружан Саин кіріскенін жазады журналист. Уәкілге азаматтардан 663 шағым жолданып, соның бірқатары шешімін тапқаны белгілі болды. Атап айтқанда кибербуллингтен зардап шегу, суицидке итермелеу, дәрі-дәрмекпен қамту, тұрғын үйге қатысты проблемалар шешімін таппай жатады деп пікір білдірген Аружан Саин.

Ана мен бала тақырыбы сан-салалы, тоқсан тараулы мәселеден тұрады. Әлемдегі көшбасшы мемлекеттерде, Орталық Азия көлемінде және елімізде да ана мен баланы қорғау бағытында айтулы реформалар жүзеге асып келеді. 2020 жылы халыққа арнаған Жолдауында ҚР Президенті Қ.Тоқаев отбасылық ахуалды жіті назарға алу туралы айтты. Толық емес отбасы, бала сүйе алмау, ажырасу жағдайының көбеюі, балалардың құқығын қорғау мәселесі айтарлықтай өзекті.

Көптеген елдердің Конституцияларында бекітілген Еңбек және Отбасы кодекстерінде, сондай-ақ «Бала құқықтарының кепілдіктері туралы», «Денсаулық сақтау туралы» заңдарда басқада заңнамалық құжаттарда көзделгені мәлім. Соңғы кездері қабылданған бастамалар нәтижесінде өмір сүру сапасы өсіп, ана мен бала арасындағы өлім-жітім статистикалары төмендеп, денсаулық жағдайлары жақсарғаны байқалады. Осылайша, қос санаттың құқығын сақтау аясындағы қабылданған шаралар ел тұрақтылығына сеп болуда. Бұл тұрғыда қоғамның өркендеуіне бұқаралық ақпарат құралдарының тигізген оң әсер баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қазақстанда ана мен балаға қандай әлеуметтік қолдау көрсетіледі? (egemen.kz)

Бақыттың төресі – бала сүю (egemen.kz)

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>

<https://www.youtube.com/watch?v=kwf6ZRDanQE>

<https://www.youtube.com/watch?v=nnW5nAX5D60>

https://www.youtube.com/watch?v=X4q_E8SjEe4

<https://aikyn.kz/142033/bala-kukygy-nege-buzylady/>

<https://strategy2050.kz/news/ana-men-balany-or-au-memleket-damuyny-kepili/>

Меруерт САФАЕВА,
*Л.Н.Гумилев атындағы Еурзия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты*

БАҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Қазіргі дәуір – ескі стереотиптерге жаңаша қарауды, қоғамдық өмірдің барлық саласында сапалы өзгерістерді қажет ететін дәуір. Дүниетанымдық бағдарларды өзгерту, құндылықтар жүйесін қайта қарастыру – бүгінгі уақыт талабы. Жаһандану дәуірі алып келген адамзаттық проблемалар, әлеуметтік және саяси толқулар, өркениеттің өзгеруі қоғамның барлық саласына ықпалын тигізді. Оның ішінде әйелдің жеке басының өзгеруі мен тұлға ретінде дамуы, оның өзін-өзі тануы, гендерлік теңдік, әлеуметтік тұрақсыздық, отбасы проблемасы, құқықтық нигилизм, зорлық-зомбылық – осының бәрі әйел психологиясына әсер етті. Қоғамда болып жатқан әр түрлі оқиғалар әйел психологиясын сан түрлі трансформацияға ұшыратты. Ал «Қоғамдық қатынастарды мәдени салада трансформациялайтын институт, ол – медиа».

Әйел психологиясын осы тарихи жағдайларда және оның жеке басының көрінісінің маңызды салаларында қайта қараудың қажеттілігі ескерілуі тиіс. Осыдан келіп қазіргі қазақстандық БАҚ пен әлеуметтік медиада аталған мәселелер, әйел психологиясы тақырыбы қалай көрініс табады деген сұрақ туындайды. Қоғамдық өмірдің әр түрлі жағдайында көрініс табатын әйел психологиясына қатысты нәзік тақырыптарды жазғанда этика мәселесінің сақталуы, әйел адамның абырой-беделіне нұсқан келмеу, жеке бас қауіпсіздігі, құқының сақталуын саралау – зерттеуге алған жұмысымыздың негізгі бағыты. Белгілі себептерге байланысты әйел психологиясына қатысты жекелеген мақалалар болмаса, отандық әлеуметтік-психологиялық зерттеулер мен әзірлемелер, жаңа деректер жоқтың қасы. Тақырып академиялық негізде тұңғыш зерттеледі. Бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі осыдан туындап отыр.

Сонымен қазақстандық БАҚ-та әйел психологиясы тақырыбының қозғалуын саралап көрсек.

«Қазақстан» арнасында әйел тақырыбында «Әйел әлемі», «Өмір көркем» сынды екі бағдарлама шығады. Алғашқысы ел дамуына елеулі үлес қосқан әйел кейіпкерлер жайында, екіншісі денсаулық формуласы, отбасы құндылығы, сұлулық құпияларын қозғайды [1].

«Хабар» арнасындағы «АйнаLine» бағдарламасында да әйел тақырыбы қозғалып тұрады. Соңғы шығарылымында (14.12.2022) жолдасының таяғына төзбей, бағдарламаға келген әйел жайында болды. Заңгер, имам, ақ жаулықты ана сарапшы болып, кәсіби кеңестерін білдірді [2].

«КТК» арнасында «Астарлы ақиқат» ток-шоуында әйел тақырыбы жиі қозғалады. Тақырыптық талғам сақталмайтын бұл бағдарламада ерте жастан ана

болған бала, ене мен келін, қайын ата мен келін, үйінен қашқан әйел, отбасын ойрандаған әйел сынды көрермен тартып, шоу жасау мақсатында тұрмыстық төмен тақырыптарға дейін барып жатады. Рейтинг қуу, көрілім санын ұлғайту мақсатында жеке адамның басына қатысты жайттарды жариялап, журналистік этика мәселесі жиі сақталмайды [3].

«Егемен Қазақстан» газетінде қыз-келіншектерге арналған жеке рубрика жоқ. Десе де ана тақырыбы, ұрпақ тәрбиесі, тұлға әйелдер жайлы жазылып тұрады.

«Айқын» газетінде де арнайы әйелдерге арналған рубрика жоқ. Дегенмен, әйел-ананың басындағы әлеуметтік жағдай, алданған, қылмыс жасаған әйел, көшбасшы әйел тақырыптары көтеріліп тұрады. Қараша айында емізулі баласымен такси жүргізген әйел жайлы мақала шықты. Тұрмыс тауқыметінен осындай қадамға барған ананың осы мақала шығып, еліміздің көптеген газет-арналары мәселені көтергеннен кейін тұрмысы түзеліп, үйлі болды [4].

Жалпы 2022 жылдың 13 қазанынан 10 қарашаға дейінгі шыққан ақпаратты шолып қарағанымызда байқағанымыз 50 ақпараттың 13 оқиғасы – суицид жасаған, зорланған, күйеуі пышақтаған, сабаған, жолдасының қолынан қаза тапқан әйелдер жайлы. Әйелдерге қатысты қылмыс хроникасы, зорлық-зомбылық оқиғаларынан көз ашпайсыз.

«Ulysmidia» сайтында «Ұмай» атты әйел тақырыбына арналған рубрика бар. Бұл рубрика апта сайын, не күн сайын жаңартылмағанымен, салмақты тақырыптар талқыланады. Тақырып аясы әр алуан. Әйелдерге арналған зорлық-зомбылықты жоюдың халықаралық күні қарсаңында мынадай мәлімет келтірілді: «Елімізде жыл сайын 400-ге жуық әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналған». Өте қорқынышты статистика. Күніне 1 әйел құқықтық, психологиялық не моральдық көмек ала алмай, озбырлықтың құрбаны болады деген сөз. «Зорлық-зомбылық құрбандары: қазақ әйелдерін кім қорғайды?» деп аталатын осы мақалада күйеуінің қолынан қаза тапқан жандардың оқиғалары мысалға келтіріліпті [5].

Азаттық радиосының «Зере» атты жаңа подкаст жобасы әйел құқығына арналған. Жоба авторларының сипаттауынша, бұл подкаст қоғам естімейтін я байқамайтын әйелдердің проблемасын шешуге бағытталған. Әр эпизод тыңдарманға әйел құқықтары туралы ой тастайды. Және оны пайдалану мүмкіндіктері я нұсқаларын ұсынады. Қоғам естімейтін, бірақ өзін өзгелері естігенін, тыңдап, түсінгенін қалайтын жандармен сұхбаттасады [6].

Енді әйел психологиясы көрініс берген жекелеген оқиғаларға тоқталып, талдау жасап көрейік.

2021 жылы 22 қараша күні 31 арнаның «Информбюро» қызметінен Алматыда 28 жастағы әйел тоғызыншы қабаттан үш баласын лақтырып, артынан өзі де секіріп кеткені туралы ақпарат тарады. Қоғамды дүр сілкіндірген трагедия сол күні еліміздің барлық арна, газет, радио, сайт, әлеуметтік желілерінде жарияланды. БАҚ оқиға орын алған жерді көрсетіп, суицид жасаған марқұм әйелдің көршілерін сөзге тартты. Ақпарат екінші күні де назарда ұсталып, жерлеу рәсімінен марқұм Бақтыгүл Қыдырбаеваның қайын атасы, туған

әпкесінен сұхбат алынды. Суицид жағдайына жеткізген әйелдің басындағы жағдай, әйел психологиясы тақырыбы сол аптада Алматы арнасының «Шешімі бар» ток-шоуында «Тоғызыншы қабаттағы қиямет» тақырыбымен талқыланды [7].

Марқұм Бақтыгүл Қыдырбаеваның әпкесі, сыныптасы, психолог, журналист, қорғаушы мамандар ток-шоуға қатысып, ой пікірлерімен бөлісті. Туған әпкесі скайп байланыс арқылы көптеген жасырын болған жайттың басын ашып, марқұмның жолдасынан да телефон арқылы сұрақ алуға талпыныс жасалды. Қарсы тарап толыққанды жауап бермеді. Осы тақырып бойынша жаңалықтар шығарылымы мен бағдарламадан белгілі болғандай, тұрмыс ауыртпалығы, өмірлік жарының опасыздығы, жақын туыс, қоғамнан оқшауланған өмір, естілмей қалған жан айқай – соңында әйел психологиясының трагедиялық жағдайымен журналистер жұмысынан таныс болдық.

2022 жылдың 12 сәуірінде «Түркістан» сайтында «9-қабаттан үш баласымен секірген әйелге қатысты қылмыстық іс жабылды» деген ақпарат шықты. Қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды [8].

Біздің елдегі БАҚ-та, өкінішке орай, әйел адамның суицид жасағаны, зорлық-зомбылық көргені жазылады, бірақ суицидке жеткізген жағдай, әлеуметтік, психологиялық, отбасылық факторларға терең талдау, журналистік зерттеу жасалмайды.

Медицина ғылымдарының докторы, психиатр Владимир Федорович Войцех: «Өкінішке қарай, суицидке қатысты көптеген теледидарлық хабарлар суицид мәселесі ашылмаған және суицидтік әрекеттер тек жеке адамдардың тәжірибесі тұрғысынан ұсынылатын телешоулар сипатына ие» дейді өзінің ғылыми еңбегінде [9].

Біз осы тақырыпқа қатысты жазылып, көрсетілген барлық БАҚ-ты шолып шыққанда, бірде бір кәсіби психолог немесе суицидологтың суицид белгілеріне жеке-жеке тоқталып, ғылыми тұрғыда жасаған терең талдауын кездестірген жоқпыз. Және біздің бүгінгі медиада зорлық-зомбылықтың құрбаны болған, алданған, отбасындағы патриархалдық қысымның салдарынан қоғамнан оқшауланған әйелдер жайлы жиі жазылады. Бірақ тығырықтан шығар жол қайсы, осындай факт орын алған жағдайда қайда бара алатыны жөнінде нақты кәсіби мамандар кеңесі берілмейді.

Қоғамда журналист суицид оқиғасын егжей-тегжейлі баяндамау керек деген де ұстаным айтылуда. «Атамекен бизнес» медиахолдингінің басшысы Қанат Сахарияның айтуынша, қазақстандық Медиа Альянс БАҚ редакциялары мұндай жағдайда журналист нені басшылыққа алу керек екендігі жайлы декларация ұстанымдары дайындалуда. «Ең бастысы, журналист кликбейтті құрал ретінде суицид оқиғасын жариялау барысында қолдануға болмайды» [10].

Ғылымда «Вертер эффектісі» деген түсінік бар. 18 ғасырда Еуропада Гетенің «Жас Вертердің азабы» романы шыққанда оқырмандар арасында романның бас кейіпкеріне ұқсағысы келетіндер саны артып, өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары жиілеп кеткен екен. Сөйтіп бұл романның таралуына тыйым салынған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан жүргізілген 50-ден астам зерттеу нәтижесі де адамдарды суицид жағдайға жеткізуге БАҚ-тың ықпалы зор екенін растаған.

Жалпы журналистерге арналған Суицидтің алдын алу жөніндегі ДДСҰ-ның арнаулы нұсқаулығы бар. Онда өз-өзіне қол жұмсау фактісін сенсация ретінде бермеу, ақпаратты бірінші жаңалық ретінде орналастырмау, оқиға болған жерді тәптіштеп көрсетпеу жайттары айтылған. Бірақ медианың тағдырын рейтинг шешетін қазақ қоғамында бұл нұсқаулықта айтылған жайттар орындалмай отыр.

«Технологияның біздің психикамызда көрініс беруінің әсері зор. Біз біреуді кінәлауға сенімді құқымыздан айырылып қалдық. Бүгінгі қоғамда «қылмысқа рақ құрбанына қарағандай қараймыз» деген еді ирландтық жазушы Джон Миллингтон Синг «Плейбой западного мира» кітабында [11].

Ақпараттар тасқыны секунд сайын жаңарып жатқан қоғамда жаңалықтарды жағымсыз фактілермен толтыра бермей, байыпты талдау, салмақты саралау жасалуы керек. Мұнымен, біз мысал келтірген факт жабулы күйінде қалуы керек деп түсінбеуіміз қажет. Керісінше, әйел психологиясының жан айқайын дер кезінде көре білетін қоғамдық институттар жұмыс істеуі, заң нормалары қайта қарастырылуы тиіс. Суицид сынды психологиялық дерттің қоғамда алдын алу үшін салмақты бағдарламалар жасалуы тиіс.

БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасының Тұрақты өкілінің міндетін атқарушы Стелиана Недера; «Біз әрбір ұлттың болмысы тек қана ерлер емес, сонымен қатар әйел бейнесінен тұратынын сезінуіміз қажет. Гендерлік теңдік әрбір елдің, атап айтқанда Қазақстанның да демократиялық мемлекет құруға тырысатын болашақтағы іс-қимылының бөлігі болып табылады. Отбасы мен жұмыста, қоғам мен мемлекеттегі әйелдер мен ерлердің тең мүмкіндіктері нормаға айналуы тиіс» деді өз сөзінде [12].

Қазақстан заңында ерлер мен әйелдердің тең құқық, тең мүмкіндіктері қарастырылғанымен, күнделікті өмір практикасы басқа жағдайды көз алдымызға әкеліп отыр. Оған біз мысал еткен факт дәлел. Алматыда тоғызыншы қабаттан балаларымен секіріп, мерт болған Бақтыгүл Қадырбаеваның оқиғасы талқыланған «Шешімі бар» ток-шоуында «Біздің оңтүстіктің менталитетінде «өлсең, сүйегің сол үйден шықсың» деп тәрбие береді» деген сөз айтылды. Отбасындағы барлық конфликт, шешілмеген мәселелерді сырт көзден, тіпті әкешеден тасада ұстап келген, жолдасының қалауын бірінші орынға қойып, қоғамнан оқшауланып қалған әйел жан күйзелісінен суицид жасады. Демек қазақ отбасында берілетін патриархалдық тәрбие қоғамда дискриминация туғызып отыр.

Дәл осы ақпарат тарағанда әлеуметтік медида марқұм Бақтыгүл Қадырбаеваның адресіне әртүрлі жағымсыз пікірлер айтылды. Біз ешкімді ақтап алмаймыз, даттамаймыз да. Әлеуметтік әлемде сүзгі жоқ. Қоғам болған соң, сан түрлі пікір айтылады. Бірақ мәселеге объективті пікір қалыптастыру – журналистерге артылар жауапкершілік. Қазақстан Республикасы журналисінің этикалық кодексінің толық нұсқасын қарап шыққанымызда да мұндай тақырыптарды жазып, жариялауда журналист нені ескеруі қажет екені

айтылмаған. Біздің медиада көп жағдайда қорлау, өшпенділік, адам құқығына қайшы тілді қолданады, тіпті кейбірі әйелді кемсітіп те жатады» дейді қоғам белсендісі, феминист Әйгерім Құсайынқызы [13].

«Психология ғылымында «әйел – отбасының негізі» деген түсінік жоқ. Ол тек қазақ қоғамында ғана бар» дейді психолог Ержан Мырзабаев. Әйел – тіршіліктің тірегі, барлық дүниенің бастауы. Осы стереотиппен тәрбиеленген қоғам бүгінде әйелдің мойнына барлық ауыртпашылықты артуда.

Медиадағы гендер тақырыбына контент талдау жасап жүрген қауымдастырылған профессор Молдияр Ергөбек «Қазақстан-Заман» газетіне тоқтала отырып, «Әйел – отбасындағы татулықтың кілті» дейді. Неге тек әйел? Неге отбасындағы жауапкершілік осылайша әйелге жүктеледі? Бұл қоғамдағы стереотип болса, басылым басшылығы осы стереотиптердің әйел құқығын ескермейтініне неге ойланбайды?» деген пікір білдіреді [13].

Нанымды пікір. Ер адаммен теңдей құқық берілген қоғамда әйел адамға ерекше жауапкершілік артылмауы керек.

Біз, сондай-ақ, бірнеше БАҚ-тағы әйел тақырыбының қозғалуын шолып шықтық. Байқағанымыз, отандық медиадағы қазақ әйелінің бейнесі екі түрлі образда көрініс береді: біріншісі, идеал, қоғамды дамытушы, әйел – тұлға образы, екіншісі, жапа шегуші, әлсіз, зорлық-зомбылық құрбаны.

Аталған БАҚ-тарда байқалған тенденция – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, өлім-жітім, қылмыс оқиғаларының жиі айтылуы. Бұл – қауіпті құбылыс. Әйел әлеуеті қоғам өмірінің барометрі деп қарасақ, қазақ қоғамында әйел тұлғасы лайықты орнын таппағанын көріп отырмыз. Және белгілі бір ретте, тәрбие құралы саналатын журналистика, БАҚ-тың да қоғам үдесінен шыға алмағанының куәсі болып отырмыз.

Әйел психологиясы – кең ауқымды, сан салалы тақырып. Алдағы уақытта да зерттеу тақырыбымызға негіз боларлық БАҚ пен әлеуметтік медиада көрініс тапқан фактілерді үнемі назарда ұстайтын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан» ұлттық арнасының бағдарламалары: <https://www.youtube.com/@qazaqstanqogam5364>
2. Тиран күйеуден қашқан жеті баланың анасы, ажырасуға кім кінәлі // Хабар, 14.12.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=2QNQJweXtX8>
3. КТК арнасының «Астарлы ақиқат» бағдарламасы: <https://www.youtube.com/@KTKTVchannel>
4. Бір қолында сәбиі, бір қолында рөлі - астаналық балалы әйел такси болып жүр. // Айқын, 11.11.2022. <https://aikyn.kz/226664/bir-kolynda-sebii-bir-kolynda-rol-i-astanalik-balaly-eyel-taksi-bolyp-zhur/>
5. Зорлық-зомбылық құрбандары: қазақ әйелдерін кім қорғайды? // Ulysmia, 25.11.2021. <https://qaz.ulysmia.kz/umai/1972-zorlyk-zombylyk-kurbandary-kazak-ielderin-kim-korgaidy/>
6. Азаттық радиосының «Зере» подкасты <https://www.azattyq.org/z/22799/about>

7. Тоғызыншы қабаттағы қиямет. Шешімі бар // Алматы арнасы <https://www.youtube.com/watch?v=sDWpy5QdeM4>
8. Үш баласымен 9-қабаттан секірген әйелге қатысты қылмыстық іс жабылды // 13.04.2022. <https://www.turkistan.tv/kz/news/1440>
9. Войцех В.Ф. Что мы знаем о суициде. – Москва, 2007.
10. Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуға болады. // Media Holding «Atameken Business», 08.04.22. <https://inbusiness.kz/kz/news/ozine-oz-i-kol-zhumsaudyn-aldyn-aluga-bolady-kazakstandyk-suicidolog-mamandar/>
11. Маклюэн, Г.М. Понимание медиа. Внешние расширения человека. – Москва: КАНОН-пресс-Ц, 2019.
12. «Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуі: гендерлік аспект». // Астана: 2010. <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/kz/7069-16203.pdf>
13. Сүйіндік Н. Гендер және БАҚ: әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық тақырыбы қалай жазылуы керек? // Қазақпарат, 18.06.2022. https://www.inform.kz/kz/gender-zhane-bak-ayelderge-katysty-zorlyk-zombylyk-takyryby-kalay-zhazyluy-kerek_a3945690

Ақмарал БЕРЕКЕТОВА,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ FACEBOOK-ТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұқаралық ақпарат құралдарының даму тенденциясы бұрын әр жарты ғасыр ширегінде өзгеріске түсіп отырса, қазір ай сайын ауысып, құбылмалы құбылысқа айналды. Бұған ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып жатқан, күнделікті қолданып жүрген өнімдердің тоқтаусыз өзгеруі әсер етті. Атап айтқан кезде жаңа технологияның жыл сайын бір өнімі жаңаша таныстырылып, өзіндік формасын өзгертіп әлек. Мәселен, Apple өнімдерін алсақ, iPhone смартфондары әр күз сайын жаңа технологиялармен толығып, қайта жарыққа шығады. Әр функцияның өзінше дамуы, өзінше стильге, ақпаратқа бейімделуі тағы бар.

Міне, бұл үрдістің тек технологияға ғана емес, БАҚ саласына, жалпы медиа кеңістікке әсері тікелей тиіп жатыр.

Яғни қазір Қазақстанда жаңа медиа қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Сонымен қатар бұл саланың дамуы жылдам жүруде. Біріншіден, бұл ақпарат саласының жаһандануы, жаңа медиа дамыған сайын бұл үрдіс қарқын ала түсуде [1] дейді ғалымдар.

Бұрын Facebook қазір Meta әлем ретінде айтылып жүрген әлеуметтік желінің басқа елдердегі функциясына қарағанда, Қазақстандағы БАҚ-қа тигізіп жатқан пайдасы молынан. Қазақстанда 170-ке жуық жаңалықтар тарататын сайт тіркелген болса, соның бәрі дерлік осы Facebook арқылы оқырманға ақпарат таратып отыр. Аталған мақалада біз осы мәселеге кеңінен тоқталып, жекелей талдау жасайтын боламыз.

Қазақстан – әлемдік ақпарат әлемінде өзіндік жолын, дәстүрлі медиа саласын әрі жаңа технологияға негізделген Social Media бағытын да толық қамтып отырған ел. Соның ішінде Facebook әлеуметтік желісінің маңызы мен рөлі басым. Себебі онда түрлі саяси өкілдер, қоғам қайраткерлері мен мемлекет үшін де, қоғам үшін де маңызды азаматтар пікір алмасып, өз ойларын, көзқарасын жеткізу арқылы елдегі жақсы-жаман проблеманың шешілуіне тікелей әсер етуші фактор болып отыр.

Бүгінгі уақытта қолданыста жүрген барлық әлеуметтік желілердің ішіндегі көшбасшысы 2004 жылы дүниеге келген – Facebook. Гарвард студенттерінің өзара пікір алмасуы үшін жасалған желі 2006 жылдың өзінде ондаған миллион капитал салынған әлеуметтік желі болған. Қазір Facebook – дегеніміз жер шарының 1,5 миллиард адамы екенін білуіміз қажет [2].

2,4 миллионнан астам тіркелген пайдаланушылары бар Facebook Қазақстанда енді-енді қалыптасып, дамып келеді. Платформа негізінен онлайнда бетпе-бет сөйлесу, жаңалықтар мен пікірлермен бөлісу және халықаралық жаңалықтар мен тенденцияларды бақылау үшін қолданылады. Қазақстандағы кейбір кәсіпорындар Facebook-ті өз өнімдері мен қызметтерін жылжыту үшін пайдаланады, бірақ бұл басқа елдердегідей кең таралмаған.

Айта кету керек, Қазақстанда онлайн-контентке қатысты қатаң заңдар қолданылады, ал әлеуметтік медиа платформалар мемлекеттік мониторинг пен цензураға ұшырайды. Осылайша, Facebook-тің кейбір қазақстандық пайдаланушылары, әсіресе саяси немесе шулы тақырыптар туралы сөз болғанда, желіде не бөлісетініне сақ болуға тырысады.

Зерттеу мақалада Қазақстандағы Facebook әлеуметтік желісінің ерекшелігі, маңызы мен рөлі, жалпы аудиториямен байланысы талданады.

Әлеуметтік медиа – бұл адамдарға бір-бірімен байланысуға, мазмұнды бөлісуге және қарым-қатынасқа қатысуға мүмкіндік беретін онлайн платформалар. Facebook – айына екі миллиардтан астам белсенді қолданушысы бар ең танымал әлеуметтік желілердің бірі. Міне, әлеуметтік медианың, әсіресе Facebook-тің кейбір негізгі ерекшеліктері:

Әлеуметтік желілердің ерекшеліктері:

Пайдаланушы профильдері: әр пайдаланушының жеке ақпараты, фотосуреттері және басқалармен бөліскісі келетін басқа мәліметтері бар профилі болады.

Байланыстар: пайдаланушылар басқаларға дос сұрауларын жіберу немесе олардың профильдерін орындау арқылы қосыла алады.

Мазмұнды бөлісу: пайдаланушылар мәтін, фотосуреттер, бейнелер және сілтемелер сияқты әртүрлі мазмұн түрлерін бөлісе алады.

Байланыс: пайдаланушылар бір-бірімен хабар алмасу, түсініктемелер және бір-бірінің профильдеріндегі жазбалар арқылы сөйлесе алады.

Топтар мен қауымдастықтар: пайдаланушылар ортақ мүдделер, хобби немесе басқа тақырыптар негізінде топтар мен қауымдастықтарға қосыла алады.

Ал Facebook-тің ерекшеліктері:

Жаңалықтар арнасы: Facebook жаңалықтар арнасы пайдаланушының достарынан, топтарынан және олар бақылайтын беттерден жеке мазмұн ағынын көрсетеді.

Беттер: пайдаланушылар жаңартулармен бөлісу және жазылушылармен өзара әрекеттесу үшін бизнес, ұйымдар немесе жеке брендтер үшін беттер жасай алады.

Оқиғалар: пайдаланушылар оқиғаларды құрастыра алады және оларға жауап бере алады, сонымен қатар серіктестерін қосылуға шақыра алады.

Messenger: Facebook хабар алмасу қолданбасы пайдаланушыларға хабарламалар жіберуге, дауыстық және бейне қоңыраулар шалуға, сондай-ақ мазмұнды қосылымдарымен бөлісуге мүмкіндік береді.

Жарнама: Facebook компанияларға өз өнімдерін немесе қызметтерін мақсатты аудиторияға жылжыту үшін жарнамалық мүмкіндіктер ұсынады.

Біздің мақалаға зерттеуге алып отырған мәселеміз дәл осы Facebook әлеуметтік желісіндегі жаңалықтарды ұсыну, оларды тарату құралы туралы.

2010 жылдан бастап БАҚ онлайн басылымдарға, сайт жұмыстарына етене еніп, оның маңыздылығын игере бастады. Дегенмен бұл кезеңде әлі де болсын толық қалыптаспаған еді. Сол жылдары сайттан бұрын әлеуметтік желінің рөлі, маңыздылығы басым болды. Алайда тек коммуникация алаңы ретінде ғана. Мәселен: Вконтакте, Агент, Одноклассники секілді әлеуметтік желілердің дәуірі басталған еді.

Facebook әлеуметтік желісі жеке коммуникация феномені ретінде айқын коммуникативті ерекшелікке ие, оны зерттеу нақты уақыттағы әлеуметтік процестерді зерттеу үшін виртуалды қарым-қатынас заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы Facebook әлеуметтік желісінің ерекшелігі аудиториясына қарай негізделген. Атап айтқанда, орыс тілді және қазақ тілді аудитория ретінде сегментке бөлініп қарастырылады. Олай дейтініміз, Facebook әлеуметтік желісін БАҚ-тың құралы ретінде қолдану кең өріс алды.

Facebook әлеуметтік желісі аудиториямен қарым-қатынас қана орнатып қоймай, үлкен аудиторияға қызмет көрсететін жолды да көрсетеді. Яғни парақша мен топтар деп аталатын екі үлкен негізгі құралы бар. Мұның сыртында жеке парақша мен жарнама бөлімі кіреді. Бірақ бұл біздің тақырыпқа қатысты болмағандықтан, біз тек парақшалар мен топтар бойынша талдау жасаймыз.

Төмендегі кестеде қазақстандық аудиториядағы ТОП-10 топтардың атаулары, ондағы оқырман саны берілген.

Facebook – айына 2,5 млрд белсенді оқырманы бар әлемдегі ең үлкен платформа. Бірнеше тілде ақпарат таратуға болатын әлеуметтік желіде

қазақстандық оқырмандардың да өзіндік стилі, жазу ерекшелігі, ақпаратты беру және қабылдау жолдары қалыптасқан.

Қазақстандағы Facebook әлеуметтік желісіндегі оқырмандарды бірнеше типке бөліп қарастыруға болады:

- Саяси тақырыптарды белсенді талқылау алаңы;
- Критикалық ой, пікір білдіруші топ;
- Проблема көтеруші топ;
- Проблеманы шешуші топтың үлесі;
- Тарихи-мәдени деректерді жариялаушы топ;
- Жекелеген медиа тұлғалар;
- Медиа бағытында жұмыс істейтін барлық өкілдер.

Бұдан да басқа түрлі типтерді, портреттерді қарастыруға болады. Дегенмен қазақстандық медиа кеңістігіндегі негізгі типтердің үлесі осындай.

Facebook әлеуметтік желісінің күшімен қазақстандық БАҚ өкілдері төмендегі бірнеше факторлар бойынша өздерінің аудиториясын қамтып отыр:

- Трафик;
- Белсенді оқырмандар;
- Пікір, лайк және бөлісу күші;
- Жеке парақшаның не топтың оқырман санын арттыру;

Мысал ретінде Bugin.kz [3], Adyina.kz [4], Turkystan.kz [5] секілді бірнеше медиалардың ресми парақшаларын қарастыруға болады.

Аталған сайттардың барлығы дерлік Қазақстанда ресми тіркелген БАҚ. Liveinternet рейтинг көрсеткішінде олар ТОП-15 сайттың қатарына кіретін платформалар. Міне, осы рейтинг пен күнделікті трафикті әкелу үшін қазақстандық БАҚ тікелей facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшалары мен ашық және жабық топтарды пайдаланады.

Turkystan.kz сайтының жеке парақшасында 12 мыңға жуық оқырман жазылған. Бұл оқырмандардың басқа әлеуметтік желілерге қарағанда белсенділігі жоғары. Себебі мақала барысында атап өткендей, түрлі топтардың, типтердің ақпаратты алу және оны бөлісу, жария ету алаңы осы – Facebook.

БАҚ саласында жұмыс істейтін журналистер, медиа-менеджер, контент-менеджер, тілші, редактор, бас редактордан бастап бәрі дерлік Facebook әлеуметтік желісінде отырып, ақпарат алады. Мұнда тек өкілдер мен мүшелер ғана емес, саясаткерлер, саяси тұлғалар да бар. Әрине, Президенттен [6] бастап барлық үкімет мүшелері болады. Олардың жеке ресми парақшалары жұмыс істейді.

Facebook әлеуметтік желісінің қазақстандық БАҚ үшін маңызы жоғары. Мәселен, барлық БАҚ жарыса жазбас бұрын дәл осы Facebook әлеуметтік желісінде Ақселеу Сейдімбекке [7] қойылған ескерткіш туралы сыни көзқарастағы ақпарат тарайды. Ақпараттың таралу жылдамдығы сонша, оның 100 мыңнан бастап 400 мыңға дейінгі оқырманы бар ашық және жабық топтар, оқырмандар бөлісіп, санаулы минуттар ішінде БАҚ-та жариялануына септігін тигізді.

2 күнге жалғасқан дау, сынаудан кейін ресми өкілдер, жергілікті әкімшіліктер ескерткіштің шындығында дұрыс жасалмағанын ескеріп, қайта алдырып тастады. Әрі оны алдырып тастағаны туралы ақпарат та алдымен БАҚ беттерінде емес, Facebook әлеуметтік желісінде жарияланды.

Facebook әлеуметтік желісінің алғашқы концепциясы тек қана бір университет ішіндегі таныстық, бір-бірімен жұп құрау немесе дос болу секілді идея болса, кейін платформа әлемдік деңгейдегі масштабқа шығып, миллиардтаған адамды бір ортаға тоғыстырған виртуалды жиналатын ортаға айналды. Тіпті Facebook әлеуметтік желісінде белгілі тұлғалардың жазған пікірлері мен ойлары, жазған комменттері ресми мәлімдеме ретінде танылып, БАҚ сол арқылы ақпарат дайындауды әдетке айналдырды.

Дәстүрлі медиамен салыстырғанда жаңа интернет-журналистиканың жылдамдығы жоғары болғанымен, сапа жағынан келген кезде ақсақ қалатыны рас. Себебі Facebook желісінде жарияланатын ақпараттың тақырыбы, проблеманың өзектілігіне қарай тексеру, фактчек жасаудан бұрын тез тарату, бөлісу бірінші орынға шығады. Ал бұл медиасауаттылық тұрғыдан алған кезде ақпарат қабылдаушы оқырманды басқа арнаға бұрып әкетуі мүмкін. Сондықтан бұл қазіргі таңда проблемалық жағы басым мәселеге айналып отыр.

Facebook – ақпараттық соғыс алаңы ретінде де кеңінен танымал. Әлемдік геосаяси жағдайлар, қақтығыстар мен шиеленістерге келген кезде де қазақстандық медиа үшін сенімді әрі «шын екен» деген теорияға қарай бұратын негізгі әлеуметтік желі ретінде де осы Facebook көш алдында. Украина мен Ресей арасындағы, Қытай мен Тайвань, Әзербайжан мен Армения, Қырғызстан мен Тәжікстан секілді елдердің өзара қақтығыстарында ақпарат алаңы ретінде де қазір Facebook ұсынылады. Ресми БАҚ тікелей осы әлеуметтік желіге сілтеме бере отырып ақпарат таратады. Міне, зерттеп, талдап отырғанымыздай, Facebook әлеуметтік желісінің жалпы ТМД елдері үшін алатын орны ерекше екенін, оның Қазақстандағы журналистика үшін өзіндік орны бар екенін нақтылап отырмыз.

Facebook группалардың күші қандай?

Facebook әлеуметтік желісіндегі ең көп ақпарат тарататын және өз алдына жеке БАҚ ретінде рөл атқарып отырған бірнеше топ бар:

	Топтардың атауы	Оқырман саны	Статус
1	«Жаңа Қазақстан»	139,5 мың	Жабық
2	«Өсиет, тілек, бата, құттықтау»	304,5 мың	Ашық
3	«Терең мағыналы сөздер	216,7 мың	Жабық
4	«Жұрт не демейді?»	115,6 мың	Жабық
5	«Жақсы сөз, жарым ырыс»	159,4 мың	Ашық


6	«Даналық сөздер»	95,0 мың	Ашық
7	«Бойдақ Президент»	194,1 мың	Жабық
8	«Қазақ миссиясы»	156,1 мың	Жабық
9	«Сұмдық жаңалық»	51,3 мың	Жабық
10	«Қоғам үні»	41,5 мың	Жабық

Бұл – мысал ретінде ұсынылған 50-ге тарта ашық және жабық топтардың тек алғашқы маңызды деген қатарға кіретіндері. Олай дейтініміз, аталған топтардың әкімшілері БАҚ бетіне шыққан материалды бөлісу, оқырманға таратумен айналысады әрі сол үшін де үлкен гонорар алады.

Facebook-тегі аталған группалар сайттардың күнделікті оқырман санын арттыруға тікелей әсер етеді. Тіпті қазақстандық БАҚ-тың 90%-ы осы әлеуметтік желінің негізінде оқырманмен жұмыс істеп отыр.

Facebook-те жарияланған ақпараттарға тексеріс жасалмайды. Еркін нарық болғаннан кейін ондағы ақпараттардың бәрі дерлік сенімді деуге келмейді. Алайда сары басылым, шоу бизнес және де мемлекеттік тапсырыс арқылы жұмыс істеуге әрекет еткен БАҚ-тың дені мұны қалыпты күйде қабылдап, тексерілмеген ақпараттарды кликбейт арқылы оқырманға тарата береді.

Facebook алгоритмі арқылы қазақстандық БАҚ қалай жұмыс істейді?



Сайтқа шыққан немесе Facebook арқылы алынған ақпарат жоғарыда көрсеткен ашық не жабық группаларға таратылады. Оқырман таратылған ақпаратты ашып оқу арқылы сайтқа тікелей клик-трафик әкеледі де, сайттың рейтингтегі беделі өседі.


БАҚ-тың алдындағы басты міндеті – әділдік. Алайда Facebook аудиториясындағы оқырман жазып жатқан пікір мен ресми сайттардың таратып жатқан ақпаратына саралау жасай келіп, әділдіктен гөрі ең көп оқылатын

тақырыптар сары басылым мен шоу-бизнес екенін көрдік. Дегенмен 2019 жылдан бері қоғамдағы адамдардың саяси мәселеге қатысты ойлары алдыға шыққан. Яғни саяси тақырыптағы материалдар, ақпараттар жиі оқылып, тарала бастаған. Жаңалықтар сайттарының дені саяси тақырыптарға ашық барып, ашық жазуға тырысқан. Осының әсерінен Facebook әлеуметтік желісіндегі қазақстандық сегменттің өсімі 2020-2022 жылдар ішінде өскен.

Осы орайда мәскеулік ғалым Л.Землянова: «ең қауіпті үрдіс – ақпарат еркіндігі мен оның мазмұны және қоғам мен мәдениет үшін қандай салдары болатындығы үшін жауапкершілік арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы» [8] деген ой қорытады.

2021 жылдың қараша айындағы napoleoncat.com сайтының дерегінше, Қазақстандағы жалпы Facebook әлеуметтік желісіне тіркелгендер саны (user) – 13 032 400 адамды құраған [9]. Бұл жалпы қазақстандықтардың 67,6%-ын құрайды. Ерлер мен әйелдер сегментінде әйелдердің үлесі басым – 54,4%. Ал ерлер – 45,6%.

Қолданушылардың ең көбі – 25-34 жас арасы. Олардың үлесі – 4 300 000 адамды құрайды. Ал 35-44 жас аралығындағы қолданушылардың негізгі үлесі – әйелдер. Олардың саны – 1 200 000.



Дерек: napoleoncat.com

2020 жылдан кейін қазақстандықтардың интернеттегі белсенділіктері артты. Жай ғана артып қойған жоқ, олардың өз ойын жазуы, пост не пікір түрінде жеткізуі, азаматтық ұстанымдарын айтуы көбейді. Дәстүрлі медиада республиканың қай шетінде қандай оқиға болып жатқанын тек ресми көздер, БАҚ арқылы, телеарналардағы жаңалықтар негізінде біліп, ақпарат алып отырған болса, қазір Facebook арқылы кез келген уақытта, кез келген жерде не

болып жатқанын, қандай оқиғалар желісі орын алғанын білуге әрі содан ақпарат дайындауға мүмкіндік бар.

Қазір журналистер арасында Facebook БАҚ басылымдарын өзіне бағынышты ету жұмысын жасап жатыр деген пікір бар. Шындыққа жанасады. Соңғы кездері қазақстандық БАҚ өкілдері Facebook әлеуметтік желісіндегі алгоритм туралы, оның өзгеріп жатқаны туралы жиі айтып, түрлі тренингтерде жариялы түрде көтеріп жүр.

Facebook iOS-қа арналған мобильді нұсқасын жаңартты. Онда тек өзінің серіктестері саналатын: The New York Times, The Atlantic, The Guardian секілді басылымдардың жаңалықтары жылдам әрі сайтқа өтпей-ақ жарияланып тұратын болады. Дәл осы өзгерістің өзі-ақ алдағы уақытта Facebook әлеуметтік желісінің өз алдына жеке Медиа ретінде дамуына жол ашады деген сөз. Мұндай жағдайда ақпараттық кризис басталары да анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұжаев Н.И.; Серикбаев Н.А.Барманқұлов оқулары. Ақпараттық қоғам жағдайындағы электронды бақ: ұлттық және жаһандық мәселелері, таяу болашағы: халықаралық дөңгелек үстел материалдары. 2011.- 145 б.

2. «Астана ақшамы» газеті, Әлеуметтік желінің әлегі, Е.Сәтімбек 2016 7 мамыр.

3. Bugin.kz. <https://www.facebook.com/buginkz>

4. Adyrna.kz. <https://www.facebook.com/adyrnaportal>

5. Turkystan.kz. <https://www.facebook.com/www.turkystan.kz>

6. <https://www.facebook.com/AkordaPress>

7. Ақселеу Сейдімбекке қойылған ескерткіш: <https://www.facebook.com/photo/?fbid=2650851708382011&set=pcb.2650851738382008>

8. Е.С. Полат. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования /Под ред.– М., 2011.-73б.

9. <https://napoleoncat.com/stats/facebook-users-in-kazakhstan/2021/11/>

Асемгуль СМАИЛОВА,
старший преподаватель,
ЕНУ им Л.Н.Гумилева

ВИДЫ И ИНСТРУМЕНТЫ РЕКЛАМЫ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Реклама один из важнейших аспектов в жизни каждого современного человека. Реклама везде и всюду, она окружает нас в повседневной жизни. Мы многое приобретаем и покупаем благодаря правильной рекламе. В этом и заключается ее цель - убедить потребителя купить товар, продукт или услугу, которые приносят прибыль компании.

Реклама давно выполняет такую функцию, как формирование и поддержание на рынке своего товара или услуги. Ее основными целями является: привлечение внимания потенциального клиента, объяснение выгод покупателю, если он приобретет товар или услугу, формирование у покупателя определенного уровня знаний о товаре или услуге. Для того чтобы выявить потребности клиентов, нужно провести анализ целевой аудитории, выявить портрет аудитории (пол, возраст, направление) и на этом основании составить уникальное торговое предложение. Это всё можно сделать через опрос и протестировать разные каналы, чтобы привлечь клиентов: таргетированную или контекстную рекламу, билборды, публикации в СМИ, рассылки.

Лидеры в рекламе по доходом. На сегодняшний день есть множество компаний, которые большую часть своего состояния делают благодаря рекламе. Приведём пример самых известных «Apple» - они за 2019 год заработали на видеоиграх больше чем Nintendo, Activision Blizzard, Microsoft и Sony вместе взятые. Годовая операционная прибыль «Apple» от реализации игр достигла \$8,5 млрд. (1). Данная компания использует самые эффективные инструменты рекламы по всему миру. Спрос и интерес возрастает каждый день, у каждого второго человека есть «яблочная» продукция, будь то телефон, наушники, часы или компьютер. Их продукция изначально зарекомендовала себя отличным качеством. Хорошая камера, долгий заряд батареи и еще много полезных функции в гаджетах, это все и многое другое, послужило хорошим рекламным ходом для компании.

Так же без внимания невозможно оставить компанию «Coca-Cola». Пожалуй, она самая популярная газировка в мире. Нет человека, который не знает этого продукта. В 2020 году они потратили на рекламу 2,8 миллиардов долларов. (2)

С наступлением ноября, мы все с нетерпением ждем по телевизору рекламу, в котором Санта Клаус едет на знаменитом красном фургоне с эмблемой «Coca-Cola», тем самым дарит нам новогоднее настроение. На фоне играет замечательная музыка «Праздник к нам приходит». Когда эта реклама появилась на экранах телевизоров, «черный напиток» стал еще одним символом Нового года.

В 2022 году знаменитые красные фургоны не объехали стороной и нашу страну. Фирменный караван «Coca-Cola» стартовал 23 декабря 2022 года по пяти городам Казахстана: Астана, Караганда, Актау, Алматы и Шымкент. Фургоны, украшенные гирляндами, ездили по улицам городов в вечернее время, тем самым придавая городу атмосферу волшебства и приближения самого долгожданного праздника.

Проанализировав эти две крупные и достаточно известные компании, можно сказать, что реклама это - одна из важных составляющих этапов в работе.

Помимо всего этого, у рекламы есть функции: экономическая, социальная, маркетинговая и коммуникативная.

Экономическая, больше целится на то, что реклама должна принести как можно больше прибыли. То есть, экономисты должны стимулировать спрос на продукт.

Социальная, это когда, компания пытается закрепить в мышлении потребителей ценности, привычки.

Маркетинговая, пожалуй, на данный период времени самая актуальная функция, которая не просто продаёт товар, а вызывает интерес в нем, и показывает его плюсы и преимущества.

Коммуникативная, на мой взгляд, самая простая, доносит до покупателя информацию о продукте.

Используя грамотно все эти функции, компании выходят на хороший уровень дохода. (3)

Комиссия экспертов Центрально-Азиатской Рекламной Ассоциации (ЦАРА) подвела итоги развития казахстанского рекламного рынка за 1-ое полугодие 2022 года. **Суммарный объем рекламы** в средствах ее распространения: ТВ, Интернет, Наружная реклама, Радио, Пресса - **составил порядка 31,6 млрд. KZT** с учетом НДС, что на 2% меньше по сравнению с аналогичным периодом предыдущего года (табл.№1, диагр.№1).

Объем рекламы Казахстана в средствах ее распространения с 2020 по 2022 гг. 1 ПГ, млрд KZT*

№	Медиа-каналы	2020 (1НУ)	2021 (1НУ)	2022 (1НУ)	Динамика 22/21, %
1	ТВ	11,08	13,85	12,47	-10%
2	Интернет	9,33	13,09	13,26	1%
3	Наружная реклама	2,82	3,56	4,13	16%
4	Радио	0,98	1,35	1,28	-5%
5	Пресса	0,57	0,53	0,50	-6%
Итого		24,8	32,4	31,6	-2%

Рассмотрим виды рекламы. Виды рекламы: наружная, интернет-реклама, таргетированная реклама, реклама у блогеров, телевизионная реклама.

Наружную рекламу часто используют бизнесмены. Они размещают свои товары на баннерах, на Led экранах, расположенных на улице города, на

передвижных носителях, на стендах, брошюрах, плакатах с рекламой, приклеенной к внутренним стенам автобусов и метро. Наружную рекламу видят все, кто проходит по улицам, мимо носителей.

Интернет-реклама, с ускоренным развитием цифровых технологий, такая реклама играет особую роль. Сегодня все человечество пользуется интернетом. Ее так же называют онлайн-реклама. Это любые объявления, которые размещаются в мировой паутине. Она чаще всего бывает на сайтах с целевой аудиторией, на разных порталах, где выходят статьи, в социальных сетях.

Мы сейчас живем в эпоху цифровизации и глобализации, когда цифровые технологии повсеместно внедряются во все сферы жизни. Компьютер и интернет стали неотъемлемой частью в жизни каждого человека. Большая часть предприятий и бизнесов продвигаются именно посредством интернета и социальных сетей.

Каждый день множество людей проводят значительную часть своего времени в Instagram, Facebook, TikTok и т.д. И каждый из нас встречает там множество рекламы. Чаще всего нам попадает именно та реклама, которая нам нужна или может быть интересна. Допустим, мы искали женские магазины одежды, и через какое-то время нам будет показываться реклама этих бутиков. Ведь вся реклама настраивается в зависимости от интересов и поведения целевой аудитории. Это называется таргетированная реклама.

Таргет – сфера, которая развивается с каждым годом. В нашей стране очень много бизнесов, предпринимателей и организаций, которым нужна реклама. Будь то онлайн школы, салоны красоты или магазины. Также множество блогеров и экспертов используют рекламу, в целях увеличения своей аудитории. Сегодня таргетологи являются востребованными специалистами.

Чтобы ваша таргетированная реклама имела хорошие результаты, нужно учитывать несколько факторов. Необходимо провести анализ конкурентов и целевой аудитории, сделать качественные рекламные макеты. Для качественной работы необходимо регулярно оценивать результаты и оптимизировать настройки. В случаи необходимости, менять и тестировать разные цели и макеты.

Плюсами данного вида рекламы являются, то что можно выбирать целевую аудиторию, менять бюджет и анализировать результаты и статистику.

Современный человек живет в бесконечном круговороте информации. Поэтому очень важно уметь зацепить его внимание. Реклама в социальных сетях отличный способ продвижения своего бизнеса, своих услуг или личного бренда.

Также необходимо отметить рекламу у блогеров. Это работа с аудиторией через лидеров. То есть, определённая компания платит блогеру-миллионнику за рекламу. Он в свою очередь доносит информацию до своей аудитории. Для того, чтобы реклама была качественной, нужно правильно выбрать блогера и формат самой рекламы. В Казахстане чаще всего блогеры используют площадку в Instagram, YouTube и на Telegram каналах. В основном, такая реклама содержит фотографии, видео, где блогер рассказывает о продукте в сторис или публикует пост, рилс.

До прихода Интернета и гаджетов, телевизионная реклама была очень популярна. Самым дорогим временем было время прайм-тайм, с 19:00 до 22:00. К сожалению, сейчас мало кто смотрит ТВ, только старшее поколение, а молодое поколение узнает всю рекламу из телефона и интернета.

Ну и завершает этот раздел, самый востребованный и никогда не устаревающий метод рекламы, «Сарафанный метод рекламы». Использовать его стали в 20–30-х годах XX века - тогда в России радио стало популярным, появилась сеть радиостанций. Но радиоприемники были еще далеко не в каждой семье.

В деревнях люди собирались и вместе слушали радиопередачи и новости. А потом пересказывали и обсуждали услышанное. Согласно стереотипу, разносили информацию в основном женщины, поэтому первое значение выражения «сарафанное радио» — «сплетни и слухи». Сейчас так в основном называют рекомендации о товарах и услугах, которые люди передают друг другу. (5)

Подводя итоги, хочется отметить, что реклама необходима в нашей жизни. Влияя на человека красивой картинкой, она побуждает желание купить товар, закрывать потребность и боль клиента, расширить осведомленность и кругозор. Есть еще такое понятие, что реклама моделирует здоровый образ жизни, транслируя это на видео или плакатах, она должна быть полезной и нести правильный посыл.

Так для чего же нам нужна реклама? Это источник информации и новостей из мира продукции и услуг. Она способна перевернуть мышление человека, действуя на ум и сознание. Реклама помогает нам правильно рассчитать свой бюджет и увидеть выгодную для нас покупку.

Вот такую важную роль играет реклама в нашей повседневной жизни.

Использованные литературы:

1. Головинова, А. С. Роль рекламы в предпринимательской деятельности / А. С. Головинова, Л. В. Лещенко // Интеграция наук. – 2019. – № 1(24). – С. 110-112.

2. Дальдинова, Э. О. Г. Функции и цели рекламы / Э. О. Г. Дальдинова, Д. Ю. Зодьбинова // Актуальные вопросы теории и практики развития научных исследований : сборник статей по итогам Международной научно-практической конференции, Екатеринбург, 13 мая 2020 года. – Стерлитамак: Общество с ограниченной ответственностью «Агентство международных исследований», 2020. – С. 97-99.

3. Какие функции выполняет реклама // <https://family-abc.ru/zhizn-ludey/item/259-kakie-funktsii-vypolnyaet-reklama>

4. Объем рекламы в Казахстане за первое полугодие 2022 года / <https://tribune.kz/obem-reklamy-v-kazahstane-za-pervoe-polugodie-2022-goda/>

5. Карпова, С. В. Рекламное дело : учебник и практикум для среднего профессионального образования / С. В. Карпова. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2021. – 431 с.

Алуа ГЛЕПОВА,
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті журналистика
білім беру бағдарламасы бойынша
1-курс магистранты*

«ТАҢШОЛПАН» ТАҢҒЫ АҚПАРАТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Журналистика теоретиктері танымдық және ойын-сауық бағдарламаларына анықтама бергеніне қарамастан, таңертеңгі бағдарламалардың қазіргі экранында жұмыс істейтін практикалық зерттеулер жоқ. Мақалада «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасындағы «Таңшолпан» таңғы ақпараттық бағдарламасының жұмысына талдау жасалады. Талдау мақсатында «Хабар» агенттігіндегі «Оян!» және «Алматы» телеарнасындағы «Таңғы студия» таңғы бағдарламалары салыстырмалы шама ретінде қарастырылады. Ондағы Social Media Marketing стратегиясы, ондағы ерекшеліктер анықталады. Бұдан бөлек «Таңшолпан» бағдарламасының артықшылықтары, аудиторияны ұстап қалудағы ерекшеліктері сарапталып, зерттеледі.

Алғашында таңертеңгілік бағдарламалар жеке жанр болып қалыптасқан жоқ. 1950 жылдардың басынан бастап, шын мәнінде теледидар жанрларының дамуы кезінде телеарналар таңертеңгі телехабарлардың құндылығын анықтады. Алғашқы таңертеңгілік бағдарлама АҚШ-та 1950 жылы пайда болды. Барлығы бір жарым сағаттық шоу дан басталды. «Үшінші арна. Дайын бол!» (Three to get Ready), ол 14 ақпанда аймақтық арнаның таңертеңгі бөлімінде, Филадельфия (Пенсильвания) азаматтарының теледидар экрандарында пайда болды және шынымен де комедия жүргізушісі Эрни Ковакстың (Ernie Kovacs) тікелей эфиріндегі таң қалдыратын импровизацияларына, жаңалықтар басымдылығына және ауа райы болжамдарына толығымен негізделген. Өкінішке қарай, аймақтық теледидар үшін эксперимент сәтсіз аяқталды және шоу 1951 жылдың 1 қарашасында жабылды. Формат кейіннен ұлттық американдық теледидарда және басқа елдерде сәтті шығарыла бастады.

АҚШ ұлттық теледидарына арналған таңертеңгілік бағдарламалардың тарихы 1954 жылы басталды, өйткені NBC арнасында алғаш рет «Бүгін» («Today») бағдарламасы эфирге шықты, ол 69 жылдан бері Америка тұрғындарының көпшілігіне таңертеңгілік көңіл-күй сыйлап келеді.

Ал Қазақстан телеарналар тарихында «Таңшолпан» таңғы бағдарламасы секілді 31 жылдық тарихи бар отандық телеарна болған емес. 1992 жылдың 14-қаңтарында көрерменге жол тартқан бағдарлама әр қазақстандықтың өміріне етене еніп, таңғы аста тұрақты көретін сүйікті бағдарламаларына айналғаны белгілі.

Таңғы бағдарламаны «инфотейнмент» терминімен де тікелей байланыстырамыз. Себебі ол «ақпарат арқылы көңіл көтеру» деген түсінікті білдіреді. В.В.Зверева былай дейді: «Инфотейнменттің басы мақсаты –

оқырманды жай ғана қызықтыру емес, олардың экран алдында ұзақ ұстап отыру» [1].

Инфотейнмент, ағылшын тілінен. Infotainment – information + entertainment. Бұл ақпараттық және ойын-сауық мазмұнының гибриді. Дизайн және қызмет көрсету стилі. Тұтынушылар жеңіл, кездейсоқ, кейде тіпті ирониялық түрде маңызды материалдарды көре алады [2].

Кез келген телеарнада өзіне тән аудиторияны, көрерменді ұстап отыратын, экран алдында ұзақ уақыт өткізуіне итермелейтін жолдар бар. Мәселен, кешке уақытта түрлі сериалдардың тұрақты берілуі де маңызды рөл атқарады. Тіпті кей шетелдік телесериалдардың берілуі уақыты түнгі 1-ге дейін созылады. Мұның бәрі нақты анализ, зерттеу арқылы пайда болған жұмыс барысы. Дәл сол секілді таңғы бағдарламалардың да болуы және оған медиа басшылықтың баса назар аудары бекер емес.

«QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасындағы «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды, ойын-сауық бағдарламасының дүниеге келуіне жазушы әрі қоғам қайраткері, журналист Шерхан Мұртазаның мұрындық болғанын айтқан жөн. Ал осы таңғы бағдарламаның ең алғашқы жетекшісі, тележурналист – Иманбай Жұбаев.

Таңғы ақпараттық-сазды әрі ойын-сауық бағдарламаның мақсаты – көрерменді таңда ұйқысынан ояңнан кейін қысқа әрі қызық ақпарат беру арқылы бой сергіту. «Таңшолпан» бағдарламасының таңғы бағдарлама ретінде көрерменге жол тартуы кезекті бір жоба емес. Ш. Мұртаза 1992 жылы орыс тілінде ғана жарық көретін бағдарламалардың ішінде таңғы эфирді неге қазақша бастамасқа, неге қазақ тілінде қазақстандықтарды оятпасқа деген ниетпен осы бастаманы жолға қойған. Міне, содан бері 31 жыл өтті «Таңшолпан» бағдарламасының таңғы бағдарлама ретіндегі имиджі де, абыройы да қазақстандық көрермендер арасында үздік топқа кіреді.

Таңертеңгілік бағдарламаның мәні – теледидар немесе радио бағдарламасы, ол әдетте таңертең тікелей эфирде көрсетіледі және жаңалықтар, ауа-райы, ойын-сауық және өмір салтын қамтиды. Таңертеңгілік бағдарламаның басты мақсаты – күнді бастау үшін ақпарат пен ойын-сауық беру және қалған күннің орнын толтыру (көрерменнің). Таңертеңгілік бағдарламалар көбінесе тікелей сұхбат, алдын ала жазылған үзінділер және аудиториямен өзара әрекеттесу қоспасы ретінде беріледі. Таңертеңгілік бағдарламалардың жүргізушілері жігерлі әрі оптимист болып келеді. Көрерменмен өзара әрекеттесіп қызмет атқарады.

Бағдарлама атауы	Телеарна	Уақыты
«Таңшолпан»	«QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасы	07:00-10:00 аралығы
«Оян!»	«Хабар» агенттігі	07:00-10:00 аралығы
«Таңғы студия»	«Алматы» телеарнасы	08:00-10:00 аралығы

Аталған үш арнадағы таңғы бағдарламалар әр дүйсенбі-жұма аралығында экран арқылы көрерменге жол тартады. Басқа күндік және кешкі бағдарламаларға қарағанда таңғы бағдарламаға аса маңызды рөл атқарады. Себебі онда айтылатын жаңалықтар, танымдық ақпараттар мен сазды-әуенді ойын-сауық контент көрерменнің қайтадан экран алдына, сол телеарнаның қайта қосылуын қамтамасыз етеді. Таңғы бағдарламада тек ойын-сауық қана емес, маңызды мәлімделер де, түрлі жаңалықтар да айтылады. Яғни таңда ұйқыдан енді оянып, жұмысқа не оқуға кете бар жатқан көрерменнің күні бойына дәл сол ақпаратты іздеуге, күтуге шақырады.

«Хабар» агенттігіндегі «Оян!» таңғы бағдарламасы 2022 жылдың маусым айында көрерменге жол тартты.

«Алматы» телеарнасындағы «Таңғы студия» таңғы бағдарламасы 2020 жылдың қаңтар айынан бастап өз жұмысын бастады. Ал зерттеуге алған «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасындағы «Таңшолпан» таңғы бағдарламасы 1992 жылдан бері өзінің жұмысын тоқтатқан емес. Бұл дегеніміз «Таңшолпан» бағдарламасы өзге де телеарналардағы қазақ тілінде жарық көретін таңғы бағдарламалардың ең алғашқы үлгісі болды деуге болады. Үш бағдарламаны көріп, салыстырып отырып, негізгі мотивтер, ерекшеліктер бір-біріне ұқсас келетінін, жүргізушілердің образдары мен сценарийдегі сөз барысы ғана өзгеше демесек, ортақ қаралатын форматтардың көбі «Таңшолпан» бағдарламасына ұқсас.

«Таңшолпан» таңғы бағдарламасының өзге аймақтағы және республикалық арналарға қарағанда ерекшелігі – әр аймақта өз өкілдері бар. Әр аймақтан ақпарат тарату, елдеің әр түкпіріндегі жаңалықпен халықты ояту, олардың көңіл күйлерін көтеру және соған лайық сценарий дайындау – басты талап.

«Таңшолпан» бағдарламасындағы осы бір әр аймақтағы өкілдердің болуы, әсіресе, Алматыдағы филиалдың болуы өзге таңғы бағдарламаларға қарағанда ең бірінші атап өтетін ерекшелік.

«Оян» және «Таңғы студия» таңғы сазды бағдарламалардың кейіпкерлері эфир барысында кемі бір рет немесе екі рет қана ауысады. Әр кейіпкермен сұхбаттасу, сөйлесу, ол туралы ақпарат алу барысы өте ұзақ. Бұл өз кезегінде экран алдындағы көрерменді жалықтырып алуы мүмкін. Дәл қазір әлемде түрлі инновациялық және технологиялық жаһандық деңгейдегі жобалардың пайда болуы адамдардың клиптік ойлау деңгейіне жеткізгенін ескерсек, «Таңшолпан» таңғы бағдарламасы бұл үрдісті бұзбаған. Яғни оның команда жұмысы әлемдік деңгейде болып жатқан, нарықта құбылып жатқан өзгерістерден хабардар деген сөз. Олай дейтініміз, «Таңшолпан» бағдарламасында кем дегенде әр 15 минут сайтын қонақ ауысып отырады. Солай таңғы бағдарлама кезінде кем дегенде көрермен 5-6 кейіпкермен танысып, сонша сюжет қарай алады.

XXI ғасырда телеарналарға бәсекелес ретінде түрлі жаңа инновациялар дүниеге келді. Солардың ішінде YouTube және Instagram секілді әлеуметтік желілердің орны ерекше. Әрине, аталған әлеуметтік желілердің меңгеруде телеарналардың өзіндік стратегиясы болды деуге болады. Өйткені экран алдында телміріп отыратын үлкен аудитория online әлемге, визуалды, виртуалды

кеңістікке қарай бет алды. Осы ретте біз үш бірдей арнаның таңғы бағдарламалары үшін жасап отырған SMM бөлімін салыстыру жұмысын жасадық. Айта кету керек, SMM деп отырғанымыз Social Media Marketing, SMM – әлеуметтік желіге тән формат.

Төмендегі кесте 3 телеарнадағы үш түрлі таңғы бағдарламалардың SMM бөлімдеріне талдау жасадық. Атап айтқанда, инстаграм әлеуметтік желісіндегі парақшалары, оқырман саны, контент саны және Reels бөлімдегі ең көп қаралған видеоға назар аудардық.

Бағдарламалардың әлеуметтік желілері: «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасы [3], «Хабар» агенттігі [4], «Алматы» телеарнасы [5].

Бағдарлама атауы	Телеарна	Оқырман саны	Контент саны	Ең көп қаралған Reels
«Таңшолпан»	«QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасы	100.000	7850	1.1 млн
«Оян!»	«Хабар» агенттігі	19.900	1037	92.700
«Таңғы студия»	«Алматы» телеарнасы	19.800	977	65.300

Үш бірдей арнаның SMM стратегиясы бір-біріне ұқсайды. Дегенмен «Таңшолпан» таңғы бағдарламасының мамандары әлеуметтік желінің қырсырын меңгергенін әрі бағдарлама контентін аудиторияға қалай дұрыс беру форматын жақсы түсінгенін көруге болады. Бұған жоғарыдағы кестені мысалға келтіре аламыз.

Әр телеарнаның өзіндік студиялары болады. Аталған студиялардың ерекшелігі, дизайн, әр декорацияның орналасуы секілді мәселе әр бағдарлама үшін аса маңызды фактор болып саналады. Мәселен, аталған үш бағдарламаның ішінде «Таңшолпан» бағдарламасының студиялық декорациясы екеуімен салыстырғанда ерекше әрі кеңістік жағынан кең. Қонақтардың өзін еркін сезінуі үшін отыратын орындардың да кеңдігі мен жайлылығы қарастырылған.

Жүргізушілерді таңдауда үш бірдей бағдарлама оқырманды ұстап отыру үшін қазақстандық сегменттегі медиа тұлғаларды таңдаған. Мәселен, «Таңшолпан» бағдарламасында жүргізуші ретінде әнші Гүлнұр Оразымбетова, «Оян!» таңғы бағдарламасында медиа тұлға Жұлдыз Абдукаримова, «Таңғы студияда» актер Тәуекел Мүсілім таңдалған. Классикалық форматта бұл үрдіс өзінің жемісін әлі беріп келеді.

Kantar.kz сайтындағы мәлімет бойынша, қаңтар айының 23.01-29.01 аралығындағы бір аптадағы ТОП көрсеткіш бойынша таңғы бағдарламалар ішінде тек «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасы ғана рейтингке енген [6].

Ал Ұлттық медиа ассоциация ұсынған ТОП-10 қазақстандық білім саласында ақпарат беретін бағдарлама ретінде «Таңшолпан» бағдарламасы тізімнен табылған [7].

Осы рейтинг, көрсеткіш бойынша зерттеу жасап отырып «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасындағы «Таңшолпан» таңғы бағдарламасының арна үшін де, көрермен үшін де негізгі жоба ретінде қарайтындарын көруге болады. Себебі ТОП деңгейдегі көрсеткіштерде салыстырмалы түрде алған арналардағы бірде-бір таңғы бағдарламаны көре алмадық. Яғни «Таңшолпан» бағдарламасының стратегиялық түрде аудиториямен жұмыс істеу барысы күнделікті дамып, түрленіп отырғанын көрсетеді. Бұған әсіресе SMM арқылы жұмыс істеп отырған команданың маңызы зор екенін қосқымыз келеді.

Бұдан бөлек «Таңшолпан» бағдарламасының басқа таңғы бағдарламаларға қарағанда бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар екенін атап өтуге болады:

Жаңалықтар және ағымдағы оқиғалар: бағдарлама ұлттық және халықаралық жаңалықтардың қысқаша мазмұнынан басталады. Жүргізушілер күннің басты жаңалықтарын талқылайды және талдау мен түсініктер береді.

Ауа райы: бағдарлама Қазақстанның әртүрлі өңірлері үшін күнделікті ауа райы болжамын қамтиды. Ауа-райы болжамы карталармен, диаграммалармен және басқа графикамен бірге жүреді.

Сұхбат: бағдарламада саясаткерлермен, сарапшылармен және басқа да жаңалықтар жасаушылармен сұхбаттар жасалады. Сұхбат саясат пен экономикадан бастап мәдениет пен спортқа дейінгі көптеген тақырыптарды қамтиды.

Өмір салты және ойын-сауық: бағдарлама сонымен қатар сән, тамақ және саяхат сияқты өмір салты мен ойын-сауық сегменттерін қамтиды. Әртүрлі тақырыптар бойынша кеңестер береді, кейде қонақтарды өз тәжірибелерімен бөлісуге шақырады.

Қоңырау сегменттері: бағдарлама call-in сегменттерін қамтиды, онда көрермендер қоңырау шалып, сұрақтар қоя алады немесе талқыланатын тақырыптар бойынша өз пікірлерімен бөлісе алады.

Тұтастай алғанда, «Таңшолпан» жаңалықтардың, талдаудың және ойын-сауықтың үйлесімі, бұл өз күнін ақпарат пен ойын-сауықтан бастағысы келетін көрермендер үшін танымал таңдау жасайтын бірегей бағдарлама.

Төмендегі кестеде үш бірдей бағдарламаның ақпан айының 17 күні жарық көрген таңғы бағдарламасына қарай фонға, декорацияға, жүргізушілердің киім үлгісіне және бағдарламаны бастауы форматына қарай талдау жасаймыз (*алғашы минуттар ғана алынды*):

Бағдарлама	Фон/декорация	Жүргізушілердің киім үлгісі	Бағдарламаны бастау форматы
«Таңшолпан» [8]	«Қазмедиа» орталығының ішкі залы. Студияға	Жүргізуші жігіт: ашық қоңыр түсті пиджак пен ақ көйлек.	Жүргізушілер бірден бағдарламаға кірісіп, жаттады рөлге өтпейді. Қолына бауырсақ

	дейінгі жол. Қызу жұмыс барысы.	Жүргізуші қыз: күлгі түсті пиджак, ашық қоңыр аралас көйлек. Яғни бір- бірімен гармония бар.	ұстаған жүргізуші жігіт пен қыз бір- бірімен еркін форматта, еркін үлгіде экран алдындағы көрерменге таңның арайын тілейді.
«Оян!» [9]	Студия іші. Жасыл желек. Жиһазбен безендірілген, қоңыр мен жасылды түсті таңдаған орта.	Жүргізуші жігіт: қара пиджак, іштен қарапайым ақ жиде. Сұр түсті шалбар. Жүргізуші қыз: қою қара шалбар және ашық қызғылт түсті жиде.	Студия ішіндегі жаттанды амандасу. Қос жүргізуші де ерекше тонда «Қайырлы таң!» сөзіне акцент беріп бастайды. Жігіт қазақтың «ассалаумағалайкум!» деп амандасқан кезде ілтисат жасайтын, басын беліне дейін иеді.
«Таңғы студия» [10]	Бірден үлкен пландағы жүргізушілер. Түсініксіз фон. Декорация көрінбейді.	Жүргізуші жігіт: сұр түсті кардиган, алды толық түймеленген. Іштен тек ақ көйлек. Көк түсті шалбар. Жүргізуші қыз: ашық емес ақ түсті жидеше, джинси шалбар киген.	Ешқандай ерекшелік жоқ. жаттанды мәтін қазақ және орыс тілінде амандасу. Алдымен үлкен пландағы жүргізушілердің амандасуы, арада үзіліс, кейін екі жүргізушінің дивандағы отырғаны көрсетіледі.

3 бағдарламаның алғашқы 3-4 минуттық басталуына жасалған талдауда бірнеше ерекшелікті көруге болады. Бұл біріншіден бағдарлама аясындағы барлық команданың экран алдындағы көрерменге деген құрметі мен сыйы деп қабылдауға да болады. Креатив формат, ерекше үлгідегі таңғы бағдарламаны ұсыну – нарық талабы. Бұл талапқа біз қарастырып отырған үш арнада «Таңшолпан» бағдарламасының өзіндік үлгісімен дайындап шыққанын байқадық.

2020 жылы пандемиядан кейін әлем толығымен онлайн өмірге ауысты. Осы тұста телеарналардың рейтингі құлады. Атап айтқанда, көрерменнің көбі Youtube және TikTok секілді қысқа видео форматтағы өнімге өтіп кетті. Дегенмен «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасы, соның ішінде «Таңшолпан»

таңғы сазды бағдарламасы дер кезінде жекелей жұмыс тобын осы бағытта бұрғанын аңғардық. Әлеуметтік желідегі белсенділіктің арқасында аудиторияны экран алдына қайта апаруға, ұстап отыруға негізінен осы бағытта жүйелі жұмыстар әсер етуші фактор болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Специфика утренних шоу на телевидении (на примере программ «доброе утро» на первом канале и «TODAY» на канале NBC). <https://prepod24.ru/readyworks/231246/>
2. <https://www.calltouch.ru/blog/chto-takoe-infotejment-i-kak-ego-ispolzovat-v-marketinge/>
3. https://www.instagram.com/tansholpan_tv/
4. <https://www.instagram.com/oyanqz/>
5. https://www.instagram.com/tangy_studio/
6. <https://kantar.kz/research/television>
7. <https://nma.kz/?p=16717>
8. <https://qazaqstan.tv/videos/171727>
9. <https://www.youtube.com/watch?v=b7ivyV5tUGM>
10. <https://www.youtube.com/watch?v=j1u00PizNs8&list=PLA8mECrqtluWv35zQCG6eGv3woBJz5s3W&index=4>

МАЗМҰНЫ

Сыдықов Е.Б. Университеттің рухани ұстазы.....	3
--	---

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Қасымбек Ж.	5
Тоғжанов Е.	6
Әбдіғалиұлы Б.	7
Абдрахманов С. Ақселеу	9

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

Жұртбай Т. Алаштың Ақселеуі еді... ..	18
Айтұлы Н. Ақселеу жұмбағы	19
Қара Ә. Ақселеу Сейдімбек ұлттық тарихи сана туралы	21
Сақ Қ.Ө. Журналистердің жанашыры	22
Кемелбаева А. Ақселеу Сейдімбектің қазақ әлемі.....	24
Ишанова А.К. «Қарғатамырлы қазақ» и шежире как часть духовного наследия Ақселеу Сейдимбека	27
Әбсадық А. Шежіре-ғұмыр. Ақселеу Сейдімбек туралы естелік	31
Тұрысбек Р. Ұлттық құндылықтар – қымбат қазына қайнары	36
Бейсетаев Р. Ақселеу Сейдімбек және қазақ өлеңінің сингармониялық құрылымы мен дыбысталуы	50
Болатова Г.Ж. Ақселеу Сейдімбектің ғылыми-зерттеу еңбектері	60
Бейсетаев Р. Ақселеу Сейдімбек әулие әз Тәйтеке бидің «О, дүние!» дастаны туралы	64

I

А.СЕЙДІМБЕК МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫ

Омарбеков Т. Ақселеу туралы аңыз	74
Рахымов Б. Ғылым мен өнер шежіресі	78
Нурмуханов Б. Қламгер Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық сипат.....	82
Жанайдарұлы Т. Даланың дарқан дарыны.....	87
Әлменбетова Ү. Қазақтардың өзге халықтармен рулық-тайпалық деңгейдегі сәйкестендірудің ұлттық құрылымдық ерекшеліктері	90
Шалқар Ж. Классикалық көшпелі өмір салтын көрген жалғыз адам	96
Аманов И. А.Сейдімбекке арнау.....	100
Сәрсембина Қ. Ақселеу Сейдімбек және ұлттық идея	101
Бекайдарқызы Ж., Ермаганова М. Ұлт руханиятының жанашыры – Ақселеу Сейдімбек.....	108
Исанова Н. Қадірменді қарттықтың көрінісі	115

II

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иматаева А.Ж. Алаш идеясы және ұлттың ұлы мұраттары	118
Сапаш Ш. Творчество Рымгали Нургали в трудах ученых.....	124
Аманова Л. Ғасырлар «үнінің» өнегесі	129
Кундакбаева Ж. Шынайы өмір көрінісі	132
Сейдешов О. Ақселеу мұражайы – кәусар бұлақ	136
Жұмасатаова Ш. Сарабдал суреткер Сейдахмет	138
Ерғалиева З. Әзілхан Нұршайықовтың деректі романдарындағы қаламгерлер бейнесі	142
Әлкен А. Шерхан Мұртаза – тіл жанашыры	145
Қалымова Ә. Жанболат Аупбаев публицистикасындағы азамтатық позиция	150
Қойгелдиева З. Әбубәкір Дивае – түркі әдебиетін жинақтаушы.....	154
Башова Б. Қазақ ақындары поэзиясындағы «төрттаған» жанры.....	159
Нурмаганбетова Г. Мәлім де беймәлім өмірдерек.....	164
Қарекенов М., Шурентаев А.М. Кеңес әскери баспасөзінің ақпараттық рөлі.....	169
Нуркишева Ж. Ә.Кекілбаевтың тәуелсіздік жылдарындағы публицистикасы.....	174
Серикбол Н., Бабашов А.М. Ұлттық рухани құндылықтарды зерделеу мәселелері.....	178
Төлегенова С. О.Сүлейменов публицистикасындағы сөздің пайда болуы жайлы пікірлері	181
Тәшімова Ә. Р.Бердібай – әдеби портреттің шебері	184
Ибраева Ж.Б., Капашова А.М. Способы межкультурного диалога в малой прозе Г.К.Бельгера	190
Худяков Ю.С. Сравнительный анализ комплексов вооружения кыргызов и кимаков в IX-X веках	195

III

МЕДИАКОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУ

Ақық М., Байымбетов Б. Youtube платформасындағы сұқбат жанрының трансформациясы: «Timur Balymbetov» және «ВДудь» арналары мысалында	200
Болатова Г.Ж., Мырзашова А. Масс медианың баланың коммуникациялық дағдысын дамытудағы рөлі.....	204
Ибраева А. The use of mobile technologies in a modern english lesson.....	209
Сакенова С.М. Социальная политика разных стран по работе с социально уязвимыми слоями населения (на примере работы с многодетными матерями)	223
Бегешова Ұ. Кәсіптік білім беруде сандық технологияларды қолдану.....	229
Тілектес А. Саяси образ қалыптастырудағы медиадискурстың рөлі	234
Қалымова Ә. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ана мен бала тақырыбының жазылуы	238
Сафаева М. БАҚ пен әлеуметтік медиадағы әйелдер психологиясына қатысты мәселелердің жазылуы	244
Берекетова А. Қазақстандағы Facebook-тің ерекшеліктері.....	249
Смаилова А. Виды и инструменты рекламы в современном обществе.....	257
Тлепова А. «Таңшолпан» таңғы ақпараттық бағдарламасының ерекшеліктері.....	261

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

**Қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, этнограф-жазушы,
әдебиет зерттеушісі, публицист, филология ғылымдарының докторы,
профессор Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен шығармашылық
мұрасына арналған
«АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ: ТАНЫМ, ТАҒЫЛЫМ, ТӘЖІРИБЕ»
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана қаласы
2022 жыл

ИБ №12456

Басуға 08.02.2023 жылы қол қойылды, Пішімі 60x84½
Көлемі 13,875 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №125
Таралымы: 100 дана. Бағасы келісімді.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы
000001, Астана қаласы, А.Янушкевич, 6
«Еуразия университеті» баспаханасында басылды.

